

2025. 12 (6)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского Национального университета им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1563-1574, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.09.55
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1563-1574

**THE «SCHOOL QUESTION» IN THE HISTORY OF THE TURKIC-MUSLIM PEOPLES
OF RUSSIA (BASED ON THE MATERIALS OF THE PRE-REVOLUTIONARY TATAR
PRESS)**

Gulmira Y. Kупenova¹, Aigul M. Smanova^{2}*

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University
(34, Aliya Moldagulova Str., 030021 Aktobe, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, Associate professor
<https://orcid.org/0009-0009-1223-9514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Kazakh National Women's Teacher Training University
(114, Gogol Str., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, Associate professor
<https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

© Valihanov IHE, 2025

© Kупenova G.Y., Smanova A.M., 2025

Abstract. Introduction. For the Turkic-Muslim peoples in Russia, the issue of preserving madrasahs as the national spirit and stronghold of Islam in the framework of the Jadid reforms was important. In this regard, the issue of proposals and ideas began to be raised on the pages of Tatar newspapers about the progress of the process of reforming schools and madrasahs. Thus, in the course of increasing state control over schools in the new method, a "school problem" arises, as a result of which the tool for solving this problem was the periodical press. *Goals and objectives.* The study of the «school issue» on the pages of the pre-revolutionary Tatar press, the consideration of issues presented on the pages of Tatar newspapers about the process of reforming schools and madrasahs in the early twentieth century, the determination of the importance of discussions and discussions on the pages of the periodical press, a tool to solve the problem that arose in connection with the strengthening of state control over schools in a new method for the Muslim community of Russia. The source base of the research consisted of materials from the Tatar periodical press and archival documents. *Results.* The unique articles collected by the Tatars from the Koysh newspaper allow us to take a fresh look at the problems of reforming Muslim schools, and the consequences have turned into a struggle around the loss of the place of the madrasah or its preservation. The article, based on archival materials, examined the state of Muslim educational institutions in the post-reform period by the authorities, the current situation around them and the purpose of forming a flexible mechanism for its modernization and preservation by the Tatar Public under strict control of the Tsarist government. *Conclusions.* From here we came to the conclusion that the discussion of the «school problem» on the pages of the Tatar press regarding the history of the Turkic-Muslim world in Russia means not only to decide the future fate of the madrasah. At the same time, realizing the weak position of the entire Turkic-Muslim world at that time, we also note the desire for self-determination on the national side.

Keywords: «School problem», jadidism, new method, periodical press, shakirds, national intelligentsia, education

For citation: Kупенова Г.У., Сманова А.М. The «school question» in the history of the turkic-muslim peoples of Russia (based on the materials of the pre-revolutionary tatar press) // Asian Journal "Steppe Panorama". 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1563-1574. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1563-1574

РЕСЕЙДЕГІ ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ «МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ» (РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАТАР БАСПАСӨЗІНІҢ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Купенова Гульмира Ыхласовна¹, Сманова Айгуль Молдалиевна^{2*}

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(34-үй, Ө.Молдағұлова көшесі, 030021 Ақтөбе Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
<https://orcid.org/0009-0009-1223-9514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Қазақ қлттық қыздар педагогикалық университеті
(114-үй, Гоголь көшесі, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

*Корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Купенова Г.У., Сманова А.М., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ресейдегі түркі-мұсылман халықтары үшін жәдиттік реформалар аясында медреселерді исламның ұлттық рухы мен қорғаны ретінде сақтау мәселесі маңызды болды. Осыған байланысты татар газеттерінің беттерінде мектептер мен медреселерді реформалау барысына қатысты ұсыныстар мен ой-пікірлер туралы мәселе көтеріле бастады. Осылайша, жаңа әдістегі мектептерге мемлекеттік бақылаудың күшеюі барысында «мектеп мәселесі» туындайды, нәтижесінде бұл мәселені шешудің құралы мерзімді баспасөз болды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Революцияға дейінгі татар баспасөз беттеріндегі «мектеп мәселесін» зерттеу, XX ғасырдың басындағы мектептер мен медреселерді реформалау үдерісінің барысы туралы татар газеттерінің беттерінде ұсынылған мәселелерді қарастыру, Ресейдегі мұсылман жұртшылығы үшін жаңа әдістемедегі мектептерге мемлекеттік бақылаудың күшеюіне байланысты туындаған мәселені шешудің құралы мерзімді баспасөз беттеріндегі пікірталастар мен талқылаулардың маңыздылығын айқындау. Зерттеудің дереккөз базасына татар мерзімді баспасөзінің материалдары мен архив деректері кіреді. *Нәтижелер.* Татарлардың «Қояш» газетінен жинақтаған бірегей мақалалар бізге мұсылман мектептерін реформалау мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, ондағы басты мәселе медресенің орнын жоғалту немесе оны сақтап қалу төңірегіндегі күреске болды. Мақалада архив материалдары негізінде билік тарапынан реформадан кейінгі кезеңдегі мұсылман оқу орындарының жай-күйін, олардың төңірегіндегі қалыптасқан жағдайды және патша үкіметінің қатаң бақылауы жағдайында татар жұртшылығы тарапынан оны жаңғырту мен сақтаудың икемді механизмін қалыптастыру мақсаты қарастырылды. *Қорытынды.* Бұл жерден біз Ресейдегі түркі-мұсылман әлемінің тарихына қатысты «мектеп мәселесінің» татар баспасөз беттерінде талқылануы тек медресенің болашақ тағдырын шешу дегенді ғана білдірмейді деген тұжырымға келдік. Сонымен бірге бүкіл түркі-мұсылман әлемінің сол кездегі әлсіз позициясын түсіне отырып, ұлттық жағынан өзін-өзі анықтауға деген ұмтылысын да байқаймыз.

Түйін сөздер: «Мектеп мәселесі», жәдидшілдік, жаңа әдіс, мерзімді баспасөз, шәкірттер, ұлт зиялылары, ағартушылық

Дәйексөз үшін: Купенова Г.Ы., Сманова А.М. Ресейдегі түркі-мұсылман халықтары тарихындағы «мектеп мәселесі» (революцияға дейінгі татар баспасөзінің деректері негізінде) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1563-1574 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1563-1574

«ШКОЛЬНЫЙ ВОПРОС» В ИСТОРИИ ТЮРКО-МУСУЛЬМАНСКИХ НАРОДОВ РОССИИ (ПО МАТЕРИАЛАМ ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ТАТАРСКОЙ ПЕЧАТИ)

Купенова Гульмира Ыхласовна¹, Сманова Айгуль Молдалиевна^{2}*

¹Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
(д. 34, ул. А.Молдагулова, 030021 Актобе, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент
<https://orcid.org/0009-0009-1223-9514>. E-mail: Gulia_79_79@inbox.ru

²Казахский национальный женский педагогический университет
(д. 114, ул. Гоголя, 050040 Алматы, Республики Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Купенова Г.Ы., Сманова А.М., 2025

Аннотация. *Введение.* Для тюрко-мусульманских народов России вопрос сохранения медресе как национального духа и оплота ислама в рамках джадидских реформ имел важное значение. В связи с этим на страницах татарских газет стал подниматься вопрос о предложениях и идеях о ходе процесса реформирования школ и медресе. Таким образом, в ходе усиления государственного контроля над школами по новой методике возникает «школьная проблема», в результате чего инструментом решения этой проблемы стала периодическая печать. *Цели и задачи исследования.* Изучение «школьного вопроса» на страницах дореволюционной татарской прессы, рассмотрение вопросов, представленных на страницах татарских газет о ходе процесса реформирования школ и медресе начала XX века, определение значимости дискуссий и дискуссий на страницах периодической печати, инструмента решения проблемы, возникшей в связи с усилением государственного контроля над школами в новой для мусульманской общественности России методике. Источниковую базу исследования составили материалы татарской периодической печати и архивные данные. *Результаты.* Уникальные статьи, собранные татарской газетой «Кояш», позволяют по-новому взглянуть на проблемы реформирования мусульманских школ, главной проблемой в которых была борьба вокруг утраты места медресе или его сохранения. В статье на основе архивных материалов рассмотрено состояние мусульманских учебных заведений в пореформенный период со стороны власти, сложившаяся вокруг них ситуация и цель формирования гибкого механизма их модернизации и сохранения татарской общественностью под строгим контролем царского правительства. *Выводы.* Отсюда мы пришли к выводу, что обсуждение «школьного вопроса» на страницах татарской прессы, посвященной истории тюрко-мусульманского мира в России, имеет целью не только решение дальнейшей судьбы медресе. В то же время, осознавая слабую позицию всего тюрко-мусульманского мира в то время, мы отмечаем и стремление к самоопределению со стороны национальных меньшинств.

Ключевые слова: «Школьная проблема», джадидизм, новый метод, периодическая печать, шакирды, национальная интеллигенция, просвещение

Для цитирования: Купенова Г.Б., Сманова А.М. «Школьный вопрос» в истории тюрко-мусульманских народов России (по материалам дореволюционной татарской печати) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1563-1574. (На Каз.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1563-1574

Кіріспе

Революцияға дейінгі (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы) Ресейдегі түркі-мұсылман әлемінің тарихында татар-мұсылман буржуазиясының жәдиттік реформалық қозғалысы үшін ерекше кезең болды. Әрине, бұл қозғалыстың бастамашысы да, тіпті қаржыгерлері де татар ағартушыларының өздері болатын. Жаңа экономикалық жағдайда қалыптасқан татар буржуазиясы XX ғасырдың басындағы ерекше қоғамдық-саяси үдерістердің негізін қалады, олардың мақсаты Ресей қоғамына бірігу барысында ұлттық және діни бірегейлікті сақтап қалу болды.

1905–1907 жылдардағы революция, «Азияның оянуы» кезеңі демократиялық бостандықтармен қатар, баспасөз бостандығына да жол ашты, бірақ ол 1907 жылы өз қызметін бастаған Баспасөз істері жөніндегі Қазан уақытша комитеті түріндегі цензураны жоя алған жоқ. Мұсылман мерзімді баспасөзінің бір ерекшелігі оның оқырмандарына толықтай тәуелді болуы еді. Сонымен қатар, кез келген еркіндік цензура ережелерімен шектетіліп отырды, бұл басылымдардың мазмұны мен сипатына елеулі із қалдырды. Осыған байланысты Б.Ю. Хайрутдинов 1905–1907 жылдардағы революциялық оқиғалар тек мұсылман басылымдарына ғана мемлекеттік бақылауды күшейтті, кейбір жағдайларда материалдарға немесе оларды қысқартылған түрде басып шығаруға тыйым салынды. Дегенмен татар баспасөзі жәдиттік реформалар сияқты факторлардың нәтижесінде одан әрі жандана түсті деген пікірді алға тартады (Хайрутдинов, 2011: 138). Татар халқының сауаттылығының артуы татар баспасөзінің де таралуына айтарлықтай ықпал етті, мұнда оқырмандардың өздері оның белсенді тілшілеріне айналды. Барлығында болмаса да, татар газеттерінің беттеріндегі қызу талқылаулар мен пікірталастар арқылы оқу-ағарту ісінің дамуы мүмкін болды деп айтуға болады. Баспасөздің мұндай ашықтығы сол кездегі «Шуро» (Кеңес), «Вақыт» (Уақыт), «Қояш» (Күн), «Йолдыз» (Жұлдыз), «Эль-ислах» (Реформа) және т.б. басылымдардың беделділігін арттыра түсті. Сөйтіп жаңа әдістегі мектептер сияқты, газеттер де ірі татар саудагерлері мен кәсіпкерлерінен қаржылық қолдауға ие болды. Осыған сәйкес татар баспасөзінің негізгі мәселелерінің бірі мектеп пен медресе реформасы, олардың жағдайы және оларға қатысты жүргізілген мемлекеттік саясат болды. Революцияға дейінгі кезеңде ең алдымен либералдық-буржуазиялық бағыттағы «Йолдыз» (1906–1918, Қазан), «Вақыт» (1906–1918, Орынбор), «Қояш» (1912–1918, Қазан) сияқты татар газеттерінің маңыздылығы зор болды және ұзақ уақыт қызмет етті.

1905 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер арасында өзіндік «егеуқұйрық жарысына» айналған жаңа әдістегі мектептер мен медреселердің қызметі қызу пікірталас тудырды. Одан кейін медреселердегі шәкірттердің санының күрт азаюы татар молдаларының наразылығына дейін де талқыланған «маңызды және өзекті» (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 25-п.) мәселеге айналды. Яғни баспа беттерінде медреседен «шәкірттердің қашуының» себебі неде? деген өзекті мәселе «күн тәртібіне» қойыла бастады. Нәтижесінде «Қояш» газетінің беттерінде медресені ұлтқа өмір сыйлаған «рухани әке» және «шығыс рухының» қайнар көзі ретінде сақтау («жоймау») және модернизациялау («жандандыру») қажеттілігі туралы ашық айтылды. Татар жұртшылығының пайымдауынша, ұлттық ерекшеліктердің сақталуына ықпал еткен және кейінгі кездегі «ұлттық идеялардың» таралуына негіз болған медресе болды. Басқаша айтқанда, XX ғасырдың басындағы «мектеп мәселесінің» мәні ұлттық мәселеге, Ресей мұсылмандарының болашақта өзін-өзі анықтау мәселесіне айналды десе де болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

1917 жылға дейінгі татар мерзімді басылымдары ағартушылық тарихының дереккөздерінің біріне айналды, бұл XX ғасырдың басындағы Ресейдің мұсылман

халықтарына білім беру мәселесінің қандай жағдайда жүргізілгенін анықтауға мүмкіндік берді. Әсіресе, жергілікті мұсылмандар үшін татар мерзімді баспасөзінің заңдастырылуы (1905 ж.) мұсылман қауымының идеясын ұлттандыру барысында маңызды болды. Татар мерзімді баспасөзінің қалыптасу уақыты 1905–1906 жылдардан басталып, ал соңғы кезеңі 1917–1918 жылдармен аяқталды. 1907–1908 жылдары ұлттық баспасөз ретінде қалыптаса отырып, ол мұсылман қауымдастығын біріктіретін факторға айналды және оның мүдделерін қорғауға белсенді түрде кірісті. Н.А. Вагаповтың пікірі бойынша, 1905–1906 жылдар – татар газет-журналдары шығып, олардың өз бағытын іздеген кезеңі басталды (Вагапов, 2006: 30). Татарстан Республикасы Ұлттық архивінде сақталған «Түркі халықтарын зерттеуші лингвист және этнограф, Қазан университетінің профессоры Катанов Н.Ф. (1857–1919)» атты 969-қордағы құжаттық жинақтың материалдары осыған куә (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 44-іс, 59-п.). Аталмыш қорда, профессор Н.Ф. Катановтың «Қояш», «Вақыт» және «Йолдыз» сияқты татар газеттерінен жинақтаған материалдары бар, ол 1916 ж. 23 қаңтарда «Мектеп, медресе және басқа школдар туралы» атты жалпы атаумен топтастырылған. Мақалалар XX ғасырдың басындағы мектептер мен медреселердің жай-күйі туралы кешенді аналитикалық материалдардың бірегей жиынтығын ұсынады. Мақаламызды жазу барысында осы қордағы түрлі газеттерден, ең алдымен «Қояш» газетінен жинақталған мақалалар мысалға алынды, атап айтқанда: «О наших мектебах и медресе» («Біздің мектептеріміз бен медреселеріміз туралы»), «Новые взгляды на школы инородцев» («Бұратаналарға арналған мектептер туралы жаңа көзқарастар»), «О наших медресе» («Біздің медреселер туралы»), «Что такое медресе?» («Медресе деген не?»), «Почему шакирды бежали из медресе?» («Шәкірттер медреседен неге қашты?») және т.б. Бұл бізге «Қояш» газетінің алаңы «мектеп мәселесін» талқылау бойынша белсенді ұстаным қабылдады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Газетте білім беру мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Қояш» газеті 1912 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта Қазан қаласында жарық көрді. Басылымның жақсы материалдық қамтамасыз етілуінің арқасында ол басқа татар газеттеріне қарағанда көптеген түпнұсқа материалдарды жарияланды (Айнутдинов, 2017: 64-65). Мәселен, профессор Н.Ф. Катанов топтастырып жинаған мақалалардың ішінде газеттің ең белсенді авторлары И. Беккулов пен Г. Гисмати сияқты беделді ағартушылардың жазған мақалалары бар.

Осы мақаламен жұмыс істеу барысында тарихшылық қағидатына негізделген тарихи үдерістерді талдау әдістері қолданылды. Татар мерзімді баспасөзін қалыптастыру процесін зерттеу және талқылау бағытын анықтау кезінде салыстыру әдісі қолданылды. Ғасырлар тоғысындағы тарихи үдерістің дамуы тарихнамада белгілі кезеңдерден тұратындықтан, хронологиялық-тақырыптық қағидаты бұл зерттеуге негіз болды.

Талқылау

Революцияға дейінгі татар мерзімді басылымдарын зерттеу ұлттық мәдениеттің құбылысы ретінде ғана емес, мұсылман тарихнамасы контекстінде Ресейдегі мұсылман түркі халықтарының тарихы мен мәдениетімен зерттеу аясымен де өзекті. «Азияның оянуының» көрінісі ретінде ол бүкіл Ресей мұсылмандарын біріктіретін біртұтас ақпараттық кеңістік ретінде қалыптасып, «халық үнінің» өз сұрақтары мен мәселелерін талқылап, шешетін ашық алаңына айналды.

Баспасөз істері жөніндегі Қазан уақытша комитетінің есептерінің мәліметтері бойынша Еділ жағалауы мен Орал өңірлерінің татар мерзімді баспасөзін зерттеу 1910 жылға дейін-ақ басталған болатын. Татар мерзімді баспасөзінің мәселелерін әр уақытта Г.Г. Ибрагимов (Ибрагимов, 1926), (Ибрагимов, 1927), М.Х. Гайнуллин (Гайнуллин, 1983), Р.У. Амирханов (Амирханов, 1988), Айнутдинов Р.А. (Айнутдинов, 2017), (Салихов, 2006), (Ахтямова, 2021) және т.б. зерттеушілер қарастырды. Татар ұлттық қозғалысын алғашқы зерттеушілердің бірі Г.Г. Ибрагимов (1887–1938) татарлардың қоғамдық ойларын революциялық дүмпу жылдарындағы татар саяси ұйымдары мен әлеуметтік топтарының қызметі призмасы арқылы зерттеді. Ғалымжан Ибрагимовтың «Шәкірт Зәкидің медреседен қуылуы» атты алғашқы мақаласы 1907 жылы «Әл-Ислах» газетінде жарияланған болатын. Мақалада Ибрагимовтың

өзі сияқты оның кейіпкері де еркін ойлылығы үшін медреседен қуылғандығы басты назарда айтылған. Ибрагимовтың еңбектерінде идеал мен шындық арасындағы өткір қайшылықпен ерекшеленетін қарқынды идеялық-эстетикалық ізденіс айқын көрінеді. Библиограф-ғалым, А.Г. Кудашев (1912–1981) артына мерзімді басылымдардың жалпы сипаттама беретін (шығарылған жері, саны, редакторлары, баспагерлері, қызметкерлері, мазмұны, т.б.) кейбірі жарияланған, кейбірі қолмен жазылған еңбектер қалдырды. Осылайша, мерзімді басылымдардың жалпы сипаттамасын библиограф А.Г. Кудашев берсе, XX ғасырдың басындағы баспасөздің классификациясын М.Х. Гайнуллин ұсынды. Ал 1970 жылдан бастап татар мерзімді баспасөзінің тарихындағы жетекші ірі мамандардың бірі – алғашқы татар газеттерінің құрылу тарихын жарыққа шығарған, татар баспасөзінің таралуының географиялық локализациясын, оның жалпы сипаттамасын және қазіргі классификациясын қамтамасыз еткен Р.У. Амирханов болды. Тарих ғылымдарының докторы Равиль Амирханов монографиясында XX ғасырдың басындағы татар халқы мен Татарстан тарихының ғалымдардың назары мен зерттеу мүдделерінен тыс қалған бірқатар маңызды аспектілері қарастырған. Ресей мен оны мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік қауымдастықтың дамуындағы бетбұрыс кезеңі болып табылатындығымен маңыздылығы көрсетілген. Автор өз зерттеуінде ұлт менталитетіне тікелей әсер етіп, оның дамуының негізгі бағыттарын айқындаған XX ғасырдың басындағы оқиғалар контекстінде татар халқы мен татарстанның өміріндегі белгілі бір кезеңнің ерекшеліктеріне тоқталады.

Соңғы жұмыстардың бірі – XX ғасырдың басындағы татар мерзімді баспасөзіндегі ұлттық білім мен тәрбие мәселелерінің мазмұнын берген Н.А. Вагаповтың (Вагапов, 2006) зерттеуін де ерекше атауға болады. Мерзімді баспасөздердегі оқу-ағарту мәселесіне қатысты көзқарастарды анықтап, XX ғасырдың басындағы ұлттық мектептердің жай-күйін көрсету зерттеушінің басты міндеті болды. Автордың пікірінше, XX ғ. басындағы мерзімді баспасөздерде оқу мен тәрбие мәселелеріне көп көңіл бөлді. Газеттер мен журналдарда халық ағарту ісіндегі түйінді мәселелер мен қиындықтар талқыланып, оларды шешу жолында атқарылған жұмыстар, жетістіктер мен сәтсіздіктер жазылды. Революцияға дейінгі соңғы онжылдықтағы оқу-ағарту мәселелерінің мерзімді баспасөзде жариялануын зерттеудің баспасөз тарихы мен халық ағарту ісін зерттеу үшін маңызы зор.

Сонымен бірге автор мектеп пен медреселерді реформалау, ұстаздық кадрларды даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Н.А. Вагаповтың айтуынша, татар баспасөзі ұлттық білім берудің жай-күйіне сыни көзбен қарады, сондықтан оның беттеріндегі мектептер мен медреселерді реформалау мәселесі ең басты мәселе болды. Оның мақсаты заман талабына сай ұлттық білім беру жүйесін құру болатын.

Ал Р.Р. Салиховтың еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдегі татар буржуазиясының қоғам және билік арасындағы өзара әрекеттесу үдерісі көрсетілген (Салихов, 2006). Автор зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы татар баспасөзі тарихының мәселелерін, «мектеп мәселесіне» қоғамның қызығушылығының артуын, Ресей мемлекетіндегі бүкіл түркі-мұсылман әлемінің тағдырын анықтаған сол кездегі қоғамдық-саяси үдерістердің бірегейлігі мен күрделілігін жан-жақты түсіндіреді. Заманауи гуманитарлық ғылымдардың басты міндеті сол кезеңнің объективті тарихи бейнесін қайта құру ғана емес, сонымен бірге ғасырлар тоғысында империяның мұсылман үмбетін қамтыған әлеуметтік, мәдени және интеллектуалдық өрлеуді «ұғынуға» қабілетті іргелі теориялық тұжырымдамаларды тиянақтау екеніне мән берілген. Ең алдымен біз, исламның идеологиялық қорғалуын, дін талаптарына сәйкес қоғамдық институттарды қайта құруды қамтамасыз ететін реформалардың «нақты» бастамашылары мен қаржыгерлері татар мұсылман буржуазиясы болғанын байқаймыз. Осындай жағдайларды ескере отырып, реформалардың логикасы мен сипатын анықтаған татар баспасөзінің қоғамдық және саяси өмірдегі белсенділігінің қаншалықты өзекті болғанын да айта кетуіміз керек. Осы орайда профессор Р.Р. Салиховтың зерттеу объектісі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман қоғамындағы жетекші күш ретінде Ресей империясы құрамындағы татар буржуазиясы болды.

XX ғасырдың басындағы Ресейдегі мұсылман әлемінің рухани мәдениеті айқындалған кезең ұлттық дәстүрлердің қайта жаңғыруына ықпал етті. Жаңарған интеллектуалдық әлеуетті «жаңаша» білім аясында мұсылман қоғамының рухани-мәдени дамуының оңтайлы үлгілерін әзірлеуде «жадидизм» концепциясының пайда болуына түркі болды. Революцияға дейінгі қоғамдық қозғалыс жадидизмнің (араб тілінен аударғанда «жадид» «жаңа» дегенді білдіреді – авт.) құндылық идеалдарының ауысуы мен жаңа дүниетанымдық көзқарастардың пайда болу үдерісін көрсетеді. Ұлттық-мәдени болмыстың жаңа формаларын іздестіру жолында жадидшілдік динамикалық, жасампаздық, прогрессивті даму құбылысы ретінде бастамашыға айналды.

Соңғы жылдары татар жадидшілігінің табиғатын зерттеуге сүбелі үлес қосып, осынау қайталанбас жаңару қозғалысына саликалы баға берген бірқатар іргелі еңбектер пайда болды. Мұндай шығармашылық тәжірибе бүгінгі контексте өте өзекті болып қала береді, өйткені бүкіл мұсылман әлеміндегі саяси белсенділік артып, оның мазмұны мен салдары айтарлықтай қайшылықты пікірталастар төңірегінде өрбігені де жасырын емес. Осы тұрғыдан алып қарағанда Б.Ю. Хайрутдиновтың мақаласында XX ғасырдың басындағы татар мерзімді басылымдарының мұсылман ауылдық қауымдастықтарында жадидизм идеясының таралуына әсері қарастырылған (Хайрутдинов, 2011). А.В. Ахтямованың (Ахтямова, 2021) зерттеуінде 1906-1917 жылдардағы Уфадағы татар мерзімді баспасөзінің тарихына шолу жасалады. Автор мақаласын революцияға дейінгі Уфа қаласындағы татар баспасөзінің тарихына арнаған. Онда губерния астанасында 1906 жылдан бастап 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін шыққан араб тіліндегі татар тіліндегі газет-журналдарға қысқаша шолу жасайды. Атап айтқанда: «Әл-Галәмел ислами» («Мұсылман әлемі») және «Тормыш» («Өмір») сияқты газеттер мен «Мәғлұмате мәхкәмәи шәрғияи Ырынбургия» («Орынбор мұсылмандары діни жиналысының жаңалықтары»), «Мәғлұмате жәдидә» («Жаңа жаңалықтар»), «Уфаның авыл көңкүреше журналы» («Уфа ауылшаруашылық ақпараты») атты журналдарында жарияланған оқу-ағарту мен жадидшілдік мәселесіне қатысты маңызды ойларын ортаға салған. Түйіндей келгенде, автор жергілікті мұсылман қауымы мен жалпы Ресей мұсылмандары үшін біртұтас ақпараттық кеңістіктің қалыптасуын атап өтеді. Татар мерзімді баспасөзінің позициясын жандандыру мұсылман қауымындағы жадидшілдік негіздерінің қалыптасуымен байланысты болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орал-Еділ және Қазақстанның түркітілдес халықтарының өзара іс-қимылында жадидшілдіктің идеяларын жүзеге асыру мәселелері Г.С. Сұлтанғалиеваның жұмысында зерттеледі (Сұлтанғалиева, 2001).

Жалпы, татар мерзімді баспасөзін, оның сипаттамасын, жіктелуін, жасалу тарихын зерттеуге, сондай-ақ жадидшілдік кезеңіндегі ұлттық тәрбие мәселелерін газет беттерінде талқылауға жеткілікті көңіл бөлінді. Бұл мақалада татар газеттеріндегі, ең алдымен «Қояш» газетіндегі реформалар кезіндегі «мектеп мәселесі» төңірегіндегі пікірталастарды қарастырамыз. Олардың кейінгі тағдыры үкіметтің жаңа әдістемедегі оқу орындарына деген ерекше көзқарасымен, патшалық қарым-қатынастың ерекше үлгісін жасау қажеттілігімен, жаңа жағдайда ұлттық білім мен мәдениеттің қалыптасуымен байланысты.

Мұндай зерттеулердің қажеттілігі қоғамдық ойы мен рухани мәдениетінің тарихын зерттеу үшін маңызды деп тұжырымдаймыз. Ұлттық тарих контекстінде оның XX ғасырдың басындағы мемлекеттің ішкі саясатын, әсіресе орыс емес халықтарға қатысты ұлттық саясатын зерделеу үшін өте маңызды. Мерзімді баспасөзде халық ағарту ісін көрсетудің тарихи тәжірибесін зерделеу қазіргі баспасөз үшін де өзекті болып табылады, өйткені білім беру әлі де көптеген қиындықтарға тап болып отыр.

Нәтижелер

XX ғасырдың басында медреселерге деген қоғамдық көзқарас өте жағымсыз болды, осыған байланысты архив материалдарында «қазір медреселер мен шәкірттер туралы жақсы пікірде болу принципісіздік мінез-құлықтың бір түрі болып саналады. Тақырыптың ең жексұрын тұстарын айтуға немесе талқылауға келгенде, медреселер мен шәкірттерді мысалға келтірді» (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 24-п.). «Шәкірттік» терминінің келесі жағдайларда

пайда болғаны соншалықты, біздің оқушылардың бойынан ерекше қасиеттер немесе ұлтшылдық байқалғанда, олар үнемі «шәкірттің исі шығып тұр» деп айтыла бастады (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 25-п.).

Медресенің кейінгі тағдыры татар жұртшылығы арасында қызу пікірталас тудырды, оның бірі «Қояш» газетінде жарияланған «Медресе деген не?» деген мақала болды (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 44-іс, 1-13-п.). Бұған мақала авторы сол кезде сәнге айналған нәрсемен жауап береді: «...оған көпшілік бірауыздан, – медресе – бұл бермеген, бермейтін және ешқандай пайда әкелмейтін үй», өйткені «медресе бұл тек пайдасыз, қажет емес «қуыс кеуделерді» дайындайтын мекеме», –деп түсіндірілді (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 44-іс, 9-п.).

Халықтың медресеге деген мұндай көзқарасына не себеп болды, неліктен «шәкірттер бар күшімен «шәкірттік әлемін» тастап, саудагер болуды жақсырақ деп танып, соған ұмтылады». Осылайша, «медреседе шәкірттер күн сайын азая бастады» (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 24-25-п.), демекші, кейіннен бұл мәселенің кеңінен талқыланғаны сонша, тіпті «татар молдаларының сөзінен бұрын да баспасөзде бірнеше мақалалар жарияланған болатын, ал Ибрагим Бикгулов болса бұл «мектеп мәселесін» өте тамаша жариялап отырды» (Беккулов – авт.).

Міне, осындай мәселелерден кейін татар газеттерінің беттерінен осынау өзекті мәселені шешуге жұртшылықты кеңінен атсалысуға шақырулар шыға бастады: «...мұндай сұрақтар жұртшылық алдында кеңінен талқыланып, тез арада жауап алу керекпіз, сондықтан бұл мәселеге біздің басшылық пен «ақылды молдалар назар аударуы керек». Бірақ бұл «ең жауапты және қиын мәселе» «Қояш» газеті мен басқа да татар газеттерінің беттерінде қанша талқыланса да, оған басшылық «біз мүлдем дайын емеспіз, өте таяз суда шомылып жатырмыз» деп шешімін таппай әлек болды. «Мектеп мәселесін» күн тәртібіне Троицктің ескі молдалары көтерілді деп есептелді, өйткені, олардың сөздері сол кездегі мұсылман қауымына қатты әсер етті. Нәтижесінде, «осындай жалпы түрде көтерілген бұл мәселе кейінірек Троицк мугаллим имадумдары (мұғалім имамдары – авт.) басшылары арасындағы жеке кикілжіңге айналды», яғни «бастамасы жоқ құбыжықтай» ауада ілініп тұрды (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 5-п.).

Татар жұртшылығының арасындағы мұндай белсенділіктің себебі олардың пікірінше, мұсылман мектептерін жабу және татар мұғалімдерінің қызметіне тыйым салудың негізсіз таралуы болды. 1905 жылғы оқиғалардан кейін мектептер мен медреселер әртүрлі мемлекеттік ведомстволар тарапынан жүйелі түрде әртүрлі тексерулерге ұшырап, мәліметтер жинақтала бастады. Ағартушылық министрлігі де, жандармерия да мектептер мен медреселер туралы үнемі бақылап, қадағалап, ақпарат жинауын татар жұртшылығы қысым көрсету деп бағалады. Бұл мәселе «Қояш» газетінің № 641 санында: «...біздің ұлттық мектептеріміздің қуғын-сүргіннің жағдайында өмір сүруі соңғы кездері қатты жүйке күйзелісіне түсті», – деп атап өтілді (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 1-п.).

XIX ғасырдың соңынан бастап белгілі болғандай, жәдидшілік идеялары ескі кадимистерді жаңа мектептерге айналдыруда өз көрінісін тапты, оқу бағдарламаларына ақиқат негіздері мен ғылыми пәндер енгізілді. Жәдидшілдік орталықтары ірі татар өнеркәсіпшілері мен саудагерлері тарапынан қаржыландырылып отырды, мәселен, Орынбордағы «Құсайния» (1891 ж.) медресесін ағайынды Ахмет (1837-1906), Ғани (1839-1902) және Махмұт (1939-1910) Құсайновтардың қаржылай қолдауымен ашылды, Уфада 1887 жылдың қазанынан 1918 жылға дейін жұмыс істеген «Усмания» (Ғұсмания – авт.) медресесі Ахун Хайрулла Ғұсмановтың (1846–1907) қаржылық қолдауымен ашылып, сол кісінің құрметіне аталды. Орынбор губерниясының Троицк қаласындағы (қазіргі Челябинь облысы) «Расулия» (1883) медресесі белгілі дін қайраткері Зайнулла Расулев пен көпес Сейфулла Ғаббасовтың қаржылық қолдауымен салынған. Бастапқыда «Расулия» медресесі конфессиялық мектеп болды және оның оқу бағдарламасы негізінен теологиялық пәндерге бағытталған. Зайнулла сол кездегі исламдық діни мектепте кең таралған схоластикаға қарсы болып, жәдидшілдікті ұстанады. Татарлар мен басқа да түркі халықтарына арналған Уфа қаласындағы «Ғалия» (1906) медресесі, негізін қалаушы және 1918 жылға дейін меңгерушісі Зияитдин Камалетдинов (Зия Камали) болды. Әрине, бұл мемлекеттік мекемелер тарапынан олардың қызметіне

қызығушылық тудырды, дегенмен «мектептер мен медреселер ресми түрде ешбір ведомствоға бағынбаған, «...қалай болды, солай өмір сүрді...» (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 1-п.). Барған сайын жиілеп бара жатқан тексерулердің мақсатын түсінген жұртшылық «мемлекет өзіне бағынышты адамдардың мектеп-медреселері туралы білуі керек» болғандықтан, мектептердің болашақта мемлекеттен қаржы алуына негіз болатындай ресми мәртебе алады деп үміттенді.

1904 жылы А.С. Будилович комиссиясының қорытындылары негізінде «шетелдік» білім беру мәселесі күн тәртібіне қойылып, 1905 жылы өткен «Шығыс бұратаналарын оқыту жөніндегі арнайы кеңесінде» үкіметтің мектеп пен медреселерге деген көзқарасы түпкілікті шешілді. Мемлекеттік органдардың салғырттығы, шешім қабылдауға қабілетсіздігі, енжарлығы белсенділіктің артуына жол берді.

Бақылау әр түрлі ведомстволар тарапынан ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мақсаттарға ие болды, олардың негізінде шенеуніктердің айыптаулары, күдіктері мен қорқыныштары орын алды. Нәтижесінде көптеген мектептер мен медреселер жабылды. Айта кетерлігі, мектептерді тексеру барысында ведомство қызметкерлері бірінші кезекте шетелде білім алған ұстаздар мен олардың сабақ беру әдістемесіне қызығушылық танытты. Сот орындаушысының сапарынан кейін Пермь губерниясының мектептері жабылды. Дәл осы оқиғалардан кейін татар газеттерінің беттерінде «мектеп мәселесі» көтерілді.

Кейбір мектептерде бір жыл ішінде бақылау мен тексеріс бес-алты рет жүргізілгені атап өтілді. Жиналған ақпарат әдеттегідей болды, мәселен, мұғалімдердің әлеуметтік құрамына, сабақ кестесіне, оқытылатын оқушылар санына, оқу бағдарламасының мазмұнына, зайырлы пәндерді енгізуге, сонымен бірге, әрине, мектепті қаржыландыру көзіне қатысты болды. Жаңа әдіспен қатар ескі әдістегі мектептер мен медреселер де жұмыс істеді. Мектептердің жабылуынан қорыққан молдалар жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді жасырып, ескі әдіс ретінде медреселер туралы мәлімет берген жағдайлар да кездескен болатын. Осы жайттарды естіген жұртшылық молдаларды «шындықты жасырмау керектігін», «осылайша жауап бермеу керектігін» ескертіп, керісінше «байқап, істің мәніне үңілуге» шақырды. Осылайша, мектептер мен медреселерді реформалау ХХ ғасырдың басындағы татар қауымы алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болды. Татар газеттерінің беттерінде олардың жағдайына және оған қатысты жүргізілген мемлекеттік саясатқа сыни баға берілді. Мектептер мен медреселерді реформалау, оқулықтар мәселесі және татар мектептері үшін педагогикалық кадрларды дайындау мәселелері қызу пікірталас тудырды. Татар біліміне қатысты мемлекеттік органдардың әрбір қадамы жарияланып тұрды, сол арқылы қоғамдық пікір қалыптасты. Бұл баспасөз беттерінде «мектеп мәселесінің» мазмұны ретінде ұсынылды. 1905 жылғы «Шығыс бұратаналарына білім беру жөніндегі арнайы кеңестің» нәтижесі 1906 жылы енгізілді, ол «Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінде тұратын бұратаналарға арналған бастауыш мектептер туралы ережелер» деп аталды. Көп ұзамай ол татарлардың наразылығына байланысты кенеттен тоқтатылды, олар оны кейіннен бес томдықты құрайтын наразылық жеделхаттарын үйіп-төгіп тастады (Бурдина, 2023: 128-131). 1911 жылы Мәскеуде өткен халықтық білім беру жөніндегі алғашқы жалпыземства съезі де осы жағдайды толық шеше алған жоқ.

Бұл кезде татар баспасөзінде «маңызды себептерге байланысты туындаған мектеп мәселесі» деп аталатын бүкіл талқылаулар жүріп жатты, оның бірі мектептер мен медреселерде халық есебінен орыс сыныптарын енгізу болды. Ең өзекті мәселе ерікті қайырымдылық негізінде өмір сүрген, сондықтан мемлекеттік бақылауға алынбаған жаңа әдістемедегі (жәдидтік) мектептердің құқықтық мәртебесін анықтау болды. Баспасөз беттерінде оларды заңдастыру туралы ұсыныстар да болды, мысалы жас заңгер Кәміл Кәрімов «Вакт» газетінің №1756 санындағы мақаласында жеке оқу орындарына қатысты жаңа ережелерді оларға қатысты қолдануды ұсынды, өйткені мектептер мен медреселер және онда оқытылатын ғылымдардың арқасында теологиялық мектеп болудан қалды деп жазды. Оның мектеп пен медреселерді осылайша заңдастыру туралы ұсынысы қажетті және маңызды деп саналды, бірақ олар медреселердің теологиялық мектеп мәртебесін жоғалтуымен келіспеді. Сондықтан әрине, олар ғылыми пәндер бағдарламасы енгізілгеннен кейін Медреселер тек рухани болудан қатынын мойындаған болатын. Бірақ бұл жағдайда олар мешіттердің

қамқорлығынан айырылуы мүмкін болды. Егер олар заңдастырылса және жеке деп танылса, онда мектептердің басқа түрлері мен тұрпаты пайда болады деп түсінді (ТР ҰА. 969-қ., 1-тізбе, 43-іс, 11-п.).

Дегенмен татар жұртшылығы мектеп пен медреселерді жеке оқу орындары қатарына жатқызу туралы жаңа ережеге қарсы шықты. Олардың басты себебі, бұлар ең алдымен молдалар дайындайтын рухани оқу орындары болу керек болды. Осыған байланысты орыс тілі мұғалімдерін дайындайтын медреселер мен «мұғалімдер үйін» діни оқу орындары санатынан шығару ұсынылды. Осылайша, мұғалімдерді даярлау мәселесін шешу және «оларды жеке оқу орындары туралы жаңа заңға енгізу қажет болады». Олардың ойынша, мектептер де, медреселер де молдалар дайындап, рухани білім беретін, тіпті көмекші пәндер ретінде ғылыми пәндер енгізілсе де, өздерінің рухани мәртебесінен айырылмауы керек болды.

Дегенмен, XX ғасындың басындағы тағы бір орын алған саяси мәселе «Алаштықтар» мен «Үш жүздіктер» арасындағы «текетірес» ескерусіз қалмады. Тарихи ғылымда тап осы революция және азамат соғысы жылдарындағы саяси күрес дәстүрлі түрде екі партияның: буржуазиялық «Алаш» партиясы мен революциялық-демократиялық «Үш жүздің» күресі ретінде берілген. Дегенмен, «Алаш», «Үш жүз» партияларының қоғамдық-саяси қызметін талдау нәтижесінде оның демократиялық бағытта әрекет еткенін, қазіргі уақытта біздің тарихымызда оң және сол жақтың шынайы мәселелерін толық қалпына келтіруге үлкен мүмкіндіктер бар екенін алға тарта отырып, олардың еліміздің ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысының тарихында ерекше орын алатыны даусыз. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуын зерттеудің өзектілігі айқын. Біріншіден, XX ғасырдың басы кейінгі тарихи дамудың жалпы бағытын айқындаған түбегейлі қоғамдық-саяси үдерістердің қалыптасу кезеңі ретінде сипатталады. Дәл осы уақытта пайда болған саяси идеялар, қозғалыстар мен институттар келесі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-саяси өзгерістерге тікелей ықпал етті. Екіншіден, кеңестік кезеңде үстемдік еткен идеологияландырылған әрі біржақты әдіснамалық ұстанымдар бұрынғы КСРО халықтарының тарихындағы көптеген қоғамдық-саяси процестерді, оқиғалар мен деректерді, сондай-ақ саяси көшбасшылар мен қоғамдық қайраткерлердің қызметін объективті тұрғыда зерттеуге мүмкіндік бермеді, нәтижесінде олардың едәуір бөлігі ғылыми айналымнан тыс қалды. Үшіншіден, аталған кезеңде ұлттық интеллигенция өкілдері тарихи сахнаға шығып, өз халқын отарлық тәуелділіктен азат ету, саяси дербестікке қол жеткізу жолдарын іздестірді. Бұл үдеріс қоғамдық дамудың баламалы модельдері жөніндегі пікірлердің қалыптасуына, саяси ойдың көпқырлылығына және күрес тәсілдері мен стратегияларына қатысты көзқарастар мен пікірлердің пайда болуына алып келді.

Материалдар мен зерттеу әдіс-тәсілдер

Өткен ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған оқиғалардың мәнін анықтап, оқиғаның шынтуайттылығын аша түсу барысында Ә. Бөкейхановтың «Таңдамалы шығармаларын», А. Байтұрсыновтың «Алты томдық шығармалар жинағын», М. Тынышпаевтың «Қазақ халқы тарихын», Т. Рысқұловтың, М. Дулатовтың, С. Сәдуақасовтың, М. Жұмабаевтың, К. Төгісовтің «Шығармалар жинағын», сонымен бірге

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» сияқты жарық көрген еңбектер сараланды. Ал, XX ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ», «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты», «Еңбекші қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттері мен «Айқап» журналы сияқты қазақ мерзімді басылымдарында жарияланған материалдар мақаламызды жазуда үлкен дереккөз болды.

XX ғасырдың басындағы оқиғалардың деректік негізі ретінде Қазақстан Республикасының Президенттік архивінің (ҚРПА) «Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің саяси институты құжаттары», «Бүкілодақтық коммунистік (большевиктік) Қазақ өлкелік комитеті құжаттары 141-қор)», «Ресей коммунистік партиясы Қырғыз (қазақ) бюросының құжаттары 140-қор» материалдары мақаламыздың мазмұнын аша түсті. Атап айтқанда, «V Всеказахская конференция РКП(б)», «ВКП(б) итоги объединенного пленума ЦК и ЦКК ВКП(б), 17-21 декабря 1930 г.», «Материалы к отчету ЦИК Каз ССР на 3 сессий ВЦИК 13 созыва», «Қазақстан өлкелік IV пленумының қаулылары», «Ауыл мен деревнядағы партия жұмысы туралы» «КПСС съездерінің, конференцияларының және ОК пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1924-1930)», «Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов (1928-1937 гг.)» және тағы басқа. Бұл жерде мақаланың негізін нақтылай түсу үшін алынған дереккөздерді талдау аясы «Үш жүз» партиясы мысалында қарастырылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ақпараттық, сонымен бірге жеке тұлғаның өзіндік шығармашылық әлеуетін, материалдық тұрғыдан іске асыратын мәдени объект ретінде зерттейтін феноменологиялық қағидаты басшылыққа алынды.

Талқылау

Осы аталмыш мәселеге қатысты белгілі алаштану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, академик Кеңес Нұрпейісов былай деп атап көрсетті: «Қазақ мемлекетін (автономиясын) құру мәселесі күн тәртібіне қойылған сәттен бастап, орыстар мен басқа да славяндар көп мекендеген өлкенің тағдарына тек «Алаш» партиясының жетекшілері ғана алаңдатушылық танытып қойған жоқ. Сонымен қатар, «Үш жүз» партиясының жетекшілерін қатты ойландырған мәселе болды. Дегенмен, «Үш жүз» партиясының «автономия» туралы, «ұлтаралық қатынас» туралы жайындағы көзқарастары «Алаш» жетекшілерінің пікіріне қайшы келіп отырғанын байқауға болады» (Нұрпейісов, 1995: 97). «Үш жүз» партиясына қатысты мәселе бойынша белгілі тарихшы Г.Ф. Дахшлейгер зерттеуінде (Дахшлейгер, 1973) «Үш жүз» партиясының қызметіне қатысты бұрын айтылған пікірлерді негізінен қолдады, сонымен бірге бұл мәселені зерттеуге өз толықтыруларын енгізді. Ол Еділ бойының, Орта Азияның және Қазақстанның бірнеше аймағынан түркі-татар федерациясын құру ниетіне назар аударады. Автор «үшжүздіктердің» идеологиялық тұрғыдан «Социалистік революциялық» партия мен «Мұсылман фракциясына» жақын болғандығы туралы «...қырғыз (қазақ – авт.) демократтары барлық мұсылман депутаттарын социалистік революционерлермен бірге күресуге шақырады», – деген қорытынды жасайды (Дахшлейгер, 1973:101). Бұл зерттеуде автор «Үш жүз» партиясының барлық әрекеттерінің эволюциясын және олардың мұсылмандарды біріктіруге деген ұмтылысын көрсетуге тырысады.

Ал, академик Салық Зиманов «Үш жүз» партиясының идеологиялық ұстанымына мүлдем қарама-қарсы көзқарас білдірді. Ол «Үш жүз» партиясы бастапқы кезден-ақ социалистік ұстанымдағы және большевиктерді толық қолдаған деп пайымдайды. Бұл туралы академик: «...басынан бастап-ақ «Үш жүз» партиясы социалистік бағытпен және Кеңес үкіметінің жарлықтары мен қаулыларын толық қабылдаумен ерекшеленді. «Үш жүздің» жақтастары жергілікті кеңестердің жұмысына белсене қатысып жүрген жергілікті байырғы тұрғындар болатын. «Үш жүз» халықтардың өзін-өзі анықтауы туралы лениндік қағидаттың ұстанымын бұлжытпай қабылдады. Ұйым ұлттық қозғалыстағы буржуазиялық ағымға, буржуазиялық-ұлтшылдық автономияға қарсы шешуші күрес жүргізді және орыс халқымен ұлтаралық достық пен ынтымақтастық қағидаттарын қорғады», – деп атап көрсетті (Зиманов, 1970).

Бұл орайда белгілі тарихшы-ғалым, алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» атты ғылыми зерттеуінде: «Біріншіден, «Үш жүз» белгілі бір әлеуметтік топтардың ізденіс нәтижесінде қалыптасқан ұйым емес. Ол 1917 жылдың соңына қарай, анығырақ айтқанда, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ қоғамынан депутаттар ұсыну сәтінде өмірге келді... Екіншіден, бар болғаны жарты жылға жуық мерзім ғана саяси өмір кеңістігінде төбе көрсеткен бұл ұйымның мақсаты анық емес-тің, жарғысы болған жоқ... Үшіншіден, «түрік-татар қауымдастығынан», мұсылман қозғалысы басшылығынан тиісті қолдау таба алмаған «Үш жүз» енді «Алаштың» шын мәніндегі қарсыласы большевиктерге қайырылған еді», деп «Үш жүз» партиясының қандайда бір әлеуметтік топтардың нәтижесінде қалыптасқан ұйым болмағандығын алға тартады (Қойгелдиев, 2008: 417).

Тарихшы ғалым С.О. Смағұлова өзінің «Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы» (Смағұлова, 2009) атты ғылыми зерттеуінде алғаш рет тек «Үш жүз» партиясы мен оның жетекшілері туралы қарастырған. Автор зерттеуінде бастапқы кезден-ақ «Алаш» партиясы мен «Үш жүз» партиясының саяси бағыттарының бір болғандығын, сонымен бірге олардың басты мақсаттары – бұрынғы (ескі) үкіметтік билікті толығымен жойып, қазақ халқының өз алдына бөлек жаңа отау құруы еді деп келтірді. Соған байланысты екі партияның арасындағы ортақ мақсат саяси күреске жалғасты. «Алаштықтар» Үш жүздің», Үшжүздіктер» «Алаштың» істерін жақтырмай, өз газеттерінде «ғайбаттап» жатты деп жазды (Смағұлова, 2009: 70).

Б.К. Бейсембиевтің монографиясында «Үш жүз» партиясының идеологиялық платформасы мен оның жетекшісі Көлбай Төгісовтың әлеуметтік-саяси көзқарастарының терең талдау жасаған тұстар бар (Бейсембиев, 1973). Оның пікірінше, «Үш жүз» партиясын біржақты қарастыруға болмайды, оның көшбасшыларының көзқарастарының эволюциясын қарастырып, партияның әрекеттерін тарихи оқиғалардың дамуына сәйкес бағалау қажет. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы айлардағы саяси жағдайларда К.Төгісов және оның жақтастары халықтың ұсақ буржуазиялық топтарының мүддесін білдірушілер ретінде тартыншақтық, сәйкессіздік, идеологиялық және саяси жетілмегендік танытқандығын атап көрсетеді автор. Ол «Үш жүз» партиясының панисламдық шығу тегінің себептерін, партияның құрамының алуан түрлілігін, оның тартыншақтығы мен басылым мақалаларының сәйкессіздігінің себептерін қарастырды. К. Төгісов пен оның жақтастарының қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері бойынша сөйлеген сөздері, олардың «Үш жүз» газетіндегі жарияланымдары бізге бұл партияның республиканың қиын кезеңінде оның саяси келбетін анықтаған революцияны жақтағанын бағалауға мүмкіндік береді деп тұжырым жасайды (Бейсембиев, 1973: 341).

Ал профессор Г.Е. Өтепова өзінің «XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер («Үш жүз» партиясының мысалында)» атты оқу құралында «1917 жылдың ақпанынан қазанына дейінгі кезең К.Төгісовтің белсенді саяси қызметімен сипатталады. Ол митингілер мен жиналыстарда сөз сөйлейді, елдегі жағдай туралы өз материалдарын жариялайды, Ақпан төңкерісінің мәнін ашады, қазақ халқын ескі әлеммен күреске шығуға шақырады. К. Төгісов саяси партия құру, Қазақстанда демократиялық және Ұлттық күштерді шоғырландыру мәселелерін көтереді. 1917 жылы қарашада Қазақстанда өзін қазақ социалистік партиясы деп жариялаған Тағы бір «Үш жүз» ұлттық саяси партиясы пайда болды. Бұл партия халықтың кедей топтары мен ұлттық зиялы қауымның бір бөлігінің мүдделерін білдіре отырып, елдегі демократиялық қайта құруларды қолдауға тырысты. Алғашқы кезеңінде ол солшыл Социалистік революционерлер партиясын қолдады, оған мұсылман қозғалысы қатты әсер етті. Партия 1918 жылдың жазына дейін созылды. Оның ұйымдастырушысы және идеялық шабытшысы Көлбай Төгісов болды», – деп жазды (Өтепова, 2005: 35).

Жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып біз, Көлбай Төгісов және басқа көшбасшыларының саяси көзқарастарын, «Үш жүз» партиясының қызметін, оның бағдарламалық ережелерін XX ғасырдың басындағы елімізде болған тарихи оқиғалар аясындағы эволюциясын тек біржақты бағалаудың мүмкін емес екенін алға тартамыз. Өйткені, бұл мәселені қарастырған кезде XX ғ. басында қазақ даласында орын алған барлық жағдайларды ескеруіміз керек. Сонымен бірге, «Үш жүз» партиясы мен «Алаш» партиясы

арасындағы күресте кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс деп екеуін бір-біріне қарсы қоя бермей, мәселенің мән жайын анықтап, зерттеп, солардан сабақ алуымыз керек. Заманауи тұрғыдан алғанда, «Үш жүз» партиясы мен оның көшбасшысы Көлбай Төгісовтың саяси қызметін жалпы демократиялық тұрғыдан бағалау керекпіз, өйткені олар қазақ халқының азаттығы, жарқын болашағы мен прогресі үшін күрескенін мойындаймыз.

Тақырыптың зерттелу деңгейін анықтауды тарихнамалық хронологияға сәйкес жүргізсе отырып, салыстырмалы талдау жасалғаны ұтымды болар еді.

Зерттеу нәтижелері

XX ғасырдың басы Шығыс қоғамында таптық санасының өсуімен ерекшеленді. Бұл үдеріс қазақ халқын да айналып өткен жоқ. Қазақ қоғамындағы ұлттық саяси қозғалыс әртекті болды, әртүрлі ағымдар мен партиялар пайда болып, әрине, олардың негізін ұлттық зиялы қауым өкілдері құраған болатын. XX ғасырдың басындағы ұлттық идея үш фактордың әсерінен дамыды деп келтіруге болады, біріншіден, қазақ халқының болашақ тағдыры мен тарихи перспективаларына күмән келтірген дәстүрлі қоғамның бүкіл тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің дағдарысы, екіншіден, ресейлік либерализмнің барысы болса, үшіншіден, ұлт-азаттық қозғалыстың ауқымының кеңеюі және қазақ халқы арасында таптық сананың өсуі деп тұжырым жасаймыз.

Бұл жерде айтарымыз, қазақ ұлттық идеясының мақсаттары 1905–1907 жж. Бірінші орыс революциясы кезінде нақты көрініске ие болды. Отар иеленген державалардағы партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстар арасындағы мемлекеттік құрылым мен демократия мәселелері бойынша қақтығыстар, автократия мен әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке қарсы ереуілдер мен көтерілістер енді, тәуелді елдердің ұлттық интеллигенциясын да, халық бұқарасын да ойлануға мәжбүр етті. Мұндай қозғалыстар зиялы қауым өкілдерін, ұлт жанашырларын қандайда бір әрекетке шақырып қана қоймай, сол күрескерлік жолында өздерінің саяси «мектептерін» құруға алып келді. Бұл туралы Г.Е. Отепова: «Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстың дамуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы үлкен әсер етті. Бұл кезең отаршылдық пен әлеуметтік қысымға қарсы бағытталған ұлт-азаттық, жұмысшы, аграрлық және қозғалыстың басқа түрлерінің өсуімен сипатталады. Қазақстан халқының әртүрлі топтарының 1905 жылғы оқиғаларға қатынасы екіұшты болды. Осы жылдардағы ең белсенді өндірістік кәсіпорындар мен теміржол жұмысшылары болды. Аграрлық қозғалысты кедейленген қоныс аударушылар қазақ шаруасы ұсынды. Бірақ ол әлсіз болды және жеке шаруалардың сөйлеген сөздерінен асып түспеді»,—деп атап өткен болатын (Отепова, 2005: 19).

XX ғасырдың басы халықты әлеуметтік әділеттілікке, бостандыққа және мәдени ағарту жолындағы мақсаттарға жеткізу үшін аянбай қызмет атқарған қазақ зиялылары үшін ең маңызды кезең болғаны белгілі. Олар газет-журналдар шығарып, жер-жерде мектептер ашумен қатар тәуелсіз мемлекеттілікке жетудің әртүрлі жолдарын іздестіре отырып, саяси партиялар құра бастады. Солардың ішіндегі ең танымалдарының – «Алаш» және «Үш жүз» партиялары болды. Бұл екі партия да 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында бар күштерін салып, ынта-жігерлерімен қызмет бастаған болатын. Сонымен, XX ғасырдың басындағы қырғыз (қазақ – авт.) социалистік партиясы, нақтырақ айтқанда «Үш жүз» партиясының негізін қалаған Көлбай Төгісов болды. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасап көрсек, Көлбай Төгісовтың өмірі мен «Үш жүз» партиясының қызметіне қатысты арнайы монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен, кеңестік және тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жалпылама жазылған еңбектерге талдау жасап көретін болсақ, ең алдымен Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тағақ кешу» (Сейфуллин, 2009) атты тарихи-мемуарлық романын айтуға болады. Кітапта С.Сейфуллин «Үш жүз» партиясы және оның біраз мүшелері туралы, соның ішінде партияның жетекшісі Көлбай Төгісовті жеке танитынын жазған. «Үш жүз» партиясының кейбір аспектілері, соның ішінде «Алаш» пен «Үш жүз» партиясының жақтастары арасындағы пікірталасты жағдайлар барысы туралы материалдар келтірген. Сонымен бірге С.Сейфуллин «Үш жүз» партиясының әлеуметтік құрамы және оның беделді тұлғаларына деген көзқарасын да білдірген. Сол кездегі қазақ қоғамындағы алғашқы

социалистік партияның мәніне үлкен көңіл бөле отырып, автор «Алаштықтармен» бір позицияда болғысы келмейтін «Үш жүздіктерді» ұсақ буржуазиялық демократтардың ұйымы деп санаған. Көлбай Төгісовтың саяси бейнесін сипаттай отырып, ол былай деп жазды: «Мен Көлбайды немесе басқа біреуді сөзсіз мақтағым келіп отырған жоқпын. Өз өмірінде сүрінбейтін адамдар аз шығар шамасы, Көлбайдың мінез-құлқы да мінсіз емес еді. Ол «алашордалықтардың» көсемдері мен олардың «қолшоқпарларының» тарапынан қорлыққа ұшырады. Егер большевиктік көзқарастары үшін қорланған Көлбай сияқты қазақтар кенеттен «Алаш Ордаға» ауысып кетсе, сол көшбасшылар оларды мақтап, аспанға көтерер еді. Оның (Көлбайдың) көптеген жақтастары кейіннен Алаш-Орданың жақтаушыларына айналды және бұрынғы жетекшілеріне тас лақтырудан тартынбады» (Сейфуллин, 2009:170). Сәкен Сейфуллиннің өзінің «Үш жүз» партиясы туралы тарихи-романында: «...М.Әйтпенов, К.Төгісов, Ш.Әлжанов және басқа бір топ қазақ белсенділері Омбы қаласында «социалшыл» партия құрып, атын «Үш жүз» деп атаған. Партияның тізіміне Ақмола қаласынан бізді де кіргізіп қойыпты, ...біз «Үш жүзден» бөлектенбедік. Өйткені, бұл партияның адамдары «алаштықтардан» кем адамдар емес. Керісінше «Үш жүз» партиясының ішінде Шаймердендей, Ысқақтай мықты адамдар бар еді. «Үш жүздің» жетекшілері не жақсы, не жаман болсын 1917–1918 жж. ердің ерін сынайтын революция жылдары қызылдар жағында болды»,—деп жазды (Сейфуллин, 2009: 127).

XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының жаңа кезеңі ұлттық мерзімді баспасөздің дамуымен ерекшеленді. Алғашқы қазақ тіліндегі мерзімді басылым «Түркістан уалаяты» газеті болды, кейінірек «Дала уалаяты» газеті деп өзгертіліп, Омбыда шығарыла бастады. Бұл мерзімді басылымдар аймақтағы қоғамдық сананың дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ мерзімді баспасөзінің пайда болуы еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеуіне, халықтың бірігуіне ықпал етті, халықтың ұлттық санасын оятып, оларды әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстырды. Қазақ халқының тарихындағы қазақ тіліндегі алғашқы ұлттық баспа басылымы 1911 жылы М. Сералиннің редакторлығымен жарық көрген «Айқап» журналы болды. Зерттеушілер М. Сералиннің жетістіктерін мойындай отырып, оның «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журналды алғаш рет бастырып шығарған адам болғаны» атап көрсетеді, сонымен бірге «Айқап» ағартушылық әлемге терезе болды (Отеева, 2005:24). Журналдың айналасында негізінен либералды-демократиялық бағыттың мүдделерін көрсететін прогрессивті қазақ зиялыларының өкілдері топтасты. Олардың ішіндегі ең белсенді, әрі танымал Б.Майлин, С. Сейфуллин, С.Дөнентаев, Б.Қаратаев, С.Торайғыров, К.Төгісов және басқа да көптеген өкілдер болды. Бұл идеологиялық қозғалыстың жақтаушылары олардың бүкіл қазақ халқына қызмет етіп, оның прогресіне үлес қосып жатқанына терең сенімді болды.

Сол жылдардың маңыздылығын сипаттаған Әлихан Бөкейханов, бүкіл қазақ даласы саяси сала мен азаттық қозғалысына тартылғанын, қырғыз (қазақ – авт.) халқының қажеттіліктері туралы қызу хат алмасулар басталғанын атап көрсетті. Онда: «17 сәуірде діни төзімділік туралы жарлық көңіл-күйді одан әрі көтерді, 1905 жылдың көктемінде далада еркін өмірдің басталуымен жазғы тұрақтарда съездер басталды, онда бүкіл қазақ ұлтының жергілікті қажеттіліктері талқыланды. Биылғы дала жәрмеңкелері қазақ саяси съездерінің алаңына айналды, онда қазақтар содан кейін ең жоғары атпен берілген петицияларды талқылап, қол қойды. Діни және жер мәселелерімен қатар қазақтардың алдында саяси бостандық мәселелерінде тұрды» (Бөкейханов, 1995: 478). Ә.Н. Бөкейханов ұлттық-демократиялық партия құру жоспарын алға тартады, өйткені ол қоғамдық-саяси өмірде маңызды рөл атқаратынына сенді. Осылайша, жалпыұлттық байланыстың, халықтық жаңғыруға, өз рөлін түсінудің «айғайына» айналатын жалпыұлттық газет ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Газеттің басылым орны ретінде Орынбор қаласы таңдалды, газетке «Қазақ» (1913–1918) атауы беріліп, ал ұлттық зиялы қауымның көрнекті өкілдері редакция алқасына қызметке тартылды. «Қазақ» газеті либералдық-демократиялық идеяларды білдірді, ал А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалар оның айналасына жиналды. Газеттің саяси бағыты өз заманының рухына сай болды, оның басты мақсаты қазақ халқын саналы,

шығармашылық өмірге, тәуелсіздігі мен құқықтары үшін күреске ояту болды. Көлбай Төгісов «Қазақ» газетінің қазақ қоғамының одан әрі дамуы үшін маңыздылығын аша отырып, былай деп жазды: ««Қазақ» газеті қырғыз халқының күнделікті өмірінде түбегейлі өзгеріс болып жатқан, өмір мен өлім мәселелері ашық қойылған сәтте дүниеге келді. Ал «Қазақ» жалғыз аймақтық газет болғандықтан, оның мақсаты болды, болады және бәлкім бола береді де: кең байтақ қырғыз аймағының әртүрлі аспектілерін жарыққа шығару, халық арасында ғылымның, өнердің және техниканың әртүрлі салаларынан пайдалы ақпарат тарату, сондай-ақ біздің отанымыздың - Ресейдің және әлемнің басқа елдерінің мәдени, саяси және экономикалық өмірімен таныстыру» (Төгісов, 2003: 256).

1905 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстың айтарлықтай өрлеуі болды деп атап көрсетеді профессор Д.А. Аманжолова. Ол: «Бірінші орыс революциясы кезіндегі аймақтағы әлеуметтік төңкеріс қазақ зиялы қауымын жігерлендірді. Дәл осы кезде қазақ қоғамы екі негізгі саяси қозғалысқа бөліне бастады, Ә.Бөкейханов оларды «батыстықтар» және «түркішілдер» деп атады, өзін өзін біріншісіне жатқызды. Егер Ә.Бөкейханов өзін «батыстық» деп санаса, онда К.Төгісовты «түркішілдер» деп санауға болады, өйткені оның саяси идеалы барлық түркі тілдес халықтарды бір мемлекетке біріктіру, мұсылмандардың мүдделері мен құқықтарын қорғау болды»,—деп тұжырымдайды (Аманжолова, 1994: 21). Шәймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов, Көлбай Төгісов сияқты «социалшылдар бастапқы кезде «Айқап» журналының маңына топтасып, мәдениет, денсаулық, оқу-ағарту және жер мәселелеріне қатысты мақалаларын жариялап тұрған. Бұл туралы Г.Е. Отепова «Айқап» журналының идеологиялық және саяси дәстүрлерін 1916 жылдың қараша айында Ташкентте шыға бастаған «Алаш» газеті жалғастырды. Көлбай Төгісов «Алаш» газетінің идеологиялық ұйымдастырушысы және редакторы болғаны туралы айтады (Отепова, 2005:26). Бұл туралы белгілі деректанушы профессор Қамбар Атабаев өзінің «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918)» атты ғылыми зерттеуінде: «Ташкентте шығарылған «Алаш» газетін ерлі-зайыпты Мариям және Көлбай Төгісовтардың әрекеттері арқылы дүниеге келді»,—деп Көлбай Төгісовтің 1916 ж. Ташкентте «Алаш» газетін шығара бастағаны туралы айтады (Атабаев, 2000: 143). Сонымен бірге автор бұл «Алаш» газетінің шығарылуы Төгісовтың ағартушылық саласындағы үлкен белестерінің бірі екенін, ал сол кездегі қазақ қоғамы үшін үлкен оқиға екенін алға тартады. Өйткені Семей, Ташкент, Уфа, Орынбор, Омбы сияқты қазақ зиялы қауым өкілдері көптеп топтасқан қалалардың ұлтжандылары мен жастары газетпен тығыз байланыс орнатып, материалдарын жариялап отырған. Газет ресми үкіметке қарсы мазмұндағы материалдар жарияланған жоқ, ал 1917 жылдан бастап революциялық, демократиялық бағыт ұстанды.

1917 жылы ақпан революциясынан кейін патша үкіметі құлап, Ресейде де Қазақстанда да уақытша үкімет орнайды. Жер-жерде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының советі құрылып, капитализм немесе социализм құру жолында күрес басталды. «Буржуазиялық», «демократиялық» ұрандар әр өңірде еңбекші халықтың белсенділігі арттырды. Қазақ өлкесіндегі уақытша үкіметке қазақ ұлттық интеллигенттер сайлана бастады. Мысалы, Ә. Бөкейханов Торғайдағы, М.Тынышпаев Жетісудағы, М.Шоқай Түркістандағы уақытша үкіметтердің комиссарлары болып тағайындалды. Олар: тыл жұмыстарына алуды тоқтату (1917 ж. 14 наурыз); дінге байланысты шектеулерді жою (1917 ж. 20 наурыз); қара жұмысқа тартылғандарды елге қайтару (1917 ж. 5 мамыр); 1916 жылғы көтерілістен зардап шеккендерге қазынадан қаражат бөлу (1917 ж. 8 қыркүйек) сияқты біраз шараларды іске асырды.

Революциядан кейін Қазақстанда қоныс аудару саясаты едәуір жанданды, бұл аграрлық мәселенің күрт шиеленісуіне, отаршылдықтың күшеюіне әкелді және XX ғасырдың басындағы еңбекшілердің ұлттық және әлеуметтік қысымға қарсы бас көтерулері тағы да атап өтілді. Ал бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақ ұлт-азаттық қозғалысы үш ағымға бірігіп, саяси партияларды құрды. «Қазақ» газеті еліміздегі автономия мен прогрессивті реформаларды жақтап, зиялы қауымның ең маңызды бөлігін топтастырды. Бұл топ кейіннен «Алаш» партиясына айналды. Өлкеде бұдан басқа да әртүрлі саяси партиялар мен саяси ағымдар дүниеге келді, атап айтқанда, «Жұмысшылар одағы» (Верный), «Орыс-мұсылман

солдаттары одағы» (Аягөз), «Арбакештер одағы» (Петропавл), «Қазақ жастары одағы» (Өулиеата), «Жас қазақ ұйымы» (Ақмола), «Жас жүрек» (Спасск), «Талап» (Петропавл). Сонымен бірге Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірген Қазақстанның оңтүстік аймақтарының діни қызметкерлері мен діни көзқарастағы зиялы қауым өкілдері «Шуро-и-Ислами» және «Шуро-и-Улеми» партияларын құрды. Отарлық өктемдікке қарсы ұлттық зиялылардың алдарына қойған мақсаты қазақ қоғамын отарлық езгіден құтқарып, ұлттық автономия құру болды. Кеңестік кезеңде «Алаш» партиясы туралы мүлдем айтылмаса да, оған «қарсы» бағыттары «Үш жүз» партиясы туралы анда-мұнда жазылып та, айтылып та жүрді. Мысалы, «алаштықтар» – «ұсақ-буржуазияшыл» партия, «байлардың саяси» ұйымы, «феодалдардың» партиясы деп аталса, «үшжүздіктерге» – «ұсақ буржуазиялық оппозициялық фракция», «ұлттық саяси» ұйым, «қазақ кедейлерінің» одағы, «жалшылардың» партиясы деген айдар тағылды. Ал енді егемендікті еңсергеннен кейін ол партиялар туралы тарихшылардың ұстанымы өзгеріп, екі партияның да алға қойған мақсаттары ақиқатпен айтыла бастады.

«Үш жүз» партиясының жетекшілері – журналист, бұрынғы адвокат Көлбай Төгісов, тілмаш Шәймерден Досов, журналист Мұқан Айтпенев, жұмысшы Ысқақ Қабеков сияқты азаматтар болды. Осылайша, бұл азаматтар 1917 жылдың бірінші жартысынан бастап, қазақ қоғамындағы демократиялық бағытты жақтауылармен бірге белсенді түрде саясатпен айналыса бастады (Нұрпейсов, 1995: 127). «Үш жүз» партиясының алғашқы жетекшісі (төрағасы – авт.) Мұқан Әйтпенев, ал орынбасары Көлбай Төгісов болды (көп ұзамай партияны Төгісов басқарды – авт.). Әлеуметтік жағынан партия құрамы әртүрлі болды. Олар Петропавл, Семей, Зайсан, Көкшетау және Омбы қалаларының ұсақ буржуазиялық бағытын ұстанған интеллигенттерінің басын біріктірді, көпшілігі мұғалімдер, мекеме қызметкерлері, молдалар, шаруалар, қала жұмысшылары және т.б. болатын (ҚР ПА. 811-қор., 23-т., 218-іс., 7-п.). Ал С. Сейфуллин: «...партия мүшелігінде Омбының тұрғындары, қолөнершілер, малшылар, жалшылар сияқты негізінен сауатсыз кедейлер жиналған», – деп жазды (Сейфуллин, 2004: 131). Сонымен «кеңестерді қолдап», «қазақтардың жеке мемлекеттілігі» идеясын ұсынып жүрген «оппозициялық фракциядағы» «Үш жүз» партиясының жетекшісі Көлбай Төгісов көп қзамай «Үш жүз» газетін де шығара бастайды. Сәкен Сейфуллиннің пікіріне қарағанда бұрынғы «Алаш» газеттерімен салыстырғанда «Үш жүз» газеті саяси тартысқа көп тартылған. Бірақ, «Үш жүз» партиясы да оның газеті де күрескерлік саясаттан гөрі оқу-ағарту, ұйымдастыру, бітімгерлік бағытқа бейім болған (Сейфуллин, 2004: 130).

«Үш жүз» партиясы құрылғаннан кейін, оны көпшілікке кеңінен таныстыру мақсатында Көлбай Төгісов жақтастарымен бірге Бүкілресейлік Құрылтайға депутат етіп бір топ кандидат ұсынды, атап айтқанда: Ақмола облыстық комитетінің мүшелері – Қасенқожа Бекхожин, Қазы Торсанов, Байсеит Әділов; социал-революционер – Шәймерден Әлжанов; журналист – Көлбай Төгісов; офицер – Мақмұт Уәлиханов; қоғам қайраткері – Үсен Қосаев; халық ағартушысы, мұғалім – Сәдуақас Сейфуллин; Петропавл уездік комитетінің төрағасы – Әлиасқар Қуанышев; оқытушы – Нұрғали Құлжанов; ұлттық өкіл – Ыбырай Төлебаев; социалист – Сұлтан Аблаев; Омбы қазақ уездік комитетінің төрағасы – Мұқан Айтпенев болды (ҚР ПА. 811-қор., 23-т., 218-іс., 10-п.). Дегенмен, 1917 жылғы жағдайларға байланысты жоғарыда аталған тізімдегілердің ішінен депутаттықа қарсы болғандар да бар. Сол кезде шағын және аз танымал болғандықтан, ол барлық кандидаттарын сақтап қала алмады. Партия бағдарламасының белгісіздігі мен анық еместігі, ұйымдаспағандығы және мүшелерінің аздығы көптеген кандидаттардың «Үш жүз» партиясы атынан сайлауға қатысудан бас тартуына ықпал етті. С.Сейфуллин «Ақмола халқы «Үш жүзді» қолдағысы келмегендіктен сайлауға белсенді қатыспады» деп еске алады. Ол өзі «Үш жүз» партиясы атынан сайлауға қатысудан бас тартуын былай түсіндірді: «Біз «Үш жүздің» саясатына келіспейтінімізді көрсету үшін дауыс беруге қатыспадық. Біз мұны Алаш Ордадан қорқып немесе «Үш жүз» көсемдері халық үшін Алаш көсемдерінен гөрі жаман деп ойлағандықтан жасамадық. Керісінше, «Үш жүз» партиясында Шәймерден (Әлжанов) және Исхак (Көбеков) сияқты тамаша, адал жолдастар болды. Революция үшін «Алаш» «Үш жүзге» қарағанда қауіптірек болды» (Сейфуллин, 2004: 131). Демократиялық қазақ зиялыларының өкілдері сол тарихи

күндерде бір-бірін түсіне алмады, біріге алмады және біртұтас ұлттық майдан құра алмады. Егер олар бірігіп, бірге әрекет еткенде, Дала округіндегі қырғыздардың ұлттық тізімдеріне Құрылтай жиналысына сайлауда көпшілік орындарды иеленуге мүмкіндік берер еді. Осылайша, уақыттың өзі «Үш жүзді», XX ғасырдың басында Қазақстанның саяси сахнасына алып келді. Осы кезеңде Қазақстанда көппартиялық жүйе мен плюралистік саяси жүйенің негізі қаланды. Алайда, саяси күрес пен саяси мәдениеттегі тәжірибенің жетіспеушілігі, бірегей тарихи сәт, ұлт-азаттық қозғалыстың әртектілігі және большевиктер партиясының қысымы, мұның бәрі демократиялық үдерістердің дамуына кедергі келтірді және сайып келгенде, олардың жойылуына, елде қатаң әкімшілік-әміршіл жүйенің қалыптасуы басталды. Алғашқы қазақ саяси партияларының мысалынан біз демократияны, саяси мәдениетті, қарсыластарымыздың пікірлерін мойындай білуді және бір-бірімізге төзімді болуды үйренуіміз керек.

Қорытынды

XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмір жандануымен ерекшеленеді, халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлығы мен экономиканың тежелуі елімізде отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күреске жол ашты. Бұл кездегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің жандануы ретінде сипатталады, өйткені, ғасырлар бойғы халықтың өкпесі ұлт-азаттық күреске ұласты. Отарлау, әлеуметтік-экономикалық дамудың тежелуі сияқты мәселелер ұлт-азаттық қозғалысқа өзіндік ықпалын тигізді. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер ұлттың сана-сезімін оятайып, қазақ қоғамында жаңа идеялардың қалыптасуына ықпал етті. Нәтижесінде, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде ұлттық жас қазақ интеллигенциясының рөлінің маңыздылығы арта түсті. Олар халықты отарлық езгіден құтқарудың жолдарын іздей бастады. Қазақстанда ағартушылық мәселесіне үлкен көңіл бөлініп, бұл халыққа білім беру жүйесіне және жеке мерзімді баспасөздердің ашылуына жол ашты. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің басында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, М. Шоқай, К. Төгісов және т.б. сияқты мықты тұлғаларымыз көшбастап, тәуелсіздік жолында күрескерлік саясат ұстанды.

Бұл кезде қоғамның тез арада демократиялануы, халықтың жалпы экономикалық, мәдени және саяси деңгейінің төмендігі аясында өркениетті жолды таңдау мүмкін болмады. Сондықтан, «Үш жүз» социалистік партиясының жетекшісі Көлбай Төгісовтың саяси көзқарастары осы кезеңде болып жатқан қоғамдық-саяси дамуының тікелей ықпалынан қалыптасты. Жалпы үшжүзшілер қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылыққа бейімдеу, ұлттар арасын ұшықтырмау сияқты болып келді. Демек үшжүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық бағыттан жаңылмағанын аңғаруға болады. Оның қоғамдық-саяси қызметін бағалау кезінде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың әртекті болғанын да ескеруіміз керек. «Үш жүз» партиясының қоғамдық-саяси қызметі әлеуметтік-экономикалық игіліктерден айырылған еңбекші халықтың мүддесін қорғаушы «қазақ демократиясының» көрінісінде болды. Сондықтан қара халықтың мақсаты мен мүддесі үшін күрескерлік жолды таңдаған «үшжүздіктерге» қарсы пікір айтудан аулақпыз. Тек айтайын дегеніміз, халықтан қолдау іздеген өз заманының «оппозициясы» еді.

Дереккөз

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президенттік Архиві

Sources

РА РК – Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Аманжолова, 1994 – *Аманжолова Д.А.* Казахский автономизм и Россия. Москва: Россия молодая, 1994. 205 с.

Атабаев, 2000 – *Атабаев Қ.М.* Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918). Алматы: Қазақ университеті, 2000. 359 б.

- Әбжанов, 2010 – *Әбжанов Х.М.* Азаттық тарихы және зерттеу методологиясы // Қазақстан мұрағаттары. 2010. № 4 (16). Б. 20-26.
- Байтұрсынов, 2013 – *Байтұрсынов А.* Шығармалар жинағы. Алматы: Ел шежіре, 2013. 384 б.
- Бейсембиев, 1976 – *Бейсембиев К.Б.* Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1976. 427 с.
- Бөкейханов, 1995 – *Бөкейханов Ә.* Тандамалы шығармалары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 478 б.
- Бурабаев, 1991 – *Бурабаев М.С.* Общественная мысль Казахстана в 1917–1940 годах. Алма-Ата: Галым, 1991. 255 с.
- Дахшлейгер, 1973 – *Дахшлейгер Г.Ф.* В.И.Ленин и проблемы Казахстанской историографии. Алма-Ата: Наука, 1973. 216 с.
- Зиманов, 1970 – *Зиманов С.З.* Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1970. 303 с.
- Төгісов, 2003 – *Төгісов К.* Шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003. 256 б.
- Козыбаев, 1994 – *Козыбаев М.К.* Казахстане в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Алматы: НАН РК, 1994. 566 с.
- Қойгелдиев, 2008 – *Қойгелдиев М.К.* Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп, 2008. 480 б.
- Национальные истории, 2003 – *Национальные истории* в советском и постсоветских государствах / Под ред. К. Аймермахер, А.Г. Бордюгов. Москва: Фонд Фредриха Науманна, АИРО XX, 2003. 432 с.
- Нұрпейсов, 1995 – *Нұрпейсов К.Н.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995, 256 б.
- Отепова, 2005 – *Отепова Г.Е.* Политические процессы на территории Казахстана в начале XX века (на примере партии «Уш жүз»). Учебное пособие. Павлодар: ПГПИ, 2005. 88 с.
- Сейфуллин, 2004 – *Сейфуллин С.* Тар жол, тайғақ кешу / Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы: Жазушы, 2009. 395 б.
- Смагулова, 2009 – *Смагулова С.О.* Көлбай Төгісов және «Уш жүз» партиясы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 232 б.
- Сушко, 2008 – *Сушко А.В.* Межродовая борьба казахской (киргизской) интеллигенции в годы революции и гражданской войны в России // Вестник ТГУ, 2008. №11(67). С. 329-337.
- Тулепбаев, 1997 – *Тулепбаев М.Б.* Алаш // История национальных политических партии России: материалы международной конференции. Москва 21-22 мая 1996 г. Москва: РОССПЭН, 1997. 406 с.
- Тынышпаев, 1993 – *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алматы: Қазақ университеті, 1993. 224 с.

References

- Amanjolova, 1994 – *Amanjolova D.A.* Kazahski avtonomizm i Rosia [Kazakh autonomism and Russia]. Moscow: Rosia molodaia, 1994. 205 p. (In Russ)
- Atabaev, 2000 – *Atabaev Q.M.* Qazaq baspasozı Qazaqstan tarihyıńıń derek kozı (1870–1918) [The Kazakh press is a source of information on the history of Kazakhstan (1870–1918)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2000. 359 p. (In Kaz.)
- Abjanov, 2010 – *Abjanov H.M.* Azattyq tarihy jane zertteu metodologiasy [History of Liberty and Research Methodology] Qazaqstan mұraǵattary. 2010. №4 (16). – B. 20-26. (In Kaz.)
- Beisembiev, 1976 – *Beisembiev K.B.* Ocherki istorii obşestvenno-politicheskoi i filosofskoi mysli Kazahstana [Essays on the history of socio-political and philosophical thought in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1976. 427 p. (In Russ)
- Bokeihanov, 1995 – *Bokeihanov A.* Tandamaly sygarmalary [Selected works]. Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1995. 478 p. (In Kaz.)
- Burabaev, 1991 – *Burabaev M.S.* Obşestvennaia mysl Kazahstana v 1917–1940 godah [Public thought in Kazakhstan in 1917–1940]. Alma-Ata: Galym, 1991. 255 p. (In Russ)
- Dahsleiger, 1973 – *Dahsleiger G.F.* V.I.Lenin i problemy Kazahstanskoi istoriografii [V.I. Lenin and the problems of Kazakhstanian historiography]. Alma-Ata: Nauka, 1973. 216 p. (In Russ)
- Zimanov, 1970 – *Zimanov S.Z.* Lenin i sovetskaia nasionálnaia gosudarstvenost v Kazahstane [Lenin and Soviet national statehood in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1970. 303 p. (In Russ)
- Togisov, 2003 – *Togisov K.* Sygarmalar jinagy [Collection of works]. Almaty: Alaş, 2003. 256 p.
- Kozybaev, 1994 – *Kozybaev M.K.* Kazahstane v nachale XX veka: metodologia, istoriografia, istochnikovedenie [Kazakhstan in the early 20th century: methodology, historiography, source studies]. Almaty: NAN RK, 1994. 566 p. (In Russ)
- Qoigeldiev, 2008 – *Qoigeldiev M.K.* Alas qozgalysy [Alash movement]. Almaty: Mektep, 2008. 480 p. (In Kaz.)
- Nasionalnye istorii, 2003 – *Nasionalnye istorii* v sovetskom i postsovetstkih gosudarstvah [National histories in the Soviet and post-Soviet states]. Pod red. K.Aimermaher, A.G.Bordügov. M.: Fond Fredriha Naumanna, AİRO XX, 2003. 432 p. (In Russ)
- Nurpeisov, 1995 – *Nurpeisov K.N.* Alas ham Alaşorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.)
- Otepova, 2005 – *Otepova G.E.* Politicheskie prosesy na territorii Kazahstana v nachale XX veka (na primere partii «Us juz») [Political processes in Kazakhstan at the beginning of the 20th century (using the example of the «Ush Zhuz» party)]. Pavlodar: PGPİ, 2005. 88 p. (In Russ)

- Seifullin, 2004 – *Seifullin S.* Tar jol, taigaq keşu [A thorny path]. Kop tomdyq syğarmalar jinağy. T.1. Almaty: Jazuşy, 2009. 395 p. (In Kaz.)
- Smagulova, 2009 – *Smagulova S.O.* Kolbai Togısov jane «Us juz» partıasy» [Kolbay Togisov and the «Us juz» Party]. Almaty: «Arys» baspasy, 2009. 232 p. (In Kaz.)
- Suşko, 2008 – *Suşko A.V.* Mejrodovaia börba kazahskoi (kirgizskoi) inteligensii v gody revolusii i grajdanskoi voyny v Rosii [The inter-clan struggle of the kazakh (kyrgyz) intelligentsia during the years of the revolution and civil war in Russia]. Vestnik TGU, 2008. №11(67). Pp. 329-337. (In Russ)
- Tulepbaev, 1997 – *Tulepbaev M.B.* Alaş [Alash]. İstoria nasionälnyh politicheskikh partii Rosii: materialy mejdunarodnoi konferensii. Moscow 21-22 maia 1996 g. Moscow: ROSPEN, 1997. 406 p. (In Russ)
- Tynyşpaev, 1993 – *Tynyşpaev M.* İstoria kazahskogo naroda [History of the Kazakh people]. Almaty: Qazaq universiteti, 1993. 224 p. (In Russ)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1619-1635, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1619-1635

THE EVOLUTION OF TRADITIONAL URBAN CULTURE OF TURKESTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY

Abdullaeva Akerke^{1}, Dinasheva Lazat², Myrzaliyeva Elmira³*

¹International Kazakh-Turkish University named Khoja Ahmed Yasawi
(29, Bekzat Sattarkhanov aven., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)
PhD Doctoral student
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>. E-mail: a.abdullaeva@ayu.edu.kz
*Correspondent author

²International University of Tourism and Hospitality
(14B, Rabiga Sultan Begim Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
<https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>. E-mail: lazat.dinasheva@iuth.edu.kz

³South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov
(13, Baitursynova Str., Shymkent, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
<https://orcid.org/0009-0006-4512-6610>. E-mail: ema-2006@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Abdullaeva A., Dinasheva L., Myrzaliyeva E., 2025

Abstract. Introduction. The article examines the historical evolution of the traditional urban culture of the Turkestan region, its changes since the second half of the 19th century. The relevance of the research is determined by the need to identify the transformation of traditional urban culture by analyzing the socio-economic and cultural development of the city of Turkestan in the context of the colonial policy of the Russian Empire. Although the urban culture of the region has been preserved for centuries according to the traditional model, in the second half of the 19th century it underwent changes of a new nature with the introduction of colonial power. The purpose of the study is to identify the features of the development of urban culture in Turkestan and to show the process of transition from the traditional structure to the new spatial and architectural system of the European model. **Objectives:** to analyze the historical and social structure of the city; to identify the influence of the regional policy of the colonial government; to show the relationship between the new city and the traditional urban part; to assess cultural and social changes in the postcolonial plan. **Results.** The study revealed the peculiarities of the development of the city of Turkestan in the second half of the 19th century, the preservation of traditional culture and colonial influence. This historical period clearly demonstrates the complex and contradictory changes in the cultural and social structure of the city. The article examines such trends as radical changes in the life of the city and the reorganization of the administrative system based on the colonial model, the displacement of the traditional system of government. **Conclusion.** At the end of the 19th century, political and administrative changes

contributed to the process of socio-economic development of the city and increased the predominance of colonial power. It is established that the city of Turkestan in the second half of the 19th century underwent new urban changes under the influence of colonial policy, while preserving its traditional cultural and historical identity.

Keywords: Turkestan, Russian Empire, colonization, urban culture, urban population, religion, crafts

Acknowledgements: This article was prepared as part of the grant financing of the AR26103507 project "Urban culture of the Turkestan region in the context of socio-cultural evolution and transformation (XVII – early XXI century): from a traditional city to modernity" by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Abdullaeva A., Dinashева L., Myrzaliyeva E. The evolution of traditional urban culture of Turkestan in the second half of the XIX century // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1619-1635. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1619-1635

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Абдуллаева Ақерке Тойшыбайқызы^{1*}, Динашева Лязат Сәрсенбекқызы², Мырзалиева Эльмира Казбекқызы³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(29-үй, Бекзат Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант

*Автор-корреспондент
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>. E-mail: a.abdullaeva@ayu.edu.kz

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(14В-үй, Рабия Бегім көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
<https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>. E-mail: lazat.dinashева@iuth.edu.kz

³Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, Байтұрсынов көш., Шымкент, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты
<https://orcid.org/0009-0006-4512-6610>. E-mail: ema-2006@mail.ru

© Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абдуллаева А.Т., Динашева Л., Мырзалиева Э., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Түркістан өңірінің дәстүрлі қала мәдениетінің тарихи эволюциясы, оның XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі өзгерістері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі Ресей империясының отаршылдық саясаты жағдайында Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын талдау арқылы дәстүрлі қалалық мәдениеттің өзгеруін анықтау қажеттілігімен байланысты. Аймақтың қалалық мәдениеті ғасырлар бойы дәстүрлі түрде сақталғанымен, XIX ғасырдың екінші жартысында отаршылдық биліктің енгізілуімен жаңа сипаттағы өзгерістерге ұшырады. *Зерттеудің мақсаты* – Түркістан қаласының қала мәдениетінің даму ерекшеліктерін анықтау және дәстүрлі құрылымнан Еуропалық үлгідегі жаңа кеңістіктік-архитектуралық жүйеге көшу үдерісін көрсету. *Міндеттері:* Қаланың тарихи-әлеуметтік құрылымын талдау; отарлық биліктің аймақтық саясатының әсерін анықтау; жаңа қала мен дәстүрлі қалалық бөліктің арақатынасын көрсету; постколониялық жоспардағы мәдени-әлеуметтік өзгерістерді бағалау. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының даму ерекшеліктері, дәстүрлі мәдениеттің сақталуы және отарлық ықпал анықталды. Бұл тарихи

кезең қаланың мәдени-әлеуметтік құрылымындағы күрделі және қарама-қайшы өзгерістерді айқын көрсетеді. Қала өміріндегі түбегейлі өзгерістер және отаршылдық үлгідегі әкімшілік басқару жүйесін қайта құру, дәстүрлі билік жүйесіне сыяқты тенденциялар зерттелуде. *Қорытынды.* XIX ғасырдың аяғында саяси-әкімшілік өзгерістер қаланың әлеуметтік-экономикалық даму процесіне ықпал етіп, отаршылдық биліктің басым болуын күшейтті. Түркістан қаласы XIX ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі мәдени-тарихи бірегейлігін сақтай отырып, отаршылдық саясаттың ықпалымен жаңа урбанистік өзгерістерге ұшырағаны анықталды.

Түйін сөздер: Түркістан, Ресей империясы, отарлау, қала мәдениеті, қала халқы, дін, қолөнер
Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің АР26103507 «Түркістан өңірінің қалалық мәдениеті әлеуметтік-мәдени эволюция және трансформация контекстінде (XVIII – XXI ғасырдың басы): дәстүрлі қаладан қазіргі заманға дейін» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде даярланды.

Дәйексөз үшін: Абдуллаева А.Т., Динашева Л.С., Мырзалиева Э.К. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1619-1635 бб. (Қаз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1619-1635

ЭВОЛЮЦИЯ ТРАДИЦИОННОЙ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРЫ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Абуллаева Акерке Тойшыбаевна^{1}, Динашева Лазат Сарсенбековна², Мырзалиева Эльмира Казбековна³*

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
 (д. 29, просп. Бекзат Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
<https://orcid.org/0009-0001-2565-7397>. E-mail: a.abdullaeva@ayu.edu.kz

*Автор-корреспондент

²Международный университет туризма и гостеприимства
 (д. 14В, ул. Рабия Бегим, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
 Кандидат исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>. E-mail: lazat.dinasheva@iuth.edu.kz

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова
 (д. 13, ул. Байтурсынова, Шымкент, Республика Казахстан)
 Кандидат исторических наук
<https://orcid.org/0009-0006-4512-6610>. E-mail: ema-2006@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Абдуллаева А.Т., Динашева Л.С., Мырзалиева Э.К., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается историческая эволюция традиционной городской культуры Туркестанского региона, ее изменения со второй половины XIX века. Актуальность исследования обусловлена необходимостью выявления трансформации традиционной городской культуры путем анализа социально-экономического и культурного развития города Туркестан в условиях колониальной политики Российской империи. Хотя городская культура региона веками сохранялась по традиционному образцу, во второй половине XIX века она претерпела изменения нового характера с введением колониальной власти. *Цель и задачи исследования* – выявить особенности развития городской культуры города Туркестан и показать процесс перехода от традиционной структуры к новой пространственно-архитектурной системе европейского образца; проанализировать историко-

социальную структуру города; выявить влияние региональной политики колониальной власти; показать соотношение нового города и традиционной городской части; оценить культурно-социальные изменения в постколониальном плане. *Результаты.* В ходе исследования были выявлены особенности развития города Туркестан во второй половине XIX века, сохранение традиционной культуры и колониальное влияние. Этот исторический период наглядно демонстрирует сложные и противоречивые изменения в культурно-социальной структуре города. Изучаются такие тенденции, как радикальные изменения в жизни города и реорганизация системы административного управления по колониальному образцу, вытеснение традиционной системы власти. *Заключение.* В конце XIX века политико-административные изменения способствовали процессу социально-экономического развития города и усилили преобладание колониальной власти. Установлено, что город Туркестан во второй половине XIX века претерпел новые урбанистические изменения под влиянием колониальной политики, сохранив при этом традиционную культурно-историческую идентичность.

Ключевые слова: Туркестан, Российская империя, колонизация, городская культура, городское население, религия, ремесла

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации грантового финансирования проекта АР26103507 «Урбанистическая культура Туркестанского региона в контексте социально-культурной эволюции и трансформации (XVIII – начало XXI века): от традиционного города к современности» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Для цитирования: Абдуллаева А.Т., Динашева Л.С., Мырзалиева Э.К. Эволюция традиционной городской культуры города Туркестана во второй половине XIX века // Asian Journal "Steppe Panorama". 2025. Т. 12. № 6. С. 1619-1635. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1619-1635

Кіріспе

Түркістан қаласы ерте кезеңдерден бастап қалыптасқан дәстүрлі қала мәдениетімен ерекшеленеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениеті Ресей империясының әкімшілік-отарлық саясатының енгізілуіне байланысты едәуір өзгерістерге ұшырап, қаланың әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық жаңа элементтердің пайда болуына әкелген.

Тарихы терең Түркістан қаласы Орталық Азияның тарихи-мәдени кеңістігінде ұзақ уақыт бойы саяси, экономикалық және рухани процестердің тоғысқан орталығы ретінде үздіксіз дамыды. Экономикалық модернизация, миграциялық үдерістер, демографиялық өзгерістер және қалалық кеңістіктің жедел трансформациясы урбанистикалық зерттеулердің маңызын арттырады. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістанның қала мәдениетін зерделеу тек өткенді тану үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі урбанистикалық саясат пен аймақтық даму стратегиялары үшін де маңызды ғылыми база қалыптастырады.

Түркістан қаласының тарихи-урбанистикалық эволюциясын талдау дәстүрлі қалалық ортаның сақталуы мен өзгеру заңдылықтарын, отарлық кезеңдегі трансформациялық үрдістерді, сондай-ақ мәдени сабақтастықтың қаланың дамуға ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясы мәселесін зерттеудің маңызды болуы бірнеше себептерге байланысты:

- Тарихи маңызы. Түркістан тек Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядағы тарихи-мәдени алмасулардың орталығы болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аталған мәселені зерттеу арқылы отарлау, сауда қарым-қатынастары, көші-қон үдерістері қала мәдениетінің дамуына қалай әсер еткенін анықтауға мүмкіндіктер береді;

- Мәдени маңызы. Түркістан бай мәдени мұраға ие қала. Ол сәулет ескерткіштері, өнер, әдет-ғұрып салт-дәстүрлерден анық көрінеді. Қалалық мәдениеттің даму эволюциясындағы осы мәдени мұраның өзгеруін анықтау арқылы өскелең ұрпаққа қалдыратын мұраларды сақтау мен насихаттауға көмектеседі;

- Әлеуметтік мәдени маңызы. XIX ғасырдың екінші жартысы Түркістан қаласы үшін күрделі өзгерістер кезеңі болды. Өзгерістер қоғам құрылысы, білім беру, экономика, басқару жүйесін қамтыды. Осы өзгерістерді зерттеу арқылы жергілікті халықтың мәдени бірегейлігіне әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндіктер береді;

XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласы патшалық Ресейдің ықпалындағы аймақ болды. Зерттеу барысында отарлық саясаттың, патша әкімшілігі шешімдері қала мәдениетіне, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрыптарына қаншалықты әсер еткені айқындалады. Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясын зерттеу нәтижесінде өзге де қалалар мен өңірлердегі ахуалды салыстырмалы зерттеуге, ұқсас белгілері мен аймақтық ерекшеліктерді сараптауға мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, Түркістан қаласының дәстүрлі қалалық мәдениет эволюциясының тарихи бастауларын зерттеу арқылы жаһандану, урбандалу, мәдени бірегейлікті сақтау сияқты заманауи міндеттерді де шешу мүмкіндігі бар.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының деректік негізін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған ресми әкімшілік басқару сипаттағы архив материалдары құрады. Зерттеу барысында келесі архив қорлары пайдаланылды:

118-қор – Сырдарья облысы Түркістан қаласының коменданты басқармасы (1865-1869 жж). Бұл қордағы материалдар Түркістанның Ресей әкімшілік жүйесі кезіндегі қала тұрғындары туралы жан-жақты мәліметтер сақталған.

119-қор – Түркістан уездік басқармасының (1870-1886 жж) материалдары. Қорда қаладағы сауда қатынастары, қолөнер кәсіптері, салық жинау және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне қатысты деректер бар.

145-қор – Түркістан қаласының учаскелік приставы басқармасының құжаттары. Бұл деректерден қаладағы тәртіп, құқықтық реттеу және қоғамдық әлеуметтік жағдайы жөнінде мәліметтер алынды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін Қазақстан аумағындағы қала мәдениетінің даму үдерістерін жан-жақты қарастырған ғылыми еңбектер құрайды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан өңірінің қала мәдениеті тарихына қатысты орыс саяхатшыларының, Ресей империясының зерттеуші ғалымдардың, әскери қызметкерлердің жазбаларында құнды мәліметтер сақталған. Сондай ақ, археологтар, шығыстанушылар, зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде қалалар жүйесіне қатысты құнды деректер ұсынылған. Осы еңбектер зерттеудің теориялық базасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Отан тарихының отарлық кезеңі жаңа теориялық және әдіснамалық тәсілдерді, зерттеу тақырыбына объективті көзқарасты талап етеді. Патша өкіметінің аймақтық саясатын зерттеу белгілі бір қаланың ерекшеліктерін көрсететін мәселелерді қамтиды. Бұл жағдайда Түркістан қаласының қала мәдениетін зерттеу Ресей империясының шет аймағы ретінде қарастыру белгілі бір аумақта дәстүрлі қала мәдениетіндегі өзгерістерді анықтау үшін маңызды. Негізге алынған жүйелі әдіс Түркістан қаласының қала мәдениетіндегі трансформациясын зерделеуде және Ресей империясының аймақтағы саясатын біртұтас құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Ресейдің отаршыл саясаты салдарынан Түркістан қаласының дәстүрлі қалалық мәдениеті күрделі өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Ол әлеуметтік, экономикалық, саяси факторлардың әсерінен орын алды. Мақала барысында мәдени өзгеріс, мәдени синкретизм теорияларына мән берілді. Түрлі дәстүрлер мен мәдениеттердің алмасуынан жаңа мәдени бірегейліктің пайда болуына жағдай жасалды. Мұндай ерекшелікті біз Түркістан қаласының XIX ғасырдың екінші жартысындағы даму тарихынан анық байқаймыз.

Тарихилық принцип зерттелетін кезең шеңберінде қаланың әлеуметтік-экономикалық өмірінің аспектілерін қарастыруды және талдауды талап етеді. Зерттеуде объективтік принцип пен жалпы ғылыми принциптеріне сүйену арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласының қала мәдениеті эволюциясын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеулердің шеңберінде отаршылдық кезеңнің мәдени мұрасын талдауда сыни көзқарас қолданылды. Қазіргі кезеңде Отан тарихындағы негізгі тарихи маңызды кезеңдерді бағалауда өткен оқиғаларға айқындық енгізу қажеттілігі туындайды. Сондықтан бұл зерттеулер бағытында біржақты талдаудан алшақ болу қажет. Бүгінгі ғылыми-зерттеу жұмыстарында отаршылық саясаттың жағымсыз жақтарын белсенді түрде ашуға әрекеттер жасалуда. Постколониалдық теорияға сай, патшалық Ресейдің отарлық саясаты тұсындағы Түркістан қаласындағы мәдени, саяси және экономикалық өзгерістердің жағымсыз жақтарына баға беріледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында урбанистика сынды ғылыми бағыттың принциптері басшылыққа алынады. Ол қала құрылымы, оның сәулеттік ерекшеліктері, патшалық Ресей ықпалындағы жаңа ғимараттардың салынуы, көшелер мен мәдени нысандардың (мешіт, медресе, кесене, базар) орналасуы сынды мәселелерді айқындауға көмектеседі. Сонымен қатар сауда ісінің дамуы, оның қала өміріне әсері, әлеуметтік топтардың жіктелуі, қолөнер түрлерінің дамуы сияқты өзге де маңызды сұрақтарға жауап береді.

Талдау

Қарастырып отырған мәселе түрлі тарихи кезеңдерде ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналып отырған. XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған зерттеу жұмыстары күні бүгінге дейін жалғасуда. Патшалық Ресей және кеңестік тарихнамада отаршыл үкіметтің келуі Түркістан қаласы дәстүрлі қалалық мәдениетінің эволюциясына оң әсерінің ғана болғанын жүйелі түрде насихаттады. Жергілікті халықтың дәстүрлі мәдениетін күштеп өзгерту әрекеттері назардан тыс қалды. Рас патшалық Ресей, кеңестік тарихнама өкілдерінің еңбектерінің маңыздылығын да жоққа шығаруға болмайды. Статистикалық мәліметтермен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қала өмірінің ерекшеліктері, халықтың күнделікті өміріне қатысты туралы маңызды мәліметтер қамтылады. Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары ешқандай идеологияның тар шеңберінде жүргізілмейді. Объективтілік принципіне басымдылық беруімен ерекшеленеді. Ұсынылып отырған мақала барысында да шынайылық принципіне сай, мәселені жағымды және жағымсыз жақтарымен қоса зерттеу басты назарда болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы Түркістан қаласы үшін терең әлеуметтік және мәдени өзгерістерге толы кезең болды. Бұл уақыт аралығы Ресей империясының Орталық Азияға енуімен тұспа-тұс келіп, өңірдің әлеуметтік құрылымы, басқару жүйесі мен дәстүрлі мәдени кеңістігі жаңа формада қалыптаса бастады.

Г.М. Конаева, Г.Ж. Нурышева қала феноменін сипаттай отырып, қаланың «тек тұрғындар урбанизациясы ғана емес, сол мемлекеттің даму индексін көрсететін, тұрақтылығы мен мызғымастығының рәмізін айқындайтын, зәулімдігі мен сұлулығы арқылы асқақтанатын, этноинроиспекциялық шабыт беретін идеологияның нақты материалдық трансформацияларына да айналды» деп атап көрсетеді (Конаева, Нурышева, 2022: 22). Зерттеушілердің бұл тұжырымына сай, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласының дәстүрлі қалалық мәдениетінің даму эволюциясы сол дәуірдің саяси және әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетті. Демек патшалық Ресейдің отарлық саясатының әсері ерекше байқалып, сол саясатқа сай дамыды.

Қарастырып отырған мәселеге қатысты тарихи деректер, саяхатшылар еңбектерінде Түркістан қаласы жиі аталады. Зерттеуші Қ. Қаратышқанова деректерді сарапайт келе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласы дәстүрлі ортағасырлық қалаларға тән белгіні сақтап қалды. Демек қала үш бөліктен – цитадельден, шахристаннан және рабаттан тұрғандығы туралы мәліметтер береді (Қаратышқанова, т.б., 2025: 262). Бұл мәліметтің өзі патшалық Ресейдің ықпалы күшейгеннен кейін қала құрылымындағы өзгерістердің деңгейі қандай болғандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихшы Ж. Артықбаев бұл қаланың тарихы басқа Орталық Азия қалаларымен салыстырғанда әлдеқайда тереңде жатқанын атап көрсетеді (Артықбаев, 2019). Сондықтан

Түркістанды тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл Еуразияның байырғы өркениет орталығы ретінде қарастырған жөн және оның белгілері XIX ғасырдың екінші жартысында қаншалықты сақталғанын анықтау ғылыми қауымдастықтың әлі де болса қызығушылығын тудыруда.

Сығанақ қаласының құлдырауынан кейін XVI–XVIII ғасырлар кезеңінде Түркістан қаласының маңызы арта түсті. Ол қазақ хандығының саяси және экономикалық жағынан жетекші орталықтарының бірі ретінде қалыптасты. Қала құрылыс материалы мен жоспарлану сипаты жағынан Орталық Азияға тән дәстүрлі қалалық келбетті сақтаған: басым бөлігі шикі кірпіштен тұрғызылған тұрғын үйлер, бір-бірімен жалғасқан тар көшелер, қорғаныс қабырғасымен қоршалған ішкі қамал бөліктері. Сонымен бірге мұнда күйдірілген кірпіштен салынған сәулеттік нысандар да болған, олардың ішінде діни құрылыстар — мешіттер, кесенелер және медреселер ерекше орын алған. Түркістан аумағында Қожа Ахмет Ясауи, оның қызы Гауһар ана және күйеу баласы Әли Қожа сияқты тарихи тұлғалардың қабірлері орналасқан. Сондай-ақ Баба-Араб мешіті мен көптеген басқа да кесенелер мен мешіттер болған, олардың бірқатары бүгінде тек орындары мен қираған қалдықтары түрінде ғана сақталған. Қаланың кеңістіктік-архитектуралық дамуы мен әлеуметтік өмірінің тарихи динамикасын зерделеу өңірдің дәстүрлі қала мәдениетінің генезисі мен эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінен кейін аймақты ғылыми тұрғыда зерттеу ісі жүйелі сипат ала бастады. Бұл кезеңде өлкенің табиғи байлығы мен халқының әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында түрлі әскери, әкімшілік және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде Түркістан өлкесі туралы ресми есептер, шолулар мен этнографиялық сипаттағы еңбектер кең көлемде жарық көріп, өңірдің тарихи және мәдени келбетін жан-жақты сипаттауға негіз болды.

Империялық кезеңдегі еңбектерде кең көлемді фактілік материал, тарихи-экономикалық, статистикалық-этнографиялық деректер берілген. Авторлар халықтың білім беру, медицина, әкімшілік басқару мәселелерін қарастыра отырып, Ресей империясының өңірдегі билік функцияларының қалай жүзеге асқанына ерекше көңіл бөледі. Мысалы А. Добросмысловтың «Города Сырдарьинской области» еңбегі (Добросмыслов, 1912) зерттеуіміз үшін негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады. Еңбекте Түркістан қаласының әкімшілік-тұрмыстық құрылымы, басқару жүйесі, қала инфрақұрылымының қалыптасуы және отарлық кезеңдегі әлеуметтік өзгерістер жүйелі түрде сипатталған. Автордың мәліметтері қала мәдениетінің эволюциясын нақты деректермен негіздеп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы урбанистік үрдістерді кешенді талдауға мүмкіндік береді. Ғалым Түркістан қаласының сыртқы келбетін сипаттай отырып: «Қала жергілікті топырақтың сұр түсіне ұқсайды, өйткені тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар мен дауалдар түгелдей күйдірілмеген кірпіштен салынады немесе жұқа ағаш сырықтырынан өрілген қанқаға кептіріліген балшық пен саман араласқан лайды сылау арқылы тұрғызылады» деп жазады (Добросмыслов, 1912: 125).

Түркістан генерал-губернаторлығының «Обзор Сырдарьинской области» атты жыл сайынғы ресми басылымдары (1867–1916 жж.) өлкенің демографиялық және экономикалық құрылымын айқындайтын аса құнды статистикалық дереккөз болып табылады. Бұл есептерде уездер бойынша халық саны, этникалық құрамы, шаруашылық түрлері, сауда айналымы мен білім беру мекемелерінің жағдайы егжей-тегжейлі берілген. 1887 жылғы шолу мәліметтерінде Түркістан қаласы гүлденген қала ретінде сипатталады (Обзор Сырдарьинской области, 1887: 64). Бұл статистикалық жинақта қала тұрғындары, халқы саны, кәріздер, бұлақтар мен су жүйесі, шаруашылық, базарлар, оқу орындары, телеграф, пошта, ғимараттар туралы мәліметтер бар. Мұндай ресми статистикалық жинақтар Түркістан өңірінің XIX ғасырдағы әлеуметтік құрылымы мен қала мәдениетінің экономикалық негіздерін тануға мүмкіндік береді.

Ресей Географиялық қоғамының ғылыми қорында сақталған Түркістан қаласының 1854 жылындағы тарихи картасы зерттеуіміз үшін құнды дерек ретінде қарастырылады. (Kozha, et al., 2025). Аталған деректе XIX ғасырдың екінші жартысындағы қаланың қорғаныс

жүйесі, цитадель аумағы, қала қақпалары, базар орны, діни нысандар, бау-бақшалар, диірмендер, көпірлер мен негізгі жол тораптары туралы мәліметтер жүйелі түрде берілген. Деректегі мәліметтер арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қала құрылымындағы өзгерістерді нақты салыстырмалы әдіс арқылы айқындауға болады.

Түркістан өлкесінің тарихи-мәдени келбетін талдауда белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің «История культурной жизни Туркестана» еңбегі ерекше ғылыми маңызға ие (Бартольд, 1927). Автор аймақтың ортағасырлық тарихи сабақтастығын зерттей отырып, XIX ғасырдағы мәдени өзгерістермен байланысын салыстырмалы түрде қарастырады. В. Бартольд атап өткендей, Түркістан Ресей әскерлерінің басып алуына дейін Сырдария облысының ірі қалаларының бірі болған. Сонымен қатар, зерттеуші Түркістанда ресейлік әскерлердің болғанына қарамастан, қала тұрғындарының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмыс-салт ерекшеліктері мықты сақталғанын түсіндіреді.

Аймақтың мәдени бейнесін визуалды тұрғыда бейнелейтін маңызды дереккөздердің бірі — «Туркестанский альбом» (1871–1872) жинағы (Туркестанский альбом: 8) Онда Түркістан мен оның төңірегіндегі архитектуралық ескерткіштер, қолөнер, базарлар мен тұрмыс-салт көріністері фотосуреттер мен иллюстрациялар арқылы берілген. Альбом Түркістанның XIX ғасырдағы дәстүрлі қалалық мәдениетінің көркем, материалдық және рухани көрінісін сол заманның көзқарасы тұрғысынан танытады.

Түркістан өлкесі туралы Н. Северцев еңбегінде Түркістан қаласындағы көшелері, базарлары туралы мол мәліметтер береді (Северцев, 2017: 73, 362). Бұл өз кезегінде Түркістан қаласының XIX ғасырдың екінші жартысы дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясын және отарлық кезеңдегі әлеуметтік-мәдени трансформациясын ғылыми тұрғыда түсінуге негіз болды. Бұл дереккөздер қаланың экономикалық қызметі мен қоғамдық өмірінің, сәулет пен мәдени кеңістіктің өзгерістерін анықтауға мүмкіндік беріп, Түркістанның тарихи-өркениеттік дамуындағы жаңа парадигманы айқындайды.

Нәтижелер

Қала мәдениетінде күрделі өзгерістер енуі XIX ғасырдың екінші жартысында – Ресей империясының отарлауы кезінде басталады. Ресей империясының құрамына Орталық Азияның қосылуы нәтижесінде құрылған Түркістан өлкесі империялық биліктің жаңа аймақты игеру, басқару және оның жалпы мемлекеттік кеңістікке біріктіру міндетін алға қойды. Бұл өңір әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Өңірге еуропалық үлгідегі қала мәдениеті әсер етеді. Ұлы жүздің территориясы жаңадан құрылған Түркістан генерал-губернаторлықтың құрамына енді. Ірі қалалар уезд орталықтарына айналды. Сондай қалалардың бірі – Түркістан қаласы, 1872 жылы Түркістан уезінің орталығы болды.

Аймақта орын алған саяси өзгерістер қаланың даму үрдісіне өзіндік ықпалын тигізді. XIX ғасырдың екінші жартысында қаланың әлеуметтік-экономикалық болмысында елеулі өзгерістер байқалды. Алайда қала құрылысында дәстүрлі элементтерінің сақталуын атап өткен жөн. XIX ғасырдың соңында Түркістан қаласының аумағында орын алған тарихи үдерістер қоғам өмірінде күрделі әрі қайшылықты өзгерістердің болғанын дәлелдейді. Отарлық биліктің бұл кезеңдегі саясаты жергілікті мәдени-рухани ерекшеліктерді елемей, ұлттық мүдделерді екінші орынға ысырып, жалпыимпериялық саясатпен алмастырды. Түркістан қаласы да Қазақстанның басқа қалалары сияқты Ресей империясының шеткері аймағына айналды. Мұнда бірыңғай әскери-отарлық басқару жүйесі қалыптасты. Ресей империясы аймақтың дәстүрлі шаруашылық құрылымын түбегейлі өзгеріссіз сақтай отырып, оны қазынаға табыс әкелетін аймаққа айналдыру мақсатында қала құрылымын еуропалық үлгіге сай жетілдіруге күш салды.

Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясының құрамына өткеннен бастап Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта Түркістан қаласының архитектурасы және қала құрылысының дамуы үш негізгі кезеңге бөлінеді: бірінші кезең (1864–1872 жж.) – бұл уақыт аралығында қала әскери бақылауға өткенмен, құрылымында айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ; екінші

кезең (1872–1890 жж.) – Түркістан уездік мәртебе алып, тұрғындар саны артып, капиталистік қатынастар ене бастайды; үшінші кезең (1890–1916 жж.) – бұл мерзім Ресейдегі империализмнің өрлеуімен және Орынбор-Ташкент теміржолының салынуымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясына дәл осы теміржолдардың салынуы көп әсер етті. Теміржолдардың салынуы дәстүрлі қала мәдениетінің жаңа заман ағымына сай өзгерісіне алып келді. XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласы да өзге Ресей империясының қалалары сияқты теміржол құрылысына тартылды. Әсіресе Ташкент қаласынан басталып, Қытай шекарасына дейін жалғасқан теміржол құрылысы Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясына ерекше әсер етті. Теміржол құрылысының жүргізілуі сөзсіз жергілікті тұрғындардың, қала әкімшілігіне тиесілі жерлерді мемлекет қажеттілігіне алу арқылы жүрді. Әрине кез-келген жерлер алына бермеді. Жерлердің географиялық орналасуы, экономикалық мүмкіндіктері, қажетті ресурстардың болуы, инфрақұрылымына сай жүргізілді. Мысалы халық игілігінде болған базарлардың алынуы жергілікті тұрғындардың шаруашылық түрлерінің өзгеруіне алып келді. Әрине бұл жайт сауда ісінің қаланың басқа аймақтарында жалғасуына әсер етті. Нәтижесінде жаңа базарлар салынып, қаланың көркінің, инфрақұрылымының өзгеруіне жағдай жасады.

Археолог К.М. Байпаков Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық және кейінгі дәуір қалаларының зерттелуін XVI ғасырдан 1870 жылдарға дейінгі және 1870–1917 жылдар аралығындағы зерттеулер деп межелілеу қажеттілігін атап өтеді (Байпаков, 1998). Ғалымның бұл кезеңдеуі XIX ғасырдың екінші жартысының қалалар тарихында бетбұрысты дәуір болғанын дәлелдейді. Осы уақыттан бастап Ресей империясының әкімшілік реформалары, әскери бекіністердің күшеюі, жаңа сауда жүйелерінің енгізілуі, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың отырықшылануына ықпал еткен экономикалық өзгерістер қаланың кеңістік құрылымына, сәулет келбетіне және әлеуметтік топографиясына тікелей әсер етті. 1870 жылдардан кейін қалалар келбетінің сапалық тұрғыда трансформацияға ұшырап, қала жоспарлаудың, сауда-экономикалық орталықтардың қайта ұйымдастырылуының, жаңа әкімшілік ғимараттар салынуының нәтижесінде урбанистік бейненің түбегейлі өзгерген кезеңі болды.

1864 жылдан бастап қала Ресей әскері билігіне өткен соң алғашқы уақытта Түркістанның жоспарлық құрылымы сол күйінде сақталды. Бастапқыда тек бекініс қабырғалары қалпына келтірілді. Осы аумақта әскери мекемелер орналасып, кейінірек солдаттарға арналған казармалар, коменданттың үйі мен әскери қызметкерлерге арналған тұрғын жайлар салынды (Мустафаев Н.И. и др., 1994: 263–273).

1864 жылы генерал Черняев басып алған Түркістан қаласы сол кезеңде қарапайым, шағын қала ретінде сипатталған, оның тар көшелері мен саз-балшықтан салынған үйлері қала мәдениетінің дәстүрлі сипаттарын көрсетеді (Гедин С. 1899: 51–53). Қала орталығындағы ең маңызды сәулет ескерткіші – Әзірет-Сұлтан кесенесі. Мешіт қасында қыштан салынған қорған қабырғасы ішінде сол кезде орыс казармалары орналастырылған. Бұл ескерткіштер қаланың тарихи және мәдени деңгейін көрсетсе, ал сол замандағы қазіргі үйлер — саз-балшықтан салынған, тегіс шатырлары бүлінген үйлер мен тар, қисық көшелер — дәстүрлі қала мәдениетінің қарапайым тұрмыстық жағын бейнелейді.

Қала «орыс» және «түземдік» деп бөлінді. Қаланың «орыс» бөлігі – жаңа қала, «түземдік» бөлігі – ескі қала деп саналды. Қаланың «орыс» бөлігінде халыққа қажетті жағдайлар жасалды – дәріханалар, дәрігерлік амбулаториялар, ауруханалар, саябақ, кітапханалар, еуропалық үлгідегі ғимараттар, жарықтандырылған көшелер және т.б. Қаланың «ескі» бөлігі өткен ғасыр деңгейінде қалды. Ал барлық табыс ескі қала тұрғындарынан жиналатын салықтан түсіп отырды.

Қаланың «ескі» бөлігінде өзін-өзі басқару жүйесі енгізілді. Өз кезегінде 4 кварталға бөлінген қаланы төрт ақсақал басқарды. Ахмет Ясауи кесенесі, орыс казармалары, офицерлердің пәтерлері, комендант үйі мен қоймалары кіретін қала цитаделі коменданттың бақылауында болды. Түркістан қаласының басты маңызы әулие Қожа Ахмет Ясауидің осында

жерленуі және Өмір Темір тұрғызған кесененің дәл осы шаһарда орналасуымен анықталады. Түркістан түркі мұсылман әлемінің рухани астанасы, Қазақ мемлекетінің саяси орталығы болғандығын отарлық билік назарында ұстады. «Жаңа өлкеге келген империя шенеуніктері жергілікті халықтың өмірінде ислам дінінің маңызы жоғары екендігін ескеріп, артық қадамдарға барудан сескенді...» (Нұртазин, т.б. 2023: 733). Кесененің жағдайы патша әкімшілігі үшін белгілі бір дәрежеде қиындықтар туғызды, оны күтіп ұстау және ондағы сирек кездесетін заттарды сақтау үшін белгілі шығындарды қажет етті. 1886 жылы тарихи және діни мәні зор бұл нысанды жөндеуге 28 200 рубль бөлінді (Литвинов, 1998: 87). Кесенеде кейбір құнды бұйымдар ұрланып сатылған. Тіпті кесененің қызметшілері зиярат етушілерге Ясауи кесенесінің қаптамасынан алынған фрагменттер мен қола шырағандарды саудалағаны жөнінде деректер кездеседі (Туркестанские ведомости, 1913). Сауда қатарларының салынуы сөзсіз Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің дамуына өзіндік әсер етті. Мысалы сауда қатарларының көптеп ашылуы осы іспен жұғылданушылардың да санын арттырды. Жергілікті тұрғындар негізінен мал шаруашылығы өнімдерімен қатар, қолдан жасалған бұйымдарды сатуға дағдыланған. Бұл өз кезегінде қолөнер бұйымдарын жасау жұмыстарының белсенді жүруіне алып келді.

1870-жылдарға дейін қаланың кеңістік құрылымы айтарлықтай өзгеріске ұшырамады. В. Бартольд өз еңбегінде Ресей империясының ықпалын ең алдымен тұтас қала өмірдің келбетіндегі өзгерісінен байқауға болатынын атап өтеді (Бартольд, 1927: 171). Шынында, 1870 жылдары Түркістан сияқты қалалардың жоспарлық құрылымына өзгерістер еніп, империяның урбанистикалық саясаттың ең көрнекті көріністерінің бірі болды. Қаланың жоспарында көшелері кеңейтіліп, реттелуі, қорған қабырғаларының бұзылуы сияқты үдерістер жергілікті тұрғындардың күнделікті өміріне де, дәстүрлі қала мәдениетіне тікелей әсер етті.

1865 жылғы Түркістан әскери губернаторының қала комендантына жазған хатында қаладағы барлық Бұхаралық сауда орындарын тәркілеу, қаладағы бухарлық тұрғындарды қадағалау және барлық Бұхара керуендерінің қозғалысын тоқтату туралы нұсқаулар берілген (ҚРОМА. 118-қ., 1-т., 3-іс, 7-п.). Бұл құжат Түркістанның ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қалалық мәдениеті мен әлеуметтік құрылымына отарлық ықпалдың нақты көрінісі ретінде қарастырылады.

Қала мәдениетінің дамуы тек сәулет, өнер және дәстүрлі шаруашылық арқылы ғана емес, сонымен бірге қалалық өмірдегі әлеуметтік қатынастар мен сауда жүйесі арқылы да айқындалған. Аталған құжатта көрсетілген тәркілеу шаралары мен саудаға бақылау қаланың экономикалық белсенділігіне, қолөнер мен базар мәдениетіне, сондай-ақ әртүрлі этникалық топтардың өзара қатынасына тікелей әсер еткен. Бұл Түркістан қаласындағы дәстүрлі сауда мен қалалық өмір салтының отарлық басқару жүйесімен қалай реттелгенін, қала мәдениетінің трансформациясына әкелгенін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай шаралар қалалық мәдени ортаның көпқабатты сипатын — дәстүрлі қалалық топтардың (қолөнершілер, саудагерлер, шеберлер) өміріне сырттан жасалған қысым арқылы өзгерістер енгізілгенін көрсетеді.

1871 жылы Түркістан көпестерінің қоғамы қаражатымен 500 сауда нүктесімен жаңа базар салынды (ҚРОМА. 118-қ., 1-т., 781-іс, 9-10 пп.). 1875 жылы Түркістан қаласында алғашқы дәстүрлі емес кірпіштен өрілген, іргетасы тастан қаланған, төбесі қаңылтырмен жабылған ғимарат салынады. Қала тұрғындары мен саудагерлердің ұсынысы бойынша жаңа 500 сауда орындары салынған. Олар Түркістан генерал-губернаторы бекіткен жоспарға сәйкес салынған және базардың жаңа орынға көшуі арқылы қалалық сауда мәдениетін жүйелендіру мақсатында жасалған деп көрсетіледі. Алайда жергілікті саудагерлер мен тұрғындар жаңа базарға көшуден бас тартып, ескі базарды бұрынғы орнына қалдыруды сұраған. Құжатта атап өтілгендей, ескі базар аумағы тығыз және дұрыс жоспарланбаған болып шыққан. Бұл жағдай Түркістан қаласының ХІХ ғасырдағы қалалық мәдениетінің трансформациясын көрсетеді. Бір жағынан, жаңа сауда орындарының салынуы қала кеңістігін ұйымдастыру, сауда мәдениетін жүйелеу, инфрақұрылымды жаңарту және экономикалық белсенділікті арттыру мақсатымен

жүргізілген. Екінші жағынан, жергілікті тұрғындар мен саудагерлердің қарсылығы дәстүрлі сауда ортасының әлеуметтік және мәдени рөлінің күшті болғанын, қалалық мәдениеттің өзгерістерге бірден бейімделмегенін және әлеуметтік қатынастарды бейнелейді.

XIX ғасырдың 1870-жылдарынан бастап Сырдария облысының қалалары өздерінің әскери-стратегиялық мәнін жоғалта бастайды. Қалалардан әскерлер шығарылып, әскери мекемелердің саны азаяды. 1872 жылы Түркістан уездік қала ретінде мәртебе алады, бірақ 1887 жылы Шымкент уезінің құрамына кіреді. Бұл өзгерістер қаланың дамуына жанама түрде ықпал етті.

XIX ғасырдың 70-жылдардың соңына қарай қалаға орыс қоныстанушылары келе бастайды. Осы кезеңде қаланың жаңа бөлігін жобалау жұмыстары жүргізіліп, құрылыс басталады. Еуропалық үлгідегі қала бөлігі «жаңа қала» деген атау алған бұл аудан Түркістанның ескі бөлігінен солтүстік-шығыс бағытынан жалғасып салынады. Бұл жаңа қоныс орыс тұрғындары үшін бекініс маңындағы бос жерлерге орналастырылды және әскери гарнизонның қорғауында болды. Жаңа қала бөлігі ескі қаламен қатар дамып, иірімді көшелер жүйесі қалыптаса бастайды. «Орыс бөлігінің» құрылымдық негізін әртүрлі өлшемдегі тікбұрышты кварталдар мен шіркеу орналасқан алаң құрады. Түркістандағы «орыс бөлігіндегі» алғаш бой көтерген маңызды нысан – православ шіркеуі. Ол 1884–1886 жылдары аралығында қам кірпіш пен күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, 100 адамға лайықталып салынды. Шіркеудің құрылымы мен сырт келбеті ерекше тартымдылығымен ерекшеленді. Жаңа қаланың тұрғындарына арналған барлық қажетті инфрақұрылым қарастырылды: дәріханалар, амбулаториялар, ауруханалар, саябақтар, кітапханалар, еуропалық үлгідегі қоғамдық ғимараттар және көшелерге жарық орнату жұмыстары жүргізілді. Ал қаланың ескі бөлігі бұрынғы дәстүрлі сипатында қала берді. Дегенмен, қалалық бюджеттің негізгі кірісі дәл осы ескі қала тұрғындарынан жиналған салықтар арқылы қамтамасыз етіліп отырды (Добросмыслов, 1912 : 151).

Ал ескі Түркістан бөлігінде түбегейлі өзгерістер болмағанымен, базар маңында сауда нысандарының саны артып, сауда қатары, керуен-сарайлар, мешіттер мен қонақ үйлер бой көтере бастайды. Бұл сауда алаңы уақыт өте келе қаланың басты экономикалық орталығына айналып, сауда-саттықтың маңызы артты. Ескі қалада өзін-өзі басқару жүйесі енгізіліп, қала төрт кварталға (махалля) бөлінді.

«Түркістанда Кауффманның билігі кезінде «исламға араласпау» саясаты жан-жақты шындалды. Саясаттың негізгі моделі ислам діні істеріне формальді түрде араласпау және діни қызметкерлерін елемегену болып табылады» (Нұртазина Н.Д., т.б. 2023: 733). Патша әкімшілігі бір жағынан ислам дінінің өңірдегі әлеуметтік өмірдегі шешуші рөлін жоққа шығара алмай, оны белгілі деңгейде маңызды фактор ретінде ескеруге мәжбүр болды. Соған қарамастан, империялық билік қалалық кеңістікті қайта ұйымдастыру арқылы өз үстемдігін күшейтуді көздеді. Бұл үрдістің маңызды бағыттарының бірі санитарлық-гигиеналық нормаларды жаңарту, мұсылмандық жерлеу орындарын реттеу және қала инфрақұрылымын «еуропалық үлгіге» бейімдеу шаралары болды (Акимбек, Ж., 2023: 37-39). Ресей әкімшілігі енгізген жаңа санитарлық ережелер қоғамдық денсаулық сақтау, індеттердің алдын алу сияқты прагматикалық мақсаттармен түсіндірілгенімен, іс жүзінде аймақты империялық жүйеге бейімдеудің саяси-идеологиялық тетігіне айналды. Ескі мазарлардың жабылуы, жерлеу орындарын көшіру, мұсылман қауымы үшін қасиетті саналатын кеңістіктерге шектеу қою тәрізді шаралар жергілікті тұрғындар арасында қарсылық туғызбай қоймады (Акимбек, 2023: 37-39). Патша билігі исламды формалды түрде ескергендей болғанымен, іс жүзінде рухани-кеңістікті бақылау мен қайта қалыптастыруға бағытталған терең саясат ұстанғанын аңғартады. Түркістан қаласының урбанистік құрылымындағы өзгерістер мен санитарлық реформалар XIX ғасырда жалғасқан патшалық биліктің отарлық стратегияның құрамдас бөлігі болды. Олар тек денсаулық сақтау шаралары ғана емес, қала кеңістігін, тұрмыс мәдениетін және қоғамдық тәртіпті империялық үлгіге икемдеу арқылы биліктің саяси үстемдігін тұрақтандырудың маңызды құралына айналды.

1866 жылы Түркістанда 20 мешіт, 2 медресе, 15 қолөнер шеберханасы, 5 зергерлік ұстахана, 6 тігін шеберханасы, 18 наубайхана, 8 шаштараз, 22 су диірмені және үлкен базар болған (Добросмыслов, 1912: 155). Халық саны біртіндеп артты. Мәселен, 1864 жылы 5 мың адамды құраса, 1889 жылы бұл көрсеткіш 7 288 адамға (оның ішінде 3 837 ер адам, 3 451 әйел адам) жетті. XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласында 1201 тұрғын үй болған. Ресей империясының жүргізген санақ құжаттарында әскери-топографиялық лексикасында қолданатын жалпылама ұғым бойынша ол тұрғын үйлер «сакля» деп аталады. Сакля – өңірге тән шикі кірпіштен (саманнан) тұрғызылған дәстүрлі тұрғын үй дегенді білдіреді (ҚР ОМА. 118-қ., 1-т., 2-іс, 12-16 пп.).

1864 жылғы құжаттар деректеріне сәйкес, Түркістан қаласында әртүрлі кәсіп иелері мен шеберлер белсенді жұмыс істеген. Онда тігіншілер, ағаш ұсталары, темір ұсталары, мыс өңдеушілер, дөңгелек жасаушылар, тері өңдеушілер сияқты мамандардың кәсіби қызметі дамығаны атап өтілген. Бұл мәліметтер қаланың әлеуметтік және экономикалық құрылымында қолөнер мен шағын өндірістің маңызды рөл атқарғанын, сондай-ақ дәстүрлі қала мәдениеті мен жергілікті халықтың өмір салтын көрсететінін дәлелдейді. (ҚРОМА. 118-қ., 1-т., 2-іс, 32-33 пп.).

Қаланың әлеуметтік-экономикалық құрылымында саудагерлер (1698 адам) мен қолөнершілер (1 380 адам) басымдыққа ие болды. Сондай-ақ қалада 335 әскери, 1 343 егіншілер, 1169 жұмысшылар тіркелген (ҚРОМА. 145-қ., 1-т., 84-іс, 32 п.). Саудагерлер санының басым болуы Түркістанның маңызды сауда орталығына айналғанын көрсетеді. Әскерилер – патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігі тарапынан қызметке жіберілген мамандар болатын.

Қалалық базарлар өңір тұрғындарының экономикалық белсенділігінің басты алаңына айналды. Осыған байланысты патша билігі базар жұмысын реттеуге ерекше мән берген. Өңірдегі халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің орталықтарының бірі базарлар болды. Сондықтан патша әкімшілігі қаладағы базарларды реттеу мәселелерін назардан тыс қалдырмады. Түркістан қаласының қолайлы орналасуы транзиттік сауданы дамытуға мүмкіндік берді. Негізгі өнімі ірі қара мал болды, онымен бірге қолөнер бұйымдары да қалалық базардың негізгі тауарлары болып, көркін келтіріп тұрды. «Қала мал саудасымен айналысады, ал қырғыздар (қазақтар. – авт.) қолөнер бұйымдарын осында әкеледі» – деп жазды саяхатшылар (Пашино, 1898; 110). Түркістан сауда-саттық қатынасы тұрғысынан үлкен маңызға ие болды. Түркістанға қала төңірегінен түрлі тауарлар мен мал әкелінді. Тіпті Ташкенттік ауқатты саудагерлердің өкілдері керуен саудасы үшін әртүрлі елдерден келетін тауарларды сатып алу үшін де осында өмір сүретін. Мұнда мал шаруашылығының табиғи өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. Қалада жаңадан дүкендер, дүңгіршектер, дәріханалар ашыла бастады. Алайда, шаһардың экономикасы метрополияның ғана мүдделеріне қызмет ететін біржақты сипатта дамыды.

1866 жылы қалада болған саяхатшы П. Пашино Түркістан қаласының ішкі әлеуметтік-экономикалық құрылымын сипаттай отырып, «қала төрт кварталға бөлініп, әрқайсысы өз ақсақалына бағынғаны, ал цитадель тікелей комендант қарамағында болғаны айтылады. Қаланың сауда-саттық орталығы саналатын базарды арнайы базар-баши басқарса, тұрғындардың қоғамдық тәртібін раис бақылап отырған. Сонымен қатар, Сырдариядан 50 шақырым қашықта орналасқан Түркістанды сумен қамтамасыз ету міндеті мирабқа жүктеліп, оның қарауында он екі арық болған. Ал қаланың көптеген құдықтары жеке меншік иелеріне тиесілі еді (Пашино, 1868: 25–26). Мұндай мәліметтер дәстүрлі қала мәдениетінің тұрақтылығы мен сонымен қатар ішкі басқару жүйесінің ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Байқасақ, XIX ғасырдың үшінші ширегінде Түркістан қаласының дәстүрлі қалалық мәдениеті әлі де болса дәстүрлі сипатта болған. Өйткені XIX ғасыр соңындағы әкімшілік реформалар дәстүрлі басқару түрлерін тоқтатып, патша әкімшілігіне жақын, ұқсас басқару жүйесін енгізген болатын.

1879 жылы генерал-губернатор К. Кауфманның арнайы бұйрығымен аптаның жұма күні «базар күні» деп белгіленді. 1885 жылға қарай Түркістан уезінде 6 базар жұмыс істеді.

XIX ғасырдың соңындағы этнографиялық сипаттамаларда Түркістан қаласының базарлары әлеуметтік және экономикалық өмірдің негізгі орталығы болғаны айқын көрінеді. Базарда Ресейден жеткізілген фабрикалық тауарлар, шығыстан әкелінген маталар, шай, қант, кептірілген жемістер және тұрмыстық бұйымдар қатар ұсынылған. Қаланың сауда орындары тек тауар айырбасымен ғана шектелмей, халықтың көптеп шоғырланатын, этностар араласатын қоғамдық кеңістікке айналды. Зерттеушілердің жазбаларында шайханаларда қарапайым ас мәзірі (шай, нан, жергілікті тағамдар) ұсынылғаны, ал базар алаңы халықтың әлеуметтік құрамын – жергілікті тұрғындармен қатар өзге этнос өкілдерінің де белсенді қатысқанын дәлелдейтіні атап өтіледі.

Орыс әкімшілік-мәдени ортасының күшеюі ең алдымен орыс қала мәдениетінің ықпалы арқылы жергілікті тұрғындардың өмір салтынан байқала бастады. В. Бартольд Түркістанның мәдени өміріне қатысты еңбегінде бұл ықпалдың деңгейін Саттар-хан Абдулғафаровтың мысалында көрсетеді. Мүфтий, кейінірек қазы болған білімді дін өкілі өзі бейімделе бастағанын сипаттайды: «Орыстармен жақын араласқан, орыс тілін меңгерген жергілікті тұрғындар орыстардың тұрмысындағы сыртқы, тіпті кей жағдайда жағымсыз жақтарын да қабылдаған: көңіл көтеру мәдениетінің өзгеруі, шарап пен сыра ішу дағдыларының енуі» (Бартольд, 1927: 171).

1885 жылғы Түркістан қаласы Сырдария облысының ірі қалаларының бірі болып, аймақтық орталық ретінде ерекшеленген. Қала құрылымы негізінен бір қабатты, сазбалшықтан жасалған үйлер мен кейбір күйдірілген кірпіштен салынған нысандардан құралған, көшелері тар және үйлердің негізгі кіреберістері артқы аулаға бағытталған. Бұл қаланың дәстүрлі қалалық құрылымын, тұрғындардың тұрмысын және шаруашылық қызметін бейнелейді (Живописная Россия, 1885). Қала ортасында орналасқан базар мен тұрғын үйлердің архитектуралық біртектілігі Түркістанның қала мәдениетінің экономикалық және әлеуметтік құрамын көрсетеді. Базардың ашық шатырлары, сауда орындарының үйлерге қарама-қарсы орналасуы қалалық сауда мен қоғам өмірінің өзара байланысын бейнелейді. Сонымен қатар, қаладағы бақтар мен діни нысандар, әсіресе Әзірет Сұлтан кесенесі, қалалық мәдениеттің рухани аспектісін көрсетеді. Кесене маңында діни қызметкерлерінің діни рәсімдерді ұдайы өткізуі, және уақыттық жерлер арқылы қаржыландыруы қоғам мен діннің қалалық мәдениеттегі ықпалын дәлелдейді. Архитектуралық стиль қаладағы ортаазиялық сәулет дәстүрінің сақталғанын айқындайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі ең ірі қалалардың біріне айналды. Осы кезеңде Түркістан халқы 11 253 адамнан 14 715 адамға дейін көбейіп, аймақтың басты қалаларының біріне айналды. Қаланың «орыс» бөлігінде қала маңындағы аумақтарға ұқсас, аз халық қоныстанған аймақта бірқатар мемлекеттік мекемелер салынды. Бұл жерде әкімшілік орталық пен императорлық әскердің бөлімдері орналасқан болатын.

1868 жылы Түркістанда пошта бөлімшесі ашылды (Добросмыслов, 1912: 158). Ол хат-хабарларды жеткізумен айналысып, байланыстың негізгі түрі ретінде қызмет атқарды. 1871 жылдан бастап пошта тұрақты жұмыс істейтін штаттық қызметкерлері бар мекемеге айналды. Ал 1878 жылы қалаға телеграф желісі тартылғаннан кейін пошта және телеграф бөлімшелері біріктіріліп, ортақ пошта-телеграф кеңсесі құрылды. 1893 жылы осы кеңсенің жанынан жинақ кассасы ашылып, халыққа қаржылық қызмет көрсету де жолға қойылды (Добросмыслов, 1912: 158).

XVIII–XIX ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің жазбаларына қарағанда, Сырдария аңғары мен Қаратау өңірін мекендеген қазақтар шаруашылығында егіншіліктің елеулі орны болған. Бірнеше ондаған шақырымға созылатын ірі суландыру арналарының іздері бұл аймақта ежелден қалыптасқан күрделі ирригациялық жүйенің болғанын дәлелдейді. Қазақтардың отырықшы топтары жерді өңдеу тәсілдері жөнінде Қарнак, Иқан, Түркістан шаһарларындағы суландыру жүйесі қала мәдениетінің бір бөлігі ретінде Б.Тризна еңбегінде көрсетіледі (Тризна, 1911: 7).

XIX ғ. екінші жартысында Түркістан қаласы сол кездегі әлі де урбанизация үдерісі күшті жүрмеген Оңтүстік Қазақстан аймағының ең ірі қалаларының бірі еді. Мысалы, 1897 ж. Шымкент қаласында 10995 адам тұрса, 1920 ж. – 14715 адамға жеткен, Қызылорда да (Ақмешіт) 4870 адамнан 9100 адамға өскен, Қазалыда – 7573 адамнан 7039 адамға түскен, ал Түркістанда 11253 адамнан 14715 адамға көтерілген, яғни бұл кезде Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан аймағының ең ірі қалаларының (Шымкентпен қатар) бірі болған еді.

Эмпирикалық деректер Түркістанның қала мәдениетінің қазіргі кезеңде жаңа сипат алып, туризм мен руханият тоғысқан орталыққа айналып келе жатқанын көрсетеді. Қала бейнесінде дәстүрлі рухани мұра мен заманауи инфрақұрылым үйлесім табуда. «Түркістан тек Қазақстанның рухани астанасы ғана емес, түркі халықтарының, тіпті ислам өркениетінің халықаралық дәрежедегі рухани хабына айналуға толық мүмкіндігі бар. Бұл - тек өткенді еске алу емес, бүгін мен болашаққа бағытталған рухани даму жолы. Түркістан - қасиеттілік пен келешек арасындағы көпір» (Малдыбек, 2025: 190).

XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының тарихи дамуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және кеңістіктік трансформациясының күрделі сипатын айқын көрсетеді. Архив деректері, ресми империялық құжаттар, орыс зерттеушілері мен шығыстанушыларының еңбектері бұл кезеңде қала мәдениетінің екі бағытта – дәстүрлі құрылымның сақталуы және отарлық әкімшілік-экономикалық өзгерістердің енгізілуі – қатар жүргенін дәлелдейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының дәстүрлі мәдениеті терең әрі көпқырлы трансформацияға ұшырады. Бұл өзгерістер ең алдымен Ресей империясының әкімшілік, экономикалық және кеңістіктік саясатымен тікелей байланысты болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан қала құрылымы, діни орталықтардың орны, тұрмыстық-әлеуметтік қатынастар мен қолөнер-шаруашылық жүйесі сыртқы билік енгізген жаңа тәртіптермен бетпе-бет келді. Дегенмен, Түркістанның өзіндік қалалық болмысы толық жойылған жоқ, керісінше жаңа жағдайда бейімделу арқылы өзінің дәстүрлі функцияларын қайтадан жаңаша сипатта жалғастырды.

Қала мәдениетінің өзгеруінің негізгі белгілерінің бірі — кеңістіктік құрылымның жаңаша ұйымдастырылуы болды. Орыс әкімшілігінің мұсылмандық кварталдар мен базар орындарын, діни нысандарды, соның ішінде мазарлар мен мешіттерді реттеу әрекеттері қала кеңістігінің дәстүрлі деңгейде сақталуы мен өзгертілуі арасындағы күрделі тепе-теңдікті айқындады. Санитарлық нормалардың енгізілуі, көшелердің қайта жоспарлануы, әкімшілік ғимараттардың салынуы Түркістанның урбанистік келбетін біртіндеп өзгертті.

Сонымен қатар, әлеуметтік құрылым мен күнделікті өмір салты да өзгерді. Дәстүрлі қолөнер, базар мәдениеті, діни рәсімдер бұрынғы маңызын сақтағанымен, сыртқы биліктің жаңа талаптарына икемделуге мәжбүр болды. Бұл кезеңде жергілікті халықтың мәдени тұрақтылығы мен бейімделу қабілеті ерекше айқын көрінді: бір жағынан, тұрғындар жаңа басқару жүйесінің талаптарын орындауға мәжбүр болса, екінші жағынан, өздерінің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап қалуға ұмтылды.

Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысы Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясындағы шешуші кезеңдердің бірі болды. Ерекше мәдени-экономикалық орталық ретінде Түркістан қаласы патшалық Ресейдің отарлық саясатының басты нысандарының біріне айналды. Сол себепті қалалық мәдениет ішкі және сыртқы факторлардың ықпалында болды. Оның бірі патшалық Ресейдің отарлық саясаты болса, екінші жағынан қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ықпалы еді. Нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласының дәстүрлі қалалық мәдениетінің эволюциясы бойынша төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

- Түркістан қаласының патшалық Ресей билігі ықпалындағы экономикалық дамуы, қаладағы сауда істері жергілікті қала мәдениетіне жаңа элементтерді енгізді. Дәстүрлі қолөнер

мен қала мәдениетінің өзге де түрлері жаңа саяси жағдайға бейімделе бастады. Патшалық Ресеймен бірге келген жаңа технологиялар мен әдістерді меңгерді;

- Түрлі этникалық топтардың өзара араласуы нәтижесінде Түркістан қаласының мәдени мұрасын байытты. Жаңа дәстүрлер пайда болды. Мәдени синкретизмнің жарқын үлгісіне айналды. Бұл өз кезегінде жергілікті қазақ халқының төл мәдениетінің сақталуы сынды мәселені өзекті ете түсті. Қала құрылыс саласы дамудың келесі деңгейіне өтті. Жаңа еуропалық стилдегі ғимараттар бой көтеруі, дәсүрлі сәулет өнерінің тәжірибесіне өзіндік өзгерістер әкелді. Дегенмен медресе, мешіт сынды дәстүрлі элементтер әлі де болса қалалық мәдениеттің символы болып қала берді;

- XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының дәстүрлі қала мәдениеті жаңа мекемелермен толысты. Білім беру ісі дамудың жаңа арнасына түсті. Әрине оның отарлық астары болғанымен, қала мәдениетін түрлі сипатқа ие болуына жағдай жасады;

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Түркістан қаласы дәстүрлі қала мәдениетінің эволюциясы күрделі және әрқырлы үдеріс болып табылады. Ол патша үкіметінің отарлық саясаты, экономикалық өзгерістер, этносаралық байланыстар, білім және мәдени өмірдегі жаңашылдықтармен терең ұштасып жатты. Бұл элементтер дәстүрлі қалалық мәдениетті өзгертіп, қаланың XX ғасырдағы даму бағыттарына негіз болды.

Деректер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві

Sources

CSARK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Акимбек, 2023 – *Акимбек Ж.* Старые кладбища совершенно закрыты: модернизация традиционного городского пространства в Туркестанском крае (на примере города Туркестан) // Актуальные вопросы истории Сибири. Четырнадцатые научные чтения памяти профессора А.П. Бородавкина: сборник научных статей / отв. ред. В.А. Скубневский, Д.С. Бобров; ФГБОУ ВО «Алтайский государственный университет». Барнаул: АЗБУКА, 2023. 244 с.

Алдабергенова, 2021 – *Алдабергенова М.К.* Қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары (тарихи деректер негізінде). Шымкент, 2021. 141 б.

Артыкбаев, 2019 – *Артыкбаев Ж.О.* Казахское общество в XVIII веке: эпоха рыцарства. Монография. Астана-Москва: «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2019. 388 с.

Бартольд, 1927 — *Бартольд В.* История культурной жизни Туркестана. Л.: Академия наук СССР, 1927. 258 с.

Гедин, 1899 – *Гедин С.* В сердце Азии: Памир – Тибет – Восточный Туркестан: Путешествие Свена Гедина в 1893–1897 годах / Пер. со шведского А. и П. Ганзен. СПб., 1899. Т. I–VIII.

Добросмыслов, 1912 — *Добросмыслов А.* Города Сырдарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент. Ташкент: Эл. парт. типо-литография. О.А. Порцева, 1912. 204 с.

Живописная Россия, 1885 – *Живописная Россия:* Отечество наше в его земельном, историческом, экономическом и бытовом значении. Под общ. ред. П.П. Семёнова. СПб.–М., 1885. Т. 10. С. 160–161.

Конаева, Нурышева, 2022 – *Конаева Г.М., Нурышева Г.Ж.* Орта ғасырлардағы қала мәдениетінің философиясы: шығыс пен батыс дүниетаным аясында //ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. № 4(82), 2022. 16-29 бб

Қаратышқанова, т.б., 2025 – *Қаратышқанова Қ., Пәрменқұл С., Сыздықов Б., Исаков Т.* XI–XIV ғасырлардағы Түркістан қаласының діни-ғұрыптық мәдениеті және оның рухани туризмдегі әлеуеті (Күлтөбе қалашығы материалдары негізінде) // Bulletin of the IUTH – 2025. – №2(8). – б. 258–271

Литвинов, 1998 – *Литвинов П.* Государство и ислам в Русском Туркестане (1865–1917) (по архивным материалам). Елец: Издательство ЕГПИ, 1998. 320 с.

Малдыбек, т.б., 2025 – *Малдыбек А., Шылмамбетов С., Жандарбек З., Сыздыкова Г.* Түркістандағы рухани туризмді дамытудағы Қожа Ахмет Ясауи мұрасының рөлі: сакралдық география және халықаралық тәжірибе контекстінде // Bulletin of the IUTH. – 2025. – №2(8). – б. 180–194: 190

Мустафаев и др., 1994 – *Мустафаев Н.И., Мухамедиева Н.Н., Смагулов Е.А.* Туркестан. // СПИКК. ЮКО. Алматы, 1994. С.263-273

Нұртазина, т.б., 2023 – *Нұртазина Н.Д., Азмұханова А.М., Әкімбек Ж.А.* Түркістан өлкесіндегі мұсылмандық мекемелер мен дінбасыларға қатысты империялық доктриналар // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. 730-743 б.

Обзор Сырдарьинской области, 1887 – *Обзор Сырдарьинской области*. Сырдарьинская область. Описание составленное по официальным источникам Е.Смирновым. Санкт-Петербург. Типография М.Стасюлевича. 1887. 356 с.

Пашино, 1868 – *Пашино П.И.* Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. СПб.: Типография Тиблена и Неклюдова, 1868. 176 с.

Северцев, 2017 – *Северцев Н.А.* Путешествия по Туркестанскому краю. М.: Эксмо, 2017. 448 с.

Тризна, 1911 – *Тризна Б.* Несколько данных к естественно-историческим и экономическим характеристикам Туркестанского участка Чимкентского уезда Сыр-Дарьинской области. Ташкент. 1911. 23 с.

Туркестанские ведомости, 1913 – *Туркестанские ведомости*, 1913. № 253.

Туркестанский альбом, 1871-1872 – *Туркестанский альбом*. По распоряжению Туркестанского генерал-губернатора, генерал-адъютанта К.П. Фон Кауфмана. Составители А.Кун, Н.Богаевский. Б.м., Б.и. Ч.1. Археологическая. 76 с.

Туякбаев, 2009 – *Туякбаев М.К.* Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.). -Алматы: ТОО «Эффект», 2009. 208 с.

Kozha M.B., et al., 2025 – *Kozha M.B., Ilyassova Z.S., Sizdikov B.S.* City Plans of Tyrkistan and Bukhara: analyzing Materials of D.G. Messerschmidt's Expedition. Oriental Studies. 2025. 18(1). Pp. 169-190.

References

Akimbek, 2023 – *Akimbek Zh.* Starye kladbishha sovershenno zakryt': modernizaciya tradicionnogo gordskogo protstranstva v Turketsanskom krae (na primere goroda Turkestan) [Old cemeteries should be completely closed: modernization of traditional urban space in the Turkestan region (using the example of the city of Turkestan)] // Aktual'nye voprosy istorii Sibiri. Chetyrnadcatye nauchnye chtenija pamjati professora A.P. Borodavkina:sbornik nauchnyh statej/ otv.red. V.A.Skubnevskij, D.S.Bobrov. FGBOU VO "Altajskij gosudarstvennyj universitet". Barnaul: AZBUKA, 2023. 244 p. (In Russ.).

Aldabergenova, 2021 – *Aldabergenova M.K.* Kazak handyry Kuramyndagy Kazakstan kalalary (tarihi derekter negizinde) [Cities of South Kazakhstan as part of the Kazakh Khanate (based on historical data)]. Shymkent, 2021. 141 p. (In Kaz.).

Artykbaev, 2019 – *Artykbaev Zh.O.* Kazahskoe obshhestvo v 18 veke: jepoha rycarstva [Kazakh society in the XVIII century: the Era of chivalry]. Monografija. Astana-Moskva: "Central'no-Aziatskoe knizhnoe izdatel'stvo", 2019. 388 p. (In Russ.).

Bartol'd, 1927 – *Bartol'd V.V.* Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana [The history of the cultural life of Turkestan]. L.: Akademija nauk SSSR, 1927. 258 p. (In Russ.).

Dobrosmyslov, 1912 – *Dobrosmyslov A.* Goroda Syrdar'igskoj oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-ata, Chimkent. Tashkent [Cities of the Syrdarya region. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie Ata, Shymkent. Tashkent]: jel.part. tipo-litografija O.A.Porceva, 1912. 204 p. (In Russ.).

Gedin, 1889 – *Gedin S.* V serdce Azii: Pamir-Tibet-Vostochnyj Turkestan: Puteshestvie Svena Gedina v 1893-1897 godah. [In the Heart of Asia: Pamir –Tibet – East Turkestan: Sven Gedin's Journey in 1893-1897] / Perevod so shvedskogo A.I.P.Ganzen. SPb, 1899. T. I. (In Russ.).

Konaeva, Nuryшева, 2022 – *Konaeva G.M., Nuryшева G.Zh.* Orta gasyrlardagy Kala madenietiniń filosofijasy: shygys pen batys dýnietanyń ajasynda [Philosophy of urban culture in the Middle Ages: in the light of the worldview of the East and West] // KazUU Habarshysy. Filosofija, madeniettanu, sajasattanu serijay. 2022. № 4(82). Pp. 16-29. (In Kaz.).

Kozha and others, 2025 – *Kozha M.B., Ilyassova Z.S., Sizdikov B.S.* City Plans of Tyrkistan and Bukhara: analyzing Materials of D.G.Messerschmidt's Expedition. Oriental Studies. 2025, 18 (1). Pp. 169-190.

Litvinov, 1998 – *Litvinov P.* Gosudarstvo i islam v Russkom Turkestane (1865-1917) (po arhivnym materialam) [The State and Islam in Russian Turkestan (1865-1917) (based on archival materials)]. Elec: Izdatel'stvo EGPI, 1998. 320 p. (In Russ.).

Maldybek, t.b. 2025 – *Maldybek A., Shylmambetov S., Zhandarbek Z., Syzdykova G.* Turkistandagy ruhani turizmdı damytudagy Kozha Ahmet Jasauı murasynyn roli:sakraldyk geografija zhane halyraralyr tazhiribe konteksinde [The role of the heritage of Khoja Ahmed Yasawi in the development of spiritual tourism in Turkestan: the context of sacred geography and international experience]. // Bulletin of the IUTH. 2025. №2 (8). Pp. 180-194. (In Kaz.).

Mustafaev i dr., 1994 – *Mustafaev N.I., Muhamedieva N.N., Smagulov E.A.* Turkestan [Turkestan] // SPIKK. JuKO. Almaty, 1994. Pp. 263-273. (In Russ.).

Nurtazina, t.b., 2023 – *Nurtazina N.D., Azmuhanova A.M., Akimbek Zh.A.* Turkistan olkesindegi musulmandyr mekemeler dinbasylarga Katysty imperijalyr doktrinalar [Imperial doctrines concerning Muslim institutions and clergy in the Turkestan region] // Otan tarihy, 2023. T.26. № 4. Pp. 730-743. (In Kaz.).

Obzor, 1887 – *Obzor Syrdar'inskoj oblasti.* Syrdar'inskaja oblast' Opisanie sostavlennoe po oficial'nym istochnikam [An overview of the Syrdarya region. Syrdarya region]. E. Smirnov. Sankt-Peterburg. Tipografija M.Stasjulevicha. 1887. 356 p. (In Russ.).

Pashino, 1868 – *Pashino P.I.* Turkestanskij kraj v 1866 godu. Putevye zametki. [Turkestan region in 1866. Travel notes] SPb: Tipografija Tiblena i Nekljudova, 1868. 176 p. (In Russ.).

Severcev, 2017 – *Severcev N.A.* Puteshestvija po Turkestanskomu kraju [Travel in the Turkestan region]. M.: Jeksmo, 2017. 448 p. (In Russ.).

- Герман, Плева, 2002 — *Герман А., Плева И.* История поволжских немцев. Москва: Наука. 2002.
- Ерофеева, 1999 — *Ерофеева И.* Этнические депортации в Казахстане, 1937–1957 гг. Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
- Ерофеева, 2015 — *Ерофеева И.* Гуманитарное измерение депортаций в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2015. № 2(77). С. 45–56.
- Земсков, 1990 — *Земсков В.* Спецпоселенцы в СССР, 1930–1960 гг. // Социологические исследования. № 7. С. 3–15.
- Из истории депортации немцев, 2022 — Из истории депортации немцев в Казахстан 1941–1945 гг. Сборник документов. Геттинген-Алматы. 2022. 394 с.
- Национальная перепись, 2009 — Национальная перепись населения 2009 года: этнический состав населения. Астана. 2009.
- Assmann, 2006 — *Assmann A.* Memory, Individual and Collective In R. E. Goodin & C. Tilly (Eds.), *The Oxford Handbook of Contextual Political Analysis*. Oxford: Oxford University Press, 2006. P. 210–226.
- Brubaker, 1992 — *Brubaker R.* Citizenship and Nationhood in France and Germany Cambridge, MA: Harvard University Press, 270 p.
- Genova De, 2010 — *De Genova N.* The Deportation Regime: Sovereignty, Space, and the Freedom of Movement. Durham: Duke University Press. P. 33–69.
- Hirsch, 2005 — *Hirsch, F.* Empire of Nations: Ethnographic Knowledge and the Making of the Soviet Union. Ithaca: Cornell University Press. 2005. 392 p.
- Martin, 2001 — *Martin, T.* The Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939. Ithaca: Cornell University Press. 2001. 496 p.
- Mukhina, 2007 — *Mukhina, I.* The Germans of the Soviet Union. New York: Routledge. 2007. 256 p.
- Naimark, 2017 — *Naimark, N.* Stalin and the Fate of Europe: The Postwar Struggle for Sovereignty. Cambridge, MA: Harvard University Press. 2017. 361 p.
- Nora, 1989 — *Nora, P.* Between memory and history: Les lieux de mémoire // *Representations*. № 26. P. 7–24.
- Paizova, Dadabayeva, Park, 2021 — *Paizova, A., Dadabayeva, G. D., Park, J. W.* Russian soft power in Central Asia: conceptualization and implementation // Вестник КазНУ. Серия историческая. №101(2). P. 72–83.
- Pohl, 1999 — *Pohl, J.O.* Ethnic Cleansing in the USSR, 1937–1949. Westport, CT: Greenwood Press. 1999. 200 p.
- Polian, 2010 — *Polian, P.* Against Their Will: The History and Geography of Forced Migrations in the USSR. Budapest: Central European University Press. 2010. 425 p.
- Sanders, 2013 — *Sanders, R.* Ethnic Germans in Post-Soviet Kazakhstan: Identity and Labor Narratives. Berlin: LIT Verlag. 2013.
- Sanders, 2016 — *Sanders R.* Staying at Home. Identities, Memories and Social Networks of Kazakhstani Germans. New York, Oxford: Berghahn. 2016. 256 p.
- Scarborough, 2017 — *Scarborough, A.* Repatriation and memory among Soviet deportees // *Journal of Modern European History*. №15(1). P. 89–103.
- Viola, 2007 — *Viola, L.* The Unknown Gulag: The Lost World of Stalin's Special Settlements Oxford: Oxford University Press. 2007. 278 p.
- Viola, 2014 — *Viola, L.* Stalinist Perpetrators on Trial: Scenes from the Great Terror in Soviet Ukraine. Oxford: Oxford University Press. 2014.

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1662-1679, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1662-1679

THE CULT OF MOUNTAINS IS THE ORIGINAL SOURCE OF THE TENGRIAN WORLDVIEW

Jursunbayev Bakhytzhan Absamatovich¹, Zhubanyshov Berik Temirkhanovich^{2}, Danabekova Dinara Ibadildaevna³*

¹Taraz University named after M.Kh. Dulati
(13, Suleimenov Str., 080000 Taraz, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0001-7476-4968>. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

² Kazakh National Women's Teacher Training University
(114, Gogol Str., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru
*Correspondent author

³Taraz University named after M.Kh. Dulati
(13, Suleimenov Str., 080000 Taraz, Republic of Kazakhstan)
Master of history, senior lecturer
<https://orcid.org/0009-0006-7920-594X>. E-mail: di.danabekova@dulaty.kz

© Valikhanov IHE, 2025

© Jursunbayev B.A., Zhubanyshov B.T., Danabekova D.I., 2025

Abstract. Introduction. This article is devoted to analyzing the nature and functions of the Cult of Mountains, its conceptual foundations, and its role in shaping the Tengrian faith, which constitutes the most archaic layer of early Turkic religious beliefs during the period of their formation. In the mythological worldview of the ancient Turks, the mountain was perceived as the core of cosmic order, a sacred center that determined the vertical structure of the universe. In this sense, the phenomenon of mountains occupied an important place in the earliest layers of the Tengrian worldview and played a decisive role in shaping the model of sacred space. *Goals and objectives of the study* – The purpose of the study is to reveal the essence of the Mountain Cult worshiped by the ancient Turks, to determine its mythological, ritual, and ideological aspects, and to demonstrate the significance of this cult as the foundation of Tengrian doctrine. To achieve this goal, mythological texts, as well as historical, ethnographic, linguistic, and archaeological data were used. The methodological basis of the study includes the systematization of comparative-mythological and ethnographic material, along with structural-semantic and historical-typological approaches. In this regard, several tasks were identified: determining the semantics of Turkic conceptions of the mountain; describing the features of cultic practices associated with mountains; and demonstrating the relationship between the Mountain Cult and the cult of Tengri. *Results.* The results of the research show that the mountain is not only a geographical feature but also the main axis of the cosmological model, connecting the three levels of the Universe and serving as the sacred abode of ancestral spirits. Thus, in the Turkic religious

consciousness, the notion of the mountain as a sacred center reflecting cosmic order becomes increasingly complex over time, laying the foundation for the development of the Tengrian system. *Conclusions.* In conclusion, the Mountain Cult had a decisive influence on shaping the socio-political and sacred structure of Turkic society as one of the most ancient layers of the Tengrian worldview. Overall, this article presents a new conceptual interpretation explaining the archaic period of Tengrianism.

Keywords: Turkic mythology, Mountain Cult, Altai, Tengrianism, cosmology, ancestral spirit, Shangdi, ethnography

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under Program-Targeted Funding (PTF) “Writing an illustrated biographical encyclopedia on the history of Kazakhstan” (IRN No. BR24993173).

For citation: Jursunbayev B.A., Zhubanyshov B.T., Danabekova D.I. The cult of mountains is the original source of the tengrian worldview // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1662-1679. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1662-1679

ТАУ КУЛЬТІ – ТӘҢІРЛІК ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСТАУЫ

Жүрсінбаев Бақытжан Абсаматұлы¹, Жұбанышов Берік Темірханұлы^{2}, Данабекова Динара Ибадильдаевна*

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(13-үй, Сүлейменов көш., 080000 Тараз, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0001-7476-4968>. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(114/8-үй, Гогол көш., 050000 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.
<https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

*Корреспондент автор

³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(13-үй, Сүлейменов көш., 080000 Тараз, Қазақстан Республикасы)
Тарих магистрі, аға оқытушы
<https://orcid.org/0009-0006-7920-594X>. E-mail: di.danabekova@dulaty.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т., Данабекова Д.И., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада түркілердің алғашқы діни нанымдарының қалыптасу кезеңіндегі ең архаикалық қабатын құрайтын Тау культінің табиғаты мен қызметін, оның мазмұндық негіздерін және Тәңірлік сенімнің қалыптасуындағы рөлін талдауға бағытталған. Ежелгі түркілердің мифологиялық санасында тау тек географиялық нысан ғана емес, космостық тәртіптің өзегі, әлемнің тік құрылымын айқындайтын киелі орталық ретінде қабылданған. Осы тұрғыдан алғанда, тау феномені Тәңірлік дүниетанымның бастапқы қабаттарында маңызды орынды иеленіп, сакралды кеңістіктің моделін қалыптастыруда шешуші қызмет атқарған. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – көне түркілер табынған Тау культінің мәнін ашу, оның мифологиялық, ритуалдық және идеологиялық қырларын анықтау, сондай-ақ бұл культтің Тәңірлік ілімнің алғашқы бастауы ретіндегі маңызын көрсету болып табылады. Осы мақсатқа жетуде мифологиялық мәтіндерге, тарихи, этнографиялық, лингвистикалық және археологиялық деректер пайдаланылып, әдіснамалық негізін салыстырмалы-мифологиялық пен этнографиялық материалдарды жүйелеу, құрылымдық-

семантикалық және тарихи-типологиялық тәсілдер қолданылды. Осыған байланысты түркілердің тау туралы түсініктерінің семантикасын анықтау, тауға қатысты культтік тәжірибелердің ерекшеліктерін сипаттау, Тау культінің Тәңірге табынушылықпен өзара байланысын көрсету секілді бірнеше міндеттер айқындалды. *Нәтижелер.* Таудың тек географиялық нысан ғана емес, әлемнің үш деңгейін байланыстыратын космологиялық модельдің басты осі, ата-бабалар рухының сакралды мекені екенін көрсетеді. Яғни түркілік діни санада тау ұғымының әлемдік тәртіпті бейнелейтін киелі орталық ретіндегі рөлі уақыт өте келе күрделеніп, Тәңірлік жүйенің қалыптасуына негіз қалағынын анықтайды. *Қорытынды.* Тау культі Тәңірлік дүниетанымның ең көне қабаттарының бірі ретінде түркі қоғамының әлеуметтік-саяси және сакралды құрылымын айқындауға шешуші әсер еткені анықталды. Жалпы бұл мақала Тәңіршілдіктің архаикалық кезеңін түсіндіретін жаңа концептуалдық тұжырым ұсынады.

Түйін сөздер: Түркі мифологиясы, тау культі, Алтай, Тәңіршілдік, космология, ата-баба рухы, Шан-ди, этнография

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (тіркеу нөмірі: BR24993173) аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т., Данабекова Д.И. Тау культі – тәңірлік дүниетанымның алғашқы бастауы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1662-1679 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1662-1679

КУЛЬТ ГОР – ПЕРВОНАЧАЛЬНЫЙ ИСТОК ТЕНГРИАНСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ

Журсинбаев Бакытжан Абсаматович¹, Жубанышов Берик Темирханович^{2}, Данабекова Динара Ибадильдаевна*

¹Таразский университет имени М.Х. Дулати
(д. 13, ул. Сулейменова, 080000 Тараз, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0001-7476-4968>. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

²Казахский национальный женский педагогический университет
(д. 114, ул. Гоголя 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора
<https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Таразский университет имени М.Х. Дулати
(д. 13, ул. Сулейменова, 080000 Тараз, Республика Казахстан)
Магистр истории, старший преподаватель
<https://orcid.org/0009-0006-7920-594X>. E-mail: di.danabekova@dulaty.kz

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Журсинбаев Б.А., Жубанышов Б.Т., Данабекова Д.И., 2025

Аннотация. *Введение.* Данная статья направлена для анализа природы и деятельности культа Гор, его содержательных основ и роли в формировании Тенгрианской веры, составляющей наиболее архаичный слой ранних религиозных верований тюрков в период их становления. В мифологическом сознании древних тюрков гора воспринималась, как ядро космического порядка, сакральный центр, определяющую вертикальную структуру мира. В этом смысле феномен гор занимал важное место в начальных слоях Тенгрианского мировоззрения и сыграл решающую роль в формировании модели сакрального пространства. *Цель и задачи исследования* – раскрыть сущность культа Гор, которому поклонялись древние тюрки,

определить его мифологические, ритуальные и идеологические аспекты, а также показать значение этого культа, как начало учения Тенгрианства. Для достижения этой цели использованы мифологические тексты, исторические, этнографические, лингвистические и археологические данные, методологическую основу составляет систематизация сравнительно-мифологического и этнографического материала, структурно-семантический и историко-типологический подход. В связи с этим были определены несколько задач: определение семантики представлений тюрков о горе, описание особенностей культовых практик, которые связаны с горой, демонстрация взаимосвязи культа гор с культом Тенгри. *Результаты.* Исследования показывают, что гора является не только географическим объектом, но и главной осью космологической модели, связывающей три уровня Вселенной, сакральной обитель духа предков. То есть в тюркском религиозном сознании роль понимания горы как сакрального центра, отражающего мировой порядок, со временем усложняется, определяя, что она закладывает основу для формирования Тенгрианской системы. *Выводы.* Культ Гор оказал решающее влияние на определение социально-политической и сакральной структуры тюркского общества, как одного из древнейших слоев Тенгрианского мировоззрения. В целом это статья представляет собой новый концептуальный вывод, объясняющий архаический период Тенгрианства.

Ключевые слова: Тюркская мифология, культ гор, Алтай, тенгрианство, космология, дух предков, Шан-ди, этнография

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта ИРН BR24993173 «Написание иллюстрированной биографической энциклопедии по истории Казахстана» ПЦФ Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Для цитирования: Журсинбаев Б.А., Жубанышов Б.Т., Данабекова Д.И. Культ гор – первоначальный исток тенгрианского мировоззрения // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1662-1679. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1662-1679

Кіріспе

Түркі халықтарының рухани әлемінде табиғат құбылыстары мен жаратылыстың әрбір нысанына мән беру аса маңызды орын алған. Соның ішінде тау культі түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымында ерекше мәнге ие болды. Тау – ежелгі адамның санасында тек географиялық нысан ғана емес, жер мен көктің түйісу нүктесі, құдайлар дүниесімен байланыс орнайтын қасиетті кеңістік ретінде қабылданған. Түркілік дүниетанымның ең басты өзегі – Тәңірге сыйыну дәстүрі – табиғаттағы ерекше нысандарды қастерлеумен тығыз байланысты қалыптасты. Осы тұрғыдан алғанда, тау культі Тәңіршілдіктің алғашқы бастауы, оның бастапқы дүниетанымдық тіректері ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Тақырыпты таңдаудың қажеттілігі бірнеше ғылыми алғышарттармен дәлелденеді. Біріншіден, түркілердің көне дәуіріндегі діни түсініктер жүйесін реконструкциялау мәселесі соңғы онжылдықтарда қайта қызығушылық тудырып отыр. Археологиялық материалдар, эпиграфиялық ескерткіштер, ежелгі қытай жылнамалары мен Орхон мәтіндерінде сақталған ақпараттар түркілердің табиғатқа, әсіресе тауға қатысты қалыптасқан культтік түсініктерінің тереңдігін айғақтайды. Екіншіден, қазіргі таңда Тәңіршілдік мәселесіне арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, тау культін Тәңірлік дүниетанымның бастапқы формасы ретінде жүйелі түрде қарастырған зерттеулер өте аз. Бұл – зерттеудің өзектілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Осы тақырыпты зерттеу барысында төмендегідей проблемалық жағдайлар анықталады:

- түркілердің тау культі туралы деректер шашыраңқы, жүйеленбеген;
- Тәңірлік сенімнің қалыптасуындағы тау культінің орны толық ашылмаған;
- археологиялық, этнографиялық және мәтіндік деректер интеграциясы жеткіліксіз;
- қазіргі зерттеулерде тау культі көбінесе символикалық деңгейде ғана қарастырылады, оның діни жүйе ретіндегі функциясы зерттелмеген.

Зерттеу объектісі – түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымындағы Тау культі, ал зерттеу пәні – түркілердегі тау культінің мазмұны, құрылымы, қызметі және оның Тәңірлік дүниетанымдағы рөлі. Зерттеудің мақсаты - түркілердегі тау культінің мәнін ашу және оның Тәңірлік дүниетанымның алғашқы бастауы ретіндегі орнын ғылыми негіздеу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері төмендегідей:

1. Түркілердің тау туралы түсінігінің пайда болу алғышарттарын анықтау.
2. Түркілік дүниетаным жүйесінде таудың культтік, ритуалдық, символикалық функцияларын талдау.
3. Тау культінің Тәңірлік сеніммен байланысын айқындау.
4. Археологиялық, жазба және этнографиялық деректер арқылы тау культінің мазмұнын сипаттау.
5. Тау культінің діни жүйе ретінде қалыптасуына ықпал еткен факторларды анықтау.

Зерттеу гипотезасы: Тау культі түркілердің рухани мәдениетінің ең көне қабаттарының бірі және соның негізінде Тәңірлік сенімнің алғашқы дүниетанымдық құрылымдары қалыптасқан.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық талдау, мәтіндік интерпретация және мифологиялық модельдеу әдістері қолданылды. Осы әдістерді қолдану Тау культін тек діни құбылыс ретінде ғана емес, кең көлемдегі дүниетанымдық феномен ретінде кешенді қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Тау культінің түркі дүниетанымындағы орны алғаш рет Тәңірлік ілімнің негізін құраушы бастау ретінде қарастырылып, оның идеологиялық-философиялық мәні жаңа қырынан жүйеленеді.

Осылайша, түркілердегі Тау культін Тәңірлік дүниетанымның алғашқы бастауы ретінде қарастыру – көне түркі руханиятының негізін тереңірек түсінуге жол ашатын өзекті әрі теориялық маңызы зор ғылыми мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдіс -тәсілдер

Бұл зерттеу түркі халықтарының архаикалық дүниетанымындағы тау культінің семантикалық, космологиялық және рәсімдік қызметін кешенді түрде анықтауға бағытталғандықтан, жұмыстың әдіснамалық негізін пәнаралық талдаулар құрап, мифологиялық мәтіндерді интерпретациялауға, этнографиялық және тарихи деректерді салыстыруға, сондай-ақ сакралды кеңістік моделін реконструкциялауға мүмкіндік беретін ғылыми тәсілдерден тұрады.

Біріншіден, зерттеуде салыстырмалы-мифологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі түркі тайпаларының мифтеріндегі, аңыздарындағы және ритуалдық дәстүрлеріндегі тау бейнесін салыстырып, олардың ортақ архаикалық қабаттарын анықтауға жол ашады. Түркі, моңғол, ирандық және сібірлік халықтардың мифологиялық жүйелерімен салыстырмалы талдау жүргізу арқылы тау культінің кең ауқымды мәдени-өркеніеттік байланыстары да айқындалды.

Екіншіден, зерттеу барысында тарихи-типологиялық әдіс пайдаланылды. Бұл тәсіл архаикалық сенімдердің тарихи даму логикасын, олардың уақыт өте әлеуметтік және идеологиялық қызметке ие болу процесін айқындауға мүмкіндік береді. Археологиялық деректер, ертедегі жазба ескерткіштер және этнографиялық жазбалар осы әдіс бойынша жүйеленді.

Үшіншіден, құрылымдық-семантикалық талдау тау образының мағыналық деңгейлерін анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс тау культінің символдық мәнін, оның космологиялық жүйедегі (жоғарғы–орта–төменгі әлем) орны мен сакралды кеңістікті ұйымдастырудағы рөлін интерпретациялауға мүмкіндік беріп, тау бейнесінің ата-баба рухы, әлем осі, құрбандық рәсімдері сияқты құрылымдық бөлшектерімен байланыстары ашылды.

Төртіншіден, зерттеуде этнографиялық деректерді талдау әдісі пайдаланылып, түрлі аймақтардан жинақталған материалдар және далалық зерттеулер нәтижелерімен

салыстырылды. Бұл тәсіл тау культінің қазіргі күнге дейін сақталған бөлшектерін, олардың сабақтастығы мен трансформациясын анықтауға көмектесті.

Осы әдістердің біртұтас жүйесі архаикалық тау культінің құрылымын, оның семантикалық қабаттарын және Тәңіршілдіктің алғашқы қалыптасу кезеңдеріндегі орнын ғылыми тұрғыдан жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Талқылау

Түркілердегі тау культін зерттеу мәселесі философия, дінтану, мифология және этнография салаларында ұзақ уақыт бойы ғылыми назарда болды. Осы тұрғыда қалам тартқан зерттеушілердің еңбектерінде тау культін талдауда әртүрлі тәсілдер мен көзқарастар ұсынылған. Бұл шолу бөлімінде іргелі және жаңа жұмыстарды қарастырып, олардың ғылыми үлесін бағалауға, сондай-ақ өз зерттеуімнің әділ ерекшелігін анықтауға бағытталған.

Л.П. Потаповтың еңбегі тау культінің ерекше түркі-алтай контекстіндегі архаикалық нышандарын ашуда негізгі дерек болып табылады (Потапов, 1946). Потапов тау культі өте ертеден келе жатқанына, алтай халқы үшін киелі таулардың қоғамдық және діни маңызы зор болғанына назар аударады. Дегенмен Потапов еңбегінде Тау культінің Тәңірлік дүниетаныммен өзара байланысы туралы кешенді талдаулар жасалмаған, сондықтан тау көбінесе мәдени-этнографиялық феномен ретінде сипатталады.

В.Н. Топоровтың зерттеулері тау бейнесін «әлемдік үлгі», ғалам құрылымының символы ретінде қарастырып, тауға табиғи объект, сонымен бірге мифологиялық жүйенің орталығы ретінде бағалар беріледі (Топоров, 1980). Бұл идея мақаладағы Тау культінің идеологиялық маңызын дәлелдеуде маңызды құндылығын көрсетті. Алайда Топоровтың жұмыстары негізінен мифологиялық құпияларды талдаумен шектеліп, рәсімдік немесе саяси қызметтерін ашуға жеткіліксіздік танытты.

Н.В. Абаевтың еңбектері прототүркілік діннің табиғатқа табынумен тығыз байланысты екендігін, оның ішінде тау культінің рөлін атап көрсеткендіктен, ол Тау культінің Тәңірге табынушылықтың алғашқы формасына айналғанын тұжырымдауға мүмкіндік береді (Абаев, 2019). Бірақ Абаевтың зерттеулері көбінесе тарихи-этнографиялық контекстке ғана шоғырланған.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде де тау культінің ритуалдық және сакралдық қызметтері жан-жақты қарастырылған. Мәселен, Mallory мен Mair Алтай–Тарым кеңістігіндегі көне мәдениеттерде тауды қасиетті аймақ және рухтар әлеміне өтетін қақпа ретінде тану кең тарағанын көрсетеді. Олар Қытайдың архаикалық кезеңіндегі діни ритуалдардың батыс шекара халықтарымен байланыста дамығанын айтады (Mallory, Mair, 2000).

Beckwith болса Орталық Еуразия өркениеттерінің басты діни нышандарының бірі – қасиетті тау екенін анықтап, Алтай аймағындағы тау ұғымы тек географиялық биіктік емес, құдайлық иерархияның орталығы, мемлекеттің сакралды бастауын білдіретін ұғым ретінде қызмет еткенін алға тартады (Beckwith, 2011).

Jacobson-ның зерттеуінде Сібір–Алтай кеңістігіндегі тауға табынудың шамандық ритуалдардың негізін құрайтынын, ал оның символикасы кейінгі көшпелілерде де сақталғанын және Тау – жоғарғы әлеммен байланыс нүктесі, рухтар жиналатын орын ретінде қарастырылады (Jacobson, 1993).

Жалпы көптеген шетелдік және отандық зерттеушілер тау культін түсінуде мифологиялық немесе шамандық аспектілерге ғана басымдық берсе, ал біздің зерттеуде тау культінің Тәңірлік сенімнің идеологиялық негізі ретіндегі рөліне ерекше назар аударады.

Әдебиет шолуынан көрініп тұрғандай, тау культі ұзақ уақыт бойы зерттеліп келсе де, оның Тәңіршілік дүниетанымының бастапқы бастауы ретіндегі идеологиялық мағынасы толық ашылмаған. Потапов, Топоров, Абаев секілді зерттеушілер бұл тақырыптың негізін қалағанымен, олардың біреуі де тау культінің Тәңіршілдік жүйесіне толық ықпалын жан-жақты талдамаған. Сондықтан бұл зерттеу тау культінің Тәңірлік дүниетанымдағы туындау

тегіне терең түсінік беру арқылы ғылыми білімге және мәдени-тарихи санаға маңызды үлес қоса алады.

Зерттеу нәтижелері

Түркілердің алғашқы діни наным-сенімдері табиғатпен байланысты туындаған. Себебі түркілер адамзат жаратылысымен-ақ табиғатқа немесе табиғи күштерге тәуелділік танытып, олардан қорқыныш пен қамқорлықты қатар көрген, сонымен қатар солардың ықпалына түскен. Нәтижесінде түркілердің рухани өмірінде табиғи күштерге табынушылық түпкілікті орын алып, соның негізінде діни сенімдерінің алғышарттары қалыптаса бастады. Мұны түркілердің діни нанымдарын зерттеуші Н.В. Абаев дәлелдеп, Орталық Азия мен Саян-Алтайда прототүркілік діннің әлдеқайда ертерек қалыптасқанын жазады (Абаев, 2019: 13). Алтайлықтардың аңыздарына назар аударсақ, түркілердің алғашқы діни сеніміндегі табиғи объектілердің ішінде тауға табыну алдыңғы орынға шығып, уақыт өте келе ол ең басты жаратушыға айналған. Ал алтайлықтардың фольклорындағы архаикалық бөлшектер көне дәуірге барып тіреледі. Белгілі алтайтанушы Л.П. Потапов солтүстік алтайлықтардың арасында тауды қастерлеу культі өте архаикалық ерекшеліктерге ие, канонизацияланбаған, сондықтан тауға табынудың шығу тегін және оның ерте формаларына қатысты мәселелерді шешуге негіз болады деп тұжырымдайды (Потапов, 1946: 146).

Фольклорлық мәліметтер бойынша тау әлемнің ортасында орналасқан деп есептеліп, ғарыштық өлшемдерді бейнелеуші, киелі күштің көзі мен тіршіліктің бастауы ретінде қабылданып, Тәңірдің құдайлық болмысын бойына сіңірген. В.Н. Топоровтың пікірінше, тау – «әлемнің бейнесі, ғаламның үлгісі. Онда ғарыштық құрылымның барлық негізгі бөлшектері мен өлшемдері бейнеленген...Кейбір тауларда құдайлардың өздері мекендейді деп есептеген» (Топоров, 1980: 315).

Түркілер үшін тау Хан Тәңірінің мекені саналып, төменгі, орта және жоғарғы сатыдан тұратын үш әлемді байланыстырушы рөлін атқарған. Ежелгі алтайлықтардың түсінігі бойынша, «Әлемдік тау» Аспан мен Жерді байланыстырып, оның шыңы көктегі құдайлардың мекеніне дейін жетсе, төменгі бөлігінде жер астының әлемі орналасқан. Нақтырақ айтқанда бүкіл ғаламға енген «Әлемдік тау» үш әлемді байланыстырушы буынның қызметін атқарған: 1) жоғарғы (Көк аспан) әлем; 2) жердегі дүние немесе адамдардың әлемі; 3) төменгі дүние – жер асты әлемі (Батомункуева, 2011: 255). Мифтер мен фольклорларда таудың бейнесі маңызды делдалдық қызметтерді де жүзеге асырып, адамның табиғатпен, аспан және жермен, түрлі бастаулар мен ғаламдық күштермен байланысын қамтамасыз еткен (Абаева, 1991: 44).

Түркілерде киелі ретінде танылған тау бейнесі былайша суреттеледі:

1. Тау - жер асты әлеміне кіретін есік, ал оның шыңы – таулардың рухтары мен иелері мекендейтін орын ретінде әрекет етеді.

2. Тауларға ұқсайтын төбелерді түркілер киелі деп қастерлеп, оған табынып, рухына, иесіне құрбандық шалған.

3. Түркілер тауға киелі нышан ретінде табынып қана қоймай, оны елді мекендерді жаулардан қорғау үшін пайдаланған.

И.Л. Қызласов таудың киелілігін мифтер және фольклорлардағы қаһарман бейнелері арқылы сипаттайды:

а) тау ішінде батырдың дүниеге келуі;

б) қауіптен қашқан жас балалардың таудың үңгіріне тығылып, онда батыр болып өсуі.

Мұнымен қатар тау тек мекен ғана емес, ол адамдардың өлгеннен кейінгі жандарының ұшып барып қонатын рухани қоймасы ретінде қабылданған. Тау қойнауынан тіршілікке қажетті дүниелердің бәрі табылып, тау «барлық» өмірдің сақшысы рөлі ретінде табылған. Аңшы мен оның отбасының аман-саулығы тау иесінің еркіне байланысты өрбіген (Батомункуева, 2011: 256).

Жалпы таудың жаратушыға айналуының басты себебі - мұз дәуірінен бастап оның түркілерге пана болып, тамақ тауып берген және үңгірлері жаулардан, жыртқыш аңдардан, суықтан қорғау арқылы аман қалуына мүмкіндік беріп, ұрпақтарын дүниеге әкелдірген.

Мәселен оғыздар таулар, тастар мен жартастардың барлығы да түсінеді, үн қатады, жол береді, игі ниетпен келгендерге пана болады деп сенген. Олар тілектерді орындайды, хабар жеткізеді, жақсылық тілейді және қарғыстан қорғайды деп түсінген. Сондықтан оғыздар таулармен тілдесіп, оларға сәлем беріп, ант еткен, олардың шипалық күшіне сеніп, тіпті тамақ пен судың көзі деп қабылдаған. Бұл сенім тауды жоғарыдан жіберілген қамқоршы ретінде қабылдаумен байланысты туындаған. Бұдан басқа, таудың қауіптен қашқан руларға қамқоршы, пана болғаны жөнінде көптеген аңыздар да кездеседі. Мәселен тодош руы Бабырған тауына (Полевые материалы, 2023), майман руы Шамал тауына барып жан сақтаған (Тадина, 2018: 143). Қасиетті таудың алтайлықтардың арасында қорғаушы қызметін атқарғаны туралы Л.П.Потапов: «...Олардың сол кездегі аңшылық алқаптары Алтай тауларынан, Абақанның жоғарғы ағысына дейін созылып олардың діни идеялары тауға табынумен байланысты дамыды. Олар тауға қасиетті қамқоршысы ретінде құрметпен қарады» - деп жазады (Потапов, 1987: 67).

Солтүстік Алтай халқының қиялында тау тірі жан ретінде сипатталып, адамдармен бірге шаңғы тебуге, ән айтуға, би билеуге, сөйлесуге, жанжалдасуға, төбелесуге қабілетті деп есептелген. Олардың өмір салты да тау рухтарына сәйкес қалыптасқан (Потапов, 1946: 148). Сондай-ақ, алтайлықтар тауға ашуланатын немесе мейірімділік танытатын, өтініштеріне жауап беретін құдай ретінде сиынған. Мысалы, малды көбейтетін, адамдарға амандық пен денсаулық жіберетін, зұлым адамдардың рухтарын жоятын «айдаған малға мейірім төгетін алтын тауға» ізгі тілектерін білдірген (Каташ, 1978: 51). Тау олардың түсінігінде тіршілік иесіне айналып, адамның денесімен байланысты атаулар берілген. Аңыз бойынша олар шыңға жақын тау немесе жотадан әкесі немесе атасының бейнесін көре алса, таулардың бейнелері мен антропоморфтық кейпі де нақты сипатталып, ірі денелі, ұзын бойлы, аппақ киім киген, ақ шашты және ақ боз атқа мінген қарт кісі ретінде көрінген. Оның келуі де, кетуі де аяқ астынан болып, жақындаған кезде суықтың лебі соққан. Аңыздарда оны тоғайға қонған аңшылар мен малшылар кездестіріп, таудың «иесін» ақ киім киіп, ақ боз ат мінген әйел кейпінде де көрген (Екеева, 2020: 18).

Бұдан басқа алтайлықтар таудың шыңын «бас», оның орманы өскен солтүстік беткейін «жота», күн шығатын оңтүстік жағын «алдыңғы», таудың етегін «етік», төменгі жиегін – «аяк», жоғарғы жиегін «иық» деп атап, оны ұйықтап жатқан батырдың бейнесін суреттеген (Тадина, 2009: 163–164).

Алтайлықтардың батырлық эпосында тау батырлардың әкелері немесе атасы, ал таудың үңгірі анасы атанған. Мысалы, Очы-Бала батырдың әкесі Қара тау, Жалаңаш-Ұлдың әкесі Ақсүмер тауы, «Қара Маадай» аңызында батырды таудың өзі тудырса, оның ұлы Көгідей-Мерген таудың рухынан шыққан (Ойношев, 2006: 114.). Бұл адамның туған жері тау, ал оның үңгірі ата-бабаларын дүниеге әкелгенін білдірген.

Оған қасқыр өсірген түркі қағандарының арғы атасы Ашина руының Алтай тауының ортасында орналасқан «ата-баба үңгірінде» дүниеге келуі нақты мысал бола алады (Бичурин, 1950: 220). VI ғасырда қытай жылнамаларында жазылған аңыз бойынша Алтай түріктерінің ата-бабаларын көршілес жаулары қырып тастайды. Тек қол-аяғы кесіліп, батпаққа лақтырылған тоғыз жасар бір бала ғана аман қалады. Сол баланы қасқырдың қаншығы тауып алып асырайды да, кейін соның әйелі атанады. Алайда баланың тірі қалғанын біліп қойған жаулары ақыры оны тауып алып өлтіреді. Баладан бала көтерген қасқыр болса солтүстіктегі Алтай тауының үңгіріне барып паналап, сол жерде он ұлды дүниеге әкеледі. Қасқырдың ұлдары жергілікті қыздарға үйленіп, олардан тараған Ашина есімді бір немересі елінің басшысына айналып, оларға өзінің есімін береді (Тадина, 2005: 94).

Түркілерде тауға табынудың маңызды рөл атқарғаны соншалықты, тіпті олар таудың әрбір бөлшегіне, яғни үңгірге, тасына, жартасқа табынып, оны ата-бабалар рухымен байланыстырып, оны ата-бабамыз деп таныған (Сағалаев, 1992: 77).

Осыған байланысты түркілердің алғашқы ата-бабалардың көктегі тектілігі де тау ұғымымен байланысты өрбіген. Б.И. Татаринцевтың мақаласында түркілер тауды дэг-/дэги, тей, тегей, тигей, дееди, деевиир, дегедү деп атап, ол сөздерден – «тәж», «таудың басы»,

«төбе», «көтерілу», «ұшушы», «құс», «ата-баба», «көкте тұратындар», «ақ сүйек» деген мағыналардың шығатынын жазады. Мұнымен қатар, түркітанушының «аспан», «тау», «шың», «төбе», «құс», «баба», «құдай» деген жалпы алтайлық терминдердің бір-бірімен этимологиялық жағынан ортақ байланыстарын атап көрсетеді. Соның ішіндегі ең маңыздысы тей, таг этимологиясының «тау» атауынан шыққандығы ерекше көңіл аудартады (Татаринцев, 1984: 74–84).

Түркі тілін зерттеуші Б.Базылхан да тай, таг, тав деген сөздер теориялық тұрғыдан алғанда «тау» мағынасын білдіреді деп тұжырымдаған (Монгол-казах, 1984: 441).

Яғни түркітанушылардың тұжырымдары бойынша «тау» сөзі тай/атай мағынасын беріп, ата-баба ұғымында қолданылған. Осы тұста түркілердің шыққан мекені Алтай тауының мағынасы «тай» немесе «атай» этнонимімен байланысты екенін анықтай аламыз. Э.К. Пекарский құрастырған якут сөздігінде де түркілердің ала тау/алын тав Алтайдың «Киелі тау» деген мағынасында айтылып, оның үңгірінен түркілердің ата-бабалары тарағанын, қасиетті ала аттар да тауға табынуымен байланысты шыққаны, оттың қасиеттері мен әлемдік ағашта ала сөзімен байланысты дүниеге келгені жазылған (Пекарский, 1958: 62). Алтайдың ата сөзімен байланыстылығын алтайлықтардың жыр-эпостарындағы мына өлең жолдарынан байқауға болады: Ала тайка адам деген Күн алтына томро түшкен (Екеева, 2020:16). Бұл шумақтың бірінші қатарындағы «Алтайды атам деген» деген аудармасы Алтай ата деген сөзден шыққанын көрсетеді. Қазақтың ірі рулары мен саха және якут халықтарының аталары болып келетін Елтай, Елата, Элдей, Алтай сөздері де бір ұғымды берген (Артыкбаев, 2017: 46). Бұдан шығатын қорытынды Елтай, Елата, Элдей, Алтай сөздерді Ел атасы, Ұлық ата деп қабылдауымыз керек. Мәселен сойот тайпаларының «Улугдаг» – «Ұлық тау» деп аталатын ұлттық мерекесі олардың ең биік тауы Мунку-Саридакқа (Мәңгі-Сарытау. Авт.) тағзым етумен байланысты дүниеге келген. Бұл алтайлықтардың рухани дамуының негізгі идеологиялық бөлшектерінің біріне айналған және мұнда өмір сүрген барлық тайпалар осы тауға табынған (Абаев, 2019: 13).

Яғни, түркілердің түсінігі мен сенімінде Алтай бүкіл әлемді жаратушы ретінде орын алған. Бүкіл Еуразия континентінде тіршіліктің дамуына ықпал еткен тарихи орындар туралы ойын жазып қалдырған Н.К. Рерих Алтайды мәдениеттер сабақтастығын қамтамасыз ететін маңызды аймақ ретінде көрсетіп, әлі көптеген құпиялары ашылмаған деп бағалап былай дейді: «Алтай - халықтарды қоныстандыру мәселесінде өте маңызды нүктелердің бірі. Чуд бейіттері, жартастағы жазулар уақыт өте Еуропаны халыққа толтыру үшін мұздықтардан қашып келген халықтардың маңызды дәуірін көрсетеді. Сондықтан тарихқа дейінгі де, тарихи тұрғыдан да Алтай ашылмаған қазынаны білдіреді» (Даркина, 2016: 26). Осылайша, Еуразия кеңістігі кейінгілерге сабақтастық беретін іргелі жаңа мәдени бірліктерді құрудағы тарихи эксперимент орны болды. Тұрғылықты жері мен мәртебесін өзгерту арқылы бұл тайпалар сол континенттің жаңа аумақтарындағы ұрпақтарының империялық сезімдеріне серпін берді.

Ертеде Алтайдан шыққан түркі тайпалары басқа аймақтарда көшіп-қонып жүрген кезде алдарынан кездескен тауларға дұға жасағанда міндетті түрде Алтай атауын қосып айтқан (Екеева, 2020: 17). Мәселен кезінде Алтайды мекен еткен қыпшақтар өздерінің ата-баба тауын Тоотой-туу, ал теле тайпалары Тямечин-туу десе (Тадина, 2009: 163–164), кейін ата тауын ата-бабасының шыққан жері деп білген қыпшақтар мен телелер батысқа қарай көшіп, жаңа отанын Ала-тау немесе Ала-тав деп атап кетеді. (Пекарский, 1958: 62).

Алтайлықтар өздерінің шығу тегін белгілі бір ру-тайпалық тауларынан таратып, оған атаулар берген. Мысалы, оңтүстік алтайлықтар тауларын «жайық-туу», тубалар «төс-тау», челкандар мен құмандықтар қасиетті тауларын «Төс-Таг» немесе «Арғын-Таг», шорлар «Ұлық-Таг» деп атаған (Потапов, 1946: 148). Төс сөзі «ірге, тірек, бастау» дегенді білдіріп, «төс-тау» алғашқы тіршілік тауы деген мағынада айтылған.

Ертеде Комдош сеогы өздерінің Абаканның жоғарғы ағысында орналасқан ата-баба таулары Екі-ере тауын, кейін Лаи өзенінің жоғарғы ағысындағы Үжібе-Албаған тауын «төс-тау» деп қастерлеп, өмірлерінде кездескен қиындықтар кезінде және жануарларды аулағанда осы тауға дұға етіп жүгінген (Потапов, 1946: 148).

Алтайлықтардың ата-баба киелі таулардың ішінде Үш Сүмер тауы маңызды рөл атқарған. Алтайдағы бұл биік тау «үш қасиетті найза» деп аударылады. Оның бірнеше киелі атаулары кездеседі: Қатын-Басы, Мұзды тау, Үш-Айыр, Көк-Мәңгі және мифологиялық атау Ақ-Сүмер. Жергілікті халықтардың түсінігінде Үш Сүмерде Алтайдың иесі өмір сүреді.

Алтай халқы үшін қасиетті Үш-Сүмерге байланысты көптеген тыйымдардың жүйесі жасалған. Мысалы, ер адамдар Үш-Сүмерге шықпай, таудың етегінде ғана дұға жасай алса, ал әйелдер таудың қасына жақындауға да рұқсат етілмеген. Мұнымен қатар алтайлықтар Үш-Сүмердің басындағы қардың жамылғыларына қарап, өздерінің тағдырын болжалаған. Егерде таудың шыңындағы қар өзінің түсін өзгертсе онда жақын арада өмірлері өзгерістерге ұшырайды деп сенген және таудың қарлы шыңдарында жердегідей өмір жоқ, ол басқа әлем ретінде қабылданды (Ойноткинова, 2021: 507).

Мейрамдар мен ғұрыптарды атап өтуде олар Алтайды мадақтап, оның иесіне, сондай-ақ таулар мен асуларға және өздері тұратын аймақтардағы басқа да иелерге жүгініп, жыл берекелі, ел-жұртқа, отбасына амандық тілеген.

Әдетте, алтайлықтар мерекелер мен ғұрыптарды және ырымдары жоғары биіктіктерде жүзеге асырған. Олар далалық аймақта тұрса онда шағын төбеде немесе таудың басында өткізген. Биіктіктерден қасиетті таулар айқын көрінеді, әрі жасалған дұғаларды таулардың иелері жақсы естиді деп санаған. Сондықтан рәсімдердің барлығы биікте орындалған (Ябыштаев, 2013: 112–113). Л.П. Потапов саяно-алтай халықтарының этнографиялық деректеріне сүйене отырып былай дейді: «...Көкке жалбарыну рәсімін олар (качиндер, бельтирлер мен хакастар) жыл сайын әдетте қасиетті деп танылған аласа таудың басында немесе өзеннің бастауында, таулардың арасында, жаздың басында өткізген» деп жазады (Потапов, 1991: 263).

Алтай фольклорларында кездесетін тауға құрбандық шалу архаикалық көне дәуірден басталып, сақ-ғұндардың дәуірінде қолданылғаны айтылады (Сағалаев, 1992: 77). Ата-баба тауы мен оған іргелес жатқан өзендер, аңғарлар, жолдар, жартастар тайпаның біртұтас аумағын құрап, онда табынатын, құрбандық шалатын киелі діни орындар, елді мекендер, аң аулайтын орындар және т.б. орналасқан (Батомункеева, 2011: 256).

Түркілердің мифологиясында адамның жаны алғашында тауда туып, өлген соң қайта оралады деп есептеген (Каланчина, 2018: 367).

Сондықтан олар құдайлардың мекені - Алтайдың биік шыңына ұшып кеткен ата-бабаларының рухына арнап қымыз, ағарған тамақтарды сый-сипаттар түрінде беріп, жылқыны құрбандыққа шалған.

Әрбір сеоктың (сүйек, ру) мүшелері ата-бабаларының қайғысына құрбандық шалып, дұға жасап, аңшылықта сәттілік немесе аурудан айығуды сұраған. Тубалар мен Челкандар арасында аңшылар күзде, аңшылық маусымы басталмай тұрып, осы мақсатқа бақсы шақырып, ата-баба тауына арнайы дұға жасаған. Бақсы ата-баба тауына арнайы сөз айтып, аңшыға аңшылықта сәттілік тілеп, ата-баба тауының орналасқан жеріне құрбандық шалған. Ата-баба тауына оның шыңынан бастап, айналасындағы жоталары, өзендер, бұлақтар, тауда мекендеген жабайы аңдар мен қастерлі таудың іргесінде жатқанның бәрі кірген (Каланчина, 2018: 367).

Ата-баба тауларында оқылатын дұғалардың негізгі мақсаты ата-баба тауларының аруақтарынан табиғаттың апаттарынан қорғану, рудың өмірлік күшін одан әрі күшейту және одан малдарына жақсылық сұрау болып табылған. Оған нақты дәлел Күйлі үңгірінде бес мың жыл бойы киелі ғұрыптар жүргізілуі және жартастар мен тастарда негізінен жануарлар мен антропоморфтық тіршілік иелері бейнеленген 100-ден астам суреттер бола алады. Бұл артефактілер аңшылықтың табысты жүруіне дұға жасайтын қасиетті орынға арналғанын көрсетеді. Таудың қамқоршы рухына арналған қыш ыдысқа от жағып, оған салт-дәстүрлік ас әзірлеген (Каланчина, 2018: 371).

Солтүстік Алтай аңшылары аң аулауға бара жатып, биік жоталарды кесіп өткен кезде қысқа үзіліс жасап, ең тауларға су аралас талқан себуді ұмытпаған. Аңшылық кезінде де таудың иесіне күн сайын құрбандық шалып, оған қайнатылған ет кесектерін лақтырып, шай мен сорпаны шашып тұрған. Егерде аңшы ірі аңды атып алса, онда оның бір кесек етін тұзсыз

асып, оның таудың иесіне сыйға тартқан. Аңшылар өздерінің азығына жететін аңдарды атып алған. Егерде аңдарды көбірек өлтірсе онда таудың иесі қаһарын төгіп, түрлі дерттерді жібереді деп қорыққан.

Сонымен қатар, бірінші өлтірілген ірі жануар етінің бір бөлігі «тау иесіне» құрбандық ретінде әкелінген. Ал егерде бұғы атып алынса, онда міндетті түрде оның жүрегі тауға құрбандыққа шалынған. Осындай қарапайым тауға құрбандық шалудың барлығын қарапайым аңшылар бақсылардың көмегінің өз бетінше жасағандықтан алтайлықтардағы тау культінің қалыптасуы шамандықтан да ертерек екенін аңғартады (Потапов, 1946: 149). Аңыз бойынша, Алтын тауында Ұлгеннің алтын тағы тұрған және ол дүниені жаратқан соң осы тауда демалған. Мифтерде бұл тау «аспаннан ілулі тұрған және жерге адамның тізесіне дейін жетпеген» (Сағалаев, 1992: 63).

Алтай халқының дәстүрлі дүниетанымында табиғаттың әрбір құбылысы мен затының өзіндік рух иесі бар деп есептеген. Жердің иесі, Судың иесі, Тайғаның иесі және тағы басқа. Тайғаның иесі аңдардың қожайыны болғандықтан аңшылар аңға шықпас бұрын Тайғаның иесін тыныштандыру үшін және одан табысты олжа алу мақсатында түрлі рәсімдер жасаған. Аңшылар тек Тайғаның иесі рұқсат берсе ғана аң аулай аламыз деп есептеді. Тіпті ең кішкентай аңды да соның рұқсатымен ғана ұстай алды (Потапов, 1929: 125). Рәсімдер үйде немесе тауға барар жолда жасалса, қасиетті асуларда дұғалар жасалды. Зерттеуші Потапов тайгалық алтайлықтар асуларда тау иелерін талқанмен тамақтандырған (Потапов, 1946: 146.).

Түркілердің қағандары да үнемі Алтайдағы «ата-бабаларының үңгірінде» құрбандық шалып отырған (Алтайцы, 2014: 48).

Көк-Тәңірге құрбандық шалу рәсімдері киелі деп танылған тауда өткізілген. «Қасиетті», «алғашқы баба», «ұлы қаған» деген мағына беретін таулар – Хан Тәңірі, Бұзтағ Ата сияқты атауларымен ерекшеленеді. Қытай деректері бойынша, көктүріктерге қатысты Гутлу тауы «Жер тәңірінің атымен аталған» деп көрсетілген. Көктүрік қағаны Отукен тауына барып билік құрған.

Ал «Чжоу-шу» жылынамасында көне түріктер туралы былай делінген: «Жыл сайын қаған ақсүйектерді ата-баба үңгіріне бастап барып, құрбандық шалған, ал бесінші айдың орта онкүндігінде Тамир өзеніне (Селенгінің бастауында) жиналып, Көкке құрбандық шалған» деп жазылады (Liu Mau-tsai, 1958: 42, 458).

Буряттар бүгінгі күнге дейін Шыңғыс ханның есімімен байланысты аңызға айналған Угутэрэ мен Барун-Хандагай өзендерінің аралығындағы көлемі 8х6х1,5 м болатын алып жартасқа құрметпен қарап, ол халық арасында «Чингис хаанай шэрээ» немесе «Чингисэй шэрээ» («Шыңғыс ханның үстелі/тақтары») деп аталады. Аңыз бойынша, ұлы империяның болашақ негізін қалаушы Шыңғысхан осы киелі тастың қасында қарсыластарын жеңу үшін аласа таудың шыңына шығу арқылы Көкке – Жоғарғы тәңірге жалбарыну рәсімін міндетті түрде орындаған (Бимендиев, 2015: 77).

Рашид ад-Дин бұл рәсімді былай сипаттайды: «Шыңғыс хан Қытай иеліктеріне жорық жасап, Алтан ханға қарсы соғысқа шыққанда, әдетінше жалғыз өзі төбенің басына көтеріліп, белдігін шешіп, оны мойнына іліп, тізерлеп тұрып былай деді: «О, Мәңгілік Жаратушы! Сен білесің: бүлікті өршітуші де, жанжалдың бастауын салушы да Алтын хан. Ол татар тайпалары жазықсыз Укин-Баркак пен Хамбакай-қағанды тұтқындап, оған тапсырған кезде ол оларды өлтірді. Олар менің әкем мен атамның туыстары болатын, мен тек олардың қаны үшін кек алғым келеді. Егер сен менің пікірімді әділ деп санасаң, маған жоғарыдан күш пен күдіретті көмек жібер, перілер мен періштелерді, адамдарды менің көмекшім қыл!» Шыңғыс хан шынайы кішіпейілділікпен бұл жалбарынуды айтып болған соң, атына қонып, жорыққа аттанды. Өзінің әділдігі мен адал ниетінің арқасында ол Алтын ханды жеңді. Алтын хан – аса қуатты, ұлы билеуші, әскер саны мен жер көлемінде шексіз иелік еткенімен, Шыңғыс хан оны да, оның жерін де, балаларын да өзінің билігіне қаратты» (Рашид ад-дин, 1952: 263).

Түркістанды жаулап алар алдында Шыңғыс хан да төбенің басына шығып, белдігін мойнына іліп, басын жалаңаштап, жерге маңдайын тигізіп үш күн бойы мінәжәт етті. Ол: «О, ұлы Жаратушы! О, түріктер мен тазиктердің Жаратушысы! Мен бұл бүліктің бастаушысы

емеспін, маған кек алу үшін өз жәрдеміңмен күш бер!» деп жалбарынды. Осыдан кейін ол бойынан қуат пен жеңістің белгісін сезіп, сергек әрі шат көңілмен таудан түсіп, соғысқа дайындықты түбегейлі жүргізуге бел буды (Рашид ад-дин, 1952: 189).

Т.Д. Скрынникова фольклорлық материалдарға сүйене отырып, батырдың тауға көтерілуі мен ғұрыпты орындауы «харизманың тұтануына» алып келеді деп атап көрсетеді (Скрынникова, 2013: 199–200).

Әсіресе ежелгі түркілердің кезінде-ақ алтайлықтар тас үйінділерді қастерлеу дамыған. Алтай мәдениетінде дәстүр бойынша әр жолаушы жол бойында, асулардың, өткелдердің, киелі жерлер мен өткелдердің басына тау иесі-рухының құрметіне тастарды үйіп жинаған және оны оба /обоо таш/ уле деп атаған. Зерттеушілердің пайымдауынша, оба жасау ғұрпы ежелгі түркі дәуірінен бастау алады. Оның шығу тегі Алтай халқының бақсылыққа дейінгі сенімдермен байланысты туып, онда алтайлықтар жергілікті жерлердің иесін сый-сияпатпен тыныштандырған. Оның мақсаты асудан, өзеннен аман-есен өту, аңшылықтан олжалы оралу, отбасын және басқаларды қауіптерден қорғаудан тұрған. Оба термині біздің дәуіріміздің VII ғасырына жататын көне түркі руникалық жазбасында кездеседі (Кляшторный, 1964: 52–53).

К.Ф. Ледебур мен А.А.Бунге обаны былай деп сипаттайды: «Адамның биікке шығуына мүмкіндік жасағаны үшін тауға алғыс ретінде әрбір биік тауға тастар үйіліп, оған шүберек пен жылқының қылы бар таяқтарды қадап кететін» (Вербицкий, 1993: 61–62.). «Барлық қорғандарды оба деп, - анықтама береді Ш. Уәлиханов, - ол топырақ үйілген төбешіктер. Құлантыдағы сыңарланған өскен ағаш болсын немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналған. Ондай қасиетті жерлерге түнегенде немесе жанынан өтіп бара жатқанда, адамдар шүберек, аттың қылын байлайды, ыдыс-аяқ қойып, әулиеге арнап садақаға мал сойған» (Уәлиханов, 2013: 80).

Бурнаков хакастар оба терминін аруақтардың құрметіне таулардағы тас қорғандарды ғана емес, үйінді тастарды да белгілеу үшін қолданғанын атап өтіп (Бурнаков, 2006: 24), Оба культінің жүйесінде «киелі таудың микромоделін білдіріп, өз кезегінде ғаламның үлгісі ретінде қызмет еткен» (Абаева, 1991: 70).

Оба асуларға, киелі таулардың басына, өзендер мен көлдердің жағалауларына, бұлақтардың жанына, яғни алтайлықтар қастерлейтін жерлерге салынды. Бұл жерлерден өткен әрбір адам осы жерлердің қожайындарының рухтарына құрмет белгісі ретінде құрбандық шалғандай тас қойып кетіп отырған. Уақыт өте келе бұл жерде тастар мен бұтақтардың үлкен үйіндісіне айналған. Тастарды үйгеннен басқа киелі жерлерге маталардың қималарын байлаған, егерде жолаушыларда қималар болмаса онда оның орнына жылқының қылын байлап кеткен (Муйтуева, 1996: 131). Әдетте, оба үшін үйілетін тастар адамдар бармайтын жерлерден алынған. Зерттеуші Потапов кейде садақтың жебелерін таудың иесіне сыйға тартатынын атап өтеді (Потапов, 1946: 146.). Ал Алтай шаманизмін зерттеуші А.В. Анохин өз еңбегінде обаның жанынан жолаушының кейпіне енген сол аймақтың рух иесін кездестіруге болатынын жазады (Анохин, 1994: 147.).

Обалар төбенің күн шығатын жағына салынған. Өйткені обалар өмірмен байланыста тұрады деп сенген. Обаның әрбір тасы киелі таулардың басынан арнайы әкелінді. Ол тастар дұға жасайтын орындарда біржола қалған, оларды алып тастауға немесе өзімен бірге алып кетуге тиым салынған.

Обаның келесі бір атауы – уле деп аталған. Ол ағаш өспейтін биік таулы аймақтарда тас үйіндісінен қаланып оған ағаш бақан қадалды. Бақанға қималар байланып, киелі ағаш қызметін атқарды. Уле атауы үлес сөзінен шығып, «бөлісу» немесе Алтайдың иесімен «азық-түлікті тең бөлісу» ұғымын білдірген. Бұл дәстүр қазіргі аңшылар арасында сақталған, аң аулағаннан кейін олжа бәріне бірдей бөлінген.

Тауға табыну ежелгі түркілерде ғана емес көне қытайлықтарда орын алып, оларда ең жоғары дәрежелі құдай – Шан-ди дүниеге келген. Осыған байланысты ежелгіқытайлықтардың наным-сенімінде де тау культі өте маңызды рөл атқарып, таулар ата-бабалардың мекені ретінде қастерленіп, тотемге айналады және Қытайдың тауды қастерлеу дәстүрінде әлеуметтік маңызы жағынан Хэншан, Хуашань, Хэньшань, Тайшан, Соншан секілді таулар көне

қытайлық тайпаларды бір орталыққа біріктіруде маңызды рөл атқарады (Батомункуева, 2019: 49).

Әсіресе осы бес тау мен оның шыңдары киелі рухтардың қатарына кіріп, бағыттары бойынша: Шаньсидегі Хэньшань – солтүстіктің, Шэньсидегі Хуашань – батысты, Хунаньдағы Хэншань – оңтүстікті, Шаньдундағы Тайшань – шығысты, Хэнаньдағы Соншань – орталықты белгілеген. Тайшань тауының киесі адамның өміріндегі – дүниеге келу мен ажалды, байлық пен атақ-даңқты бөлуді, оңтүстіктің киесі – жұлдыздар мен су жануарларын, орталықтың киесі – жер, су, өсімдікті, батыстың киесі – металдарды, солтүстіктің киесі – жануарларды басқарады деп есептелді (Батомункуева, 2011: 256).

Осы таулардың ішінде ежелгіқытайлық әулеттердің билеушілері Тайшань шыңын ерекше қастерлеп, тауға барып құрбандық шалып, әулеттердің табысы мен амандығы үшін алғыс айтқан. Жалпы халық тауға құрбандық шалған кезде одан құрғақшылықтан құтылу мақсатында жаңбыр сұраса, біреулері егіннің бітік шығуын тіледі, ал кейбіреулері қазіргі өмірлеріне шүкіршілік етті. Уақыт өткен сайын көне қытайлар тауға деген құрметін күшейтіп, оларға әртүрлі храмдар, ғибадатханалар, тас аркалар, тақталар, баспалдақтар, ата-бабаларының мүсіндерін салып, тау құдайын ұлық деп мойындады (Элиаде, 1994: 67). Осы таудың семантикасы да ата-бабының шыңы (тай-атай, шан-шың. Автор.) дегенді білдіріп тұр. Тайшань тауының төменгі қабатын ақыреттің жер асты әлеміне кіретін есік ретінде көрді. Олардың нанымдары бойынша онда өлген адамдардың рухы Көктегі ата-бабаларына бару үшін алдымен осы әлемге барып сынақтан өткен.

принадлежности данной национальности к известной религии, то есть, русских к православию, поляков к католичеству, турецко-татарских народностей к магометанству и т.п.» (Первая Всеобщая перепись, 1904: 13). Это наблюдение в целом подтверждается результатами анализа, отражающими устойчивую связь между этнической и конфессиональной идентичностью населения региона.

Сословный состав населения Тургайской области по данным Всеобщей переписи населения 1897 года демонстрировал ярко выраженную специфику, отличавшую регион от губерний центральной России. Абсолютное большинство населения (более 91%) составляли инородцы (так по переписи обозначали сословную принадлежность казахов) — 413 516 человек, в основном казахи, сохранявшие традиционный правовой статус, закреплявший их особое положение в административной системе империи. Крестьяне (17 647 человек, или около 3,9%) представляли переселенческое население, преимущественно выходцев из европейских губерний, занимавшихся земледелием в северных уездах. Мещанское сословие (2 659 человек, 0,6 %) концентрировалось в уездных центрах и выполняло функции ремесленно-торгового слоя, тогда как дворянство и чиновничество (613 человек и 0,1 %) составляли административно-управленческое ядро области, представляя интересы имперской власти.

Данные переписи о распределении населения по родам занятий отражают двойственность экономической структуры региона. Около 86% занятого населения (390 565 человек) относилось к категории «производство и добывание питательных продуктов», что указывает на аграрно-сырьевой характер экономики. При этом наблюдалось отчетливое этносоциальное разделение труда: казахское население сохраняло доминирование в сфере кочевого скотоводства, в то время как славянские переселенцы были связаны с оседлым земледелием, административной службой и ремеслами. Таким образом, социально-профессиональный облик Тургайской области конца XIX века сочетал черты традиционного кочевого хозяйства и зарождающегося оседлого сельскохозяйственного уклада, формируя основу для будущей трансформации социальной структуры региона под воздействием колонизационной и модернизационной политики Российской империи (Первая Всеобщая..., 1904: 20–21).

Тенденция приобщения казахского населения к земледелию отчетливо прослеживается в материалах Всеобщей переписи населения 1897 года. Согласно её данным, 18 067 казахов занимались земледелием и существовали преимущественно за счёт этого вида хозяйственной деятельности (Жаркенова, 2015, с. 6).

Уровень развития образования и грамотности в Тургайской области на 1897 год был крайне низок, что является важной социально-экономической характеристикой. Общий уровень грамотности: общее число грамотных лиц в области, достигших 10 лет и старше, составляло лишь 2,7% среди мужчин и 0,14 % среди женщин.

Грамотность среди основного населения – киргизов (инородцев) – была минимальной: всего 984 мужчины и 79 женщин были признаны грамотными. Следует учитывать, что данные Всеобщей переписи населения 1897 года отражали уровень грамотности лишь среди лиц, владевших «русской грамотой» (т.е. умеющих читать и писать на кириллице). При этом в переписных материалах не учитывалось население, владевшее письмом на арабской графике и использовавшее төте-жазу, распространённые среди казахского населения. В результате статистические показатели грамотности оказались значительно выше среди русского и малорусского (украинского) населения, получившего образование на кириллической основе. Именно по этой причине в большинстве дореволюционных и советских исследований, в частности в работах Н.В. Алексеенко (Алексеенко, 1980), отмечалось, что более высокий уровень образования был характерен преимущественно для оседлого населения европейских этносов, получившего начальное обучение в школах кириллического типа. Большинство грамотных лиц имели лишь начальное образование. Более высокие уровни грамотности наблюдались в городах (особенно в Кустанае), которые служили административными и торговыми центрами.

Уровень грамотности (на кириллице) среди православных был несоизмеримо выше, чем среди мусульман. В городах грамотными были 24,4 % православных и лишь 5,16 % магометан. В уездах (т.е. в сельской и кочевой местности) разрыв был еще более разительным: 11,45 % у православных против 1,32 % у магометан. Это отражало как концентрацию образовательных учреждений в городах и переселенческих поселках, так и специфику занятий (административная служба, торговля), требовавших грамотности.

Данные статистических источников позволяют выявить географические направления переселенческих потоков из российских губерний в Тургайскую область, визуализированные на рисунке 6.




Рисунок 6 – Количество переселенцев, прибывших в Тургайскую область из основных губерний Российской империи по данным Всеобщей переписи населения 1897 года

[Figure 6 – Number of migrants who arrived in the Turgay Region from major provinces of the Russian Empire according to the 1897 All-Russian Census]

Неместные уроженцы (переселенцы) формировали около 10 % населения и представляли преимущественно выходцев из европейской части Российской империи. Наибольшее количество мигрантов прибыло из Самарской губернии (8 239 человек), Оренбургской губернии (7 456 человек), Воронежской губернии (2 363 человека) и т.д. Их присутствие связано с реализацией государственной переселенческой политики, направленной на освоение земель Степного края и укрепление административно-экономических позиций империи.

Отдельно перепись фиксирует присутствие иностранных подданных — 350 человек, среди которых преобладали выходцы из Бухары (221 человек) и Хивы (97 человек). Это указывает на наличие торгово-экономических связей Тургайской области со Средней Азией и устойчивость трансрегиональных контактов конца XIX века.

Анализ основных занятий населения демонстрирует определенные тенденции, зарождающиеся во второй половине XIX века. Несмотря на то, что для 86,14 % населения животноводство было основным занятием, число казахов, обеспечивающих себя земледелием, составляло 18 067 человек, что говорит о постепенном переходе казахов к оседлости. Данный переход проходил плавно, так как земледелие для казахов было «подспорьем к своему кочевому хозяйству, что не позволяет уже делать им большие перекочёвки и, таким образом, является переходной стадией от кочевой жизни к оседлой» (Первая всеобщая перепись, 1904: 11).

Заключение

Проведённый анализ социально-демографических и этнокультурных характеристик Тургайской области по материалам Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года позволяет выявить комплекс характеристик, определяющих специфику региона на рубеже XIX–XX веков. Полученные данные демонстрируют сочетание традиционных форм

общественной организации с элементами социально-экономической трансформации, вызванной колониационной политикой имперского центра.

Демографическая структура области характеризовалась низкой плотностью населения, значительной территориальной неравномерностью расселения и преобладанием молодого возраста в общей численности жителей. Наиболее населёнными были Кустанайский и Актюбинский уезды, где концентрировалось около 60% населения, что связано с природно-географическими условиями и возможностями ведения земледелия. В то же время обширные южные и восточные районы, где проживало преимущественно кочевое казахское население, оставались малозаселёнными.

Этническая структура области демонстрировала доминирование коренного населения: свыше 90 % населения составляли казахи, при незначительном присутствии славянских, татарских, башкирских и финно-угорских групп. При этом наблюдалось устойчивое этносоциальное разделение труда: казахи традиционно занимались кочевым скотоводством, а переселенцы из европейской части России осваивали земледельческие территории, формируя новые экономические центры.

Сословная структура региона демонстрировала ярко выраженное преобладание инородцев (более 91 %), представленных коренным казахским населением, сохранявшим особый юридический статус в системе имперского законодательства. Остальные сословия — крестьяне, мещане, дворянство и чиновничество — формировали социальное и административное ядро колониальной власти.

Анализ миграционных данных свидетельствует о начале систематического переселенческого движения в регион. Около 10% от населения всей Тургайской области составляли переселенцы, главным образом выходцы из Самарской, Оренбургской и Воронежской губерний. Эти миграционные потоки носили целенаправленный аграрно-колониационный характер и отражали стремление имперского центра к хозяйственному освоению и административной интеграции степных территорий.

Социально-экономическая структура занятости населения подтверждает аграрно-сырьевую направленность экономики: более 86 % жителей были заняты в сфере производства и добывания продуктов питания, что свидетельствует о сохранении преимущественно натурального, скотоводческого уклада.

Таким образом, по совокупности показателей Тургайская область конца XIX века предстает как регион, находившийся на переломном этапе исторического развития. Перепись 1897 года зафиксировала столкновение двух социально-хозяйственных миров — традиционного кочевого и оседлого земледельческого. Эта трансформация стала основой формирования новых экономических, культурных и этноконфессиональных взаимодействий, определивших специфику исторической динамики региона в последующем столетии.

References

- Alekseenko, 1981 — Alekseenko, N.V. (1981). *Naselenie dorevolutsionnogo Kazakhstana (chislennost', razmeshchenie, sostav, 1870–1914 gg.)* [The Population of Pre-Revolutionary Kazakhstan (number, distribution, composition, 1870–1914)]. Alma-Ata: Nauka KazSSR. 112 p. (In Russ.).
- Asylbekov, Galiev, 1987 — Asylbekov, M.Kh., Galiev, A.B. (1987). *Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane* [Socio-demographic processes in Kazakhstan]. Alma-Ata. 170 p. (In Russ.).
- Bekmakhanova, 1986 — Bekmakhanova, N.E. (1986). *Mnogonatsional'noe naselenie Kazakhstana i Kirgizii v epokhu kapitalizma (60-e gody XIX v. – 1917 g.)* [The Multinational Population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in the Era of Capitalism (1860s–1917)]. Moscow: Nauka. 245 p. (In Russ.).
- Zharkanova, 2015 — Zharkanova, A.M. (2015). *Sotsial'no-demograficheskoe razvitie naseleniya Kazakhstana po itogam perepisei 1897 i 1939 gg.: istoriko-komparativnyi analiz* [Socio-Demographic Development of the Population of Kazakhstan Based on the 1897 and 1939 Censuses: A Historical-Comparative Analysis]. Astana: TOO “Tipografiya master PO”. 203 p. (In Russ.).
- Zharkanova, 2017 — Zharkanova, A.M. (2017). *Sotsial'no-demograficheskoe razvitie naseleniya Severnogo Kazakhstana vo vtoroi polovine XIX – nachale XXI vv.* [Socio-demographic development of the population of Northern Kazakhstan in the second half of the 19th – early 21st centuries]: Abstract of Doctoral Dissertation (History). Minsk. 49 p. (In Russ.).

Kalieva, 2009 — Kalieva, K.S. (2009). *Perepisi naseleniya kak istochnik dlya izucheniya narodonaseleniya Kazakhstana 1897–1926 gg.* [Population Censuses as a Source for the Study of the Population of Kazakhstan, 1897–1926]: Candidate of Historical Sciences Dissertation. Barnaul. 192 p. (In Russ.).

Krasnobaeva, N.L. (2004). *Naselenie Kazakhstana v kontse XIX — pervoi chetverti XX veka: dis. ... kand. ist. nauk* [The Population of Kazakhstan in the Late 19th – First Quarter of the 20th Century: PhD Dissertation in History]. Barnaul. 233 p. (In Russ.).

Lobysevich, 1871 — Lobysevich, F.I. (1871). *Turgaiskaya oblast' i ee ustroistvo* [The Turgay Region and its Administrative System]. *Voennyi sbornik*, (4). (In Russ.).

Obzor Turgaiskoi oblasti, 1871 — *Obzor Turgaiskoi oblasti za 1871 god* [Review of the Turgay Region for 1871]. Orenburg: Turgayskii oblastnoi statisticheskii komitet. [55] p. (In Russ.).

Obzor Turgaiskoi oblasti, 1883 — *Obzor Turgaiskoi oblasti za 1883 g.* [Review of the Turgay Region for 1883]. Appendix to the Report of the Military Governor. Orenburg: Tipografiya B.A. Breslina, 1884. 55 p. Available at: <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1381/887> (accessed 30.09.2025). (In Russ.).

Pervaya vseobshchaya perepis', 1904 — *Pervaya vseobshchaya perepis' naseleniya Rossiiskoi imperii 1897 goda. LXXXVII. Turgaiskaya oblast'* [First General Census of the Population of the Russian Empire, 1897. Vol. LXXXVII: The Turgay Region]. St. Petersburg: Tsentral'naya tipolitografiya M.Ya. Minkova. 103 p. (In Russ.).

Rossiya, 1913 — Rossiya. *Geograficheskoe opisanie Rossiiskoi imperii po guberniyam i oblastyam s geograficheskimi kartami* [Russia. Geographical Description of the Russian Empire by Provinces and Regions with Maps]. St. Petersburg, 1913. 286 p. Available at: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B0%D0%B9%D0%BB:Map_of_Turgai_Oblast,_1913.gif (accessed 19.10.2025). (In Russ.).

Samarkin, 2010 — Samarkin, S.V. (2010). *Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Severnom Kazakhstane v kontse XIX – pervoi chetverti XX veka* [Socio-demographic processes in Northern Kazakhstan in the late 19th – first quarter of the 20th century]: Candidate of Historical Sciences Dissertation. Karaganda. 180 p. (In Russ.).

<https://doi.org/10.31489/2025hph1/206-221> <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1381/887> Saktaganova, Utegenov, Shukeeva, 2025 — Saktaganova, Z.G., Utegenov, M.Z., Shukeeva, A.T. (2025). Social and ethno-demographic characteristics of the population of Akmola Region based on the materials of the First All-Russian Census of 1897. *History & Philosophy Vestnik*, (1), pp. 206–221. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025hph1/206-221>. Available at: <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1381/887> (accessed 30.09.2025).

<https://www.gramota.net/issue/mns.2020.13.3> Skopa, 2020 — Skopa, V.A. (2020). *Perepisnye kampanii v Stepnom Kazakhstane vo vtoroi polovine XIX — nachale XX veka: osobennosti organizatsii i spetsifika provedeniya* [Census Campaigns in Steppe Kazakhstan in the Second Half of the 19th — Early 20th Century: Organizational Features and Specifics]. Gramota (Tambov). Available at: <https://www.gramota.net/issue/mns.2020.13.3> (accessed 12.10.2025). (In Russ.).

Tillo, 1873 — Tillo, A.A. (1873). *Pervaya narodnaya perepis' v Kirgizskoi stepi* [The First Population Census in the Kyrgyz Steppe]. *Zapiski Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva*, Vol. IX, No. 12, 20 p. (In Russ.).

Troinitskii, Petrovskii, 1893 — Troinitskii, N.A., Petrovskii, A.N. (1893–1896). *Volosti i naselemnye mesta 1893 goda. Turgaiskaya oblast'* [Volosts and Settlements of 1893. The Turgay Region]. St. Petersburg: Izdanie Tsentral'nogo statisticheskogo komiteta Ministerstva vnutrennikh del. 37 p. (In Russ.).

Литература

- Алексеев, 1981 — Алексеев Н.В. *Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914 гг.)*. Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. 112 с.
- Асылбеков, Галиев, 1987 — Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане. Алма-Ата, 1987. 170 с.
- Бекмаханова, 1986 — Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). Москва: Наука, 1986. 245 с.
- Жаркенова, 2015 — Жаркенова А.М. *Социально-демографическое развитие населения Казахстана по итогам переписей 1897 и 1939 гг.: историко-компаративный анализ: монография*. Астана: ТОО «Типография мастер ПО», 2015. 203 с.
- Жаркенова, 2017 — Жаркенова А.М. Социально-демографическое развитие населения Северного Казахстана во второй половине XIX – начале XXI вв.: автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Минск, 2017. 49 с.
- Калиева, 2009 — Калиева К.С. *Переписи населения как источник для изучения народонаселения Казахстана 1897–1926 гг.: дис. ... канд. ист. наук*. Барнаул, 2009. 192 с.
- Краснобаева, 2004 — Краснобаева Н.Л. Население Казахстана в конце XIX – первой четверти XX века: дис. ... канд. ист. наук. Барнаул, 2004. 233 с.
- Лобысевич, 1871 — Лобысевич Ф.И. Тургайская область и её устройство // *Военный сборник*. 1871. № 4.
- Обзор Тургайской области, 1871 — Обзор Тургайской области за 1871 год [Текст]. Оренбург: Тургайский областной статистический комитет, 1871. [55] с., табл. Литогр. Казахстанская ұлттық электронды кітапханасы.
- Обзор Тургайской области, 1883 — Обзор Тургайской области за 1883 г. Приложение к всеподданнейшему отчёту Военного губернатора. Оренбург: Типография Б.А. Бреслина, 1884. 55 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1381/887> (дата обращения: 30.09.2025).
- Первая всеобщая перепись, 1904 — Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года. LXXXVII. *Тургайская область*. СПб.: Центральная типолитография М.Я. Минкова, 1904. 103 с.
- Россия, 1913 — Россия. Географическое описание Российской империи по губерниям и областям с географическими картами. Санкт-Петербург, 1913. 286 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B0%D0%B9%D0%BB: Map_of_Turgai_Oblast,_1913.gif (дата обращения: 19.10.2025).
- Сактаганова, Утегенов, Шукеева, 2025 — Сактаганова З.Г., Утегенов М.З., Шукеева А.Т. Social and ethno-demographic characteristics of the population of Akmola Region based on the materials of the First All-Russian Census of 1897 // *History & Philosophy Vestnik*. 2025. № 1. С. 206–221. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025hph1/206-221> (дата обращения: 30.09.2025).
- Самаркин, 2010 — Самаркин С.В. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века: дис. ... канд. ист. наук. Караганда, 2010. 180 с.
- Скопа, 2020 — Скопа В.А. Переписные кампании в Степном Казахстане во второй половине XIX – начале XX века: особенности организации и специфика проведения // *Грамота. Тамбов*, 2020. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.gramota.net/issue/mns.2020.13.3> (дата обращения: 12.10.2025).
- Тилло, 1873 — Тилло А.А. Первая народная перепись в Киргизской степи // *Записки Императорского Русского географического общества*. 1873. Т. IX. № 12. 20 с.
- Тройницкий, Петровский, 1893 — Тройницкий Н.А., Петровский А.Н. *Волости и населённые места 1893 года. Тургайская область*. СПб.: Издание Центрального статистического комитета Министерства внутренних дел, 1893–1896. 37 с.

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1735-1749, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1735-1749

THE PRODUCTIVE WORK OF BALZHAN BOLTIRIKOVA DURING HER DIPLOMATIC SERVICE AT THE UNITED NATIONS

Sydykov Erlan Battashevich¹, Sailaubay Erlan Ernazarovich², Duysen Seitkali Zhakhiyauly³

¹National Congress of Historians' public association
(2, K. Satpayev Str., Astana, Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK
<https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>. E-mail: rector@enu.kz

² 'History of the Country' Research Center of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(95, Korday, Astana, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
<https://orcid.org/0000-0003-1662-2997>. E-mail: alashorda100@mail.ru

³“History of the People” Research Center of L.N. Gumilyov ENU
(17/1 Al-Farabi Astana, Kazakhstan)
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0002-3275-5294>. E-mail: 20duisen52@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025
© Sydykov E.B., Sailaubay E.E., Duysen S.Zh., 2025

Abstract. Introduction. The article analyzes the active work of the first Kazakh female diplomat, Balzhan Bultyrikova, who first worked at the UN, the most prestigious international organization in the world, as Minister of Foreign Affairs of Soviet Kazakhstan in the 60s of the XX century as part of the diplomats of the Soviet Union. For a deeper study of this topic, it becomes necessary to refer to various historical data and materials. In this sense, a special place is occupied by the records of representatives of Soviet diplomacy of that time and the records of B. Bultyrikova, stored in the republican archive. This is due to the fact that the records of Soviet diplomats provide valuable data for understanding the essence of the USSR's foreign policy during the period under review. It is important to identify the historical reliability of the data, reveal the true nature of conflicts of interest between the UN member states at that time and show how a Kazakh diplomat intervenes in this process, although this is of great scientific importance in assessing the overall historical development of the region, and also contributes to understanding how this happens at the level of this international organization. As a result of attempts to show the equal level of the union republics within the USSR in connection with the geopolitical conditions prevailing between the capitalist and socialist systems of that time, the leader of Kazakh diplomacy, B. Bultyrikova, as an authoritative member of the USSR diplomacy, provides important information about some ways of active work pursuing the interests of his state. *Goals and objectives.* To show the professional skills and abilities of a Kazakh female diplomat in the delegation of the Soviet Union in the 60s of the XX century and the positive assessment of its results by the Ministry of Foreign Affairs of the USSR and modern Kazakh historical

science; to draw attention to the worthy place of this event as a historical source in the study of the history of Kazakh diplomacy. *Results.* In the article, having studied the works of both world and modern Russian experts in the field of international relations, the true direction, essence, features and nature of the USSR's activities in the UN at that time and the small contribution of B. Bulyrkova to this process were revealed. *Conclusion.* In the 60s of the XX century, the delegation of the Soviet Union used archival data on the diplomatic service of a Kazakh female diplomat, memoirs and notes of specialists in the field of Soviet-Russian international relations and foreign policy, as well as records of representatives of modern Kazakh diplomacy as an important source. The analysis of the historical significance and reliability of these data will serve as a starting point for studying the activities of a Woman in the UN, the first Kazakh diplomat of the Soviet period.

Keywords: Third Committee of the UN General Assembly, High Commissioner for Human Rights, Diplomacy, Diplomatic methods, A.A. Gromyko, Henry Kissinger, Kazakh SSR, Deputy Chair of the Council of Ministers of the KazSSR, Minister of Social Protection, Minister of Foreign Affairs of the KazSSR, Minister of Education

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the program-targeted financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Comprehensive interdisciplinary study of the intellectual history of the 20th - first quarter of the 21st centuries based on the analysis of the works of Kazakh historians and writers» (Registration number BR28713085).

For citation: Sydykov E.B., Sailaubay E.E., Duysen S.Zh. The productive work of Balzhan Boltirikova during her diplomatic service at the United Nations // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1735-1749. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1735-1749

БАЛЖАН БӨЛТІРКОВАНЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНА ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ІССАПАРЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ ТИІМДІ ЖҰМЫСТАРЫ

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы¹, Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы², Дүйсен Сейітқали Жахияұлы³

¹«Тарихшылардың Ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігі

(2, Қ. Сәтпаев көш., Астана, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

<https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>. E-mail: rector@enu.kz

²Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы

(87, Қордай көш., Астана, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты

<https://orcid.org/0000-0003-1662-2997>. E-mail: alashorda100@mail.ru

³Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы

(17/1, Әл-Фараби көш., Астана, Қазақстан)

Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

<https://orcid.org/0000-0002-3275-5294>. E-mail: 20duisen52@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сыдықов Е.Б., Сайлаубай Е.Е., Дүйсен С.Ж., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада ХХ ғасырдың 60-шы жылдары Кеңес Одағының дипломаттары құрамында кеңестік Қазақстанның Сыртқы істер министрі құрамында әлемдегі ең беделді халықаралық ұйым - БҰҰ-да алғаш жұмыс жасаған қазақтың тұңғыш әйел-дипломаты Балжан Бөлтірікованың белсенді қызметі талданады. Аталған тақырыпты тереңірек зерттеу үшін түрлі тарихи деректер мен материалдарға жүгіну қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан сол кездегі кеңестік дипломатия өкілдерінің тақырыпқа қатысты жазбалары мен Б.Бөлтірікованың республикалық архивте сақталған жазбалары ерекше орынға ие. Себебі кеңестік

дипломаттардың жазбалары қарастырылып отырған кезеңдегі КСРО-ның сыртқы саясатының мәнін түсінуге құнды мәліметтер береді. Бұл деректердің тарихи шынайылығын анықтау, сол кезеңдегі БҰҰ-на мүше мемлекеттер арасындағы мүдделер қайшылықтарының шынайы сипатын ашу және аймақтың жалпы тарихи дамуын бағалаудағы ғылыми маңызы зор, сонымен қатар аталған халықаралық ұйым деңгейінде қалай жүргенін түсінуге септігін тигізетінімен, осы процеске қазақ дипломатының да араласуын көрсету де маңызды. Сол кездегі капиталистік және социалистік жүйе арасында қалыптасқан геосаяси жағдайларға байланысты КСРО құрамындағы одақтас республикалардың тең дәрежелі деңгейін көрсетуге ұмтылушылық әрекеті нәтижесінде қазақстандық дипломатия жетекшісі ретінде Б.Бөлтірікованың КСРО дипломатиясының беделді мүшесі ретінде өз мемлекетінің мүддесін көздеген белсенді жұмысының кейбір тәсілдері туралы маңызды мәліметтер береді. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* - XX ғасырдың 60-шы жылдары Кеңес Одағының делегациясы құрамындағы қазақтың дипломат әйелінің кәсіби іскерлігін, қабілетін және оның нәтижесінің КСРО Сыртқы істер министрлігі тарапынан және қазіргі қазақ тарих ғылымы тарапынан оң бағалануын көрсету; қазақ дипломатиясы тарихын зерделеуде бұл оқиғаның тарихи дерек ретінде лайықты орын алуына назар аударту. *Нәтижелер*. Мақалада әлемдік және солардың қатарында қазіргі ресейлік халықаралық қатынастар саласы мамандарының да еңбектерін зерделей отырып, КСРО-ның сол кездегі БҰҰ-дағы қызметінің шынайы бағыты, мәні, ерекшеліктері мен сипаты және осы процеске Б.Бөлтіркованың аз да болса қосқан үлесі анықталды. *Қорытынды*. XX ғасырдың 60-шы жылдары Кеңес Одағының делегациясы құрамында БҰҰ-ның сессиясында қазақтың дипломат әйелінің дипломатиялық қызметі туралы архивтік деректер мен кеңестік-ресейлік халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат саласы мамандарының естеліктері мен жазбалары, сонымен қатар қазіргі қазақстандық дипломатия өкілдерінің жазбалары маңызды дереккөз ретінде пайдаланылады. Бұл деректердің тарихи мәні мен шынайылығын талдау кеңестік кезеңдегі қазақтың тұңғыш дипломат әйелінің БҰҰ-дағы қызметін зерттеуге мұрындық болады.

Түйін сөздер: БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Үшінші комитеті, Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар, дипломатия, дипломатиялық әдіс-тәсілдер, А.А. Громыко, Генри Киссинджер, Қазақ КСР, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, Әлеуметтік қорғау министрі, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі, Оқу министрі

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR28713085).

Дәйексөз үшін: Сыдықов Е.Б., Сайлаубай Е.Е., Дүйсен С.Ж. Балжан Бөлтірікованың Біріккен Ұлттар Ұйымына дипломатиялық іссапарлары кезіндегі тиімді жұмыстары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1735-1749 бб. (Қаз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1735-1749

ПЛОДОТВОРНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ БАЛЖАН БОЛТИРИКОВОЙ ВО ВРЕМЯ ДИПЛОМАТИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В ОРГАНИЗАЦИИ ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ

Сыдықов Ерлан Батташевич¹, Сайлаубай Ерлан Ерназарович², Дүйсен Сейітқали Жахияулы³

¹Общественное объединение «Национальный конгресс историков»
(ул. К. Сатпаева, 2. Астана, Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК
<https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>. E-mail: rector@enu.kz

²Научно-исследовательский центр «История страны» ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва
(ул. Кордай, 95, Астана, Казахстан)

Кандидат исторических наук

<https://orcid.org/0000-0003-1662-2997>. E-mail: alashorda100@mail.ru

³Научно-исследовательский центр «История народа» ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва

(ул. Аль-Фараби, 17/1, Астана, Казахстан)

Кандидат педагогических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0002-3275-5294>. E-mail: 20duisen52@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сыдыков Е.Б., Сайлаубай Е.Е., Дуйсен С.Ж. 2025

Аннотация. *Введение.* В статье анализируется активная деятельность первой казахской женщины-дипломата Балжана Бултыриковой, впервые работавшей в ООН – самой престижной международной организации мира – в составе министра иностранных дел Советского Казахстана в 60-х годах XX века в составе дипломатов Советского Союза. Для более глубокого изучения данной темы возникает необходимость обращения к различным историческим данным и материалам. В этом смысле особое место занимают записи представителей советской дипломатии того времени и записи Б.Бултыриковой, хранящиеся в республиканском архиве. Это связано с тем, что записи советских дипломатов предоставляют ценные данные для понимания сущности внешней политики СССР в рассматриваемый период. Важно выявить историческую достоверность данных, раскрыть истинный характер конфликтов интересов между государствами-членами ООН в тот период и показать, как казахстанский дипломат вмешивается в этот процесс, хотя это имеет большое научное значение в оценке общего исторического развития региона, а также способствует пониманию того, как это происходит на уровне данной международной организации. В результате попыток показать равный уровень союзных республик в составе СССР в связи с геополитическими условиями, сложившимися между капиталистической и социалистической системой того времени, лидер казахстанской дипломатии Б.Бултырикова, как авторитетный член дипломатии СССР, дает важные сведения о некоторых способах активной работы, преследующих интересы своего государства. *Цель и задачи исследования* – показать профессиональные умения, способности казахской женщины-дипломата в составе делегации Советского Союза в 60-е годы XX века и положительную оценку ее результатов со стороны Министерства иностранных дел СССР и современной казахской исторической науки; обратить внимание на достойное место этого события как исторического источника в изучении истории казахской дипломатии. *Результаты.* В статье, изучив труды как мировых, так и современных российских специалистов в области международных отношений, были выявлены истинное направление, сущность, особенности и характер деятельности СССР в ООН в то время и небольшой вклад Б. Бултыриковой в этот процесс. *Заключение.* В 60-х годах XX века в составе делегации Советского Союза в качестве важного источника используются архивные данные о дипломатической службе казахской женщины-дипломата, воспоминания и заметки специалистов в области советско-российских международных отношений и внешней политики, а также записи представителей современной казахстанской дипломатии. Анализ исторического значения и достоверности этих данных послужит отправной точкой для изучения деятельности в ООН Женщины-первого казахского дипломата советского периода.

Ключевые слова: Третий комитет Генеральной Ассамблеи ООН, Верховный комиссар по правам человека, дипломатия, методы дипломатии, А.А. Громыко, Генри Киссинджер, Казахская ССР, заместитель Председателя Совета министров КазССР, Министр социальной защиты, Министр иностранных дел КазССР, Министр образования

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Комплексное междисциплинарное исследование интеллектуальной истории XX – первой четверти XXI вв. на основе анализа произведений казахстанских историков и литераторов» (регистрационный номер: BR28713085).

Для цитирования: Сыдыков Е., Сайлаубай Е., Дуйсен С. Плодотворная деятельность Балжан Болтириковой во время дипломатической службы в Организации Объединенных Наций // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1735-1749. (На Каз.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1735-1749

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев 2024 жылы Үшінші Құрылтайда сөйлеген сөзінде еліміздің өткен тарихы елді біріктіретін фактор екендігіне назар аударып, зерттеушілерге әр дәуірдің өзіндік ерекшелігі болатынына, тұлғаларды бірімен бірін салыстырып, қарсы қойып дау туғызбауды ескерте келе - «...әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес қызмет еткенін» - елдік тұжырымдаманың бір қағидаты ретінде естен шығармауды ұсынған болатын (Тоқаев, 2024).

Ұлт тарихында мәмілегерлік еңбегімен, қабілетімен ел шежіресінде өзіндік орын алған немесе әлі де лайықты орнын ала қоймаған қайраткерлер кездеседі. Солардың бірі кеңестік замандағы мемлекеттік қайраткер Балжан Бөлтірікова.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында оның объектісін сипаттауға қажетті мәліметтерді жинақтау мен талдауға негізделген дәстүрлі концептуалды баяндау әдістері қолданылды. Талдау негізіне қазіргі уақытта ғылыми таным методологиясының жиі қолданылатын бағыты - тарихи-жүйелілік әдіснама алынды. Зерттеудің негізін құрайтын материалдарды жинақтау барысында деректер мен ақпараттарды жинақтаудың эмпирикалық тәсілдері, ретроспективтік, тарихи диахрония және тарихи салыстырмалы әдістер пайдаланылды. Мақаланың ғылыми маңыздылығын айқындау үшін тақырыпқа қатысты арнайы ғылыми әдебиеттер мен ашық дереккөздеріндегі жарияланымдарға талдау жасалды.

Талқылау

Қазақстандық дипломатия ведомствосының іргетасы осыдан 81 жыл бұрын кеңестік заманда қаланып, желісі үзілмей тәуелсіздік дәуіріне жалғасқаны және аз ғана шоғыр түрінде болса да кеңестік қазақ дипломаттары КСРО жүйесінде еңбек етіп, бірнеше қазақ дипломаттарының БҰҰ жұмысына қатысуы туралы, олардың кейбір өкілдерінің Қазақ Республикасының сыртқы саясат ведомствосын құрып, нығайту жолында еңбек еткендері тарихи еңбектерде көп жазыла бермейді.

Тарихи еңбектерден кеңестік заманда КСРО дипломатиясы жүйесінде бірнеше қазақ ұлтынан шыққан азаматтар еңбек еткені белгілі. Әр кезеңде Нәзір Төреқұлов (Сауд Арабиясында), Төлеген Тәжібаев (Үндістанда), Мәлік Фазылов (Мароккода) жоғары дипломатиялық қызметтер атқарғандары белгілі (Тоқаев, 2002: 568). Қазақ дипломаты Сәлім Құрманғожин кеңестік заманда Түркияда консул, Эфиопияда елшінің кеңесшісі, КСРО Сыртқы істер министрлігі Орталық аппаратында жауапты қызметтер атқарды (Қурманғужина, 2003: 320).

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін алғаш болып 1998 жылы «Записки дипломата» еңбегінде Кеңестік Қазақстанда қазақтан шыққан алғашқы дипломаттар туралы Михаил Есеналиев біршама тарихи шолу жасады (Исиналиев, 1998: 212).

2001 жылы тарихшы ғалым Ілияс Қозыбаев Қазақстан дипломатиясы тарихы туралы еңбегінде Қазақ КСР-де Сыртқы істер халық комиссариатының (министрлігінің - авторлар) құрылуы және оған алғаш басшылық жасаған ғалым, мемлекет қайраткері Төлеген Тәжібаевтың еңбегін жан-жақты ашып береді. Ал, одан кейін осы салаға басшылық жасаған азаматтарға автор тек қысқаша тоқталып өтеді (Қозыбаев, 2001: 208).

Кеңестік заманда қазақ ұлтынан шыққандардың Мәскеуде дипломатиялық білім алуы мен қызметке тұрудағы қатаң шектеулер болуы салдарынан (Батырша-ұлы, 2011: 512) қазақ дипломаттарының саны саусақпен санарлықтай ғана болғандықтан олар туралы жазылған еңбектер де аз болды. Дегенмен, М.Есеналиев кітабынан кейін бес-алты жылдан соң КСРО

сыртқы саясаты жүйесінде елеулі қызмет атқарған жекелеген қазақ дипломаттары туралы екі еңбек жарық көрді. Кәсіби дипломат Тайыр Мансұровтың КСРО-ның бірінші қазақ елшісі – Нәзір Төреқұлов (Мансуров, 2022: 64) және тарихшы ғалым, әрі дипломат Салават Әзірбаевтың екінші қазақ – елшісі Мәлік Фазылов (Азербайев, 2010: 472) туралы еңбектері шықты.

2011 жылы кәсіби дипломат Сайлау Батырша-ұлының «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» оқулығында кеңестік дәуіріндегі қазақ дипломаттары туралы сегіз беттік шолу жасалды (Батырша-ұлы, 2011: 512).

Алайда, осыдан соң осы мақалада талданатын кейбір ғылыми-көпшілік мақалаларды есептемегенде тарихшы ғалымдар тарапынан арнайы зерттеулер жасалмады. Сондықтан кеңес дәуіріндегі қазақ дипломаттары тақырыбы қазақ тарихында назар аударуды қажет ететін бір маңызды мәселе күйінде қалып келеді.

Зерттеу нәтижелері

Енді мақаланы кеңестік қазақ дипломаттарының кәсіби білім алып, қызметтік өсу жолдарын ашқан қазақстандық сыртқы саясат ведомствосының құрылуы тарихына оралу кезегіне тоқталайық.

Қазақстандық Сыртқы істер министрлігінің 1944 жылы құрылуына сол кезде қалыптасқан халықаралық ахуал әсер еткені мәлім. Екінші дүниежүзілік соғыс зардабын тартқан әлемдік қауымдастықтың бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам құқықтары мен тұрақты дамуды ілгерлету ниетімен 1945 жылы БҰҰ-ын құрғаны тарихтан белгілі. Осы ізгі ниетпен халықаралық ұйымды құру тікелей Қазақ Республикасының сыртқы саясат ведомствосының құрылуына да тікелей әсері болды (Батырша-ұлы, 2011: 512).

БҰҰ-ын құру қарсаңында барлық одақтас республикаларды өз алдына жеке мемлекеттер ретінде осы ұйымның алғашқы мүшелігіне өткізіп көп орын алу мақсатымен КСРО басшылығы оларға сыртқы істер халық комиссариаттарын (министрліктерін) ашуға мүмкіндік берді. Алайда, «республикалар шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнату, олармен өзара келіссөздер жүргізу, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасу құқықтарына тек заң жүзінде ғана ие болды» (Батырша-ұлы, 2011: 512).

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1944 жылғы 1 ақпандағы Заңының негізінде 1944 жылы 12 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссариатын (министрлігін) құру туралы шешім қабылдады. 1944 жылы 4 тамызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен ірі ғалым және қоғам қайраткері, Үкімет басшысының орынбасары Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР Сыртқы істер халық комиссары болып тағайындалды (Козыбаев, 2001: 208).

Елімізге танымал дипломат, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болған Ерлан Ыдырысовтың пайымдауынша Қазақ дипломатиясының бастауларында Нәзір Төреқұлов, Төлеген Тәжібаев, Қайырғали Байғалиев, Асқар Зәкарин, Әди Шәріпов, Балжан Бөлтірікова, Мәлік Фазылов, Мүсілім Базарбаев, Михаил Есенәлиев (Исинәлиев) және басқа да көрнекті мемлекет қайраткерлері тұрды. «Сол ардақты тұлғалар сыртқы саясат ісіне белсене қатысып, Қазақстан дипломатиялық мектебінің негіздерін қалады. Аталған тұлғалар арасында Балжан Бөлтірікқызының аты, орны және атқарған рөлі ерекше» (Ыдырысов, 2016).

Е. Ыдырысовтың бұл пікірін қазақстандық дипломатия ардагерлері де қуаттайды. 1981-1989 жылдары Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Михаил (Хәкім) Есенәлиев кеңестік Қазақстанда азда болса дипломатиялық қызметке әйелдердің тартылғанын алға тарта келе, 60-жылдардағы белгілі мемлекет қайраткері Балжан Бөлтірікованың есімін атайды.

М. Есенәлиев БҰҰ-да 60-жылдардың ортасына қарай адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған құжаттар әзірлеу жұмыстары жүргізіле бастағанын көрсете келе, 1966-1971 жылдары: «Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, әрі Қазақстан Сыртқы істер министрі қызметін қоса атқарып, КСРО делегациясының құрамында тікелей әлеуметтік-экономикалық комитетте жұмыс істей

жүріп, Балжан Бөлтірікова екі рет БҰҰ Бас Ассамблеясының жұмысына қатысты», - деп сипаттады (Хакім, 2001: 216).

Балжан Бөлтірікованың БҰҰ Бас Ассамблеясының тиімді жұмысы туралы мәліметті зерттеушілер Г.М.Смағұлова мен Б.Т.Төлеуова де қуаттайды (Смағұлова, 2016: 59).

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі 1944 жылы өз алдына жеке министрлік болып құрылғанымен 1974 жылға дейін бұл сыртқы саясат мекемесі басшылығын қосымша қызмет ретінде атқарды. Бұл ерекшелікті зерттеуші А.М.Есдаулетова атап өтеді (Есдаулетова, 1998: 130). Ал, М.Есеналиев нақтылай түседі. Мәселен, Төлеген Тәжібаев, Асқар Закарин, Әди Шәріпов, Балжан Бөлтірікова ҚазКСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарлары және Қайырғали Байғалиев (ол әрі – Мәдениет министрі болды). 1973 жылдан бастап ҚазКСР Сыртқы істер министрі қызметін жеке басшылар атқара бастады – Мәлік Фазылов (1973-1976 жж.), Мүсілім Базарбаев (1976-1981 жж.), Михаил Есеналиев (1981-1989 жж.), Ақмарал Арыстанбекова (1989-1991 жж.) (Исиналиев, 1999: 240).

Балжан Бөлтірікова Қазақ КСР-інің Сыртқы істер министрі ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясы сессияларының жұмысына белсене қатысып, оның мәртебелі мінбесінен сөз сөйлеген ең алғашқы қазақ әйел-дипломаты болды. Ол заңды түрде қазақ әйелдері арасынан тұңғыш Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалған мемлекет қайраткері ретінде отандық тарихта танылды. Қазақстанда 60-жылдары бұл міндетті негізгі қызметіне қоса атқару тәжірибесі қолданылғаны жоғарыда айтылды. Екі қызметті қатар алып жүрудің қиындығына қарамастан Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, әрі Сыртқы істер министрі лауазымдарын Балжан Бөлтірікова бес жыл бойы абыроймен атқарды.

Балжан Бөлтірікова 1921 жылғы 15 қарашада Жамбыл облысының Қордай ауданына қарасты «Қасық» елді мекенінде дүниеге келген. Қайраткердің ғұмырдерегін зерттеуші Ақниет Оспанбайдың дерегіне қарағанда Б. Бөлтірікова 1937–1943 жылдары Алматы педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ - авторлар) Сталин атындағы жоғары шәкіртақының (500 рубль) иегері атанып озат оқыған. Ол студенттік шәкіртақысының бір бөлігін ата-анасына жіберіп көмектестіп отырды. Салыстыру үшін алсақ ол кезде кәдімгі шәкіртақы 30 рубль болған. Студент кезінде-ақ Балжан қоғамдық белсенділігімен көзге түсіп Алматы қаласы Фрунзе ауданының депутаттар кеңесіне сайланды (Оспанбай, 2017).

Зерттеушілер С.Асанова мен А.Конкабаева кеңестік модернизацияның қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы рөлін көтеруде елеулі өзгерістерге қол жеткізгеніне назар аударады. Авторлардың пікірінше қазақ қыз-келіншектері әсіресе педагогика мен медицина салалары бойынша орта және жоғары білім алуда үлесі артып қоғамдық өмірде лайықты орын алуыға мүмкіндіктер алғанын көрсетеді (Асанова, Конкабаева, 2025: 48). Кеңестік заманда педагогика саласында жоғары білім алып, жауапты мемлекеттік қызметтерге қол жеткізген қазақ әйелінің бірі Балжан Бөлтірікова еді.

Жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіргеннен соң Б. Бөлтірікова Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінде мұғалім, оқу бөлімінің меңгерушісі, директоры (21 жасында) болып жұмыс жасады. Республикалық партия ұйымы мен Оқу министрлігі тарапынан сенім көрсетіліп, ол 1949–1955 жылдары Қазақ КСР-інің Бастауыш және орта мектеп кәсіподақ қызметкерлері Орталық комитетінің төрайымы қызметін атқарды. Ал, 1956-1966 жылдары Қазақ КСР Әлеуметтік қорғау министрі (34 жасында), 1966-1971 жылдары, яғни бес жыл бойы Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, әрі Сыртқы істер министрі лауазымдарын қоса атқарды. 1971–1974 жылдары Қазақ КСР-інің Оқу министрі, ал, 1974-1980 жылдары Кәсіби-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары болды (ҚҰЭ, 1999: 720).

Кеңестік заманда жарық көрген энциклопедияда Б.Бөлтірікованың аталған қызметтерде жүргенде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Советінің депутаты болып сайланып (ол кезде Кеңес Одағы парламентінің қос палатасы - Одақ Советі және Ұлттар Советі - деп аталатын - авторлар), 1966–1970 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Советінің Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі болып қоғамдық негізде жұмыс жасағаны көрсетілген (ҚСЭ, 1973: 640).

Осылайша қазақ ұлтынан шыққан алғашқы әйел-министр Балжан Бөлтірікова КСРО Парламентінің депутаты ретінде алып мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын талқылау және жүргізу үдерісіне қатысады. Дипломат Е.Ыдырысов пен отандық энциклопедия деректеріне сүйенсек Б. Бөлтірікова Кеңес Одағының Азия мен Африка елдерімен ынтымақтастық комитетінің мүшесі және республика министрі ретінде Жапония, АҚШ, Корея, Швейцария, Чехословакия, Египет, Цейлон (Шри Ланка) т.б. елдерге барып Қазақ КСР-і атынан лайықты түрде өкілдік етті (Ыдырысов, 2016). Қайраткер әйел 1980 жылы «Кеңес Одағының дербес зейнеткері» мәртебесімен біржола зейнеткерлікке шықты. Балжан Бөлтіріқызы жүрек қалауымен теңін тауып тұрмысқа шығып, жұбайымен бірге 52 жыл ғұмыр кешіп алты бала тәрбиелеп өсірді.

Балжан Бөлтірікова 1998 жылы 11 мамырда Алматыда қайтыс болды. Ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін ол «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды. Кеңес Одағына танымал мемлекет қайраткері болған қазақ әйелінің есімі мен өмірбаяндық деректері Кембридж (Ұлыбритания) өмірбаяндық орталығы шығаратын «Ұлы тұлғалар» халықаралық анықтамасына енгізілді (Тоқаев, 2006: 91).

Сол жылдары Кеңес Одағының Сыртқы істер министрлігін әлемдік дипломатияда есімі аңызға айналған тұлғаның бірі А.А. Громыко (1909–1989) басқарды. Аталған министрлікке жиырма сегіз жыл (1957-1985 жж.) басшылық жасап, КСРО сияқты алпауыт елдің сыртқы саясатына ықпал жасаған қайраткер Андрей Андреевич Громыко (Мусский, 2004: 608). Өте танымал саясаткер болды және қазақтың дипломат әйелі БҰҰ-ғы жұмысы кезінде тәжірибелі, әлемдік деңгейдегі дипломаттың назарына ілігіп, БҰҰ-дағы жұмысы кезінде қолдау көрді.

БҰҰ Бас Ассамблеясы сессияларының жұмысына А.А.Громыко басшылығымен БҰҰ Бас Ассамблеясының Әлеуметтік және гуманитарлық мәселелермен айналысатын Үшінші Комитетінде кеңес делегациясының өкілі ретінде Балжан Бөлтірікова жұмыс жасады. 60-шы жылдары Бас Ассамблея сессиясының отырыстары бірнеше айға созылатын.

Дипломатия саласы бойынша арнайы жоғары білімі болмаса да, табиғи талантының арқасында жұмыс барысында Балжан Бөлтірікова халықаралық ұйымның аталған комитеттегі қаралатын мәселелерді жақсы меңгеруі, әдепті, өнегелі және адамдармен тез тіл табыса алатын қасиеттері нәтижесінде көптеген шетел өкілдерімен нәтижелі келіссөздер жүргізіп, маңызды халықаралық мәселелерді талқылау барысында Кеңес Одағының ұстанымына қолдау көрсетуіне қол жеткізіп отырды. Дипломатиялық келіссөздерде нәтижеге жетуіне Б.Бөлтірікованың он жыл (1956–1966 жж.) Қазақстанның Әлеуметтік қорғау министрі қызметіндегі жинақтаған мол тәжірибесі де септігін тигізді.

1970 жылы Б.Бөлтірікова БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық 25-ші сессиясына қатысқан Кеңес Одағы делегацияның құрамында Бас Ассамблеяның Әлеуметтік және гуманитарлық мәселелермен айналысатын Үшінші комитетінде Кеңес Одағы делегациясына жетекшілік етті.

Сол кезеңдегі «қырғи-қабақ соғыста» Кеңес Одағының басты қарсыласы болып табылатын АҚШ БҰҰ-на әлемнің барлық елдері тұрғындарының шағымдарын қарастыру күзіреті бар «Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар» лауазымын құру туралы құжатты қабылдатуға ниеттенді. АҚШ-тың қолайына сай келетін мұндай лауазымды құру КСРО мүдделеріне қайшы келетін еді, сондықтан Мәскеу басшылығы кеңестік делегацияға бұл мәселені күн тәртібінен алғызып тастауды тапсырады.

Жаңа лауазымды құруға мүдделі Батыс елдерінің коалициясы сол сәтте жоғарыдағы мәселе бойынша көптеген дамушы елдер тарапынан қолдау тапты. Америкалықтар Жоғарғы Комиссар лауазымына Иран ханшайымын, ал британдықтар мен француздар Конго өкілін ұсынды.

Б. Бөлтірікова Батыстың ұсынысына қарсы әрекет ету бойынша Азия және Африка елдері делегациялары арасында жұмыс атқарды. Батыс лагеріндегі қайшылықтарды ескере отырып, Б. Бөлтірікова үміткерлердің біріне қонақасы кезінде оның қарсыласы «жеңісті тойлап жатқаны туралы сырымен бөлісті» және кеңестік делегация осындай шешімге қарсы шығуға дайын екенін аңғартты.

Делегациялар арасында жұмыстың үлкен бөлігі Бас Ассамблеясының ресми залдарынан тыс, соның ішінде, кейде экзотикалық ұлттық тағамдар ұсынылатын бейресми қабылдауларда да жалғасатын. Қиын келіссөздер кезінде табысқа қол жеткізуге кеңестік делегация ұйымдастырған қабылдаудың мәзіріне енгізілген, Б. Бөлтірікованың қазақша киім киіп, қазақша дастархан жасап, өз қолымен әзірлеген қазақтың ұлттық тағамы - ет, яғни «қонақасы» жағымды рөл атқарды. Бұл тағамды Азия мен Африка елдері делегаттары сүйсініп жеп, дастархан иелерінің ниеті мен сый-құрметтеріне ризалық пейіл көрсетеді.

Келесі күні Комитет отырысында коалицияның ыдырағаны және Батыстың ұсынысы көпшілік дауыс жинай алмағаны хабарланды. Осылайша Кеңес Одағының мүдделеріне қайшы келетін Батыс елдерінің бастамасына тосқауыл қою туралы түпкілікті уағдаластыққа сол қонақасы кезіндегі «пікірлесулер» нәтижесінде қол жеткізілді. Осындай шебер ұйымдастырылған дипломатиялық жұмыстың нәтижесінде Жоғарғы Комиссарды сайлау өткізілмеді және Кеңес Одағы делегациясы ұзақ мерзімді дипломатиялық күрестің осы кезеңін жеңіп шықты. Ал, БҰҰ Бас Ассамблеясы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссардың басқармасын 1993 жылы ғана құра алды.

Қазақтың әйел Сыртқы істер министрінің бұл «тапқырлығы» сол кезде БҰҰ аясында аңыз болып тарапты. Ерлан Ыдырысовтың жазғанына қарағанда әлемге танымал АҚШ-тың дипломаты Генри Киссинджер (1923-2023) өзінің мемуарларында ер дипломаттарды қалай да алдауға болады, бірақ әйел дипломаттардан қулығынды асыру мүмкін еместігін мойындапты. «Дипломатия білектіні бүктіретін өнер» деп көрсете келе Балжан Бөлтірікованың есімін атап көрсетеді» - деп жазыпты қазақ дипломаты Е.Ыдырысов (Оспанбай, 2017). Бұл деректі Эрик Аубакиров та қолдайды (Аубакиров, 2011: 2).

АҚШ-тың Р. Никсон мен Дж. Форд сияқты екі президентінің Ұлттық қауіпсіздік мәселелер жөніндегі кеңесшісі болған ғұлама саясаткер, ғалым, Нобель сыйлығының иегері Генри Киссинджердің назарына ілігуі және Кеңес Одағының әйгілі дипломатының жоғары бағалауы Балжан Бөлтірікова үшін әрине мәртебе деуге болады. Осы уақытқа дейін басқа ешбір қазақтың дипломат әйелі мұндай әлемдік деңгейдегі саясаткерлер тарапынан еленіп, не бағаланған жоқ.

Ерлан Ыдырысовтың пайымдауынша БҰҰ-ның рәсімдік ережелеріне сәйкес, сол кездері Бас Ассамблеяның барлық ресми отырыстары стенография әдісі арқылы жазылғанын (қазіргі уақытта дыбыс және бейнежазу қолданылады - авторлар). БҰҰ Кітапханасының техникалық қолдауымен Қазақстанның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдігінің қызметкерлері Балжан Бөлтірікқызының атақты жасыл мінберден Кеңес Одағының атынан жасаған баяндамаларын тауып алғанымен, стенограммалар дипломатиялық қызметтің барлық қыр-сыры мен құпияларын толықтай көрсете алмайды. Сондықтан Б.Бөлтірікованың өзі кейінгі жылдары айтқан «әйгілі оқиғаны» қандай да бір ресми стенографиялық жазбадан табу мүмкін емес», - деген түйін жасайды зерттеушілер (Оспанбай, 2017).

Б.Бөлтірікованың дипломатиялық тапқырлықтарын жоғары бағалаған КСРО Сыртқы істер министрі А.А.Громыконың ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы 25-ші сессиясы шеңберіндегі жұмыс барысындағы жетістіктері үшін ол Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталды (Ыдырысов, 2016).

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған, адамды кемсітушіліктің барлық түріне тыйым салатын халықаралық құжаттар – Адам құқықтары жөніндегі пактілер 1966 жылы желтоқсанда қабылданды және 1948 жылғы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан» айырмашылығы бұл халықаралық актілер заңды тұрғыдан міндетті құжаттар болып табылды (СТС, 2007: 616).

60-шы жылдар халықаралық аренада дүрбелең уақыттың бірі болып есептеледі. АҚШ пен КСРО бастаған екі жүйе арасындағы «қырғи-қабақ соғыстың» салдары басылмай, бірде өршіп, бірде бәсеңдеп тұрған кезі болатын.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған архив деректеріне қарағанда Балжан Бөлтірікова КСРО делегациясы құрамында, сол кездегі Қазақстанның

Сыртқы істер министрі ретінде БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында осы маңызды құжаттар жобасын талқылауға қатысқаны байқалады (ҚР ОМА. 1955-қ., 2-т., 302-іс. 1-17 б).

Деректерге қарағанда Балжан Бөлтірікова Кеңес Одағының құрамында БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылы өткен XXII сессиясына және арасына үзіліс салып 1970 жылғы XXV сессиясының жұмысына қатысады. БҰҰ мінберіне шығып баяндама жасаған бірінші қазақ әйелі, осыдан 60 жылдай бұрын, яғни 1966 жылы КСРО құрамындағы 15 одақтас республиканың дипломат қыз-келіншектері арасынан алғашқылардың бірі болып қазақ дипломаты ретінде, беделі, білімі мен іскерлігі арқасында осындай зор құрметке ие болды. Сонымен қатар Б.Бөлтірікованың қазақ әйелі - министр ретіне әлемдегі ең беделді халықаралық ұйымның мінберінен Адам құқықтары мен бостандықтары мәселесін талқылауға өз мемлекетінің (КСРО - авторлар) атынан пікір білдіріп, маңызды мәселені талқылауға қатысуы қазақ ұлты мен халқының тағдырындағы елеулі көрініс болуымен қатар, сол кездегі Қазақ Республикасында жоғары мемлекеттік қызметте әйел теңдігінің сақталуының бір жарқын көрінісі ретінде ұлттық тарихнамада тіркелді.

Қазақстан Республикасының БҰҰ-дағы Тұрақты өкілі ретінде 1992-1999 жылдары қызмет еткен және 1989–1991 жылдары Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметін атқарған кәсіби дипломат Ақмарал Арыстанбекованың мәліметінше 1951 жылдан бергі дәстүр бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті сессияларына КСРО делегациясын Одақтық Сыртқы істер министрі бастап баратын және одақтас республикалардың бірінің Сыртқы істер министрін қосатын. Сонымен қатар КСРО құрамында болса да, 1945 жылы БҰҰ құрушы мемлекеттер ретінде Украин КСР-і мен Беларусь КСР-і ғана жеке делегациялар жасақтап жіберетін (Арыстанбекова, 2025).

Адам құқығына қатысты әлеуметтік және гуманитарлық, мәдени мәселелердің басым көпшілігі Ассамблеяның Үшінші комитетінде қаралатын (Абашидзе, Абайдельдинов, 2016: 422).

Кеңес Одағы басшылығының тапсырмасына сәйкес БҰҰ Бас Ассамблеясының Үшінші комитетіне немесе басқа да органдарына жекелеген азаматтар тобынан келген КСРО-да адам құқығы бұзылатыны туралы шағымдар мәселесін БҰҰ сессиясының күн тәртібіне қоюға немесе ұйымның басқа да құжаттарына қосуға 60-шы жылдары КСРО делегациясы түбегейлі қарсы шығатын.

БҰҰ-ның 1967 жылғы 25 қазаннан 1968 жылдың 23 қыркүйегі аралығында өткен 22 сессиясының күн тәртібін қарасақ Адам құқын қорғау жөніндегі Жоғарғы Комиссар лауазымын қабылдау туралы мәселенің ұйымға мүше елдер өкілдерінің талқылауына ұсынылғаны байқалады (Резолюции ООН, 1967).

1966 жылы 3 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының Үшінші комитетінде жекелеген адамдардан шағымдар қабылдау тәртібі бойынша КСРО делегация өкілі ретінде Б.Бөлтірікованың сөйлеуге тиісті дайындаған материалы ҚР Орталық Мемлекеттік архивінде сақтаулы (ҚР ОМА. 1955-қ., 2-т., 302-іс. 1-17 бб.).

Б.Бөлтірікова КСРО-да азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің Конституциясында заңмен бекітілгенін және кез келген азаматтың құқығы бұзылған немесе бостандығы шектелген жағдайда олардың КСРО Жоғарғы Кеңесіне, Жоғарғы Сот, Прокуратура тағы басқа құқық қорғау органдарына шағымданып қорғана алатынын алға тартты (ҚР ОМА. 1955-қ., 2-т., 302-іс. 1-17 б).

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жазылған – «адам құқын және баршаға ортақ бостандықтарды нәсілі, жынысы, тілі мен дініне бөлместен құрметтеу» рухын қолдай отыра КСРО өкілі Б.Бөлтірікова жекелеген азаматтардан келетін арыз-шағымдарды мұқият сүзгіден өткізіп, шынайылығын анықтап барып қана күн тәртібіне шығарып талқылау қажеттігін және БҰҰ-ның кейбір құжаттарында көрініс табуында ескерілуін қатысушылардың қаперіне ұсынды. Қазақ дипломаты мұндай ұсынысты қою себебін кейбір шағымдарды, петицияларды әртүрлі мақсатпен жауапсыз, өнегесіз адамдар тарапынан халықаралық ұйымға жіберілуі мүмкіндігі де болатынын, ал мұндай «шала арыз-шағымдар» БҰҰ-на деген сол шағымды жіберген азамат мекендейтін мемлекетіне, жекелеген мемлекеттер арасына, тіптен

БҰҰ беделіне нұқсан келтіруі, сенімсіздік тудыруы мүмкіндігін ескеру қажеттігінен туындайтынын алға тартты (ҚР ОМА. 1955-қ., 2-т., 302-іс. 1-17 бб.). Ең беделді халықаралық ұйымда сөйлеуге тиісті құжат жобасында қазақ дипломатының өте жауапкершілікпен дайындалғаны, талқыланатын құжат жобасына халықаралық қоғамдастық пен өз мемлекеті мүддесіне сай пайдалы ұсыныстар жасай білгеніне көз жеткізуге болады.

Сонымен бірге қазіргі жаңа замандағы геосаясатқа және демократиялық ұстанымдарға орай Балжан Бөлтірікованың жоғарыда қолданған Адам құқын қорғау жөніндегі Жоғарғы Комиссар лауазымын енгізу туралы ұсынысты өткіздірмей тастаған «мәмілегерлік тәсілін» елімізде сынайтын пікір кездесетінін де айтуды жөн көрдік.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әлімғазы Дәулетхан Б. Бөлтірікованың дипломатиялық еңбегі туралы мақала жазған Ерлан Ыдырысов пен Ақниет Оспанбай сияқты авторларды - «...патшалық Ресеймен советтік қызыл империя тұсында әртүрлі лауазымдар мен шен-шекпенге оранған мансап иелерінің бәрі бізге Тәуелсіз Қазаққа тұлға, тұтқа бола алмайды, оның бәріне сын көзбен қарауды үйрену керек және «кеңестік Қазақстанда дербес дипломатия болмады» - деген пікірлерімен ішінара келісе отырып, - дегенмен сыйлы, ақсақал-ғалымның: «... қызыл империяның залалды дипломатиясы үшін обал-сауапты, әділдікті аттап өтіп... қулық-сұмдығын асырған» адамды, «Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссияны құрғызбай жөргегінде тұншықтырған Балжан Бөлтірікованы «қазақ дипломатиясының ханшайымы» деп сипаттау артық бағалау, тіпті ұят нәрсе», - деген жазғырыуымен келісе алмаймыз (Дәулетхан, 2025).

Өйткені XX ғасырда әлемдік дипломатиялық тәжірибеде шынайы ақпараттармен қатар кейбір сәттерде дипломатиялық қызметкерлердің бейресми жолығысулары кезінде немесе ауызекі әңгімелер арасында елеусіз түрде жалған мәліметтер беру әрекеттері болып тұрғанын әлемге танымал дипломаттар жоққа шығармайды және шүйлігіп айыптамайды. «Елшілік қызметкерлері халықаралық, аймақтық ұйымдарда, конференцияларда немесе түрлі бейресми жолығысуларда өз мемлекетінің мүддесі үшін «кездейсоқ жалған ақпараттар» таратып жіберу тәсілдерін де пайдаланған» - деп жазылған мәмілегерлік туралы қазіргі ресейлік салиқалы еңбекте (Попов, 2004: 576).

Әлем саясаткерлері мойындаған КСРО-ның сұңғыла дипломаттарының бірі - А.А. Громыко (1909–1989) қарамағындағы қызметкерлерінен кәсіби шеберлікті игеруді, үнемі оқып ізденіп өзін шыңдауды қатаң талап еткен. Дипломаттардың әр іске, құжаттарды дайындауға, кездесулерге жан-жақты тыңғылықты әзірленіп, оның нәтижелі өткізілуіне баса көңіл бөлген (Попов, 2004: 576).

Осындай кеңестік дипломатияның кемеңгері 60-жылдары Қазақстанның Сыртқы істер министрі Балжан Бөлтірікованың қарым-қабілетін, жұмысына тиянақтығын байқап оны Одақтық министрліктің сыртқы іссапарларына қосып отырған.

Кез келген дипломаттың халықаралық қатынастарда өз мемлекетінің мүддесі жолында еңбек ететіні даусыз шындық. Г.Киссинджердің өзі «Қытай туралы» еңбегінің кіріспесінде: «...мен өмір бойы бейбітшілік үшін жұмыс жасадым, әрине, негізінен американдық позициядан» - деп мойындаған болатын (Киссинджер, 2017: 640).

БҰҰ-ның тірлігінде АҚШ пен КСРО сияқты алпауыт мемлекеттердің беделді лауазым иелері тарапынан саяси мақсатпен басқа делегациялардың пікірлерін құрметтемеу, шектеу, сыйламау сияқты әрекеттердің болғаны туралы деректерді қазақстандық дипломат Ақмарал Арыстанбекованың еңбегінен кездестіруге болады (Арыстанбекова, 2004: 416).

КСРО-ның 1946-2000 жылдар аралығындағы БҰҰ қызметін талдай келе зерттеуші М.В. Ларионова «қатысушылардың саяси және идеологиялық қайшылықтары мен басымдықтары жүйенің қалыптасу процесіне айтарлықтай әсер еткенін, тәсілдер мен шешімдерді үйлестіруде кедергілер тудырғанын, дамуға жәрдемдесудегі прогресті тежеуші факторға айналғанын» көрсетеді (Ларионова, 2019: 145).

Орта ғасырдағы ағылшын саясаткері, әрі дипломаты Генри Уоттонның (1568-1629) өткір, әрі арысздықпен айтылып, ел арасына кең тараған «Дипломат – өз елінің игілігі мақсатында өтірік айту үшін шетелге жіберілген адал адам» деген афоризмін еске ала отырып:

«...Өкінішке орай, кеңестік елшілер (және олардың басым көпшілігі байсалды, ойлы, әдепті адамдар болды) осы ережені басшылыққа алуға мәжбүр болды. Оларды айыптау қиын, оған өмір сүрген жүйесі кінәлі» - деп түйіндейді ресейлік дипломат Ю.С. Дерябин (Дерябин, 2010: 400).

Дипломат мамандығын оқытуға арналған қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде В. Дальдің, дипломат – епті, нәзік, жасырын, тапқыр адам дегенін, Батыстың Дж.Камбон, Г. Никольсон, Э.Саттоу сияқты осы саланың ғұламаларының дипломатия – өнер деген сипаттауларын мақұлдай отыра «дипломатияның әдеттегі негізгі қағидалары мен атқаратын рөлі бүгінге дейін өзгеріссіз қалып отыр» - деп тұжырымдайды (Амірбек, 2022: 303).

Сондықтан дипломатия саласының ой-пікірлеріне сүйене отырып жоғарыда өзіміз келтірген қисынды өткен ғасырдағы қазақтың дипломат әйелі Балжан Бөлтірікованың БҰҰ-да өз мемлекеті, яғни КСРО мүддесін қорғау кезіндегі «тапқырлығын» бүгінгі өзгерген, дамыған заман талаптарына сүйеніп «айыптаған» Дәулетхан Әлімғазының пікірін біз тым ұшқары айтылған сын деп санаймыз.

Қорытынды

Миллиондаған адамдардың өмірін қиған екі жаһандық, бірқатар аймақтық соғыстар өткен XX ғасырды айтпағанда, XXI ғасырдың алғашқы ширегінің өзінде әртүрлі сипаттағы шағын соғыстар, қарулы қақтығыстар кезінде адам құқықтарының өрескел бұзылуы оқиғалары әлі де ауық-ауық кездесуде. БҰҰ осындай әрекеттерді айыптап тиісті қарарлар қабылдап әлем жұртшылығын, мемлекеттерді адам құқықтарын сақтауға, құрметтеуге қолдауға шақырады. Бірақ өкінішке орай әлемдік қауымдастық тарапынан БҰҰ-да осы мәселелер бойынша бейтараптық ұстану (қалыс қалу немесе дауыс беруге қатыспау) деректері кездесуде.

Әрине, халықаралық қатынастарда әр мемлекеттің өзіндік мүддесі, ұстанымы болатыны белгілі. Бірақ жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі адам тағдыры әрқашан жоғары ұсталуға тиіс екені баршаға мәлім. Сондықтан әр кездерде адам құқын қорғауға шақыратын петицияларға қол қою, қол жинау оқиғалары кездесіп тұрады. Мұндай әрекеттер Б.Бөлтірікова БҰҰ-да жұмыс жасаған кездері де болған.

Мақаладағы тарихнамалық бөлімде айтылғандай XX ғасырда қазақ қыз-келіншектері арасынан алғаш шыққан дипломат және сыртқы саясат саласының министрі лауазымына қол жеткізген Балжан Бөлтірікқызы туралы энциклопедиялардағы ғұмырнамалық деректер мен газеттерде жарияланған танымдық мақалалардан басқа осы күнге дейін бірде-бір ғылыми мақала жазылған жоқ. Ал, Б.Бөлтірікованың сыртқы саясат саласындағы қызметі мен БҰҰ-дағы еңбегі айыпталатын емес, керісінше қазақ ұлты мақтаныш тұтатын дерек. Сол кезде қазақтың осы әйел дипломатынан басқа көрші туысқан республикалардан ешқандай өзге ұлт қыз-келіншектерінен ешкім БҰҰ-да сөз сөйлеп, шетел дипломаттарымен пікірталасқа түсу деңгейіне жеткен жоқ.

Ұлтына деген құрмет пен сүйіспеншілік, білімділік, іскерлік пен ізгілік қасиеттері бойында үйлесім тапқан қазақтың қайраткер әйел-анасының мемлекеттік қызмет саласындағы биік деңгейлерге жетіп, сол кездегі Қазақ Республикасының әлеуметтік-рухани саласының дамуына және қысылтаяң кеңестік саясат тұсында қазақ ұлтының өкілі ретінде беделді халықаралық ұйымда өзін танытуы өнегелі іс болды.

Балжан Бөлтірікованың қазіргі әлемде кең қанат жайған гендерлік саясат қалыптаспаған кезде, халықаралық аренада қазақ әйелінің саясат өкілдігіне қол жеткізу оқиғасы деп қабылдау жөн. Егер, Қазақ Республикасының сол кезде өз билігі өзінде болып, тәуелсіз сыртқы қатынасқа шығу мүмкіндігі болғанда Б.Бөлтірікованың жұлдызы бұдан да жарқырап көрінер еді. Сондықтан Балжан Бөлтірікованың жасаған еңбегін кемсітпей, кемшілігі болса жасырмай, жетістігі болса бағалап, объективті түрде зерттеп есімін халқымызға насихаттауға ұлт тарихын зерттеушілер назардан тыс қалдырмас деп ойлаймыз.

Ойларымызды түйіндей келе айтарымыз, *біріншіден*, Қазақстан Кеңес Одағы құрамындағы тәуелді республиканың бірі болып өмір сүргенде, тағдырдың жазуымен өткен

ғасырдың 60-70-жылдары тек қазақтың ғана емес сол кездегі Орталық Азия республикалары қыз-келіншектері арасынан суырылып шығып, алғаш болып әлемдегі ең беделді халықаралық ұйым – БҰҰ мінберінен дипломат ретінде баяндама жасауы, пікір таластарға қатысуы қазақ ұлты үшін мәртебе деп бағалау орынды деп санаймыз.

Екіншіден, Балжан Бөлтірікованың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларында дипломатиялық делегация құрамындағы қатардағы қатысушы болып қана қоймай пікір алысуларға, халықаралық маңызды құжаттарды талқылауға белсенді қатысып, өз мемлекетінің (КСРО-ның - авторлар) ұстанымын қорғауына үлес қосуы және бұл еңбегінің лайықты бағалануы маңызды.

Үшіншіден, Б.Бөлтірікованың бұрын елеусіз болып келген республика Үкіметі Төрағасының тұңғыш әйел-орынбасары және алғашқы қазақ әйелі – Сыртқы істер министрі ретіндегі бес жылдық, Оқу министрі ретінде үш жылдық және онжылдық Әлеуметтік қорғау министрі қызметтерін Қазақстан тарихында ескерілуі тиіс мемлекеттік қайраткер ретінде бағалануы керек деп білеміз.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Деректер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

References

- Tokaev K-Zh.K., 2024 — *Tokaev K-Zh.K. Adal adam - Adal еңбек - Adal tabys* // Egemen Kazakhstan. 2024. 18 nauryz (№54 (30783)). 1 p. (In Kaz.).
- Tokaev K-Zh.K., 2002 — *Tokaev K-Zh.K. Kazakstan Respublikasynuң diplomatiyasy* / Тоқаев Қ-Ж.К. Almaty: GAUHAR, 2002. 568 p. (In Kaz.).
- Kurmanguzhin, 2003 — *Kurmanguzhin S.A. 45 let na diplomaticheskoy sluzhbe: Memuary.* / Kurmanguzhin S.A. Almaty: Zhibek zholy, 2003. 320 p. (In Russ.).
- Isinaliev, 1998 — *Isinaliev M.I. Zapiski diplomata.* Almaty: Atamyra, 1998. 212 p. (In Russ.).
- Kozybaev, 2001 — *Kozybaev I.M. Diplomatiya Kazahstana: stranicu istorii.* Almaty: Orkeniet, 2001. 208 p. (In Russ.).
- Batyrsha-uly, 2011 — *Batyrsha-uly S. Diplomatiyalyk kyzmet zhane halykaralyk katynastar: Okulyk.* Astana: Foliant, 2011. 512 p. (In Kaz.).
- Mansurov, 2022 — *Mansurov T.A. Nazir Tyuryakulov. ZhZL. 2-e izd. Moskva: Molodaya gvardiya, 2022.* 640 p. (In Russ.).
- Azerbaev, 2010 — *Azerbaev S. Sluzhenie otechestvu: Kniga o diplomate M.S.Fazylove.* Almaty: «Zhibek zholy», 2010. 472 p. (In Russ.).
- Ydyrysov, 2016 — *Ydyrysov E.A. Kazak diplomatiyasynnyng hانشajymy* // Egemen Kazakhstan. 2016. (In Kaz.).
- Hakim, 2001 — *Hakim M.I. Mәke. Estelik-vospominaniya, makalalar-stat'i, pikirler-mneniya.* Almaty: Nurly-Alem, 2001. 216 p. (In Kaz.).
- Smagulova, 2016 — *Smagulova G.M., Toleuova B.T. BUU Bas Assambleyasynnyng zhumysyna katyskan Kazakstan diplomattarynuң tazhiribesi* // Vestnik KazNU Seriya «Mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoe pravo» №1 (73). 2016. Pp. 59-63. (In Kaz.).
- Esdauletova, 1998 — *Esdauletova A.M. Stanovlenie diplomaticheskoy sluzhby v Kazahstane: avtoref. na soiskanie uch. stepeni kand. ist. nauk: spec.07.00.15. «Istoriya mezhdunarodnyh otnoshenii i vneshnej vneshnej politiki».* Almaty, 1998. 130 p. (In Russ.).
- Isinaliev, 1999 — *Isinaliev M. Shtrihi k portretam.* Almaty: «Sanat», 1999. 240 p. (In Russ.).
- Ospanbaj, 2017 — *Ospanbaj Akniet. Kazak diplomatiyasynnyng hانشajymy Balzhan Boltirikkyzy hakynda. [Elektrondy resurs] Kiru rezhimi: <https://turkystan.kz/article/17408-aza-diplomatiyasyny-hانشajymy> (14.04.2017).* (In Kaz.).
- Asanova, Konkabaeva, 2025 — *Asanova S.A., Konkabaeva A.N. Sovetskaya modernizaciya kak faktor izmeneniya social'nogo statusa kazahskoj zhenshchiny* // Otan tarihy. Tom 28. № 1. 2025. Pp. 48-49. (In Russ.).
- Enciklopediya, 1999 — *Kazakstan. Ultyk enciklopediya. 2-tom.* / Bas red. A.Nysanbaev. Almaty: Kazakstan enciklopediyasy Bas redakciyas. 1999. 720 p. (In Kaz.).
- Enciklopediya, 1973 — *Kazak Sovet enciklopediyasy. 2-tom.* / Bas red. A.Nysanbaev. Almaty: Kazak Sovet enciklopediyasynnyng Bas redakciyas. 1973. 640 p. (In Kaz.).
- Diplomat, 2006 — *Diplomat-Tulza* // Diplomatiya zharshysy / redakciyalyk alka torafasy Tokaev K-Zh.K. 2006. №1. Pp. 91-92. (In Kaz.).
- Musskij, 2004 — *Musskij I.A. 100 velikih diplomatov.* Moskva: «Veche». 2004. 608 p. (In Russ.).

- Aubakirov, 2011 — *Aubakirov Erik*. Nomadka perekhitivshaya Kissindzhera // Ekspress K. 2011. № 49. 2 p. (In Russ.).
- Sөздік, 2007 — *Sayasi tysindirme sozdik* / redakciyalyk alka torarasy Ashimbaev M.S. Almaty: Zhyjeli zertteuler instituty, 2007. 616 p. (In Kaz.).
- Arystanbekova, 2025 — *Arystanbekova A.H.* «Temnaya stranica» istorii: kak v OON obsuzhdali problemu yadernykh icpytaniy na Semipalatinskom poligone. [Elektrondy resurs] Kiru rezhimi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/64492> (Kirgen uakyty: 04.03.2025). (In Russ.).
- Halykaralyk kukyk, 2016 — *Halykaralyk kukyk*. Okulyk. Avtorlar uzhy. / Zhaupty redaktorlar A.H. Abashidze, E.M. Abajdel'dinov. Astana: L.N. Gumilev atyndagy EUY. 2016. 422 p. (In Kaz.).
- Rezolyuciya, 2025 — *Rezolyucii 22-sessii General'noj Assambleii OON (1967-1968 gody)* [Elektrondy resurs] //Kiru rezhimi: <https://www.un.org/ru/ga/22/docs/22res.shtml> - (Kirgen uakyty: 25.03.2025). (In Russ.).
- Daulethan, 2025 — *Daulethan Alimgazy*. Sovettik mansap ieleri Tauelsiz Kazakka tutka bola almajdy. / [Elektrondy resurs] Kiru rezhimi: <https://abai.kz/post/54724> (Kirgen uakyty: 14.02.2025). (In Kaz.).
- Popov, 2004 — *Popov V.I.* Sovremennaya diplomatiya: teoriya i praktika. Diplomatiya-nauka i iskustvo: Kurs lekcij. 2-e izd., dop. Moskva: Mezhdunar. otnosheniya, 2004. 576 p. (In Russ.).
- Kissindzher, 2017 — *Kissindzher G. O Kitae* / [per. s angl. V.N. Verchenko]. Moskva: Izdatel'stvo: AST, 2017. 640 p. (In Russ.).
- Arystanbekova, 2004 — *Arystanbekova A.H.* Ulttar Ujymy zhane Kazakstan. Audargan Kajnar Olzhaj. Astana: Audarma, 2004. 416 p. (In Kaz.).
- Larionova, 2019 — *Larionova M.V.* SSSR v sisteme sotrudnichestva v celyah razvitiya pod egidoy OON // Vestnik mezhdunarodnykh organizacij. 2019. T. 14. № 1. Pp. 145–163. (In Russ.).
- Deryabin, 2010 — *Deryabin Yu.S.* Legko li byt' poslom? Zapiski o zhizni i kar'ere diplomata / Predisl. B.D.Pyadysheva. M.: Izdatel'stvo «Ves' Mir», 2010. 400 p. (In Russ.).
- Amirbek, 2022 — *Amirbek K.S.* Diplomatiyalyk zhane konsuldyk kukyk: Oku kuraly. Karagandy: «Akad. E.A. Boketov at. Karagandy universiteti» KEAK baspasy. 2022. 303 p. (In Kaz.).

Әдебиеттер тізімі

- Тоқаев Қ-Ж.К., 2024 — *Тоқаев Қ-Ж.К.* Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс // Егемен Қазақстан. 2024. 18 наурыз (№54 (30783)). 1-б.
- Тоқаев Қ-Ж.К., 2002 — *Тоқаев Қ-Ж.К.* Қазақстан Республикасының дипломатиясы / Тоқаев Қ-Ж.К. – Алматы: GAUHAR, 2002. 568 б.
- Курмангужин, 2003 — *Курмангужин С.А.* 45 лет на дипломатической службе: Мемуары. / Курмангужин С.А. Алматы: Жібек жолы, 2003. 320 с.
- Исиналиев, 1998 — *Исиналиев М.И.* Записки дипломата. Алматы: Атамұра, 1998. 212 с.
- Козыбаев, 2001 — *Козыбаев И.М.* Дипломатия Казахстана: страницы истории. Алматы: Өркениет, 2001. 208 с.
- Батырша-ұлы, 2011 — *Батырша-ұлы С.* Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар: Оқулық. Астана: Фолиант, 2011. 512 бет.
- Мансуров, 2022 — *Мансуров Т.А.* Назир Түрякулов. ЖЗЛ. 2-е изд. Москва: Молодая гвардия, 2022. 640 с.
- Азербай, 2010 — *Азербай С.* Служение отечеству: Книга о дипломате М.С.Фазылове. Алматы: «Жібек жолы», 2010. 472 с.
- Ыдырысов, 2016 — *Ыдырысов Е.А.* Қазақ дипломатиясының ханшайымы // Егемен Қазақстан. 2016. 15 қараша.
- Хакім, 2001 — *Хакім М.И.* Мәке. Естелік-воспоминания, мақалалар-статьи, пікірлер-мнения. Алматы: Нұрлы-Әлем, 2001. 216 бет.
- Смағұлова, 2016 — *Смағұлова Г.М., Төлеуова Б.Т.* БҰҰ Бас Ассамблеясының жұмысына қатысқан Қазақстан дипломаттарының тәжірибесі // Вестник КазНУ Серия «Международные отношения и международное право» №1 (73). 2016. С. 59-63.
- Есдаулетова, 1998 — *Есдаулетова А.М.* Становление дипломатической службы в Казахстане: автореф. на соискание уч. степени канд. ист. наук: спец.07.00.15. «История международных отношений и внешней политики». Алматы, 1998. 130 с.
- Исиналиев, 1999 — *Исиналиев М.* Штрихи к портретам. Алматы: «Санат», 1999. 240 с.
- Оспанбай, 2017 — *Оспанбай Ақниет.* Қазақ дипломатиясының ханшайымы Балжан Бөлтірікқызы хақында. [Электронды ресурс] Кіру режимі: <https://turkystan.kz/article/17408-aza-diplomatiyasyny-hanshaуууу> (14.04.2017).
- Асанова, Конкабаева, 2025 — *Асанова С.А., Конкабаева А.Н.* Советская модернизация как фактор изменения социального статуса казахской женщины // Отан тарихы. Том 28. №1. 2025. С. 48-49.
- Энциклопедия, 1999 — *Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.* 2-том. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы Бас редакциясы. 1999. 720 б.
- Энциклопедия, 1973 — *Қазақ Совет энциклопедиясы.* 2-том. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы. 1973. 640 б.
- Дипломат, 2006 — *Дипломат-Тұлға* // Дипломатия жаршысы / редакциялық алқа төрағасы Тоқаев Қ-Ж.К. 2006. №1. 91-92 бб.
- Мусский, 2004 — *Мусский И.А.* 100 великих дипломатов. Москва: «Вече». 2004. 608 с.

- Аубакиров, 2011 – *Аубакиров Эрик*. Номадка перехитрившая Киссинджера // Экспресс К. 2011. №49. С. 2.
- Сөздік, 2007 — *Саяси түсіндірме сөздік* / редакциялық алқа төрағасы Әшімбаев М.С. Алматы: Жүйелі зерттеулер институты, 2007. 616 б.
- Арыстанбекова, 2025 — *Арыстанбекова А.Х.* «Темная страница» истории: как в ООН обсуждали проблему ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. [Электронды ресурс] Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/64492> (Кірген уақыты: 04.03.2025).
- Халықаралық құқық, 2016 — *Халықаралық құқық*. Оқулық. Авторлар ұжымы. / Жауапты редакторлар А.Х. Абашидзе, Е.М. Абайдельдинов. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. 2016. 422 б.
- Резолюция, 2025 — *Резолюция 22-сессии* Генеральной Ассамблеи ООН (1967-1968 годы) [Электронды ресурс] //Кіру режимі: <https://www.un.org/ru/ga/22/docs/22res.shtml> - (Кірген уақыты: 25.03.2025).
- Дәулетхан, 2025 — *Дәулетхан Әлімғазы*. Советтік мансап иелері Тәуелсіз Қазаққа тұтқа бола алмайды. / [Электронды ресурс] Кіру режимі: <https://abai.kz/post/54724> (Кірген уақыты: 14.02.2025).
- Попов, 2004 — *Попов В.И.* Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия-наука и искусство: Курс лекций. 2-е изд., доп. Москва: Междунар. отношения, 2004. 576 с.
- Киссинджер, 2017 — *Киссинджер Г. О Китае* / [пер. с англ. В.Н. Верченко]. Москва: Издательство: АСТ, 2017. 640 с..
- Арыстанбекова, 2004 — *Арыстанбекова А.Х.* Ұлттар Ұйымы және Қазақстан. Аударған Қайнар Олжай. Астана: Аударма, 2004. 416 б.
- Ларионова, 2019 — *Ларионова М.В.* СССР в системе сотрудничества в целях развития под эгидой ООН // Вестник международных организаций. 2019. Т. 14. № 1. С. 145–163.
- Дерябин, 2010 — *Дерябин Ю.С.* Легко ли быть послом? Записки о жизни и карьере дипломата / Предисл. Б.Д.Пядышева. М.: Издательство «Весь Мир», 2010. 400 с.
- Амірбек, 2022 — *Амірбек К.С.* Дипломатиялық және консулдық құқық: Оқу құралы. Қарағанды: «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті» КЕАҚ баспасы. 2022. 303 б.

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1750-1761, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1750-1761

WOMEN IN WARTIME SOVIET SOCIETY

Tassilova Aikena Aitbaykyzy¹, Zhappasov Zharylkasyn Erkinuly²

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD student
<https://orcid.org/0009-0004-9552-7338>. E-mail: tasilova.aikena@mail.ru

²International University of Engineering and Technology
(93, Al-Farabi Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0002-3955-505x>. E-mail: zhappasov-74@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025
© Tassilova A., Zhappasov Zh., 2025

Abstract. *Introduction.* The transformation of women’s roles in Soviet society during the Second World War, with particular attention to rural regions and collective farms. When the war began, women worked in industries and agriculture instead of men. Along with their labor activity, the role in the family and society, the psychological state of the same period is analyzed. *Goals and objectives* of the study are to conduct a study of the contribution of women to the victory during the war on the basis of archival documents, as well as to analyze works related to the daily life of women. *Results.* The results of the analysis of archival documents revealed aspects of the socio-economic and spiritual life of southern Kazakhstan during the war years. At the same time, through the study of the fate and labor of women who replaced men who left for the front, work in agriculture and industry continued continuously. *Conclusion.* Women’s life during the war years, hard work and the role of women in the rear are analyzed on the basis of archival data and the main directions are determined.

Keywords: World War II, women, rear, gender roles, wartime labor

For citation: Tassilova A., Zhappasov Zh. Women in wartime soviet society // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1750-1761. (In Eng.).
DOI: [10.51943/2710-3994_2025_12_6_1750-1761](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1750-1761)

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР

Тасилова Айкена Айтбайқызы¹, Жаппасов Жарылқасын Еркінұлы²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы, 71, 050010, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)
Докторант
<https://orcid.org/0009-0004-9552-7338>. E-mail: tasilova.aikena@mail.ru

²Т.ғ.к, доцент, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті
(Әл-Фараби даңғылы, 93, 050010, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)
Т.ғ.к, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-3955-505x>. E-mail: zhappasov-74@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025
© Тасилова А., Жаппасов Ж., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңестік қоғамдағы әйелдер рөлінің өзгеруі, әсіресе ауылдық аймақтар мен колхоздарға назар аударылды. Соғыс басталғаннан кейін әйелдер ерлердің орнына өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығында еңбек етті. Олардың еңбек қызметі, отбасындағы және қоғамдағы рөлімен қатар сол кезеңдегі психологиялық жағдайы талданады. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері* - Соғыс кезіндегі әйелдердің жеңіске қосқан үлестерін архивтік құжаттар негізінде зерттеу жүргізіп, сонымен қатар әйелдердің күнделікті өміріне байланысты еңбектерді талдау. *Нәтижелер.* Архивтік құжаттарды талдау нәтижелерінде Оңтүстік Қазақстанның соғыс жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінің қырлары анықталды. Сонымен қатар фронтқа кеткен ерлердің орнын басқан әйелдердің тағдыры мен еңбектерін зерттеу арқылы, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі жұмыс үздіксіз жалғасып отырды. *Қорытынды.* Соғыс жылдарындағы әйелдердің өмірі мен тылдағы ауыр еңбегі және рөлі архивтік деректер негізінде талданып, негізгі бағыттар айқындалады.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, әйелдер тыл, гендерлік рөлдер, соғыс жылдарындағы еңбек

Дәйексөз үшін: Тасилова А., Жаппасов Ж. Соғыс жылдарындағы кеңестік қоғамдағы әйелдер // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1750-1761 бб. (Ағылш.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1750-1761

ЖЕНЩИНЫ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ В ГОДЫ ВОЙНЫ

Тасилова Айкена Айтбайқызы¹, Жаппасов Жарылкасын Еркинович²

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
(пр. Аль-Фараби, 71, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант
<https://orcid.org/0009-0004-9552-7338>. E-mail: tasilova.aikena@mail.ru

²Международный инженерно-технологический университет
(пр. Аль-Фараби, 93, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
К.и.н., доцент
<https://orcid.org/0000-0002-3955-505x>. E-mail: zhappasov-74@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Тасилова А., Жаппасов Ж., 2025

Аннотация. *Введение.* Трансформация роли женщин в советском обществе во время Второй мировой войны, с особым вниманием к сельской местности и колхозам. Когда началась война, женщины вместо мужчин работали на производственных предприятиях и в сельском хозяйстве. Анализируется их трудовая деятельность, психологическое состояние в тот же период, а также их роль в семье и обществе. *Цель и задачи исследования* – провести исследование вклада женщин в победу во время войны на основе архивных документов, а также проанализировать работы, связанные с повседневной жизнью женщин. *Результаты.* В результатах анализа архивных документов выявлены аспекты социально-экономической и духовной жизни Южного Казахстана в годы войны. Кроме того, благодаря изучению судеб и заслуг женщин, заменивших мужчин, уехавших на фронт, работа в сельском хозяйстве и

промышленности продолжалась непрерывно. *Выводы.* Тяжелый труд и роль женщин в тылу в годы войны анализируются на основе архивных данных и определяются основные направления.

Ключевые слова: Вторая мировая война, женщины, тыл, гендерные роли, труд в военное время

Для цитирования: Тасилова А., Жаппасов Ж. Женщины в советском обществе в годы войны// Asian Journal "Steppe Panorama". 2025. Т. 12. № 6. С. 1750-1761. (На англ.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1750-1761

Introduction

The study of the role of women in society is one of the topical issues. The beginning of the Second World War caused many difficulties. Along with the decline in social conditions, it had a negative psychological impact on the consciousness of the people. In such a difficult time, the role of women in society underwent significant changes. Until then, the role of men in society was high, but the work of women in the rear and front during this war raised their social status to a new level. The growth and experience of industrialization were changing at an extraordinary pace. While in Western Europe the process of transformation such as proletarianization, industrialization, urbanization took centuries, in the Soviet Union it happened in just one year. The most significant changes were the innovations that entered the lives of collective farm workers in remote rural areas. The role of the collective farm, the village, and especially the Kazakh SSR, which provided the Soviet Union with food and various manufactured goods during the difficult war years, was special. Now, returning to the above issue, the number and social composition of the working group on this collective farm has changed dramatically since the beginning of the war. More men from every country were joining the Red Army as soldiers, and as a result, the role of women's labor increased more than ever. At the beginning of the 20th century, in no other country had the share of women in the working class become so significant in such a short time. Even in Western countries, when there was a choice between a man and a woman during layoffs, a woman was forced to leave her job. Especially if one of the spouses, that is, the husband, worked, the wife was dismissed. The difference between the industrialization process of the USSR and the West was the forced mass introduction of women into work. However, this was not the only difference. At the same time, the Soviet government proclaimed gender equality. This included the prohibition of wage determination, fixed prices, and division of labor in a "free" labor market. The country's leadership argued that the driving force of the industrial revolution was not the pursuit of profit growth, but planning. Despite these differences, there are striking similarities between the experiences of women during industrialization under capitalism and socialism (Goldman, 2010: 10).

A number of studies have been conducted on this topic in the pages of history. Among them, one can mention scientific articles and books by famous scientists devoted to collective farm and rural life. For example, in his book on the Oshobe village in Uzbekistan, Russian researcher Sergei Abashin cites the following information:

"Soviet ethnographers and representatives of other scientific disciplines immediately notice that the transformations that seemed common to the entire Soviet society in Central Asia have their own characteristics. Although those in power intensively carried out work to unite all the republics that were part of the Soviet space into a single whole and eliminate differences, they did not achieve any results. The Central Asian republics remained as separate, independent worlds within one state. Ethnographers, relying on explanatory dictionaries, for certain reasons, believe that the "past" world remained in the "real" world, resisting any changes and not wanting to submit to any reforms. Nevertheless, it is a picture, like a painting painted in one painting, a reflection of the unity of two opposite edges" (Abashin, 2015: 20).

It is important to talk about Marianne Kamp's work. Because Kamp's looks at the events of the 1920s and 1930s not through the eyes of the state, but through the eyes of women who participated in and witnessed the changes. And her book is based on interviews, oral history, memoirs, and local

archival materials. These sources allow the researcher to demonstrate that the process of modernization was never linear (Kamp, 2006).

Essays, documentary stories, magazine and newspaper articles have been written about the bravery and feats of Soviet women in the war. In addition, writers devoted many of their works to women soldiers and home front workers. The first pages of history were written about the contribution of Soviet women to the defense of the socialist Motherland during the Great Patriotic War. Although these books, written during the war, were usually journalistic, essayistic in nature, without deep generalizations and conclusions, at the same time they showed the greatest role of Soviet patriots in the defense of the Motherland, their selfless labor in factories, factories, collective farms and state farms, their heroism on the front, in partisan detachments, in the party and Komsomol underground. The military and labor exploits of Soviet women were covered in a number of works published in the first decade after the war. In the multi-volume "History of the Communist Party of the Soviet Union" a large place is given to the publication of the role of women in the defense of the socialist Fatherland (Volume V, Book 1). The work of the Communist Party to educate Soviet women in high patriotism, loyalty to the great cause of the Leninist Party, and the ideals of socialism is covered, examples of the feats of Soviet patriots during the past war years are given. High praise for the patriotism, military and labor activity of Soviet women during the Great Patriotic War is contained in the reports and works of leading figures of the Communist Party and the Soviet state (Murmanceva, 1974: 5).

There are many serial materials in the research works of Soviet historians written in the 1960s-1970s. These works reflected the changes in the national economy that occurred during the war through the involvement of women's labor in production, showed the number and share of women in important sectors of the national economy of our country, their contribution to the work of industry, transport, agriculture, light and food industries, gave vivid examples of the labor and political activity of Soviet patriots. Many warm words and compliments about women who served in the ranks of the Red Army, fought with the invaders in partisan detachments and defeated the enemy in the rear of the country are contained in the military-historical works of outstanding military figures and commanders of the Soviet Armed Forces in the memoir literature. They widely demonstrate the selfless labor, courage and heroism of Soviet women on the front, in the partisan movement, and in the work of the country's rear (Murmanceva, 1974: 8). Thus, a brief list of available literature on the topic allows us to conclude that the labor and military activity of Soviet women during the past war years, which had great military-strategic, political and economic significance, has attracted the attention of many researchers, but has not yet found full generalization and coverage from a historical perspective.

Materials and Methods

Historical review and comparative analysis, along with the biographical method, a number of reviews and analyses of the works of Western and post-Soviet scientists were carried out. A comparative analysis of the work of the collective farms of the Kazakh SSR during the war was carried out, the social composition of the workers was classified. Based on archival data, the names of a number of women who served as workers, their professions and their role in society during the difficult times were determined. The scientific novelty of the article is the research conducted on the basis of data obtained from the Turkestan regional archive.

Discussion

Everyday life reflects the hidden side of war. How people work, eat, care for family, cope with fear, adapt for resource scarcity and organize life under constant threat. Labor occupies a special place. War disrupts the traditional distribution of roles, women take on functions previously held by men, agriculture and manufacturing become central to everyday life, as the survival of the home front and success of the army depended on them.

Military service played a special role in women's daily lives. In many countries women served as nurses, signalmen, orderlies and scouts. Also women fought in combat as snipers, pilots and

machine gunners, their lives at the front differed little from those of men, trenches, sleep deprivation, night shifts, these roles required high physical and mental endurance.

Also letters from the front became women's only connection with their brothers, husbands and sons. The emotional toll was colossal, women experienced anxiety, loneliness and loss.

The phenomenon of everyday life is at the center of attention for representatives of various fields of humanities and social science: philosophers and sociologists, anthropologists and cultural scientists. The contemporary understanding of everyday life is largely based on the principles and fundamental tenets of the phenomenological sociology of E. Husserl and A. Schütz, the ethnomethodology of G. Garfinkel, the theory of pragmatism of W. James, the theory of social construction of P. Berger and T. Luckman, and other concepts and approaches. In historiography, the attention to the problems of everyday life was closely linked with the works of representatives of the Annales school - M. Bloch, L. Febvre, F. Braudel, E. Le Roy Ladurie, and other historians (Krinko, 2012: 269).

Interest in studying the everyday world of the Soviet individual was first expressed by representatives of the revisionist school of thought in Western historical scholarship M. Levin, S. Cohen, but especially S. Fitzpatrick, who focused on "everyday practices, the forms of behavior and strategies for survival and advancement that people employ in specific sociopolitical conditions" (Krinko, 2012: 270).

Orlov examines everyday life as a space where macro-level state policy intersects with micro-level personal practices and explores how citizens overcame ideological pressure, collective rituals, and work expectations while maintaining private autonomy and social connections. He emphasizes the role of education, corporate culture, family structures, and the dynamics of urban-rural relations in shaping everyday life. Before the Second World War, the founder of the "sociogenetic theory of civilizations" N. Elias called for considering society and individuals "as inseparable aspects of one changing set of relationships". He gave world humanities knowledge a vision of the development of civilizations as an interweaving of diverse practices (education, knowledge, labor, power) and ways of organizing them, reinforced by various institutions. Elias and his followers specifically studied the processes of "civilizing" various aspects of the everyday life of individuals - their appearance and manners of behavior, intentions, feelings and experiences, speech and etiquette. In addition, Elias posed the question: are we dealing in the case of everyday life and, accordingly, its opposite – "extra-everyday life" – with different spheres of human society? (Orlov, 2009: 13).

Moreover, the history of everyday life should be viewed not only as a trend within German historical scholarship, but also as a trend in the development of global historical thought, linked to the crisis of explanatory models in "big" political history and, above all, the history of elites and structures. It is no coincidence that in the mid-1980s, the American sociologist and historian Charles Tilly called for the incorporation of everyday life "into the turbulent waters of the historical process" (Orlov, 2009:17).

The role of Kazakhstanis in the Great Patriotic War, as well as the labor exploits of the working class, collective farm peasantry, and Soviet intelligentsia, are comparatively well-researched. However, none of these works address the issue of women in the national economy during the war, we were unable to independently locate the topic, with the exception of one small brochure of T. Guba and O. Kuznetsova "Women of Kazakhstan Will Fulfill Their Duty to the End to the Motherland" and a number of articles by leading party, Soviet, and scientific figures, written at the beginning of the war, which briefly and popularly describe the patriotic and labor upsurge of women in the republic's industrial and agricultural production during the war, women's participation in the nationwide patriotic movement to provide assistance to the front, and the role of Soviet women in defending the socialist Fatherland. (Nurbekova, 1988:8). The collections are highly valuable published during the war: "Kazakhstan in the First Year of the Patriotic War against the Nazi Invaders" (1943), "Letters from the Front" (1944), "Heroes of the Soviet Union - Kazakhstanis" (volume 1, 1945), written on the basis of materials from periodicals and official documents (Nurbekova, 1988: 9).



Figure 1. Girls of the 487th Fighter Aviation Regiment. Sergeant O. Dobrova is seated on the left in the photo. Caption on the back: "Masha, Valya, Nadya, Olya, Tanya – girls of our unit, 23234-a." July 29, 1943. Source: waralbum.ru

Evacuated women became a source of labor force replenishment at industrial enterprises, institutions, and collective farms in the country's rear areas. They often mastered professions traditionally considered male. Heavy physical workloads at work had a negative impact on women's health and reproductive function. Evacuation became a significant catalyst for social conflict in the Soviet rear, and the evacuees themselves became a stigmatized group. Relations between locals and evacuees were characterized, on the one hand, by hospitality and mutual assistance, and, on the other, by mutual hostility. Gender, along with nationality, property status, and urban or rural lifestyle, became a source of conflict. The formulation of the problem of women's everyday life in relation to the evacuation of the Great Patriotic War shows that the results of such a study will allow us to understand the features of everyday practices and experiences, as well as the specifics of gender relations and identities in the USSR under the extreme conditions of war (Gendernye aspekty, 2020:115). From our perspective, the experience of these women highlights how extreme circumstances such as war can accelerate social change, challenging deeply entrenched gender hierarchies while simultaneously exposing structural inequalities. The duality of empowerment and exploitation in their experience reflects a broader tension in wartime societies, the necessity of mobilizing all available human resources versus the persistence of social prejudices and limitations.

Two distinct stages are evident in the training of female personnel: 1941–1942 and 1943–1945. During the first stage, the primary objective was the rapid and large-scale training of new personnel to replace those sent to the front. During this time, the primary methods were individual and team apprenticeships, primarily on-the-job training. During the second stage, alongside the training of newcomers, advanced training in Stakhanovite schools, courses, and circles of advanced experience began to play an increasingly important role. It is also important to emphasize that the skilled workers and the long-standing traditions of the collectives played a significant role in the rapid industrial, psychological, and social adaptation of young personnel. Having improved their qualifications, women felt more confident in the workplace. This new professional level gave them greater freedom, independence, and the opportunity to take a worthy place among (Gendernye aspekty, 2020: 121). In rural areas, women were the main source of new machine operators. On August 13, 1941, the Pravda newspaper called for "every assistance to Soviet patriotic women in their aspirations to become tractor, combine, and automobile drivers. Women's training must be supervised on a daily basis, eliminating all shortcomings, everything that prevents collective farm women from mastering the machines more quickly and effectively". The call "Women to the Machines!", issued by the Pravda newspaper, had a profound emotional impact on the country's female collective farmers (Gendernye aspekty, 2020: 122).

From Stalin's speech to voters, February 1946:

"As for longer-term plans, the Party intends to organize a new, powerful upsurge in the national economy, which would enable us to raise the level of our industry, for example, threefold compared to the pre-war level. We must ensure that our industry can annually produce up to 50 million tons of pig iron, up to 60 million tons of steel, up to 500 million tons of coal, and up to 60 million tons of oil.

Only under this condition can we consider our Motherland guaranteed against all contingencies. This will probably take three new five-year plans, if not more. But this can be done, and we must do it" (Kirillov, 2015: 12).

Collective farms and collective farmers. The war affected the peasants in different ways. In some families, workers went to the front. They were worse off than in the 1930s. But there were also those who were able to expand their farms. Food shortages occurred during the war, and market prices rose sharply. In 1944, beef cost 12 rubles per kilogram with rationing, but 400 rubles at the market; a liter of milk cost 2 and 60 rubles, respectively; a kilogram of butter cost 25 and 1,000 rubles (the average monthly salary couldn't buy even half a kilogram).

However, some peasants began to accumulate entire fortunes. In December 1947, the "excess money" was confiscated through a currency reform. It describes the social stratification among peasants during the war years, the explosion of market prices for food products, and how the monetary reform of 1947 eliminated the accumulated funds of a portion of the rural population.

2. Бастауыш мектепте балаларды ана тілінде оқыту қамтамасыз етілсін.
3. Оқу құралдары мен басқа материалдар «Қазақ» газетінің емлесі бойынша жазылсын.
4. Русско-түземный мектептерінің барлығы тоқтатылып, орнына ұлттық мектептер ашылсын.

5. Орыс балаларымен бірге оқитын мектептерде қазақ-қарғыз балаларға қазақ тілі және мұсылман діні үйретілсін.

6. Қазақтардың ашқан баспаларында шығарылатын кітаптардың қазақ балалары үшін пайдалануын қадағалау үшін комиссия құрылсын.

Жиналған мәліметтер ұлыс мәжілістеріне тапсырылып, олардың тоқтаусыз земство арқылы қаржылай қолдау күтіп тұрмай, жаңа стипендиялар ашылсын.

«Түркістан мұсылмандарының екінші жалпы жиылысы» деген тақырыпта 1917 жылдың тоғызыншы санында 11 мәселе қарастырылатыны. Соның ішінде төртінші орынға «Түркістан мұсылмандарының оқу оқыту һәм мәдени істері» деп халықты оқыту мәселесін де көтере жазды.

«Бірлік туының» ұйымдастырушылары мен жанашырлары қазақтың проблемаларының басты себебінің бірі – сауатсыздық пен надандықта деп таныды. Олар «...халықтың ілімді болып, өзінің кім екенін һәм өзін бағушы патша мен төрелердің кімдер екенін анық түсінуі қажет. Халықтың түсінуі ондай уақытта онан өте қиын іс. Өйткені ол тәртіптің сүйенген күші надандық, қорыққан жауы ғылым болғандықтан ол қолынан келгенше халыққа ғылым нұрын түсірмеу жағына күш қылады», - деп халқын ілім-білім мен ғылымға үндеумен болды. Мәселе басылымның бірнеше сандарында көтерілді. Соның бірі «Келдин» бүркеме атымен жазылған «Бірлік туының» алғашқы ұйымдастырушыларының бірі Қайретдин Болғанбаевтың «Бірлік туының» 8 қыркүйектегі 8-ші нөмірінде жарық көрген «Ең керекті іс» мақаласы (Елкей, 2025: 131-138). Автор халқын бұрынғы патша заманындағы надандық, ілімсіздікпен қош айтысып, жаңа үкімет тұсындағы мүмкіндіктерді пайдалануға шақырады: «Енді өткен іске өкініш жоқ. Бірақ мұнан бұлай да саңлаусыз салтқа қарап жалпы жұрттың түсіп жатқан жолына түспей, келешектегі үмітімізге, ұлтшылық денімізге қызмет етерлік білім жемісінен мақұрым отырсақ үлкен ұят; ұлтымызға зор таңба; кетпес өкініш болар. Қай жұртты болса да ұлтшылық, құдайшылық жолына жеткізіп тәркі еттіретін: даңқ, аброй, атақ беріп бақыт жолына түсіретін негізді жолдың ілім екені шексіз. Соның үшін бізге де басқалармен қатар тең болып жасауды үміт етіп қызыл қарын жас баланың, кейінгі нәсіптің қамын ойлап сол оқу мезгілінде оқу жасындағы балаларды сабақтан қалдырмасқа тырысу, һәм оның үшін һәр жерден мектеп ашып іске кірісу ғана керек...».

Қайретдин Болғанбаевтың тағы бір мақаласы газеттің тоғызыншы санында жарық көрген «Мұғалім және шәкірттер ескерсін» атты мақаласы (Болғанбаев, 2005). Автор баланың бастауыш білімді ана тілінде алуы керектігін айтады: «Орынборда өткен жалпы қазақ съезі бұл жайтты ескеріп, бастауыш білім беру қазақтың ана тілінде жүргізілсін және қазақ емлесі қолданылсын деген шешім қабылдады. Бұл – біздің орындауға тиісті міндетіміз. Себебі мұғалім оқыту әдістерін жақсы меңгеріп, балалар пайдаланатын оқу құралдары олардың өз тілінде әрі төл жазуымен жазылған болса, оқу үдерісі әлдеқайда тиімді әрі тез алға басады. Жалпы сол бір күрделі тарихи кезеңдегі зиялыларымыздың мақсатының бірі – қазақ балаларының ілім-білімді меңгеруі, ана тілінде білім алу мүмкіндігіне ие болуы еді. Қайретдин Болғанбаев та «оқу өнерінен» кенжелеп қалған халқын жарлы-жақыбайлының күнін артта қалдырып, бұдан әрі бұған төзбеуге шақырады. Ол «...Біз – оқу-ағарту мен ғылым жолында ұзақ уақыт бойы артта қалып, өз ішімізден жеткілікті педагог дайындай алмаған жұпыны халықпыз. Сол себепті ең алдыңғы міндет – бастауыш оқу орындарының санын көбейтіп, балаларға сапалы тәрбие мен білім бере алатын мамандарды өз ортамыздан даярлау және қалыптастыру болып табылады...», - деп Түркістан аймағында «мұғалімдер курсы» ұйымдастыру керектігін, ниет білдірушілер болса, Ташкенттегі «Бірлік туы» азаматтарының жол көрсетуге дайын екендігін айта кетеді.

«Бірлік туы» газетінде көтерілген маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі – қазақ қыздарының білім алуы. Бұл тақырыпқа да енжар қарамаған Хайретдин Болғанбаевтың мақаласы ерекше орын алады. Болғанбаев қазақ қоғамында қыз баланың оқуын тоқтатуға болмайтынын, олардың білім алуы ұлттың болашағына тікелей әсер ететінін ерекше атап өтті.

Болғанбаев 1918 жылы жарық көрген мақаласында: «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» деп, қазақ қоғамындағы гендерлік теңдік мәселесін батыл көтерді (Батырбеков, 2010: 56-60). Бұл кезеңде қыз балалардың оқуы туралы ашық айту – өте өзекті әрі революциялық ой болатын.

Халықты сауаттандыру, ана тіліндегі бар оқу құралдарының барынша қолданылуын қамтамасыз ету, олардың санын көбейту, қазақ тіліндегі ауыз әдебиетінің үлгілі ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, өлең-жұмбақтарын жинау, мұқтаж оқушыларға жәрдем беру, мектепке келген балаларды кітап, сия, қарындаш, дәптермен тегін қамтамасыз етуді жолға қою сияқты өзекті мәселелер басылым беттерінде жиі жарияланып тұрды.

Газетте қазақ тілінде оқулықтардың тапшылығы туралы мәселе ерекше жиі көтерілді. Қазақша оқулықтардың болмауы – қазақ балаларының ана тілінде білім алуына кедергі болды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының оқу құралдарын жазуға белсене кірісуі – осы мәселенің өзектілігін көрсетеді.

1917 жылдардағы халықтың ауыр жағдайын айтқан «Қыр шаруасын ескерту» деген Ахмед Жанталиннің «Бірлік Туы» газетінің 1917 жылғы № 14 санындағы мақалада азық-түлік бағасын салысыра жазып кетеді (Жанталин, 1917). Соның өзінде: «Қазаққа қажет негізгі тұтыну тауарлары – шай, қант, кездеме сияқты бұйымдар далада мүлде жоқтың қасы. Аз мөлшерде табылғандарының өзі бұрынғы бағамен салыстырғанда 8-18 есеге дейін қымбаттап кетті. Мәселен, бір кездері қағаздың құны 1 сом 20 тиін болса, қазір ол 10-12 сомға дейін өсті. Демек, шайдың бағасы бұрынғыдан 8-9 есе артқан. Кездеменің қымбаттауы да елге белгілі жайт. Мысал ретінде оның бағасын қарасақ: бұрын бір кезі 16-17 тиін тұрса, бүгінде 3 сомнан жоғарылап кеткен. Осылайша, сиса бұрынғы бағасынан 18 есе қымбаттап отыр...», - дей келе қағаз бен сияның қымбаттауын қоса жазып кеткен. Ол дегеніміз мектеп ашуда, оқу-білімде оқу-құралдардың маңыздылығын және білім алу ол азық алумен тең екендігін көрсете кеткен.

Жастарға арналған «Талап» ұйымының ашылуы газет бетінде жарияланды. Мұнда жастардың ұйымды ашу себебін, алдыға қойған мақсаттарын жазады. Сол мақсаттардың ішіне мектептерді оқу-құралмен қамтамасыз ету де қарастырылады. Сонымен қатар балалардың білім алуына жастар тікелей өз мойындарына алатындары да айтылады (Келдин, 1917).

«Талап» қауымының ұстанған жолы:

I. Халықты мемлекеттің сол кезеңдегі саяси өмірімен таныстырып, демократиялық бағытты қолдау және саяси мәселелерде елге бағыт-бағдар көрсету.

II. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі – земствомен халықты таныстыру және оны тиімді түрде іске қосуға жәрдемдесу.

III. Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауда жұртшылыққа дұрыс жол сілтеу.

IV. Қазақ қауымына білім мен өнерді кеңінен тарату.

- Жастар арасында газет пен журнал шығарып, қазақ тіліндегі кітаптарды халыққа жеткізу;

- Қазақ мұғалімдерін бірізді оқыту жүйесіне түсіріп, ана тіліндегі оқу құралдарын кеңінен қолдануға жағдай жасау және жетіспейтін оқу материалдарын тиісті мекемелер арқылы толықтыруға көмектесу.

V. Қазақ әдебиетінің дамуына жетекшілік ету; халықтың ауыз әдебиеті – ескі мақал-мәтелдер, ертегілер, өлең-жырлар, жаңылтпаш, тақпақ, жар-жар, шежіре секілді мұраларды жинақтау.

VI. Ел ішіндегі бүлдіргіш партияшылдықты жоюға күш салу.

VII. Кедейлерді байлардың тарапынан болатын әділетсіздіктен қорғау бағытында жұмыс жүргізу.

VIII. Әйелдер мәселесіне қатысты жалпы мұсылман және жалпы қазақ съездерінде қабылданған шешімдерді өмірге енгізу.

IX. Білімге мұқтаж оқушыларға мүмкін болған барлық жолмен көмек көрсету.

X. Театр өнерімен танысып, оны кеңінен өрістетіу, насихаттау.

Жоғарыда жазылған «Талап» ұйымының 10 ұстанымының төртінші және тоғызыншы ұстанымы тікелей оқу-ағарту ісімен қатысты екені байқалады.

Газеттің редакторы Сұлтанбек Қожанов өз мақалаларында қазақ балаларының сауатын ашу, олардың заман талабына сай білім алуы ұлттық жаңғырудың басты шарты екенін баса айтты. Оның пікірінше, қазақ халқының рухани көтерілуі мен әлеуметтік дамуы ең алдымен білім арқылы жүзеге асуы тиіс болатын (Тұрсұн, Исаев, 2016: 234-242).

Сұлтанбек Қожанов газет ашылғанға дейін, 1917 жылғы Қазан төңкеріске дейін Өндіжанда мұғалімдік қызметте болған. Ташкенттегі «Ихтия» қоғамдық ұйымның төрағасы. Ақпаннан қазанға дейін Сырдария облысында әртүрлі қызметтер атқарған (Аманқос, Қуатова, 2017: 47-51).

Сонымен қатар, газет беттерінде ауыл мектептерінің жетіспеушілігі, мұғалімдердің тапшылығы, мектеп бағдарламаларының заман талабына сай болмауы үнемі сыналды. Бұл мәселелердің барлығы қазақ қоғамындағы мәдени артта қалушылықтың негізгі себептері ретінде көрсетілді (Тұрсұн, 2020: 65-70).

Оны біз газет бетінде жарияланған «Мұғалім һәм шәкірттер ескерсін» деген мақаладан біле аламыз (Келдин, (Болғанбаев), 1917). Онда: «Қай халықты алып қарасақ та, өнер мен білімсіз өмір сүре алмайтыны айдан анық. Бұл ақиқатты артық дәлелдеп айтудың өзі қажет емес. Бірінші және ең басты қадам – әр жұрттың өз тілінде оқытатын бастауыш мектептері екені де даусыз ақиқат. Өйткені мұғалім оқыту жолында жүйрік болып, қолданған кітаптары балалардың ана тілінде, өз емлесінде болса, оқыту ісі жылдам ілгері баспақ.» деп жаза келе, өнер-білім алуына ұмтылған мұғалім мен оқушыларға назар аударды. Әсіресе сол уақытта оқып жүрген оқушылар «қазақ» емлесімен танысып, оқыту жолдарын дұрыс үйрену керектігін алға тартады. Себебі, оқу, оқыту, өнер-білімнен артта қалып бара жатыр, түп тамыры жеткілікті мұғалімдер жоқ болған. Сондықтан балаларға сауат ашатын ең алдымен бастауыш мектептерді көбейту керек, балаларға білім нәрімен сусындататын мұғалімдер шығару керек делінген. Онысыз халықтың көзі ашылмайтыны анық. Сол уақытта Дала уалаяты мен Түркістан уалаятына Земство берілгелі жатқандығын хабарлай отыра, тиімді пайдалану керектігі жазылды. Земство бірден ашылған соң қолына алатын істерінің бірі оқу, оқыту жағы мен мектеп ашу болады. Сол уақыттың өзі жеткілікті екендігі, соны тиімді пайдалана отырып, сол тәлімнен хабар болған, «қазақ» емлесіне жетік білетін мұғалімдер жинау керектігін хабарлайды: «Енді бұл оқыту жоқ мұғалімді һәм мұғалімдік ілімін үйренуші-оқушы болмаған мынадай бір заманда ол күнде қайдан таппақ боламыз?! Мұны мұғалім мен шәкірттеріміздің ескерулері жөн болар еді. Бұл күнде түркістанның һәр бір шаһрлерінде оқып жатқан шәкірттеріміз бар. Бұлар бұл күнге шейін сол тәлім ретінде ықыластарын бермей дін оқуларымен келеді. Бұлардың бұлай оқуларына халқы, кейінгі інілері заманша көп пайда ала алмайды. Сондықтан түркістан уалаятындағы шаһрларда оқып жатқан шәкірттер мен ел ішіндегі мұғалімдерге мұғалімдік ілімі мен таныстыратын аз уақыттық бір «мұғалімдер курсы» керек-ақ. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды дейді. Егер тәләбасы бар мұғалім, мұғалімдікке шаһадатнама алып ұлтына қызмет студі тілеушілер болса Ташкенттегі «Бірлік туы» газетінің басқармасында тұрған азаматтарымызға білдірсе. Бұлар бір жол көрсетер еді. Мүмкін болса Ташкенттен курс ашып өздері қызметінде де болар еді деп ойлаймыз. Қысқасы; бұл мәселе Түркістан облысындағы шәкірттер мен ел азаматтарының ескерерлік бір мәселесі».

Бұл мақалада мектеп ашуда, әсіресе, бастауыш мектептерін ашуда мұғалімдердің жетіспеушілігі алдыға тартады. Бірақ оның да шешімін айта кетті, «Бірлік туы» газетінің Түркістан уалаятына ғана танымал емес, сонымен қоса Дала уалаятындағы обылыстар да оқитынын ескере отырып, осы мақаланы оқыған жастар, оқырмандар, қарапайым тұлғалар «қазақ емлесін» білетін мұғалімдерді жинауды тапсырды. Осы арқылы мәлесені шеше алатынын, бұған жаппай халықтың ат салысуын сұрады.

Алыс ауылдарда мектептің жетіспеуі, сонымен қатар мектептің ашылғанын хабарлайтын газеттерің бірі – «Бірлік Туы» болды. Оған дәлел: «Ташкентке жақын «Қауыншы» деген жерде Қожамқұл ақсақалдың салдырған мектебі бар. Онда биыл сабақтар 28-ші сентябрьде басталады. Мектепте 4 бөлім: бірі мұсылманша, бірі орысша екі бөліп оқытады. Мұсылманша оқытатын мұғалім медресе Ғалияда тахсил алған Ұлыхан мырза Әміров. Орысша оқытатын мұғалім Қазандағы татар учительский семинариясында тахсил алған Фезаллах мырза Махсанов. «Қауыншы» да қазақ, сарт көп болса да жазылып оқуға кірген балалар, әзір 23-ақ. Сырттанда балалар қабыл етіледі. Балаларын бермеймін дегендер болса, 15-нші октябрьге шейін мектеп үшін сиғанша қабыл етіле береді. Сонда да ескертіп өтейін: мектепке кірген балалардың кітап, сия, қарындаш, дәптер сияқты керекті заттарын жамият хайрия береді. Олар үшін балалардан бір тиын алынбайды. Һәм бұл туралы бай, кедей деп те талғау жоқ. Енді замана жайына түсініп алаңындағы қандас, діндес бауырларына, әсіресе қазақ халқына керекті мезгілінде ашылған ақсақал мектебінің жемісті болуына тілектеспіз» (Қамзабекұлы, 2023: 436).

Бұл мақаладан байқасақ, мектеп кішкентай екенін, бірақ небір мұғалімдердің сабақ беретінін, әзірге оқушы саны аз, келіп оқуға мүмкіндік бар екенін, тіпті балалардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, оларды бөлмейтінін, мұнда балалар тегін оқитынын,

оқу-құралдарды өздері беретіне дейін айтылған. Газет өз кезегінде барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мейлінше білім алуға болатын ақпараттарды қарапайым халыққа жеткізіп отырғандығы анық.

Зерттеу нәтижелері XX ғасыр басындағы «Бірлік туы» газетінің қазақ қоғамындағы оқу-ағарту қозғалысын дамытуда айрықша тарихи рөл атқарғанын көрсетеді. Газет жарияланымдарын талдау арқылы төмендегі негізгі нәтижелер анықталды: «Бірлік туы» газеті ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру идеясын алға тартты. Газетте бастауыш мектептердің ана тілінде ашылуы, ұлттық емленің қолданылуы, қазақ балаларының өз тілінде білім алуы қажеттігі ерекше көтерілді. 1917 жылғы мақалаларда: *«Бастауыш мектептер ана тілінде оқытылсын, «қазақ емлесі» қолданылсын»* деген талаптың бірнеше рет қайталануы осы бағыттағы басты ұстанымды айқындайды. Газет қазақша оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығын өзекті проблема ретінде көрсетті. Мақалаларда ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына басты кедергі — ана тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі екені айтылып, бұл мәселені шешу үшін қазақша оқу құралдарын жазу мен тарату қажеттігі көрсетілді. Мұғалім кадрларын даярлау мәселесін көтеруі — газеттің маңызды жаңалығының бірі. «Бірлік туы» беттерінде Қайретдин Болғанбаев бастаған зиялылар Түркістан өлкесінде арнайы мұғалімдер курстарын ашу идеясын ұсынды. Бұл ұлттық педагогикалық кадрларды жүйелі даярлаудың алғашқы бастамаларының бірі болып саналады. Газет оқу-ағарту ісін тек білім беру емес, ұлттық жаңғырудың негізі ретінде қарастырды. Білім арқылы халықтың саяси санасын көтеру, демократиялық мәдениетке бейімдеу, ұлттық бірлікті нығайту — газеттің негізгі бағыттарының бірі болды. Бұл «Бірлік туының» ағартушылық қызметін саяси-рухани деңгейге көтеріп, оны ұлттық қозғалыстың маңызды идеологиялық органы етті. Білім беру мәселесін қоғамдық деңгейде ұйымдастыруға үндеу — басылымның тағы бір басты нәтижесі. Газет арқылы халыққа әр ауылда мектеп ашу, оқу жасындағы балаларды сабақтан қалдырмау, оқу құралдарын жинау, мұқтаж оқушыларды қолдау сияқты қоғамдық бастамалар ұсынылды. Бұл оқу-ағарту ісін тек мемлекеттік немесе зиялылардың міндеті емес, бүкіл халықтық іс ретінде танытты.

«Бірлік туы» газеті Түркістан өлкесіндегі білім беру саясатына ықпал етті. Газет көтерген мәселелер өңірдегі съездерде қаралып, білім беру міндеттілігі, ана тіліндегі оқыту, қазақ емлесін қолдану, ұлттық мектеп ашу туралы қаулылар қабылдануына ықпал еткен. Газеттің білім беру тақырыбындағы жарияланымдары Алаш зиялыларының стратегиялық бағытымен толық үндеседі.

Қорытынды

XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін саяси серпіліс, ұлттық өзіндік сананың жаңғыруы және ағартушылық идеологиясының қалыптасуымен ерекшеленген кезең болды. Осы тарихи жағдайда «Бірлік туы» газеті Түркістан аймағындағы қазақтарды білім мен ғылымға, мәдени ілгерілеуге үндеген басты басылымдардың біріне айналды. Газет көтерген білім беру мәселелері оның ағартушылық бағыттағы мақсаттарының нақты көрінісі ретінде танылды. «Бірлік туы» беттерінде ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде білім алуы, ауылдық мектептер ашу, бастауыш оқуды бірізді қазақ емлесімен жүргізу, қазақша оқулықтар мен оқу құралдарын шығару қажеттігі кеңінен талқыланды. Мұстафа Шоқай, Қайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов сияқты зиялылардың мақалаларында ағартушылықсыз ұлттың саяси, экономикалық және рухани тұрғыда алға жылжуы мүмкін еместігі атап көрсетілді. Газет тек оқу орындарын көбейтуді ғана емес, сонымен бірге қазақ мұғалімдерін даярлау мәселесін бірінші кезекке қойды. Түркістан өлкесінде арнайы мұғалімдер курстарын ашу бастамасы — білім беру ісін жүйелі дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Сонымен қатар, басылым халықты оқу ісіне жұмылдыру, кедей оқушыларды қолдау, оқу құралдарын қолжетімді ету, қазақтың ауыз әдебиеті мен мәдени мұрасын жинау сияқты бастамаларды насихаттады. «Бірлік туы» газеті көтерген білім беру идеялары ұлт санасын оятып қана қоймай, сол кезеңдегі жалпыұлттық модернизация үдерісінің өзегіне айналды. Ағартушылықты негізгі құндылық ретінде ұстанған басылым қазақ қоғамының мәдени-рухани жаңғыруына, ұлттық

білім жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Осылайша, «Бірлік туы» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық мұратын кең таратқан, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасу тарихында ерекше орны бар басылым. Оның білім беру мәселелерін көтерудегі рөлі қазақ халқының ұлттық жаңғыру жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі ретінде бағаланады.

Газеттің көтерген мәселелері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Білім – ұлттың болашағы екенін дәлелдеген бұл басылым қазақ баспасөзі тарихында мәңгілік із қалдырды. Зерттеу нәтижесінде «Бірлік туы» газетінің ағартушылық, ұлттық және мәдени миссиясы қазақ қоғамының жаңғыру тарихында ерекше орын алатыны толық айқындалды.

References

- Amankos, Kuatova, 2017 — *Amankos M., Kuatova A.* Editorial activity and creative work of Sultanbek Khojanuly. Bulletin of KazNU. Journalism Series, 2017. No. 1(43). Pp 47–51.
- Atabayev, 1998 — *Atabayev K.* The Periodical Press as a Source on the History of Kazakhstan at the End of the 19th – Beginning of the 20th Century. Almaty: Kazakh University, 1998. 192 p.
- Atabayev, 2000 — *Atabayev K.* Kazakh Press as a Source on the History of Kazakhstan (1870–1918). Almaty: Kazakh University, 2000. 358 p.
- Abdirazakova, 2014 — *Abdirazakova A.K.* From the Formation History of “Birlik Tui” Newspaper. // History of Kazakhstan. [electronic resource] URL <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8735> (Accessed: 14.03.2025).
- Batyrbekov, 2010 — *Batyrbekov A.Zh.* Enlightened 'Birlik Tui'. Bulletin of A. Yasawi University, 2010. No. 2. Pp. 56–60.
- Bekhozhin, 1964 — *Bekhozhin K.* Development Paths of Kazakh Press (1860–1930). Almaty, 1964. 276 p.
- Bolganbayev, 2005 — *Bolganbayev K.* Works. Legacy (compiled by D. Kamzabekuly). Astana: Parasat Alemi, 2005. 230 p.
- Birlik Tui, 2023 — *"Birlik Tui"* newspaper. 1917–1918. / comp. Myrzagali A. Astana: Alashorda, 2023. 436 p.
- Elkei, 2025 — *Elkei N.* Public-Enlightening Work of Khayrettin Bolganbayev in Petropavl. KarU Bulletin. History and Philosophy Series, 2025. 1(117). PP. 131–138. <https://doi.org/10.31489/2025HPh1/> Pp 131–138.
- Zhantalin, 1917 — *Zhantalin A.* Warning for the Steppe Economy. Birlik Tui, 1917. No. 14, November 8, p. 2.
- Keldin (Bolganbayev), 1917– *Keldin (Bolganbayev Kh.).* 'Talaba' Society. Birlik Tui, 1917. September 13. № 9. Pp. 1–2.
- Kenzhebayev, 1950 — *Kenzhebayev B.* From the History of Kazakh Press. Almaty: Mektep, 1950. 205 p.
- Kamzabekuly, 2023 — *Kamzabekuly D.* "Birlik Tuy Newspaper", 1917–1918. Astana: Alash Orda, 2023. 436 p., Turkestan Regional Kazakh-Kyrgyz General Assembly. // *Birlik Tui Newspaper*, 1917. № 6, August 20, p. 2.
- Radzhapov, Baydildina, 2021 — *Radzhapov A.O., Baydildina S.Kh.* The newspaper "Birlik tuy" as a historical source. Textbook (for the course of modern history of Kazakhstan). Almaty: AEJBU, 2021. – 137 p., Kozhamkul school. Birlik tuy, 1917. October 11. №11, p. 2.
- Smagulov, Shotbakova 2016 — *Smagulov B.A., Shotbakova L.Q.* Some Issues of Formation and Development of Kazakh Periodicals. Bulletin of Karaganda University, 2016. № 2, Pp. 33–39.
- Subkhanberdina, 1998 — *Subkhanberdina U.* "Kazakh" newspaper. Almaty: "Kazakh Encyclopedia" Main Editorial Office, 1998. 556 p., Kazakh Newspaper, 1917. July 17. No. 236. p. 2.
- Tursun, 2020 — *Tursun H.* The Alash Ideology in Sultanbek Khojanov's Activities. Bulletin of the West Kazakhstan Innovation-Technological University, 2020. 2(14). Pp. 65–70.
- Tursun, Isaev 2016 — *Tursun H.M., Isaev M.S.* Sultanbek Khojanov and the Idea of National Independence. // «edu.e-history.kz» electronic scientific journal, 2016. 1(5). Pp. 234–242. [electronic resource] URL <https://www.ajspie.com/index.php/history/article/view/900/811> (Accessed: 14.03.2025).

Әдебиеттер тізімі

- Аманқос, Қуатова, 2017 — *Аманқос М., Қуатова А.* Сұлтанбек Қожанұлының редакторлық қызметі мен шығармашылығы. // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы, 2017. №1(43). 47–51-бб.
- Атабаев, 1998 — *Атабаев Қ.* Мерзімді басылым – XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 192 б.
- Атабаев, 2000 — *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918). Алматы: Қазақ университеті, 2000. 358 б.
- Әбдіразақова, 2014 — *Әбдіразақова А.Қ.* «Бірлік» туы газетінің қалыптасу тарихынан. // Қазақстан тарихы [электронды ресурс] URL <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8735> (Қаралған күні: 14.03.2025).
- Батырбеков, 2010 — *Батырбеков А.Ж.* Бірлікшіл «Бірлік туы». // А. Ясауи университетінің хабаршысы, 2010. №2. 56–60 бб.
- Бекхожин, 1964 — *Бекхожин Қ.* Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930 жылдар). Алматы, 1964. 276 б.

- Болғанбаев, 2005 — *Болғанбаев Х.* Шығармалары. Тағылымы (Құрастырушы Д.Қамзабекұлы). Астана: Парасат әлемі, 2005. 230 б.
- Бірлік туы, 2023 — «*Бірлік туы*» газеті. 1917–1918 жылдар. / құраст. Мырзағали А. Астана: Алашорда, 2023. 436 б.
- Елкей, 2025 — *Елкей Н.* Хайретдин Болғанбаевтың Петропавлдағы қоғамдық-ағартушылық қызметі. // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы, 2025. 1(117), 131–138. <https://doi.org/10.31489/2025NPh1/131-138>.
- Жанталин, 1917 — *Жанталин А.* Қыр шаруасын ескерту. // Бірлік туы, 1917. №14. 8 қараша. 2-б.
- Келдин (Болғанбаев), 1917 — *Келдин (Болғанбаев Х.).* «Тәләбә» қауымы. // Бірлік туы, 1917. № 9. 13 қыркүйек. 1–2 бб.
- Кенжебаев, 1950 — *Кенжебаев Б.* Қазақ баспасөзінің тарихынан. Алматы: Мектеп, 1950. 205 б.
- Қамзабекұлы, 2023 — *Қамзабекұлы Д.* «Бірлік туы газеті», 1917–1918 жылдар. Астана: Алаш Орда, 2023. 436 б., Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиылысы. // «Бірлік туы» газеті, 20 тамыз 1917. № 6. 2-б.
- Раджапов, Байдильдина, 2021 — *Раджапов А.Ө., Байдильдина С.Х.* «Бірлік туы» газеті тарихи дереккөзі ретінде. Оқу құралы (Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы бойынша). Алматы: АЭЖБУ, 2021. 137 б., Қожамқұл мектебі. // «Бірлік туы» газеті, 1917. 11 қазан. №11. 2-б.
- Смағұлов, Шотбақова, 2016 — *Смағұлов Б.А., Шотбақова Л.Қ.* Қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері. // Қарағанды университетінің хабаршысы, 2016. №2. 33–39 бб.
- Субханбердина, 1998 — *Субханбердина Ү.* «Қазақ» газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. 556 б., «Қазақ» газеті, 1917. 17 шілде. № 236. 2-б.
- Тұрсұн, 2020 — *Тұрсұн Х.* Сұлтанбек Қожанов қызметіндегі Алаштық идея. // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы, 2020. 2(14). 65–70 бб.
- Тұрсұн, Исаев, 2016 — *Тұрсұн Х.М., Исаев М.С.* Сұлтанбек Қожанов және ұлттық тәуелсіздік идеясы. // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2016. 1(5). 234–242 бб. [электронды ресурс] URL <https://www.ajspiie.com/index.php/history/article/view/900/811> (Қаралған күні: 14.03.2025).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1776-1791, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1776-1791

HISTORICAL AND CULTURAL REPRESENTATION OF KAZAKH-DZHUNGAR RELATIONS IN FOLK LITERATURE (BASED ON THE SONG "AIKUNIM" COMPOSED BY SHAKARIM)

Tokishkadirov Botabek¹, Dautova Alma^{2}, Issin Amantay³*

¹Shakarim University
(20A, Glinka Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
Master of Humanities
<https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>. E-mail: botabek87@mail.ru

²Shakarim University
(20A, Glinka Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
Master of Pedagogical Sciences
<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru
*Corresponding author.

³Shakarim University
(20A, Glinka Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
<https://orcid.org/0000-0002-5777-0562>. E-mail: assem51@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Tokishkadirov B., Dautova A., Issin A., 2025

Abstract. *Introduction.* Folklore, as a keeper of national memory, plays a special role in preserving the historical experience, worldview, and cultural values of society, passing them on to future generations. In this context, folklore should be viewed not only as an artistic heritage, but also as a poetic expression of historical memory, a cultural and social asset that reflects the multilayered processes of the past. The analysis of folklore texts that preserve representations of the Kazakh-Dzungar relations of the 17th and 18th centuries is particularly significant. Exactly in these works collective experience is concretized and stable cultural models are established. *Goals and objectives.* The main goal of the study is to reveal the role of folklore sources in preserving the memory of the Kazakh-Dzungar relations, as well as to show how poetic forms based on folk tradition ensure historical and cultural continuity and allow us to gain a deeper understanding of the nature of the relationship between the two ethnic groups. The study's relevance lies in identifying poetic versions of historical memory preserved in oral folk literature, with attention to their chronological, spatial, and authorship-related characteristics. *Results.* In this article, as a historical and cultural reflection of the Kazakh-Dzungar relations, the variants of the oral performance of the "Song of the Kalmyk Girl," known in the former Semipalatinsk region as Shakirim's song "Aikunim", are presented, which are subjected to a comparative historical analysis to identify their cultural significance. *Conclusion.* In the final part, by highlighting the importance of the folklore heritage associated with the Kazakh-Dzungar relations, it is proposed that one of the ways to preserve it is through the widespread

introduction of such works into scientific discourse. This approach is considered an effective way to systematically study historical events that have been preserved in people's memory, taking into account cultural continuity and passing on the spiritual heritage to future generations.

Keywords: Kazakh-Dzungar relations, folklore, song, historical memory, oral history, historical interpretation, Shakarim

Acknowledgments. The article was prepared as part of the implementation of the grant research project AP23488522 «New pages from the history of Kazakh-Dzungarian relations: second half of the XVII – 50s of the XVIII century» with financial support from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Tokishkadirov B., Dautova A., Issin A. Historical and Cultural representation of Kazakh-Dzhungar relations in Folk Literature (based on the song “Aikunim” composed by Shakarim) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1776-1791. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1776-1791

ФОЛЬКЛОР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КӨРІНІСІ (ШӘКӘРІМНЕН ЖЕТКЕН «АЙКҮНІМ» ӘНІ МЫСАЛЫНДА)

Токишкадилов Ботабек¹, Даутова Алма^{2*}, Исин Амантай³

¹Шәкәрім университеті
(20А, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі
<https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>. E-mail: botabek87@mail.ru

²Шәкәрім университеті
(20А, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Педагогикалық ғылымдарының магистрі
<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru

*Автор-корреспондент.

³Шәкәрім университет
(20А, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты
<https://orcid.org/0000-0002-5777-0562>. E-mail: assem51@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАӘ, 2025

© Токишкадилов Б., Даутова А., Исин А., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Фольклор ұлттық жадының тасымалдаушысы ретінде қоғамның тарихи тәжірибесін, дүниетанымын және мәдени құндылықтарын сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуде ерекше қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, фольклорды тек көркем мұра ғана емес, тарихи жадының поэтикалық көрінісі әрі өткеннің көпқабатты үдерістерін бейнелейтін мәдени-әлеуметтік мұра деп қарастыруға болады. Әсіресе XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарына қатысты ұғымдарды сақтап қалған фольклорлық мәтіндерді талдау айрықша маңызды. Өйткені дәл осы шығармаларда ұжымдық тәжірибе нақтыланып, сондай-ақ орнықты мәдени үлгілер бекітіледі. *Зерттеудің негізгі мақсаты* – қазақ-жоңғар байланыстары жөніндегі фольклорлық деректердің рөлін ашу, сонымен қатар халықтық дәстүрге негізделген поэтикалық формалардың тарихи-мәдени сабақтастықты қамтамасыз етіп, екі этнос арасындағы өзара қатынастардың табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін көрсету. *Зерттеудің өзектілігі* – халық ауыз әдебиетінде сақталған тарихи жадының өлеңдік формадағы нұсқаларын анықтау, олардың хронологиялық, кеңістік және авторлық ерекшеліктеріне назар аудару. *Нәтижелері.* Бұл мақалада қазақ-жоңғар қатынастарының

мәдени көрінісі ретінде «Қалмақ қызының әні» бұрынғы Семей өңіріндегі Шәкәрімнің «Айкүнім» әнінің айтылу нұсқаларының салыстырмалы-тарихи талдауға ұсынылды. *Қорытынды.* Қорытынды бөлімде қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты фольклорлық мұраның маңызын аша отырып, оны сақтау жолдарының бірі ретінде осы туындыларды ғылыми айналымға кеңінен енгізу ұсынылады. Бұл тәсіл халық жадында сақталған тарихи оқиғаларды жүйелі зерттеуге, мәдени сабақтастықты ескеруге және болашақ ұрпаққа рухани мұраны жеткізудің тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақ-жоңғар қатынастары, фольклор, ән, тарихи жады, ауызша тарих, тарихи интерпретация, Шәкәрім

Алғыс. Мақала AP23488522 гранттық зерттеуін жүзеге асыру аясында дайындалған «Қазақ-жоңғар қатынастары тарихының жаңа беттері: XVII ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырдың 50-жж.» атты жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен орындалды.

Дәйексөз үшін: Токишкәдиров Б., Даутова А., Исин А. Фольклор материалдарындағы қазақ-жоңғар қатынастарының тарихи-мәдени көрінісі (Шәкәрімнен жеткен «Айкүнім» әні мысалында) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1776-1791 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1776-1791

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ОТРАЖЕНИЕ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ В ФОЛЬКЛОРНЫХ МАТЕРИАЛАХ (НА ПРИМЕРЕ ПЕСНИ «АЙКҮНИМ», ДОШЕДШЕЙ ОТ ШАКАРИМА)

Токишкәдиров Ботабек¹, Даутова Алма^{2}, Исин Амантай³*

¹Университет Шакарима

(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук

<https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>. E-mail: botabek87@mail.ru

²Университет Шакарима

(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)

Магистр педагогических наук

<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru

*Автор-корреспондент.

³Университет Шакарима

(д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук

<https://orcid.org/0000-0002-5777-0562>. E-mail: assem51@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Токишкәдиров Б., Даутова А., Исин А., 2025

Аннотация. *Введение.* Фольклор, будучи носителем национальной памяти, выполняет особую функцию в сохранении исторического опыта, мировоззрения и культурных ценностей общества, передавая их последующим поколениям. В этом контексте фольклор следует рассматривать не только как художественное наследие, но и как поэтическое выражение исторической памяти, культурно-социальное достояние, отражающее многослойные процессы прошлого. Особенно значимым является анализ фольклорных текстов, сохранивших представления о казахско-джунгарских отношениях XVII–XVIII вв. Именно в этих произведениях конкретизируется коллективный опыт, закрепляются устойчивые культурные модели. *Цель исследования.* Основная цель исследования заключается в том, чтобы раскрыть роль фольклорных источников в сохранении памяти о казахско-джунгарских связях, а также

показать, каким образом поэтические формы, основанные на народной традиции, обеспечивают историко-культурную преемственность и позволяют глубже понять природу взаимоотношений двух этносов. *Актуальность исследования* – выявление поэтических версий исторической памяти, сохранившихся в устном народном творчестве, с акцентом на их хронологические, пространственные и авторские особенности. *Результаты*. В данной статье в качестве историко-культурного отражения казахско-джунгарских отношений представлены варианты устного исполнения «Песни калмыцкой девушки», известной в бывшей Семипалатинской области как песня Шакарима «Айкүнім», которая подвергнута сравнительно-историческому анализу с целью выявления ее культурной соотнесённости. *Заключение*. В заключительной части, раскрывая значимость фольклорного наследия, связанного с казахско-джунгарскими отношениями, предложено одним из способов его сохранения считать широкое введение подобных произведений в научный оборот. Такой подход рассматривается как эффективный путь системного изучения исторических событий, сохранившихся в народной памяти, учёта культурной преемственности и передачи духовного наследия будущим поколениям.

Ключевые слова: Казахско-джунгарские отношения, фольклор, песня, историческая память, устная история, историческая интерпретация, Шакарим

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового исследования АР23488522 «Новые страницы из истории казахско-джунгарских отношений: во второй половине XVII – 50-х гг. XVIII вв.» при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК.

Для цитирования: Токишкадилов Б., Даутова А., Исин А. Историко-культурное отражение казахско-джунгарских взаимоотношений в фольклорных материалах (на примере песни «Айкүнім», дошедшей от Шакарима) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1776-1791. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1776-1791

Кіріспе

Қазіргі заманғы тарихнамада фольклор деректерін тарихи-мәдени зерттеу әдістемелері айрықша маңызға ие. Қазақстан тарихнамасында XVII-XVIII ғасырлар қазақ пен жоңғар қатынастарының шешуші кезеңі ретінде қарастырылады. Бұл кезең екі халық арасындағы әскери қақтығыстармен ғана емес, сонымен қатар мәдени ықпалдастықпен де толысып, ерекшеленді. Жоңғар шапқыншылықтары қазақ халқының жадында көбіне «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасымен сақталса, ал жыраулар поэзиясы мен батырлар жыры және ішінара шежірелік деректер осы тарихи оқиғалармен сіңісіп, дәстүрлі мәдениеттің бір бөлшегіне айналып кетті. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени жадында аталмыш оқиғалар аймақтық ерекшеліктерге қарай не оң, не теріс мазмұндық интерпретацияға ие болуы мүмкін.

Жалпы сол кезеңнен бүгінгі күнге дейін жеткен мұраны кешенді талдау қазақ-жоңғар қатынастарының қақтығыстық емес, өзара ықпалдастық нәтижелерін де қарастыруға мүмкіндік беріп, аталмыш зерттеудің өзектілігін анықтайды. Отандық және шетелдік тарихшылар мен фольклористика саласында шұғылданып жүрген зерттеушілердің бір бөлігі белгілі бір халықтың тұрмысын зерттеу барысында мәдени жады ұғымына жүгінеді. Өйткені мәдени жады ұжымдық санада сақталған фольклорлық мәтіндер, аңыз-әңгімелер, жыраулар поэзиясы мен тұрмыс-салт дәстүрлері арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, тарихи оқиғалардың мағынасын жаңаша пайымдауға үлкен мүмкіндік береді.

«Қалмақ қызының әні» мен бұрынғы Семей өңірінде тараған Шәкәрімнің «Айкүнім» әнінің айтылу нұсқаларын салыстырмалы-тарихи әдіспен талдау қазақ-жоңғар қатынастарының мәдени кеңістіктегі нақты көріністерін айқындауға мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалар туралы дерек көбіне жазба құжаттарда саясат, соғыс, дипломатия шеңберінде сипатталса, ән мәтіні мен әуендік нұсқалар халық санасында сақталған эмоциялық, әлеуметтік, тұрмыстық тәжірибені, яғни, «тірі тарихты» көрсетеді. Осы тұрғыдан мақала қарулы қақтығыс

пен саяси текетірістің көлеңкесінде қалып қоятын мәдени байланыстарды, өзара ықпал мен қабылдаудың нәзік көріністерін ғылыми айналымға шығарады.

Ұсынылып отырған тақырып ұлттық тарихи жадыны поэтикалық-музыкалық мәтіндер арқылы танудың тиімді үлгісін береді. «Қалмақ қызының әні» сияқты шығармаларда «өзге» бейнесі (яғни, қалмақ) біржақты жау кейіпінде емес, адамдық сезім, тағдыр, махаббат, айырылысу секілді әмбебап көріністермен астасып берілуі мүмкін. Ал «Айкүнім» әнінің аймақтық айтылу нұсқалары сол дәуірдің тілдік, орындаушылық, мәдени орта ерекшеліктерін сақтайды.

Зерттеу қазақ музыкалық фольклоры мен Шәкәрім мұрасын өңірлік контексте қайта пайымдауға жол ашады. Бұрынғы Семей өңірі – қазақ руханиятының ірі ошақтарының бірі. «Айкүнімнің» әртүрлі айтылу нұсқаларын жинақтап, салыстыра талдау арқылы Шәкәрім шығармаларының таралу географиясын, қабылдану тарихын, орындаушылар арқылы жаңғыру құбылысын анықтауға қызмет етеді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Бұл мақалада негізгі дереккөз «Қалмақ қызының әні», кейбір мәтінде «Қалмақ қызы Қаракөз Айымның зары» атауымен белгілі Семей өңірінде тараған әннің мәтіні алынып отыр. Ән қазақ-жоңғар қатынастарының тарихи-мәдени жадын сақтаған мәтіндердің бірі ретінде ерекшеленеді. Мәтіннің ерекшелігі XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қақтығыстары контексіндегі тарихи өзек болса, екіншісі, соғыс жағдайында кездесетін адамгершілік, тұрмыстық жақындасу, мәдени ықпалдастықтың халықтық пайымда көрініс табуы.

«Қалмақ қызының әні» XX ғасырдың соңына дейін бұрынғы Семей өңірінде кең орындалған дәстүрлі ән ретінде сипатталады. Әннің толық мәтіні мен нотасы шығармашылық және ғылыми ортаға алғаш рет композитор Арғынбек Ахметжановтың еңбегі нәтижесінде тараған. Автор 1979 жылы белгілі ойшыл Шәкәрімнің ұлы Ахат Құдайбердиевтің әңгімелерін ұнтаспаға түсіріп, оқырманға жеткізгенін айтады (Ахметжанов, 2008: 257-258). Бұл жерде маңыздысы – ән нұсқасының жай ғана қағаз бетіне түсірілмеген. Сондай-ақ ол орындаушы тұлға Ахат Құдайбердиевтің түсіндірмесі арқылы мәтіннің тарихи мәні қоса берілген. Жинақтағы дерек бойынша, ән нотасы Ахат Шәкәрімұлының дауысынан түсіріліп ұсынылған. Бұл орындаушылық дәстүрмен тікелей байланысын күшейтеді.

«Қалмақ қызының әні» сонымен бірге екі шумақ көлемінде 1972 ж. Т. Бекхожинаның ноталар кітабында жарық көрген (Бекхожина, 1972: 219). А. Ахметжановтың толық жинағы екі түрлі баяндау қабаты арқылы бір-бірін толықтырады (Ахметжанов, 2008: 257-258).

Ғылыми тұрғыдан алғанда, «Қалмақ қызының әні» фольклорлық материалдардағы қазақ-жоңғар қатынастарының тарихи-мәдени жадыдағы көріністерін ашып талдау үшін бүгінгі күнге жеткен құнды деректердің бірі. Себебі, бұл ән қазақтың музыкалық мұрасында қазақ-жоңғар қатынастарының эмоциялық-поэтикалық көрінісін бейнелейтін сирек мысалдардың қатарында бағаланады.

Мақалада салыстырмалы-тарихи және мазмұндық-талдамалық әдістемелік негіздерді қолдану арқылы XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастарының өзара ықпалдастық сипаты анықталды. Зерттеу нәтижелері мәдени-интертекстуалдық байланыстардың бірқатар ортақ үлгілерін, атап айтқанда, оқиғалардың, фольклордағы образдық құрылымдардың және әлеуметтік терминологияның екі халықтың арасында өзара алмасқанын көрсетті. Мұндай құбылыстар кейінгі жазба деректерде де бейнеленген. Сонымен қатар тарихи тәжірибенің өзгеріске ұшырауы халықтың жадысына ықпал етіп, тұрақты мемориалдық дәстүрдің қалыптасуына негіз болған. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды» (1723–1727) кезеңі ұжымдық сананың теріс тәжірибесін орнықтырып, ауыз әдебиеті мен фольклордың тұрақты құрамдас бөлігіне айналды.

Заманауи тарихнамада фольклор деректерін зерттеуде осы дәстүрлі деректану тәсілдерімен қатар, ауызша тарих, мәдени антропология, тарихи жады зерттеулері кеңінен қолданылуда. П. Томпсонның айтуынша: «Ауызша тарих арқылы біз адамдарды өздері сияқты танимыз, тарихи үрдістің тікелей қатысушысы ретінде әр адамның ішкі дүниетанымы арқылы

заттарды (нақты заттарды, оқиғаларды, орындарды) көреміз». Осылайша, ауызша тарихи дереккөздерді тікелей тарихи шындықты және оның жаппай тарихи санада көрінуін зерттеу үшін пайдалануға болады (Щеглова, 2011: 49). Бұл әдіснамалық тұрғыдан алғанда, тарихи-мәдени үрдістерді салыстырмалы талдау олардың көпқырлы сипатын ашуға мүмкіндік береді. Бұндағы мәдени антропология әдістері фольклорды көркем мәтін ретінде әлеуметтік ерекшеліктерді қарастыруға жол ашады. Осыған байланысты фольклорлық мәтіндер әрбір тарихи кезеңдегі әлеуметтік рөлдерді, этникалық көрсеткіштерді және мәдени құбылыстардың қайта орнықтыру құралы ретінде қызмет атқарады.

Талқылау

XVIII ғасырдағы қазақ фольклорының зерттелу негіздері сол дәуірде қазақ жеріне саяхат жасаған және этнографиялық сипаттағы мәліметтер қалдырған шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері негізінде кеңінен тарай бастады. Атап айтқанда, П. Паллас, Н. Рычков, И. Георги, Г.Ю. Клапрот, Г.И. Спасский, Г. Мейендорф және басқа да авторлардың жазбаларында қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, аңыз-әңгімелері, елдің тарихи жағдайы мен табиғи-географиялық ерекшеліктері жөнінде құнды этнографиялық деректер берілген. Бұл мәліметтер XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік болмысын, рухани өмірі мен мәдени ерекшеліктерін зерттеу үшін деректік негіз ретінде қарастырылады (Жүсіпов, 2007: 6).

Г. Мейендорфтың еңбегінде қазақ пен жоңғар арасындағы шекаралық аймақтар жайында, онымен бірге Жоңғар мемлекетінің ыдырағанынан кейінгі Шығыс Түркістандағы қоғам жайлы деректер қорымен танысып, оны бүгінгі зерттеулерде қолдануға болады. Мысалы, автордың хабарлауынша, Жоңғарияда және Кіші Құлжа, Үлкен Құлжа деп берген жерлерде татарлардың (яғни, түркі халықтардың – авторлар) мыңдаған қоныстары бар екенін келтіріп жазады. Татар тілі (түркі тіл – авторлар) Қашқарда, Жаркентте, Қотан мен Аксуда этнографиялық түсінікте әлі де басым екеніне тоқталған (Мейендорф, 1975: 59).

Бұндай құрылымдағы деректер қазіргі Шығыс Түркістан аймағында қазақтардың қоныстану ерекшеліктерін қарастыруға да маңызды бағдар береді. XVIII ғ. 50-жж. екі халықтың да саяси-әлеуметтік өмірінде орын алған шешуші оқиғалар көшпелі дәстүрлердің өзара тоғысуына, мәдени алмасуына ықпал етпей қоймады. Осы тұрғыдан алғанда, фольклорлық деректер қазақ-жоңғар байланыстарының әлеуметтік-мәдени аспектілерін жоғарыда келтірілген саяхатшы, этнографтардың деректерімен салыстырылып, жеке-дара дереккөз ретінде мағлұмат көзі ретінде бағаланады.

Айта кетелік, қазақ тарихнамасында да қазақ-жоңғар фольклорын зерттеген ғалымдар баршылық. Бұл бағыттағы зерттеулерді Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қ. Халиди, кеңес заманында Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Е. Тұрсынов, А. Сейдімбек деректанулық тұрғыдан зерттеп, қарастырған. Жоңғар тарихы бойынша В.А. Моисеев, П. Пердью, А.Г. Митилов еңбектерін аталмыш тақырыпты болашақта кешенді қарастыру үшін атап өтуге болады.

Жоңғар фольклоры ішінара көптеген отандық және қалмақ зерттеушілерінің еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Т.Г. Борджанованың мақаласында қалмақтардың магиялық поэзиясы қарастырылса (Борджанова, 1999), қалмақ ауыз әдебиетін, соның ішінде «Жаңғар» эпосын және халықтық наным-сенімдерге қатысты жанрларды салыстырмалы тұрғыдан зерттеу бағытында Т.Г. Басангова мен А. А. Бурыкиннің еңбегі айрықша мәнге ие. Олар қалмақ фольклоры мен Сібір халықтарының поэтикалық дәстүрлерін типологиялық салыстыруға ұмтылған. Зерттеуде қалмақтың «шинж» өлеңдерінің мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері талданып, олар манси және басқа да орал халықтарының ұқсас мәтіндерімен салыстырылған (Басангова, Бурыкин, 2006).

Қазақтың халық ауыз әдебиетін, жырларын зерттеуде Ш. Уәлиханов өзі жетік білген орыс әдебиетіне сүйенді. Қазақтың халықтық шығармаларына қорытынды жасау үшін ол орыстың мақалдары, жылнамалары, ертегілері және батырлық жырлары туралы айтылған деректерді пайдаланған. Мәселен, «Жоңғария очерктері» еңбегінде тек славян дүниесімен,

араласу арқылы ғана ауысуы мүмкін тақырыптардың ұшырасатынын жазды. Ш. Уәлихановтың тарих, этнография тақырыбына жазған «Жоңғар очерктері», «Қазақтың ата-тегі», «Қазақтар арасындағы шамандықтың қалдықтары», «Шона батыр» және басқа еңбектерінде халық шығармалары көптеп кездеседі (Жүсіпов, 2007: 205).

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастарын бейнелейтін фольклорды зерттеуде үш негізгі бағытқа тоқталған жөн. Жоңғар хандығы мен соғыстардың саяси-тарихи контексті; Даланың құқықтық және мәдени ортасы («Жеті жарғы», «Их цааз», «Цааджин бичиг» ережелерін салыстыру); Қақтығыстар тарихын, дипломатиялық үлгілерді және отбасылық тәжірибелерді сақтап қалған фольклорлық мәтіндер мен әуездік-поэтикалық дәстүрлер. Осы мәселелерді қарастырғандардың қатарында И.Я. Златкин, А.Ш. Қадырбаев С.А. Еділханованың еңбектерін атап өтуге болады (Едилханова, 2005).

И.Я. Златкиннің монографиясы фольклорлық сюжеттерді терең түсіндіруге негіз болатын тарихи мағлұмат береді. Мысалы, ойраттардың шығу тегі, Жоңғар хандығының құрылуы, олардың Халха мен Цин әулеттерімен соғыстары, XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы күшею кезеңі және 1750-жылдардағы күйреуі т.б. Фольклорлық зерттеулер үшін бұл тарихи деректер оқиғалардың мерзімін көрсетіп қана қоймай, сол кезеңдердегі шапқыншылықтар мен бітімдерге қатысты қалыптасқан мәдени мұраның пайда болуын түсіндіретін берік хронологиялық негіз ретінде қызмет етеді. Кітаптың құрылымы (1690–1697 жылдардағы соғыстардың алғышарттарынан бастап, ең жоғарғы қуат кезеңі мен күйреуіне дейін) эпикалық көріністердегі қақтығыстар мен көші-қонның нақты кезеңдерімен салыстыруға мүмкіндік береді (Златкин, 1983).

Белгілі зерттеуші В.П. Санчиловтың ойрат тарихына қатысты «Илэтхэл шастир» шығармасын талдап жазған еңбегінде қазақтар мен жоңғарлардың арасында тұтқын алмасу сияқты оқиғалар сипатталған (Санчилов, 1990). Ал Р.Е. Пубаевтың монографиясында 1748 ж. жазылған тибет халықтарының ірі әдеби туындысы талданып, жалпы фольклор мәтіндеріне деректанулық талдаулар жүргізілген (Пубаев, 1981). «История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв.» еңбегінде қазақ-жоңғар байланыстарына қатысты елеулі деректер қамтылған (История Казахстана, 2005).

Ал мақаланың негізі болып отырған «Қалмақ қызының әні» ауызша дәстүрде сақталғанымен, жазба түрде кеш хатталған. Қазіргі ғылыми айналымда бұл мәтіннің қағазға түсуі екі негізгі дерекпен шектеледі. Ол 1972 жылы Т. Бекхожина тарапынан жинаққа енгізіліп, алғаш рет басылым арқылы бекітілсе, 1979 жылы Ахат Шәкәрімұлы айтқан нұсқа ұнтаспа негізінде тіркеліп, кейін Арғынбек Ахметжанов еңбегінде түсіндірмемен жарияланды. Ахат Шәкәрімұлының қолжазбасында ән «Қалмақ қызы Қаракөз Айымның зары» деп аталып, екі бөлімнен тұратын 19 шумақ мәтін ретінде беріледі.

Нәтижелер

Қазақ және жоңғар халықтары арасындағы мәдени байланыстың бір сипатына ел аузында сақталған «Қалмақ қызының әні» деген екі шумақ өлеңін жатқызып, талдауға болады. Бұл әннің мәтіні музыкатанушы Талиға Бекхожинаның музыкалы-этнографиялық жинағында 1972 ж. жарық көрген. Жинақта бұл ән бұрынғы Семей облысы, Абай ауданының тұрғыны Алдажаров Ниязбектің (1914 ж. туған кісі) айтуынша жазып алынды деп келтірілген. Фольклорлық дәстүрде «Қалмақ қызының әні» шығармасының мазмұнына қатысты баламалы интерпретациялар жиі кездеспейді. Мысалы, Алдажаров Ниязбектің (1914–1988) хабарлауынша, бұл өлең қазақтың ханы Қожамжардың қарамағында біраз уақыт тұрақтаған Қалдан-Цереннің қызына қатысты айтылған деген болжам бар. Қожамжардың зайыбы Айкүнім қызды ерекше қамқорлықпен тәрбиелеп, оған аналық мейірімін танытқан. Кейін елге оралған қыз өзінің алған ықыласына ризашылық білдіру мақсатында сағыныш сезімін өлең түрінде жеткізгені айтылады (Бекхожина, 1972: 219).

Тарихшы Амантай Исиннің пікірінше, қалмақ қызының өлеңі қазақ-жоңғар тартысы жылдарынан қалған мәдени дерек. Мәнісі – екі ел үнемі жауласса бермеген, арасында бейбіт жылдар, мәдени қарым-қатынастар болған. Құдандалы елдер де аз болмаған. Бір-бірін

тұтқындаумен қатар екі халық тығыз араласқан сол заманның ізі деп түсінеді (авторлардың далалық материалдары, Исин, 2025). Жоғарыда келтірілген А. Исиннің пікірі негізгі дерек қорын құрайтын Ахат Шәкәрімұлының пайымымен сәйкес екенін ескерген жөн.

Деректің шығу тегі А. Шәкәрімұлының ұнтаспадағы хабарлауында біршама толық әрі нақты жеткізілген. Оның айтуынша, «Қалмақ қызының әні» шынымен де Алдажаров Ниязбектің аузынан 1972 ж. Т. Бекхожинаның «200 әндер» жинағына енген. Бұл жерде А. Шәкәрімұлы «мұны әкейден естігенбіз бәріміз» деп келтіреді де, әннің оқиғасы тарихи болған іс деп тұжырымдайды (Ахметжанов, 2008: 257-258). Әннің мәтіні қалмақтың Қаракөз Айым есімді қызы Қожамберді салдың бәйбішесі Айкүнімнің қолында тәрбиеленгенін баяндайды. Бала көтермеген Айкүнім қалмақтың қызын бауырына басып, 7-8 жыл қолында ұстайды. Енді біраз жыл өткеннен соң, қазақ пен қалмақтың арасында тыныштық орнаған кезде, қалмақтың қызы қайтарылғаны айтылады. Қазақ елін көріп, қыз өлең арқылы сағынышын жеткізген деп пайымдауға болады (Ахметжанов, 2008: 258).

Аннотация. *Введение.* Настоящее исследование посвящено анализу проблематики женского равноправия, традиции калыма и социального значения просветительского движения в казахском обществе начала XX века на основе материалов журнала «Айқап». В выпусках 1911–1912 годов были опубликованы статьи и фельетоны, содержащие критику патриархальных основ брачно-семейных отношений, обсуждение общественного статуса женщин и осмысление вопросов социальной справедливости и духовной модернизации. *Цель исследования* заключается в выявлении этнографических аспектов социальной модернизации и культурной трансформации казахского общества посредством изучения репрезентации темы женского равноправия в журнале «Айқап». В соответствии с этим определены *следующие задачи*: систематический анализ материалов журнала, рассмотрение социальной эволюции образа женщины и исследование взаимосвязи традиционных норм и процессов модернизации. Методологическая база исследования включает историко-сравнительный метод, контент-анализ и структурно-функциональный подход. Применение данных методов позволило осуществить всестороннее изучение материалов журнала «Айқап» в социальном и этнографическом контексте. *Результаты.* Журнал «Айқап» выступил значимым фактором духовного и социального обновления казахского общества. Публикации на его страницах отражали стремление женщин к образованию, личной свободе и равноправию, тем самым способствуя формированию национального самосознания и развитию культурной модернизации. *Заключение.* В этнографическом отношении «Айқап» представляет собой культурный феномен, демонстрирующий пересечение традиции и обновления в казахском обществе и раскрывающий роль женского образа в переходный период от кочевого уклада к оседлому образу жизни.

Ключевые слова: Калым, медиа-этнография, традиция, брак, гендерное равноправие, просвещение

Для цитирования: Сахи Ж., Айдымбаева А. Гендерная политика в казахском обществе начала XX века на страницах журнала «Айқап»: медиа-этнографический анализ // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1808-1823. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1808-1823

Кіріспе

Қазақ этнографиясының дереккөзі ретінде қарастыруға XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің ішінде «Айқап» журналының орны айрықша. «Айқапты» тек саяси-әлеуметтік мәселелерге бағытталған басылым ғана емес, «этномедия» саласындағы – қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын басылым. «Айқап» журналы этнографиялық дереккөз

ретінде қазақ қоғамының тұрмысын, салт-дәстүрін, әлеуметтік құрылымын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Профессор Б. Кенжебаев «Айқап» журналының бетінде шыққан материалдарды тақырып, мазмұн жағынан былайша бөлімдерге бөлген: Саяси-әлеуметтік мақалалар; Әдеби шығармалар, Әдебиет мәселелері; Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісінің жәй-күйі және маңызды мәселелері; Ана тілі, әліппе, емле мәселелері; Қазақ әйелдерінің жайы, бостандық, теңдік мәселесі; Дәрігерлік, агротехникалық кеңестер, ғылыми табыстар; Ішкі-сыртқы хабарлар; Кітап сындары; Тілші хаттары, жауап хаттар (Кенжебаев, 1956: 26-30).

Қостанай уезінің Шұбар болысы №5 ауылының қазағы М. Сералин 1910 жылдың аяғында журнал шығаруға рұқсат алып, Троицкі қаласында Х. Сосновскийдің «Энергия» баспаханасында шыға бастады. Көлемі 4-5 баспа табақ, таралымы 900-1000 дана. 1915 жылдың қыркүйегіне дейін барлығы 88 саны жарық көрген. Кей жылдары 12-14, кей жылдары 24 нөмірге дейін шыққан. Журналдың не себепті Айқап деп аталуын журналдың ұйымдастырушы және баспагер, идеялық басшысы және редакторы М. Сералин «Журналымызға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де болар, түсінбеген де табылар. «Қап» дегізген қапиада өткен істеріміз көп болған соң журналымызда өкінішімізге лайық «Ай қап» болды», - деп жазады алғашқы санында (Айқап, 2023; 5). Журнал бас сөздер, сыртқы хабарлар, мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер, уақиғалар, фелетон, өлең-жырлар, кітап хақында һәм ғылым бабынан кеңестер, басқарушыға келген хаттар деген бөлімдерден тұрды.

М. Сералиннің сіңірген еңбегін атап өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді. М. Дулатов «Оян» деп қазаққа дабыл қаққаннан кейін М. Сералиннің демократияшыл зиялыларды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпы ұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгенін айту керек. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа биікке көтерілді.

М.Сералинмен қатар, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кемеңгеров, М.Ж. Көпеев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және тағы басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың қатысуы себепші болды. Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердиев, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал түркі халықтарының мұрасын насихаттау мақсатында қырғыз И. Арабаев, ноғай С. Ғаббасов, түрікмен Ш. Назари еңбектерін жариялады. Қазақ әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқықтығы, қазақ әйелдерін оқыту, балалар мен аналарды қорғау проблемасын көтерді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының жаңашылдыққа ұмтылуы, олардың әлеуметтік теңсіздік, әйел теңдігі тақырыбын еркін қозғауына серпін берді.

Басылымның этнографиялық тақырыптарын XX ғасырдың басындағы көшпеліліктен отырықшылыққа өтпелі кезеңдегі медиядағы әлеуметтік этнография мәселелері деп қарастырсақ болады.

Материалдар мен зерттеу әдістер

Зерттеудің негізгі ғылыми материалы «Айқап» журналының 1911–1912 жылдардағы жарияланымдары. Этнографиялық дереккөз ретінде пайдаланылған материалдарға мақалалар, өлеңдер, хабарламалар кіреді. Бұл жарияланымдардың авторлары дәстүрлі қазақ ортасында дүниеге келіп, XX ғасырдың басындағы тарихи кезеңнің куәгерлері болғандықтан, олар қалдырған мәліметтер қазақ қоғамының дәстүрлі болмысын дәл әрі шынайы бейнелейтін

құнды деректер болып саналады. Сондай-ақ, журналдың соңғы жылдары қайта басылып шыққан жинақтары да зерттеу үшін маңызды дереккөз ретінде пайдаланылды. Материалдарды талдау барысында тарихи-этнографиялық контекст ескерілді. Алғашқы басылымдардағы қазақ халқының этнографиялық мәліметтерін қайта оқу және жүйелі талдау қазіргі жаһандану жағдайында өзектілігі арта түсетін зерттеу міндеті болып табылады. Деректердің әлеуметтік мәні жылдам өзгеріп отырған заманда архив жазбаларына тең, себебі олар сол дәуірдің «жедел хабарламасы» ретінде жарық көрген. Зерттеуде «архивтік этнография» әдісі басты рөл атқарды. Бұл тәсіл этномедиа немесе медиа-этнография бағытында материалдарды қарастыруға мүмкіндік берді. Архивтік этнографияны тарихи-этнографиялық зерттеудің негізгі әдісі ретінде қолдану арқылы материалдарды әлеуметтік этнография деректерімен салыстыра талдау жасалды. Сонымен қатар, этнофольклорлық және этномедиалық әдістерді біріктіру зерттеу барысында этнография, фольклортану және журналистика салаларын пәнаралық тұрғыда тоғыстыруға мүмкіндік берді.

Талқылау

«Айқап» журналы этнографиялық дереккөз ретінде қазақ қоғамының тұрмысын, салт-дәстүрін, әлеуметтік құрылымын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Журналдың көп көңіл бөлген мәселелерінің бірі – қазақ халқының этнографиялық ерекшеліктерін айқындайтын әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі еді. Журнал қазақ тіршілігіндегі әдет-ғұрыптың кемшілік, кері кеткен жақтарын сынай отырып, елді жақсылыққа, озық ойға, болашаққа шақырды.

1911 жылғы «Айқап» журналының № 6 санында Шаһмардан Әлжановтың «Қазақтың құдалықтарындағы кемшіліктер» атты мақаласы жарияланып, «атастыру» ғұрпын қазақ қоғамындағы ескі әдет-ғұрыптар мен жолсыз ырымдардың теріс әсері, - деп сынға алады. Автор «астастыруды» қалмақ дәуірінен қалған жөнсіз заңдардың бірі ретінде буыны қатып, қырқынан шықпаған балаларға, тіпті ана құрсағындағы нәрестелерге дейін құда түсіп, неке келісімін жасайтын құбылыстарды қатты сынға алған. Автор «қалмақ дәуірі» деп ортағасырлардағы қазақ-қалмақ қатынасы кезеңін айтқанын түсіну қиын емес, яғни «ертеден қалыптасқан» деген мағына береді. Автор «атастыру» ғұрпымен тарихи медиа алаңында күресу арқылы, қазақ қызының ерте тұрмысқа шығуына қарсылығын ашық айтады, бұл қазақ қыздарын оқып, білім алғаннан кейін тұрмысқа шығуы, олардың болашағының бір кепілі деп таниды.

Мақала авторы «атастыру» ғұрпының діни немесе заңды негізі жоқ екенін айта отырып: «Не Алланың бұйрығы емес, не пайғамбардың шарияты емес, болмаса орыс заңы емес», – деп өкініш білдіреді. Осылайша, Ш. Әлжанов мақаласында қазақ қоғамындағы неке мәдениетінің реформалануы мен жеке таңдау еркіндігін қолдайтын көзқарасты қалыптастырып, қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал еткен. Қазіргі зерттеулерде бұл мақала қазақ қоғамындағы әлеуметтік модернизацияның алғашқы қадамдарының бірі ретінде бағаланады. Ш. Әлжанов «атастыру» ғұрпын ескі дүниетанымнан туындаған, қазақ қоғамының прогрессивті дамуына кедергі келтіріп отыр деген пікірге келеді. (Әлжанов, 1911: № 6). Автор сынға алған «құрсақтағы балаға құда түсу», «қырқынан шықпаған баланы атастыру» сияқты әдеттер қазақ халқының ежелгі туыстық қатынастар жүйесінде қалыптасқан, некелік қатынастарды реттейтін рәсімдердің қалдығы болып табылады. Этнографиялық деректерге сүйенсек, мұндай ғұрыптардың түпкі мақсаты құдандалық арқылы екі рулы ел арасындағы әлеуметтік және экономикалық одақты нығайту болған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 1 т., 2017: 338). Қазақта әлі туылмаған баланы атастыру «бел құда», туылған баланы атастыру «бесік құда» деп аталған. Этнограф-ғалым Х. Арғынбаев атастырудың қалыптасуын өте ерте кезеңге апарып, оны қазақтың ғасырлар бойына қалыптасқан әдептерімен бірге талдайды (Арғынбаев, 1996: 134-136).

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік жаңғыру кезеңінде «Айқап» журналы ұлттық сана мен қоғамдық пікірдің қалыптасуына ерекше ықпал еткен басылым болды. Оның беттерінде әйелдің білім алуы, отбасылық қатынастар мен әлеуметтік

әділет тақырыптары жиі қозғалды. Журнал бетінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина және Нәзипа Құлжанова сияқты қазақ әйелдерінің мақалалары дәстүрлі қоғамдағы әйел рөлінің өзгеруін көрсететін маңызды этнографиялық дерек болып табылады.

1911 жылы «Айқап» журналының № 7 санында жарық көрген Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына!» атты мақаласы XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастар мен отбасылық-әлеуметтік құрылым туралы маңызды дереккөз ретінде қарастырылды. Автор бұл еңбегінде қазақ әйелдерінің әлеуметтік жағдайы, білім алу құқығы және дәстүрлі қоғамдағы гендерлік теңсіздік мәселелерін өткір көтерген.

Мақаланың мазмұны дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік институттары – отбасы, неке, тәрбие және әйел рөлі жүйелеріндегі қайшылықтарды айқын бейнелейді. Сақыпжамал Тілеубайқызы өз үндеуінде қазақ қыздарының қоғамдағы орнын ер балалармен тең дәрежеде қарастыру қажеттілігін қозғайды. (Тілеубайқызы, 1911 а: №7). Бұл тұжырым – сол кезеңдегі діни қағидаттар мен әлеуметтік нормалар арасындағы қайшылықты көрсетеді. Автор исламдық тұрғыдан әйел мен еркектің теңдігін атап өтіп, оны қазақтың тұрмыс-тіршілігіне енгізуді ұсынады. Сонымен қатар, автор қыз баланы тәрбиелеу мен оқытудың маңызын ерекше атап өтеді. Ол әйелдің басты әлеуметтік рөлін, аналық миссиясын мәдениетті ұлт қалыптастырумен тікелей байланыстырады: «Біле білсеңіздер, ең әуел жақсылап қыз баланы оқыту тиіс... Баланы тәрбиелеуші ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алмайды. «Алып анадан» деген ғой», - деп қазақ қоғамындағы аналық институттың тәрбиелік және мәдени мұра жеткізуші ретіндегі рөлін айқындайды. Әйелдің білімді болуы – ұлттың рухани дамуының кепілі ретінде бағаланады. Автор қазақтың үйлену дәстүріндегі қалыңмал алуды асыра пайдалану, жас айырмашылығы үлкен некелердің орын алуы сияқты әлеуметтік мәселелерді сынға алады. Автор жас қызбен жасы елу-алпысқа келген ерлер арасында некенің бар екенін алға тартып, бұл дәстүрдің адамгершілік және моральдық тұрғыдан жарамсыз екенін өткір сынмен жеткізеді. (Тілеубайқызы, 1911 б: № 7).

Бұндай жарияланымдар қазақ қоғамында сол кезеңде орын алған патриархалды неке дәстүрінің әлеуметтік әділетсіздігі көрінеді. Сақыпжамал Тілеубайқызы «Егер 60-тағы шал 14-тегі қызға тең болса, неге 14-тегі ер балаға 60-тағы кемпірді алып бермейсіз?», деп неке теңдігі мен неке құруда моральдық жауапкершілікті қайта қарауға, қоғам санасына бетбұрыс жасауға шақырады. (Тілеубайқызы, 1911 в: № 7). Мұндай салыстырмалы тәсіл қазақ қоғамындағы гендерлік асимметрия мен екіжақты мораль өлшемдерін әшкерелеудің айқын мысалы болып табылады. Жалпы, бұл мақала қазақ әйелінің қоғамдық санада жаңа әлеуметтік бейнесін қалыптастыруға бағытталған алғашқы феминистік үндеулердің бірі ретінде бағалануы тиіс. Этнографиялық тұрғыда ол: қазақ қоғамының патрилокалды (ер адам басым) құрылымын; қалыңмал мен неке институтының әлеуметтік функциясын; және әйелдің білім, тәрбие, мәдениет сақтаушысы ретіндегі рөлін сипаттайды.

Сақыпжамал Тілеубайқызы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мен рухани жаңғыру мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген. Бұл еңбек XX ғасыр басындағы қазақ әйелдерінің қоғамдық белсенділігі мен сана-сезімінің ояну кезеңін дәлелдейді. Оның ойлары қазіргі гендерлік саясат пен мәдени мұра зерттеулерінде тарихи сабақтастықтың айғағы ретінде құнды.

1911 жылы «Айқап» журналының № 7 санында жарық көрген Байбатыр Құлақбаевтың «Бір қазақ қызы» атты фельетоны қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік жағдайы мен неке институтының дәстүрлі нормаларына сын тұрғысынан жазылған көркем-публицистикалық туынды. Автор фельетонда сол кезеңнің нақты әлеуметтік оқиғасын суреттейді: Петропавл уезіндегі Жабай есімді кісінің 13 жасар қызы Менсұлу мен Әлмен есімді ұлға атастырғаны туралы оқиға арқылы қызды айттырып қою қыз баланың білім алуына тосқауыл болатынын айтып, әдеби шығарма негізінде ерте неке мәселесін қоғамдық пікірталас алаңына алып шығады. Кейіпкер Менсұлу XX ғасыр басындағы қазақ қызының саналы, рухани ізденіске бейім бейнесі. Автор оның 12 жасынан бастап сауатын ашып, жазу-сызу үйренгенін ерекше атап өтеді. Алайда ауыл адамдарының «әйел балаға мұнша оқу не керек?» деген кертартпа пікірлері салдарынан әкесінің оны оқудан тыйғанын сынайды. Бұл жағдай дәстүр мен

жаңашылдық арасындағы әлеуметтік қақтығыстың көрінісі. Қазақ қоғамында әйелдің негізгі рөлі – үй шаруасы мен бала тәрбиесімен шектеу, білім алу әйел табиғатына «жат» деп қабылдау басым еді.

Менсұлу жазған өлең жолдарында оның ішкі жан дүниесі, еркіндікке ұмтылуы мен тағдыр алдындағы шарасыздығы айқын көрінеді:

Жоқ еді өлең жазу хабарымда,
Шүбә жоқ қасіреттің табарында.
Атамыз бір жаманға бере салып,
Қалдырды бозбаласын қараңғыда (Құлақбаев, 1911 а: № 7).

Бұл жолдарда қыз тағдырының еріксіздік пен әлеуметтік қысымнан туындаған трагедиясы суреттеледі. Менсұлу өз жағдайына қарсы тұруға рухани күш таба алмай, тағдырдың тәлкегіне түскен бейне ретінде көрінеді.

Фельетон соңында автор оқырман қауымға, әсіресе ер азаматтарға тікелей әлеуметтік үндеу тастайды:

Осыны ойлаңызшы, ағаларым,
Ақылменен жұрт билеген даналарым!
Жігітіне қарамай, малына қарасаңыз,
Түспей ме көп қорлыққа балаларың?! (Құлақбаев, 1911 б: № 7).

Бұл жолдар қазақ қоғамының патрилокалды құрылымындағы билік иелеріне – аталар мен ағаларға бағытталған сын. Автор «малға қызығып, баланың бақытына немқұрайлы карауды» айыптап, некенің рухани және адами сипатын қорғауға шақырады. Аталмыш фельетон қазақ қоғамындағы қалыңмал дәстүрінің әлеуметтік мәнін қайта қарастырудың алғашқы белгілерінің бірі. Б.Құлақбаев қоғам мүшелерін дәстүрге сын көзбен қарап, әйел мен еркектің тең құқылы қоғамын қалыптастыруға үндейді.

Менсұлу образы – қазақ қыздарының еркіндік пен білімге ұмтылысының символы. Оның қайғысы жеке тағдыр ғана емес, тұтас бір ұлттың әлеуметтік психологиясын айқындайды. Фельетондағы өлеңдер мен диалогтар қазақ әйелінің қоғамдық санадағы ояну үдерісін көрсетеді. Автор Байбатыр Құлақбаев бұл туындысында әдеби публицистика мен этнографиялық баяндауды ұштастыра отырып, дәстүрлі қоғамдағы әйел теңсіздігі мәселесін қоғамдық санада талқылауға ұсынған алғашқы әдеби тәжірибелердің бірін жасады.

1911 жылы «Айқап» журналының № 10 санында жарық көрген Саидғали Жолаушиннің «Бұрынғы ғұрып һәм қазіргі хал» атты мақаласында автор қалыңмал ғұрпының әлеуметтік зардаптарын, халықтың тұрмыс деңгейіне және демографиялық дамуына тигізетін әсерін этнографиялық тұрғыдан айқын көрсетеді.

Жолаушин өз мақаласында қазақ қоғамындағы қалыңмал ғұрпының «ата-бабалардан бері қалыптасқан ғұрып» екенін мойындай отырып, оның қазіргі заман талабына сәйкес келмейтінін және әлеуметтік әділетсіздік туғызатынын дәлелдейді. Қалыңмал беруді өткір сынаудың басты ұстанымы – қыз баланы оқып, білім алғаннан кейін өз сүйгенін таңдауына мүмкіндік беру. Бұл тұжырым қазақ қоғамындағы дәстүр мен әлеуметтік прогресс арасындағы қайшылықты көрсетеді. Автордың пікірінше, қалыңмалдың шамадан тыс қымбат болуы экономикалық жіктелудің және халық санының азаюының басты себептерінің бірі. Жолаушиннің келтірген мысалы бойынша, бір қыз үшін «жеті балалы-сегіз балалы мал» сұрау, оның жалпы құны 24 мал мен 150 сомға дейін жетуі дәстүрдің материалдық мүддеге айналғанын дәлелдейді. Бұл дәстүр қазақ қоғамында некенің экономикалық институтқа айналғанын, яғни әйелдің «құндылығы» малмен өлшенгенін айғақтайды. Автор қалыңмал беру қалыптасқан ноғайлардың үйлену дәстүрінен салыстырмалы мысал келтіреді (Жолаушин, 1911: №10). Бұл салыстыру тәсілі Жолаушиннің «қыз баланы оқыту керек» деген реформаторлық көзқарасын танытады. Ол қазақ қоғамын өзін-өзі жаңғыртуға, басқа халықтардың озық тәжірибесінен ғибрат алуға шақырады. Этнографиялық тұрғыдан алғанда, бұл көшпелі мәдениеттен отырықшылыққа өтудің, дәстүрлі құрылымнан әлеуметтік модернизацияға ұмтылыстың айқын көрінісі. Автордың «қалыңмал» ұғымын журнал бетінде

«қыз сату» деген сөзбен беруінің өзі – қалыңмалды сынау арқылы қызды оқыту мәселесін көтеру.

Сонымен қатар, автор жесір дауы мен зорлық-зомбылық арқылы неке қию сияқты көне дәстүрлердің қоғамдағы рухани құндылықтарды әлсіретіп, уақыт пен адам өмірін босқа кетіретінін айтады: «Жесірді даулап неш нәрсе оңбайды... Зорлап, зомбылап алып барғанменен қатын болып шықпайды. Әшейін малдың шығыны, аттың тері, зайа болған ғұмыр деп білемін», - деп әмеңгерлік мәселесін де қаузаиды (Жолаушин, 1911 в: № 10).

Әмеңгерлік – қазақ дәстүрлі қоғамына тән отбасылық құрылым, некелесу түрі, күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнысы не қайнағасына, яки күйеуінің туысына некелесі салты. Қазақ қоғамында 1868 жылы қабылданған Уақытша Ереже бойынша ресми тыйым салынғанымен, отбасылық ғұрыпта жалғасып келген (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 1 т., 2017: 451).

Жолаушиннің көтерген мәселелері – қыз баланың құқығы, әлеуметтік әділет, отбасы институтының этикалық негіздері сол дәуірдегі қоғамдық санада дәстүр мен жаңашылдықтың шекарасында тұрған қоғамда жаңа көзқарастың қалыптасуына жол ашты. Бұл еңбек қазақ қоғамында некені экономикалық келісім емес, адами және рухани байланыс ретінде түсіну идеясын алға тартқан туынды.

1912 жылғы «Айқап» журналының №7 санында ақын Әкрам Ғалымовтың да қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен әйел тағдыры мәселесін көтерген өлеңі жарық көрді. Ақын өз туындысында жас қыздарды жасы келген ер адамдарға ұзату оқиғасының барын айтып, оны өткір сынға алады:

Түспесін мұндай қасірет тірі жанға,
Түсінісіп істің түбін қалдым таңға.
Аймай берген екен бұл байғұсты,
Елуге жасы келген құ бас шалға (Ғалымов, 1912 а: № 7).

Бұл жолдарда ақын жас қыздың тағдырына деген аяушылық пен әділетсіздікке қарсы наразылығын білдіреді. Ол дәстүрлі қоғамдағы ата-ананың әлеуметтік пайда немесе материалдық мүдде үшін қызын өз еркінен тыс тұрмысқа беруін айыптайды.

Келесі шумақтарда автор ата-ананың әрекетіне ашық қарсылық білдіріп, моральдық тұрғыдан үкім шығарады:

Естіп осы сөзді болдым қайран,
Бұл қызға көзім түсті дедім қайдан.
Қарғадым білгенімше ата-анасын,
Баласын отқа салып еткен ойран (Ғалымов, 1912 б: № 7).

Үзінді ақынның әлеуметтік әділеттілік, адамгершілік және әйел құқығы мәселелеріне байланысты көзқарасын айқын көрсетеді. Ол «баласын отқа салып» деген сөз арқылы ата-ананың қыз баланы ерте тұрмысқа беруін қоғамның рухани азғындауының белгісі ретінде сипаттайды. Әкрам Ғалымовтың бұл өлеңі тек әдеби туынды ғана емес, сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының этнографиялық және моральдық жағдайын бейнелейтін мәдени-әлеуметтік құжат ретінде де құнды. Шығармада ұлттық дәстүр мен жаңарған қоғамдық сана арасындағы қайшылықтар ашылып көрсетілген.

1912 жылғы №8 санында жарияланған Жұбакин Тілеубергеновтың «Қыз балалар хақында бір-екі сөз» атты мақаласы 1911 жылғы «Айқап» журналының № 7 санында жарық көрген Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына!» атты мақаласын қолдау ретінде жазылған. Мақалада Ж.Тілеубергенов қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мәселесін көтеріп, Сақыпжамал Тілеубайқызының үндеуіне зиялы қауымның үн қатпағанын сынға алады. Автор басқа халықтардың ұл мен қызды тең дәрежеде оқытып жатқанын мысалға алып, қазақ қоғамындағы артта қалушылықтың себебін әйелдердің білімсіздігімен байланыстырады. Ол өз ойын былай қорытындылайды: «Не үшін жәбірге ұстап шалға береміз? Осы сөзіміздің ақыретінде басымызға пайдасы бар ма? Пайдасы болса жазып көрсетіңіз! Қыз да түсінсін, біз де түсінелік. Жоқ болса, кел, жұрт, қыздарды да оқыталық һәм жылатпай теңіне де қосалық. Осы надандығы да, осы жылағаны да жетер. Енді осындан сақтаналық. Өзімізден өзіміз дүниа

ақыретте бірдей ұялып қор болмалық» (Тілеубергенов, 1912: № 8). Аталмыш мақалада автор мақаласында қазақ қоғамын әйелдердің білім алуына шақырып, гендерлік теңдік пен ағартушылықтың маңызын алға тартады. Ж.Тілеубергеновтың бұл еңбегі XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қыз балалардың құқықтарын қорғау және оларды оқу-білімге тарту жолындағы қоғамдық үндеулердің бірі ретінде бағаланады.

Осы нөмірде Қараөткел өңірінен келген автор Мақыш Қалтайұлының «Жолсыз ғадетіміздің бірі» атты мақаласы да жарияланған. Бұл еңбекте де қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мен қыздарды малға сату дәстүрі мәселесі өткір қозғалады. Автор дәстүрлі қоғамда қыз баланың өз қалауы ескерілмей, жасы үлкен ер адамдарға тұрмысқа берілуі – адамгершілікке қайшы әрекет екенін атап көрсетеді.

Автор мақаласында: «Қызымыз, апамыз, йаки қарындасымыз жақсы көрген адамды біз неге жек көреміз?... Бұларымыз бәрі де қата» (Қалтайұлы, 1912 а: № 8) – деп, қыз баланың өз тандауын жасауға құқы бар екенін, бұл ер мен әйел арасындағы рухани теңдіктің бастауы екенін атап өтеді. Осы тұста М.Қалтайұлының ойы қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік идеясымен үндесіп, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жаңаша моральдық өлшемдердің қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Мақыш Қалтайұлының мақаласында ерекше назар аударылған мәселенің бірі – маһір (неке кезінде қалыңдыққа берілетін сый немесе төлем). Исламдық неке заңнамасында бұл әйелдің жеке меншігі және оның құқығын қорғаудың құралы болып саналады. Автордың пікірінше, қазақ қоғамында маһір ұғымының мәні бұрмаланып, қалыңмалдың орнын басқан, яғни әйелді сатып алу сипатына ие болған. Ол: «Маһірдің өзі он дирхам, көбі қанша болса да бола берсін... күң болмаса өз басын өзі аз болсын, көп алсын, алмасын өз ықтияры өзіне емес пе?» (Қалтайұлы, 1912 б: № 8) – деп, маһірдің экономикалық емес, құқықтық және адамгершілік мәнін, маһір мен қалыңмалдың құқықтық және мәдени мағынасы әртүрлі екенін түсіндіреді.

Қазақ этнографиясында қалыңмал – екі әулетті байланыстыратын әлеуметтік институт, яғни экономикалық және символдық мәнге ие дәстүр, әрі қалыңмал қыз жасауы болып қайтқан, ал жаугершілік, қиын-қыстау заманда қалыңмал берілмей батамен қосқан. Ал маһір – исламдық құқықтағы неке шартының бір бөлігі, әйелдің жеке меншігі ретінде қарастырылады. Мақыш Қалтайұлы бұл екі ұғымның шатастырылуын қазақ қоғамындағы дәстүр мен дін арасындағы шекараның бұзылуымен түсіндіреді. Айырмашылықтарды көрсету арқылы автор ұлттық мәдениеттің реформалануы мен гендерлік қатынастардың құқықтық эволюциясын айқындайды.

Уфалық Ибраһим Ташполатовтың «Қазақ халқының қыздар тәрбиесіне көз салулары хақында» атты еңбегі де маңызды. Автор бұл мақаласында қазақ қоғамындағы әйелдердің білім алуы мен тәрбиесіне ерекше назар аударып, ұлттың өркендеуі мен дамуы әйел қауымының сауаттылығына тікелей байланысты екенін дәлелдеп көрсетеді. Ибраһим Ташполатов өз еңбегінде қазақ халқының болашағы мен өркендеуі әйелдердің сауаттылығына тікелей байланысты екенін атап өтеді. Ол халықтың жартысын құрайтын әйелдер қауымының білімсіз болуы ұлттың өркениетті дамуына кедергі келтіретінін сын көзбен бағалайды (Ташполатов, 1912 а: № 8).

Бұл пікір қазақ қоғамындағы гендерлік құрылымның әлеуметтік қайта қаралуының нақты дәлелі. Дәстүрлі қоғамда әйел рөлі тұрмыстық, отбасылық шеңбермен шектелсе, XX ғасыр басында ағартушылық қозғалыс оны қоғамдық және мәдени өмірдің белсенді қатысушысы ретінде қарастыра бастады. И.Ташполатов мақаласында қыздарды оқыту ісін қоғамның стратегиялық міндеті ретінде бағалайды. «Жоқ, жұрт! Олар біздің жұртымыздың анасы, бұларды оқыту тиіс. Қыздарды оқыту үшін ноғайлардың қыздары оқытатұғын мұғалімдері бар, соларды алдыру тиіс» (Ташполатов, 1912 б: № 8). Бұл автордың этнопедагогикалық және мәдени реформаторлық ұстанымынан айқын көрінеді. Ол қазақ қоғамының білім беру жүйесін ислам өркениетімен және түркі халықтарының тәжірибесімен байланыстыра отырып, қыз балаларды арнайы мектептерде оқытудың қажеттілігін алға

тартады. Бұл қоғамның дәстүрлі отбасылық тәрбиеден жүйелі институционалдық білімге өтуінің көрінісі болып табылады.

Автор қыздарды оқыту елдің келешегіне салынған инвестиция екенін ерекше атап өтеді: «Қыздарымызды оқытып, ғылымды, һөнерлі ана етіп шығарсақ, келешек заманымыз жарқыраған жарық заман болар. Ел ағалары, бұған көз салыңыз!» (Ташполатов, 1912 в: № 8). Этнографиялық тұрғыдан бұл ой қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесінің өзгерісін көрсетеді. Егер бұрынғы этномәдени санада ұлттың ұйытқысы ерлер мен билер болса, енді бұл миссия әйел-ананың рухани және мәдени рөліне ауыса бастайды. Қыздарды оқыту қоғамның рухани жаңғыруының және ұлттық интеллигенцияның қалыптасуының алғышарты ретінде бағаланады.

Ибраһим Ташполатовтың мақаласы XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының әйел теңдігі мен білім беру ісіндегі ағартушылық көзқарасын айқын көрсетеді. Ол әйелдердің білім алуын ұлттық өркендеудің басты шарты ретінде дәлелдеп, қазақ этносының мәдени капиталының тең жартысы – әйел қауымын жаңаша тануға үндейді. Аталмыш мақала ұлттық санаға серпін берген еңбектердің бірі.

«Айқап» журналы тек әйел теңдігі мәселесін ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамындағы әлеуметтік-некелік дәстүрлердің келеңсіз тұстарын да талқылау алаңына айналды. 1912 жылғы осы нөмірде жарық көрген Шалықбай Бағсайұлының «Құда болу хақында бір сөз «Заманына қарай амалы»» атты мақаласы да қыз тағдыры мен қалың мал мәселесін сын тұрғысынан көтерді. Автор қазақ қоғамында қыздарды жас кезінен ата-аналары «айттырып қою» арқылы тұрмысқа ерте беретін әдеттің кең тарағанын атап көрсетеді. Ол бұл дәстүрдің адамгершілікке де, заман талабына да сай еместігін нақты мысалдармен дәлелдейді. Мақалада қалыңмалдың көлемі мен батаның түрлері егжей-тегжейлі сипатталып, олардың шамадан тыс қымбаттығы қоғамның әлеуметтік теңсіздігін айқындай түсетіні көрсетіледі. Бағсайұлының жазуынша, қазақ арасында кең тараған «Қырық жеті» және «Отыз жеті» деген қалыңмал түрлері төмендегідей болған: «Қырық жеті» деген малдың хисабы: сегіз бие, сегіз құлын, сегіз тай, сегіз құнан-құнажын, жеке ту бие, төс ат, жанама жақсы һәм бас жақсы. Босаға үшін әлдіректері 600–1000 сом, орташақтары 250–300 сом алады. «Отыз жеті» деген малдың есебі: алты бие, алты құлын, алты тай, алты құнан-құнажын, жанама жақсы, жек ту бие, төс ат. Босағасы үшін 100–150 сом алады.» (Бағсайұлы, 1912: № 8). Мақалада қалыңмал институтының кей жағдайда әлеуметтік әділетсіздік пен тұрмыстық езгінің құралына айналғанының орын алғанын қозғайды. Ол мұндай жағдайды тек қоғамдық пікірталас пен баспасөздің ашық талқылауы арқылы түзетуге болатынын айтады. Шалықбай Бағсайұлының мақаласы қазақ қоғамындағы неке, дәстүр және әйел тағдыры мәселесін сыни тұрғыдан қарастырудың жаңа деңгейін көрсетті. Ол қазақ баспасөзіндегі әлеуметтік-моральдық реформалардың қажеттігін дәлелдеп, ұлт болашағының негізі – әділдік пен ағартушылықта екенін атап өтті. Бұл мақала кейінгі этнографтардың қазақтың үйлену дәстүріндегі «отбасылық экономикалық» мәселелерді қайта сараптауына дереккөз болады.

1912 жылғы «Айқап» журналының №8 санында әйел теңдігі мен білім беру мәселелеріне арналған мақалалар мен өлеңдер жарық көрді. Бұл алдыңғы жылғы басылымдарда көтерілген әлеуметтік тақырыптардың қоғамда кеңінен талқылана бастағанының айғағы. Солардың бірі – Күлайым Өтегенқызының «Қазақ қыздарына» атты өлеңі. Автор өз туындысында әйелдердің бас бостандығы мен теңдігі жайындағы ойларын лирикалық сипатта жеткізеді.

Күлайым ақын өлеңінде өз тағдырын мысалға ала отырып, дәстүрлі қоғамдағы қыз баланың жағдайын сынға алады:

«Бесікте мені әкем малға берген,

Әйтеуір кеудесі еркек жанға берген» (Өтегенқызы, 1912 а: № 8).

«Бесікте мені әкем малға берген» деп «атастыру» салтын айтып тұрғанын аңғару қиын емес.

«Айнадай «Айқап»-ыңыз бар уақытта,

Бүкіл қыз сөз жазсаңыз ықтиарын», - деп қазақ қыздарын әлеуметтік белсенділікке шақырады. Оның мақаласын қазақ қыздарының сана-сезімін оятуға бағытталған ағартушылық үндеу ретінде бағалауға тұрады (Өтегенқызы, 1912 в: № 8).

1912 жылғы «Айқап» журналының №9 санында Күлайым Өтегенқызының әйел теңдігі тақырыбындағы өлеңінің жалғасы жарияланды. Бұл шығарма алдыңғы нөмірдегі «Қазақ қыздарына» атты өлеңінің логикалық және идеялық жалғасы болып табылады. Онда ақын қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік және отбасылық жағдайына сын көзбен қарай отырып, замандастарына терең ой тастайды. Автор өлеңінде әйелдің тағдыры мен еркіндігі мәселесін бұрынғыдан да өткір айтады, әйелдің өз қадірін сақтау, зорлыққа көнбеу идеясын көтереді. Күлайымның ойынша, тәрбиелі ұрпақтың қалыптасуы ананың еркіндігі мен санасының ашықтығына тәуелді. Күлайым Өтегенқызының өлеңдері XX ғасыр басындағы қазақ әйелінің қоғамдық рөлін қайта түсінудің, дәстүрлі сана мен ағартушылық идеялардың түйісу нүктесін сипаттайды. Бұл туындылар қазақ әйелінің ағартушылық қозғалыстағы белсенді субъект ретіндегі жаңа бейнесін қалыптастырып, ұлттық мәдениеттің даму бағытына зор ықпал етті. (Өтегенқызы, 1912 б: № 9)

1912 жылғы «Айқап» журналының № 11 санында жарық көрген Кәрім Ғалымовтың «Бейшара қыз» атты фельетоны да – қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мен қалыңмал дәстүрінің әлеуметтік зардаптарын көркем әрі публицистикалық тұрғыда бейнелеген маңызды туынды. Шығармада қыз тағдырының күрделі мәселелерімен бірге, қазақ ауылындағы дәстүрлі өмір, күнделікті тұрмыс суреттеледі. Дәстүрлі қазақ ауылының тыныс-тіршілігін, еңбек бөлінісін, тұрмыс салтын және әлеуметтік қатынастар жүйесін дәл бейнелей отырып, табиғи үйлесім мен тұрмыстық жайбарақаттықтың артында қоғамның ауыр әлеуметтік шындығы – әйел теңсіздігі мен тағдыр жолын қоса көрсетеді (Ғалымов, 1912 а: № 11). Суға бара жатқан жас қыз Алтынай бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы әйелдің өмірі мен тағдыры ашылады. Алтынайды да әкесі айттырып, қойып қыз қалауынсыз «келісілген қалыңдық» ретінде ұзатады. Қыздың тағдыры арқылы қазақ қоғамындағы неке институтының экономикалық сипатын және қалыңмал дәстүрінің адамгершілікке қайшы келетін қырларын ашып көрсетеді.

Алтынай есейіп, өз еркімен шешім қабылдай алатын жасқа жеткенде тұрмысқа шығуға қарсылық білдіреді. Бірақ ұл жақ өкілдері «қызды бір түнде алып қашамыз» деп қорқытады. Күндердің бір күнінде бұл іске асады. Қызды алып қашып кетеді. Бірақ, арада аз уақыт өтпей жатып қызды қорлап қайта алып келіп тастайды. Бұл оқиға әйелдің жеке тағдыры ғана емес, тұтас қоғамның ар-ұжданына түскен дақ ретінде қабылданады. Автор тек қыздың күйін ғана емес, оны қоршаған әлеуметтік ортаның моральдық бейнесін де сынайды. Алтынайдың трагедиясы кезінде ауыл ақсақалдары мен болыстардың түрлі пікірлері беріледі: «Бәлемнен барымта алайық, анау ат, мынау айғырын сойып алайық», «Жоқ, бұл істі қойып тұрайық, мұны хәкімдерге білгізейік», «Құда, күйеу адамдар алуға асыққан екен, енді адамын алып кетсін» (Ғалымов, 1912 в: № 11).

Бұл пікірлерден дәстүрлі қоғамдағы адам тағдырына деген немқұрайлылық, моральдық жауапсыздық және патриархалды көзқарастың үстемдігі айқын байқалады.

Автор әйелдің еркіндігін шектейтін дәстүрлер мен әлеуметтік құрылымдардың қатыгездігін әшкерелейді, әйелдің бас бостандығының еленбеуін сынау арқылы құқықтық мәдениеттің артта қалғандығымен күреседі.

Кәрім Ғалымовтың «Бейшара қыз» фельетоны «Айқап» журналындағы ең өткір әлеуметтік және моральдық мәні бар туындылардың бірі болды. Ол дәстүрлі мәдениеттегі әйелдің төменгі әлеуметтік мәртебесін, еркіндік пен құқық теңсіздігін сынға алып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік модернизацияның қажеттілігін алға тартады. Оның шығармасы XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастардың шынайы көрінісін, патриархалды құрылымның ішкі қайшылығын және ағартушылық қозғалыстың гуманистік идеалдарын айқын бейнелейді.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер мен жаңғыру үдерістері белең алған кезең болды. Сол тарихи кезеңде «Айқап» журналы ұлттың рухани дамуы мен қоғамдық пікірдің қалыптасуында ерекше рөл атқарды.

Осы рухани қозғалысқа үн қосқан ақындардың бірі – Азамат Алашұғлы. Оның «Айқап» журналына арналған өлеңі басылымның ағартушылық және қоғамдық миссиясын жоғары бағалаған көркем публицистикалық туынды болып табылады.

Алашұғлының өлеңі «Айқаптың» қоғамдағы орнын айқындап, оны халықтың мұңын мұрат еткен рухани жетекші ретінде көрсетеді:

«Жүрек қанын, көз жасын,
Қайнаттың қозғап жұрт қамын.
Түзу жолға салам деп,
Адасып теріс ұққанын.
Хақиқатты тура етіп,
Жасқанып, жасын бұқпадың.
Аз пұлменен көп құрап,
Көрсеттің ерлік, сырттаным!» (Алашұғлы, 1912: № 14).

Бұл жолдар поэтикалық тұрғыдан журналдың ағартушылық миссиясын, әлеуметтік әділеттілікті қорғаудағы табандылығын және халықтың рухани оянуына ықпалын айқын бейнелейді. Ақын журналды қазақ халқының заманауи интеллектуалдық кеңістігінің символы ретінде көрсетеді. Журнал тек ақпарат таратушы емес, қоғамдық пікір мен ұлттық өзіндік сананы қалыптастырушы институт рөлін атқарған.

Өлеңнің негізгі өзегін «Айқаптың» ел қамын ойлаған халықтық басылым ретіндегі бейнесі құрайды. «Жүрек қанын, көз жасын қайнаттың» деген метафора журнал редакциясы мен авторларының жанкешті еңбегін, ұлт тағдырына деген жан қиналысын білдіреді. «Аз пұлменен көп құрап» деген жолдар әлеуметтік-экономикалық шындыққа негізделген, отаршылдық, патша үкіметінің цензурасы орнаған тұста, материалдық қиындықтарға қарамастан, ағартушылық идеясын табандылықпен жүзеге асырып отырған рухани ерлікті меңзейді.

Ақын өз поэзиясында «Айқапты» шындық пен әділдіктің мінбері, қоғамдық прогрестің қозғаушы күші ретінде танытады. Бұл өлең ұлттық баспасөздің тарихи миссиясын дәріптеумен қатар, қазақ қоғамының рухани эволюциясын поэтикалық формада айшықтаған мәдени-әдеби ескерткіш болып табылады.

Нәтижелер

«Айқап» көтерген қазақ қоғамындағы ерте неке жасы мәселесіне сол кезеңдегі зерттеушілер, ағартушылар да ден қойған. Яғни «Айқап» көтерген әлеуметтік мәселелер, қазақ отбасында орын алған, тіпті тамыры жайылған ғұрып екенін алғашқы жазбалар дәлелдейді. Қазақтар арасында некелесу жасындағы айырмашылық әлеуметтік жағдаймен байланысты болды (Арғынбаев, 1996: 203-227). Н.И. Гродеков Қазалы уезінде байлар арасында балаларын 9-12 жаста құдаласып қоюдың кездесетіндігін айтқан (Гродеков, 1889: 55). Бала күнінен айттырып, 12-15 жас арасында үйлендірген жайттардың кездескенін Құдабай Қостанаев өз еңбегіне арқау еткен (Құстанаев, 1894: 22). П.И. Пашиноның жолжазбасында оңтүстікте болған сапарында қазақ отбасының бәрінде дерлік қыз баланы бесікте жатқан кезінде-ақ айттырылып қойылатынын жазған, әрі бұл әдет-ғұрыптың орын алуын оңтүстікте қокандықтар билігінің орнығуымен байланыстырады (Пашино, 1868: 55). Қазақтар арасында әдеттік құқықта некеге тұру жасы ерлер үшін 15 жас, әйелдер үшін 16 жас деп белгіленді (Загряжский, 1876: 151; Маковецкий, 1886: 2). Г.Загряжский Перовск уезінде ер балаларды 12 жаста құда түсіп, қыз балаларды 10 жасынан айттырып, 16 жасынан ұзатқан жайттарға куә болған (Z., 1889: 129). Тарихи дәуірлерде, дәстүрлі қоғамда ерте неке жасының болғанын алғашқы жазба деректер айғақтайды. Айқап бұл мәселені, сол қоғамда орын алған шындық болғасын негізгі талқылау тақырыбына шығарған.

«Айқап» көтерген қалыңмал көлемі, құдандалықтағы отбасылық экономиканың негізі ретінде сақталып отырды. Қалыңмал көлемі туралы алғашқы жазба деректерді сараласақ,

«Айқап» жарияланып тұрған уақытта қоғам көшпеліліктен, отырықшалыққа өтпелі кезеңде тұрғанымен, қалыңмал көлемі аса өзгере қоймағанын байқауға болады.

Қ.Қостанаевтың зерттеуі бойынша қалың малдың көлемі күйеу жігіт әкесінің әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Сыр өңірі қазақтарының қалың мал көлемін Қ.Қостанаев үш категорияға, ауқаттылар, орташалар, кедейлер деп бөліп қарастырған. Қ.Қостанаев бойынша, бай қазақтардың қалың малы 47 басты құрады. Яғни бас жақсы – 9 түйе, 8 құлынды бие – 16 бас мал, 3 жасар құнан-құнажын – 8 бас, 2 жасар 7 бас тай, жеке ту бие – 1 бас; жанама жақсы – 1 жылқы немесе 1 түйе, 1 төс ат; аяқ жақсы – 1 түйе, 1 жылқы, 1 сиыр және мылтық. Орта тұрмысты адамдың қалыңмал көлемі 27 – ден 37 бас малға дейін қамтылды. Малы аз қазақтардың қалыңмалы «дөңгелек қалыңмал» деп аталып, 7-ден 9 бас малды құрады, кейде кедей отбасында екі жақтың келісімі бойынша бір-біріне сый-кәде бермей екі жасты қосқан. Кей жағдайда жылқы, түйе орнын қой ауыстырып, 1 бас жылқы немесе 1 бас түйе 6-8 қойға тең болған (Қостанаев, 1894: 24).

И.И.Ибрагимов зерттеулері бойынша қалыңмал көлемі ақсүйектер арасында – 57, байлар арасында – 37, орташалар арасында -27, кедейлер арасында – 17 бас малды құраған (Ибрагимов, 1872: 128).

М.Лавров статистикасы бойынша, байлар арасында қалыңмал 57-77 бас жылқы болған (Лавров, 1902: 35-36). Г.Загряжский, П.Е.Маковецкий де ең төмен қалың малдың 17 бас болғанын айтады (Z, 1889: 129; Маковецкий, 1886: I, 5). Г.Загряжскийдің бақылауынша Сыр-Арал өңірінде бай қазақтардың қалың малы 47 бастан 100 басқа дейін (900-1000 рубльден 5000 рубльге дейін) барған (Z, 1889: 129). Орынбор қазақтарының қалың мал мөлшері де осындай болған (Алтынсарин, 1870: 4).

«Айқап» беттеріндегі қалыңмал мәселесі сол кездегі үйлену ғұрпының негізгі экономикалық кепілі болғанын осындай алғашқы жазбалар айғақтайды. «Айқап» ағартушылары атастыру, қалыңмал ғұрыптарымен ашық медиа алаңында күресу арқылы, қазақ әйелінің некелесу жасының ұзаруына ғана емес, олардың жаппай білім алуына, оқуына жол ашты.

Қорытынды

«Айқап» журналы ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік жаңғыруының айқын көрсеткіші болды. Журнал беттерінде көтерілген әйел теңдігі, қалыңмал дәстүрі және ағартушылық идеялары дәстүрлі қоғам мен жаңарған ұлттық сананың арасындағы тарихи сабақтастықты айқын көрсетті. Әйелдің әлеуметтік рөлі мен еркіндігі мәселесі тек гендерлік тұрғыдан емес, сонымен қатар ұлттық жаңғыру мен өркениеттік дамудың маңызды өлшемі ретінде қарастырылды.

Журнал беттеріндегі әйел тақырыбы – қазақ қоғамындағы әлеуметтік модернизацияның көрінісі. Әйел теңдігіне қатысты пікірлер ұлттық мәдени контекст шеңберінде өрбігенімен, олардың мазмұнында Батыс өркениетіне тән идеялар білім, еңбек, құқық, жеке тұлғаның еркіндігі ұштасып жатты. Этнографиялық тұрғыдан бұл үдеріс қазақ қоғамының дәстүрлі нормаларынан жаңа әлеуметтік құрылымға өтуінің рухани көрінісі.

Сақыпжамал Тілеубайқызы мен Нәзипа Құлжанова шығармалары ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастардың эволюциясын бейнелейтін маңызды этнографиялық дереккөз. Бұл еңбектер әйелдің әлеуметтік мәртебесін көтеріп, білім мен мәдениетті ұлттық дамудың өзегі ретінде қарастырған ағартушылық қозғалыстың құрамдас бөлігі. «Айқап» журналы осылайша қазақ әйелінің жаңа қоғамдық бейнесін қалыптастыруда және әлеуметтік модернизацияның мәдени-рухани негізін қалауда тарихи миссия атқарды.

Журналдың этнографиялық материалдары қазақ халқының тұрмыс-салты, моральдық нормалары мен әлеуметтік қатынастарын заманауи тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл еңбектер әйелдің қоғамдағы орнын жаңа қырынан ашып, халық санасында сапалық өзгерістер тудырды.

Талдау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады: «Айқап» беттеріндегі мақалалар дәстүрдің өзгеруін және қоғамның заман талабына бейімделуін бейнелейді; этнографиялық сипаттағы материалдар халықтың отбасылық дәстүрлерге

көзқарасын жаңартуға ықпал етті; әйел теңдігі мәселесі ұлттық мәдениет контекстінде талданып, қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастардың тарихи эволюциясын айқындады; аталған еңбектер тарихи-этнография, әлеуметтік-антропология және мәдениет тарихы салалары үшін құнды дереккөз ретінде бағаланады.

Осы тұрғыдан алғанда, «Айқап» журналының ағартушылық миссиясы тек баспасөз шеңберімен шектелмей, бүкіл ұлттық мәдениеттің өркендеу жолындағы іргелі құбылысқа айналды. Әйел теңдігін көтеру арқылы журнал қоғамда әділет, парасат және ізгілік идеяларын орнықтырып, қазақ халқының рухани модернизациясына елеулі үлес қосты.

Авторлар көтерген мәселелер қазақ қоғамындағы әлеуметтік реформалау үдерісінің нақты көрінісі болды. Олар неке мен отбасы институтындағы қатып қалған дәстүрлерден арылу, жеке таңдау еркіндігіне негізделген жаңа әлеуметтік қатынастар орнату қажеттігін көрсетті. Этнографиялық тұрғыдан бұл қоғамның дәстүрлі рулық құрылымнан азаматтық қоғамға өту кезеңіндегі дүниетанымдық трансформациясын айқын сипаттайды.

Жалпы алғанда, «Айқап» журналының мұрасы дәстүрлі қазақ қоғамының неке және отбасы қатынастарындағы өзгеріс үдерістерін, гендерлік теңдік пен әлеуметтік әділет идеяларының қалыптасуын ғылыми тұрғыда танып-білуге мүмкіндік береді. Бұл басылым XX ғасыр басындағы қазақ халқының рухани жаңғыруының, мәдени эволюциясының және әлеуметтік құрылымының маңызды дереккөзі болып табылады.

References

- Ajkap, 2023: 11 — «*Ajkap*» zhurnaly ["Aikap" magazine]. 1911 zh. / kurast.: G. Anes, T. Zamzaeva, A. Myrzagali. Almaty: «Alashorda» kogamdyk kory, 2023. 544 b. (In Kaz.).
- Altynsarin, 1870: 4 — *Altynsarin I.* Ocherki obychev pri pohoronah i pominkah u kirgizov Orenburgskogo vedomstva [Essays on customs at funerals and commemorations among the Kirghiz of the Orenburg Department]. Mashinopisnaja rukopis'. Otdel rukopisej i redkih knig Nacional'noj biblioteki. Orenburg, 1870. 4 l. (In Russ.).
- Alashugly, 1912: № 14 — *Alashugly A.* Olen-zhyr. «Ajkap»-ka [The poem is a song. To the "Aikap"] // *Ajkap*, 1912. Zheltoksan (№ 14). (In Kaz.).
- Argynbaev, 1996 — *Argynbaev H.* Kazak otbasy: (kazak otbasynyn keshegisi men bugingisi zhajyndagy gylymi zertteu enbek) [Kazakh family:]. Almaty: Kajnar, 1996. 134-136 bb. (In Kaz.).
- Alzhanov, 1911: № 6 — *Alzhanov Sh.* Kazaktyn kudalyktaryndagy kemshilikter [Disadvantages in Kazakh godparents] // *Ajkap*, 1911. Mausym (№ 6). (In Kaz.).
- Bagsaj ugly, 1912: №8 — *Bagsaj ugly Sh.* Kuda bolu hakynda bir soz «Zamanyna karaj amaly» [A word in the right to be engaged is "the way to The Times"] // *Ajkap*, 1912. Tamyz (№8). (In Kaz.).
- Galymov, 1912: № 7 — *Galymov Ə.* Olen. Bakysyz sulu [Poem. Unhappy beauty] // *Ajkap*, 1912. Shilde (№ 7). (In Kaz.).
- Galymov, 1912: № 11 — *Galymov K.* Fel'eton: Bejshara kyz [Feuilleton: poor girl] // *Ajkap*, 1912. Karasha (№ 11). (In Kaz.).
- Grodekov, 1889: 55 — *Grodekov N.I.* Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoj oblasti. Juridicheskij byt [Kyrgyz and Karakirgiz people of the Syr Darya region]. T.1. Tashkent: Tipo-litografija S.I.Lahtina, 1889. 55 s. (In Russ.).
- Zholaushin, 1911: № 10 — *Zholaushin S.* Buryngi guryr ham kazirgi hal [The former ritual and the current state] // *Ajkap*, 1911. Qazan (№ 10). (In Kaz.).
- Zagrzazhskij, 1876: 151 — *Zagrzazhskij G.S.* Juridicheskij obyčaj kirgiz o razlichnyh rodah sostojanij i o pravah im prisvoennyh. O narodnom sude u kochevogo naselenija Turkestanskogo kraja po obychnomu pravu [The legal custom of Kirghiz is about the various kinds of states and the rights assigned to them]. Ezhegodnik MSTK / Pod red. N.A. Maeva. Vyp. IV. SPb.: 1876. 151 s. (In Russ.).
- Ibragimov, 1872: 128 — *Ibragimov I.I.* Jetnograficheskie ocherki kirgizskogo naroda. Russkij Turkestan. Sbornik, izdannij po povodu Politehnicheskoy vystavki [Ethnographic sketches of the Kyrgyz people]. Vyp. 2. M.: Universitetskaja tipografija Katkov i K., 1872. 128 s. (In Russ.).
- Kenzhebaev, 1956: 26–30 — *Kenzhebaev B.* Kazak baspasozinin tarihyndan malimetter [Information from the history of the Kazakh press]. Almaty, 1956. 26–30 bb. (In Kaz.).
- Kaltajuly, 1912: № 8 — *Kaltajuly M.* Zholsyz gaderterimizdin biri [One of our off-road gadgets] // *Ajkap*, 1912. Tamyz (№ 8). (In Kaz.).
- Kazaktyn jetnografijalyk kategorijalar..., 2017: 338 — *Kazaktyn jetnografijalyk kategorijalar*, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. 5 tomdyk jenciklopedija [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names] / Gyl. red. Nursan Alimbaj. – Almaty: TOO «Alem Damu Integracija», 2017. T.1. – 338 b. (In Kaz.).
- Kulakbaev, 1911: № 7 — *Kulakbaev B.* Fel'eton. Bir kazak kyzy [Feuilleton. One Kazakh girl] // *Ajkap*, 1911. Shilde (№7). (In Kaz.).

Kustanaev, 1894: 22 — *Kustanaev H.* Jetnograficheskie ocherki kirgiz Perovskogo i Kazalinskogo uездov [Ethnographic sketches of Kirghiz Perovsk and Kazalinsky counties]. Tashkent: Tipo-litografija Br. Percevyh, 1894. 22 s. (In Russ.).

Lavrov, 1902: 35–36 — *Lavrov M.* Kochevniki. Zhizn' v kirgizskoj stepi [The nomads]. SPb.: Tipografija Al'tshulera, 1902. 35–36 s. (In Russ.).

Makoveckij, 1886: 2 — *Makoveckij P.E.* Materialy dlja izuchenija juridicheskikh obyчаev kirgizov [Materials for studying Kyrgyz legal customs]. Vyp. 1. Omsk: Tipografija Okružnogo shtaba, 1886. 2 s. (In Russ.).

Otegenkyzy, 1912: № 8 — *Otegenkyzy K.* Olen. Kazak kызdaryna [Poem. Kazakh girls] // *Ajkap*, 1912. Tamyz (№ 8). (In Kaz.).

Otegenkyzy, 1912: № 9 — *Otegenkyzy K.* Olen. Kazak kызdaryna [Poem. Kazakh girls] // *Ajkap*, 1912. Kyrkujek (№ 9). (In Kaz.).

Pashino, 1868: 55 — *Pashino P.I.* Turkestanskij kraj v 1866 godu. Putevye zametki [Turkestan region in 1866]. SPb., 1868. + il. + 1 l. karta. 55 s. (In Russ.).

Tashpolatov, 1912: № 8 — *Tashpolatov I.* Kazak halkynyn kызdar tarbiesine koz salulary hakynda [The Kazakh people's eyes on the education of girls] // *Ajkap*, 1912. Tamyz (№ 8). (In Kaz.).

Tileubajkyzy, 1911: № 7 — *Tileubajkyzy S.* Kazak kызdarynyn atalaryna! [To the grandfathers of Kazakh girls] // *Ajkap*, 1911. Shilde (№ 7). (In Kaz.).

Tileubergenov, 1912: № 8 — *Tileubergenov Zh.* Kыз balalar hakynda bir-eki auyz soz [A word or two in the case of girls] // *Ajkap*, 1912. Tamyz (№ 8). (In Kaz.).

Z., 1889: 129 — *Z. Zhenshhiny v kochevom bytu.* TV [Women in nomadic life]. 1889. №33. 15 avgusta. 129 s. (In Russ.).

Әдебиеттер

Айқап, 2023: 11 — «*Айқап*» журналы. 1911 ж. / құраст.: Ф. Әнес, Т. Замзаева, А. Мырзағали. Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. 544 б.

Алтынсарин, 1870: 4 — *Алтынсарин И.* Очерки обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства. Машинописная рукопись. Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки. Оренбург, 1870. 4 л.

Алашұғлы, 1912 — *Алашұғлы А.* Өлең-жыр. «Айқап»-қа // *Айқап*, 1912. Желтоқсан (№14).

Арғынбаев, 1996 — *Арғынбаев Х.* Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). Алматы: Қайнар, 1996. 134-136 бб.

Әлжанов, 1911: № 6 — *Әлжанов Ш.* Қазақтың құдалықтарындағы кемшіліктер // *Айқап*, 1911. Маусым (№ 6).

Бағсай ұғлы, 1912: № 8 — *Бағсай ұғлы Ш.* Құда болу хақында бір сөз «Заманына қарай амалы» // *Айқап*, 1912. Тамыз (№ 8).

Ғалымов, 1912: № 7 — *Ғалымов Ә.* Өлең. Бақытсыз сұлу // *Айқап*, 1912. Шілде (№ 7).

Ғалымов, 1912: № 11 — *Ғалымов К.* Фельетон: Бейшара қыз // *Айқап*, 1912. Қараша (№ 11).

Гродеков, 1889: 55 — *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И. Лахтина, 1889. 55 с.

Жолаушин, 1911: № 10 — *Жолаушин С.* Бұрынғы ғұрып һәм қазіргі хал // *Айқап*, 1911. Қазан (№ 10).

Загряжский, 1876: 151 — *Загряжский Г.С.* Юридический обычай киргиз о различных родах состояний и о правах им присвоенных. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву. Ежегодник МСТК / Под ред. Н.А.Маева. Вып. IV. СПб.: 1876. 151 с.

Ибрагимов, 1872: 128 — *Ибрагимов И.И.* Этнографические очерки киргизского народа. Русский Туркестан. Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. Вып. 2. М.: Университетская типография Катков и К., 1872. 128 с.

Кенжебаев, 1956: 26–30 — *Кенжебаев Б.* Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. Алматы, 1956. 26–30 бб.

Қалтайұлы, 1912: № 8 — *Қалтайұлы М.* Жолсыз ғадеттеріміздің бірі // *Айқап*, 1912. Тамыз (№ 8).

Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2017: 338 — *Қазақтың этнографиялық* категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия / Ғыл. ред. Нұрсан Әлімбаев. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. Т.1. 338 б.

Құлақбаев, 1911: № 7 — *Құлақбаев Б.* Фельетон. Бір қазақ қызы // *Айқап*, 1911. Шілде (№ 7).

Кустанаев, 1894: 22 — *Кустанаев Х.* Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Ташкент: Типо-литография Бр. Перцевых, 1894. 22 с.

Лавров, 1902: 35–36 — *Лавров М.* Кочевники. Жизнь в киргизской степи. СПб.: Типография Альтшулера, 1902. 35–36 с.

Маковецкий, 1886: 2 — *Маковецкий П.Е.* Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Омск: Типография Окružного штаба, 1886. 2 с.

Өтегенқызы, 1912: № 8 — *Өтегенқызы К.* Өлең. Қазақ қыздарына // *Айқап*, 1912. Тамыз (№ 8).

Өтегенқызы, 1912: № 9 — *Өтегенқызы К.* Өлең. Қазақ қыздарына // *Айқап*, 1912. Қыркүйек (№ 9).

Пашино, 1868: 55 — *Пашино П.И.* Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. СПб., 1868. + ил. + 1 л. карта. 55 с.

- Ташполатов, 1912: №8 — *Ташполатов И.* Қазақ халқының қыздар тәрбиесіне көз салулары хақында // Айқап, 1912. Тамыз (№8).
- Тілеубайқызы, 1911: № 7 — *Тілеубайқызы С.* Қазақ қыздарының аталарына! // Айқап, 1911. Шілде (№ 7).
- Тілеубергенов, 1912: № 8 — *Тілеубергенов Ж.* Қыз балалар хақында бір-екі ауыз сөз // Айқап, 1912. Тамыз (№ 8).
- Z.*, 1889: 129 – *Z. Женщины* в кочевом быту. ТВ. 1889. №33. 15 августа. 129 с.

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1824-1833, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1824-1833

ENDO- AND EXO-ETHNONYMS OF THE KAZAKH PEOPLE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE SECOND HALF XVIII – EARLY XX CENTURIES

Gauhar M. Syzdykova¹

¹Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(A. Baytursynov Str., 13, 160012 Shymkent, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0009-0005-9483-8860>. E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Syzdykova G.M., 2025

Abstract. Introduction. The works of Russian researchers of the second half of the 18th – early 20th centuries provide characteristics of various aspects of the geography, history, and ethnography of the Kazakh steppe. It should be noted that Russian historiography pays special attention to certain issues of traditional culture, that is, the ethnography of the Kazakh people. An important place was occupied by the issue of endo- and exo-ethnonyms of the Kazakh people. This article is devoted to the study of the place and role, as well as the specifics of this issue in Russian historiography. *Goals and objectives.* The goal of the article is to identify the main positions and directions in the study of endo- and exo-ethnonyms of the Kazakh people in Russian historiography. *Results.* In the course of the study, examining works related to the ethnonyms of the Kazakh ethnic group in Russian historiography of the second half of the 18th – early 20th centuries, the author of the article comes to the conclusion that researchers noted a strong national identity of the Kazakh people, reflected in the ethnonyms of the Kazakh ethnic group. It should be particularly noted that although the ethnonym “Kirghiz” was used in Russian to refer to the Kazakh and Kyrgyz peoples, Russian historiography has specifically reflected the differences between these two peoples. *Conclusion.* Despite the vastness of the Kazakh ethnic territory, the Kazakh ethnic group, with a distinct ethnoethnonym, emerged from various centuries-long ethnogenetic processes in the steppe zone of Eurasia based on the similar languages and cultures of Turkic tribes, as well as the similar lifestyle of non-Turkic Mongolian and other elements.

Keywords: Kazakh steppe, Kazakhs, Kyrgyz, endoethnonym, exoethnonym, ethnic history, Russian historiography

For citation: Syzdykova G.M. Endo- and exo-ethnonyms of the Kazakh people in Russian historiography of the second half XVIII – early XX centuries // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1824-1833. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1824-1833

XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗЕҢІНДЕГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭНДО- ЖӘНЕ ЭКЗОЭТНИМДЕРІ

Гаухар Майсуровна Сыздыкова¹

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, А. Байтұрсынов көш., 160012 Шымкент, Қазақстан Республикасы)
Философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)
<https://orcid.org/0009-0005-9483-8860>. E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сыздыкова Г.М., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде Қазақ даласының географиясы мен тарихының, сондай-ақ этнографиясының әртүрлі аспектілері сипатталды. Бұл ретте ресей тарихнамасында қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, яғни, этнографиясына байланысты сан алуан мәселелерге ерекше көңіл бөлінгендігін атап өткен жөн. Солардың ішінде қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдер мәселесі де елеулі орын алады. Бұл мақала аталмыш мәселенің ресей тарихнамасындағы орны мен рөлін және ерекшеліктерін зерттеуге арналған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты Ресей тарихнамасындағы қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдерін зерттеудегі негізгі ұстанымдар мен бағыттарды анықтау болып табылады. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында мақала авторы XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі орыс тарихнамасындағы қазақ этникалық тобының этнонимдеріне қатысты еңбектерді талдай отырып, зерттеушілер қазақ халқының күшті ұлттық бірегейлігін атап өткені, бұл қазақ этникалық тобының этнонимдерінде көрініс тапқаны туралы қорытындыға келеді. Сонымен бірге осы ретте ерекше екшеп айтар жайт - қазақ және қырғыз халықтары үшін орыс тілінде ортақ «қырғыз» («киргиз») этнонимі қолданылса да, ресей тарихнамасында осы екі халық арасындағы нақты айырмашылықтың көрініс тапқандығын айта кету жөн. *Қорытындылар.* Қазақтардың этникалық территориясы ұланғайыр болғандығына қарамастан, Еуразияның географиялық кеңістігінің далалық аймағындағы ғасырлар бойы жүрген әртүрлі этногенетикалық үрдістердің барысында түркі ру-тайпаларының ұқсас тілдері мен мәдениетінің, сондай-ақ түркі этникалық қауымдарына жатпайтын моңғол және т.б. рулардың ұқсас өмір салтының негізінде нақты эндоэтнонимі бар қазақ этносы қалыптасты.

Түйін сөздер: Қазақ даласы, қазақтар, қырғыздар, эндоэтноним, экзоэтноним, этникалық тарих, ресей тарихнамасы

Дәйексөз үшін: Сыздыкова Г.М. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі Ресей тарихнамасындағы қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1824-1833 бб. (Қаз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1824-1833

ЭНДО- И ЭКЗОЭТНОНИМЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА В РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XVIII – НАЧАЛА XX В.

Гаухар Майсуровна Сыздыкова¹

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова
(д. 13, ул. А. Байтұрсынова, 160012 Шымкент, Республика Казахстан)
кандидат философских наук, ассоциированный профессор (доцент)
<https://orcid.org/0009-0005-9483-8860>. E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сыздыкова Г.М., 2025

Аннотация. *Введение.* В работах российских исследователей второй половины XVIII – начала XX в. дана характеристика различные аспекты географии, истории, а также этнографии Казахской степи. Следует отметить, что в российской историографии уделяется особое внимание отдельным вопросам традиционной культуры, то есть этнографии казахского народа. Важное место при этом занимал вопрос эндо- и экзоэтнонимов казахского народа. Данная статья посвящена исследованию места и роли, а также особенностей указанного вопроса в российской историографии. *Цель и задачи исследования.* Цель статьи – выявить основные позиции и направления в изучении эндо- и экзоэтнонимов казахского народа в российской историографии. *Результаты.* В ходе исследования изучая труды, связанные этнонимам казахского этноса в российской историографии второй половины XVIII – начала XX в., автор статьи приходит к выводу о том, что исследователи отмечали сильную национальную идентичность казахского народа, находившую отражение в этнонимах казахского этноса. При этом следует особо отметить то обстоятельство, что хотя в русском языке для обозначения казахского и кыргызского народов использовался этноним «киргиз», в российской историографии получили конкретное отражение различия между указанными двумя народами. *Выводы.* Несмотря обширность этнической территории казахов, в ходе различных многовековых этногенетических процессов в степной зоне географического пространства Евразии на основе сходных языков и культуры тюркских племен, а также сходного образа жизни нетюркских монгольских и др. элементов сформировался казахский этнос с четким этноэтнонимом.

Ключевые слова: Казахская степь, казахи, кыргызы, эндоэтноним, экзоэтноним, этническая история, российская историография

Для цитирования: Сыздыкова Г.М. Эндо- и экзоэтнонимы казахского народа в российской историографии второй половины XVIII – начала XX в. // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1824-1833. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1824-1833

Кіріспе

Қазіргі уақытта 2025 жылғы ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасы тұрғындарының басым көпшілігін, яғни 71 %-ын қазақтар құрайды. Ежелден бері қазақтар Еуразияның батыстағы Каспий теңізінен шығыстағы Алтайға және оңтүстіктегі Шымкенттен солтүстіктегі Қызылжарға дейін созылған территорияны мекендеген. Осындай ұланғайыр аймақта қоныстанып отырған қазақтардың бұрыннан, әсіресе, XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс авторларының зерттеу нысанына айналғанын ерекше атап өткен жөн. Жалпақ тілмен айтқанда, Ресей империясының тарапынан Еуразияның далалық аймағына ұйымдастырылған экспансиялық қозғалыстың барысында империяның ресми өкілдері қазақ жерін жан-жақты зерттеуге мәжбүр болды. Қазақ даласын география, тарих және этнография тұрғысынан зерттеу Ресей империясының билігіне практикалық мәліметтерді пайдалана отырып, өз билігін нығайтуға мүмкіндік берді. Бұл ретте орыс саяхатшылары, сондай-ақ, орыс әскери және мемлекеттік қайраткерлері қазақтар тұрған территорияның географиясы мен тарихын, этникалық құрамын және т.б. мәселелерді зерттеп, қазақ халқының этнографиясы жөнінде өте құнды материалдар жинастырды. Қарастырылып отырған проблеманы зерттеу ғылыми әрі әлеуметтік маңызға ие. Ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл этнология ғылымындағы белгілі бір халықтың, соның ішінде қазақ халқының, этногенезі мен этникалық тарихына байланысты мәселелерді анықтап, талдауға мүмкіндік береді. Мәселенің әлеуметтік жағына тоқталсақ, бұндай проблемаларды зерттеу қоғамдық ой-пікір саласындағы даулы мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Мақаланың мақсаты жоғарыда белгіленген кезеңдегі ресей зерттеушілерінің қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдеріне байланысты ұстанымдары мен бағыттарын зерттеу болып табылады. Бұл ретте ерекше айтар жайт – эндо- және экзоэтнонимдер туралы айтқанда,

біз советтік этнология ғылымында жасақталған терминдерге сүйеніп отырмыз. Осыған байланысты белгілі советтік ғалымы Ю.В. Бромлейдің айтуы бойынша, «өзін-өзі атау үшін қолданылатын сөзі [этноним] болмаған бірде-бір тайпа, жұрт, халық, ұлт жоқ. Мысалы, кривичтер, сиулар, эвенктер, каталондар, шотландтар, шведтер, украиндар, жапондар және т.б.... олардың бәрінде өз атаулары бар... Осы тұста әңгіме жалпы этнонимдер емес, этностардың өз атаулары, яғни эндоэтнонимдер жөнінде болып отыр. Геп басқа халықтардың тарапынан белгілі бір этносқа берілген этнонимдердің (экзоэтнонимдердің) көптеген жағдайларда эндоэтнонимдерге сәйкес келмейтіндігінде, бір-біріне де ұқсамайтындығында» (Бромлей, 1983: 45–46). Бұдан әрі көрсетілгендей, қарастылып отырған кезеңде қазақтар өздерін «қазақ» (эндоэтноним) деп атаса да, орыс тіліндегі деректерде, сондай-ақ әртүрлі басылымдарда (мақалалар, кітаптар және т.б.) қазақ халқын атау үшін «киргиз», «кайсақ», «казак-киргиз» және т.б. сөздер (экзоэтнонимдер) қолданылды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу үшін қарастырылып отырған кезеңдегі П.И. Рычков, С.Б. Броневский, А.И. Левшин сынды және т.б. ресей зерттеушілерінің еңбектері пайдаланылды. Бір жақтан, аталмыш зерттеушілер әскери және мемлекеттік қайраткер болғандықтан, олардың ой-пікірлері Ресей империясындағы билік элитасы өкілдерінің ұстанымдарын көрсетеді. Екінші жағынан, ресей авторлары тарапынан жазылған ғылыми жұмыстар нақты түрде зерттеулердің негізгі бағыттарын айқындайды. Сонымен бірге олардың еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті жөнінде, соның ішінде оның эндо- және экзоэтнонимдері жөнінде құнды мәліметтер бар. Өйткені XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңінде Қазақ даласының сан алуан өңірлеріне қызмет бабымен барған ресей әскери адамдары және мемлекеттік қызметшілері қазақ халқының этнографиясына тікелей қатысы бар деректерді жинастырды. Бұл авторлардың кейін жарық көрген іргелі еңбектерінде көрініс тапты. Соның ішінде зерттеушілердің қазақ халқына байланысты этнонимдер мәселесіне назар аударғандықтарын да айту керек. Зерттеу барысында жинастырылған материалдарды интерпретациялау мақсатында текстологиялық, салыстыру және факторлық талдау әдістері қолданылды. *Текстологиялық әдіс* белгілі бір еңбек мәтінін зерттеуге және шығарма мәтінін жан-жақты қарастыру арқылы зерттеушінің ұстанымдарын, оның ой-пікірлерін, сондай-ақ, саяси әрі қоғамдық және ғылыми көзқарастарын (соның ішінде қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдері жөнінде) анықтауға мүмкіндік береді. Мақаладағы екі және одан да көп объектілерді салыстырып, олардың арасындағы ортақ атаулы мен ерекшеліктерді анықтау үшін *салыстыру әдісі* қолданылды. Және мақалада қолданылған *факторлық талдау әдісі* авторлардың ұстанымдары мен көзқарастарын және олардың қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтайтын әдіс болып табылады. Бұл әдістер қарастырылып отырған мәселені тиімді талдауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Қазіргі уақытта аталмыш тақырыптың кейбір аспектілерін қозғайтын еңбектердің қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің қаламынан шыққандығын айта кету керек. Бірақ, бұл ретте ғылыми мақалалар негізінен «қазақ» ұғымына арналған (Самойлович, 1927; Көмеков, Султанов, 2017; Ускенбай, 2016; және т.б.). Мысал ретінде Қ. Ускенбайдың еңбегін келтіруге болады (Ускенбай, 2016). Атап айтсақ, зерттеуші Шығыс Дешті Қыпшақтың территориясында орын алған этносаяси үрдістердің нәтижесінде орта ғасыр кезеңіндегі авторлардың шығармаларында Қазақ хандығын атау үшін «қазақ» сөзінің қолданылғандығына ерекше назар аударады. Мысалы, оның айтуынша, XVI ғасырға жататын Ибн Рузбихан Исфаханидің парсы тілінде жазылған «Михман-наме-йи Бұхара» туындысында «била-и қазақ», «дар билад ва йурт-и қазақ», «малакат-и қазақ», «дийар-и қазақ» сияқты терминдер қолданылды (Ускенбай, 2016: 399–400).

XVIII ғасырдан бері қазақ жері Ресей империясының әскери-саяси экспансиясына ұшырады. Осы кезеңнен бастап ресей әскери әрі мемлекеттік қайраткерлерінің

шығармаларында Қазақстанның этнографиясы, географиясы, тарихы және т.б. жөнінде егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілді. Соның ішінде ресейліктердің туындыларында қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдеріне байланысты ақпаратқа елеулі орын берілді. Бірақ, өкінішке қарай, қазіргі тарихнамада бұл мәселе өте аз зерттелген. Соған қоса, кейбір еңбектерде келісуге болмайтын тұжырымдаулар да бар. Мысал ретінде С.Н. Брежневаның «Ресей империясының құрамындағы Түркістан халықтары» (Брежнева, 2017) атты мақаласын келтірелік. С.Н. Брежнева қазіргі Қазақстанның Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстары, сондай-ақ Шымкент қаласы XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы тарапынан Орта Азияда құрылған Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кіргендігін айта отырып, аталмыш аймақтарды мекендеген халықтардың, соның ішінде қазақтардың да, этникалық санасына байланысты шындыққа жанаспайтын жаңсақ пікір білдіреді. Мысалы, автор Орта Азия халықтарының «этникалық санасы дамымаған немесе өне басталған кезінде болған», сондай-ақ «киргизы» – қазақ халқының жинақталған образы («собирательный образ») болып табылады» деген қорытынды шығарды (Брежнева, 2017: 1). Бірақ, бұдан әрі С.Н. Брежнева А.И. Левшиннің қазақтардың этнографиясына арналған еңбегіне сілтеме жасап, «ғалым (А.И. Левшин. – Г.С.) қазақтар («киргизы») өздерін «киргиз» деп атамайды...» деп жазады (Брежнева, 2017: 1). Осылайша С.Н. Брежневаның жазғандығын қисынға салсақ, қазақтардың ұлттық санасы дамымаған, алайда сонымен бірге қазақтардың нақты эндоэтнонимі бар деген қайшылықты қорытынды шығаруға болады.

Зерттеу нәтижелері

XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде орыс авторларының қазақ халқының этнонимі мәселесіне ерекше көңіл бөлгендіктерін көруге болады. Мысал ретінде XVIII ғ. екінші жартысы кезеңінің орыс авторы П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясы, яғни Орынбор губерниясының толық сипаттамасы» (Рычков, 1762) деп аталатын іргелі еңбегін келтірелік. Өзінің шығармасында автор Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал аймағы, сондай-ақ Төменгі және Орта Еділ маңы өңіріндегі халықтардың саяси және әлеуметтік тарихы, және дәстүрлі мәдениетін сипаттай отырып, этнонимдерге, соның ішінде қазақ халқының эндо- және экзоэтнонимдеріне байланысты мәселелерге де назар аударады. Бұл ретте қазақтар мен татарларға, сондай-ақ, башқұрттарға бір-бірін түсіну үшін ешқандай аудармашы керек еместігін айта отырып, П.И. Рычков қазақтардың эндоэтнонимі мен экзоэтнонимі арасында қайшылық бар екендігін атап өтті. Оның айтуы бойынша, Ресейде қазақтарға қатысты «киргиз-кайсаки» деген экзоэтноним қолданылса да, қазақтар өздерін «қазақтар» («казаки») деп атайды. Осы ретте ескерер жайт, П.И. Рычковтың пайымдауынша, қазақтардан басқа «киргизы» этнонимі кем дегенде екі халықты атау үшін қолданылады: «Біз «киргисы» немесе «киргисцы» де аталатын үш халықты білеміз. Ежелгі Сібірде Енисей өзенінің бойында қоныстанған. Әбілғазы хан олар туралы көп жазған еді... Олар ресейліктерге қарсы көтерілетін...». Сонымен бірге, автордың айтуынша, Орта Азияда «Ташкенттің ар жағында Ходжант, Наймачин және Мадталан сияқты қалалардың төңірегіндегі аймақты «Алатау киргизы» деп аталатын тағы бір байтақ жұрт мекендейді» (Рычков, 1762: 156–157, 131–133).

XVIII ғасырдың соңында Ресей империясының құрамындағы халықтардың этнографиясына арналған іргелі еңбектер шыға бастады. Мысалы, 1786 жылы белгілі ғалым П.С. Палластың «Ресей империясының әртүрлі аймақтарына жасалған саясат» еңбегі (Паллас, 1786) жарық көрді. Осы шығармасында қазақ халқын атау және оған қатысты әртүрлі ұғымдарды білдіру үшін автордың «киргиский», «киргизский», «киргизцы», «киргизкайсаки» сияқты сөздердің қолданғандығын көруге болады (Паллас, 1786: 380–391). Жалпақ тілмен айтқанда, XVIII ғасырдың екінші жартысында ресей тарихнамасында «казаки» сөзінің орнына «киргизцы» экзоэтнонимін қолдануға өту үрдісі байқалады. Яғни, аталмыш кезеңде ресей зерттеушілері қазақ этносын атау үшін «казаки», «Казачья орда» терминдерімен бірге «киргизцы», «Киргизская орда» ұғымдарын да қатар қолданды. Бұл жайт И.Г. Георгияның 1799 жылы жарық көрген «Ресей мемлекетінде тіршілік ететін барлық халықтардың

сипаттамасы» (Георги, 1799) деп аталатын шығармасында да көрініс табады. Бұл Ресей империясының территориясынғы халықтарға арналған еңбекте түркі халықтарының (татарлар, ноғайлар, башқұрттар, сахалар және т.б.) мәдени дәстүрлері аталмыш туындының екінші бөлігі сипатталады. Бұл ретте ерекше ескерер жайт - автор «киргизцы» этнонимін бірнеше халыққа қатысты, яғни қазақтар мен қырғыздарды, сондай-ақ Оңтүстік Сібірдегі түркі халықтарын атау үшін қолданады. Атап айтқанда, И.Г. Георгидің айтуынша, «қырғыздар («киргизцы») Енисей өзенінің жоғарғы ағысының бойын, Июс пен Абаканның төңірегіндегі жерді және бұдан әрі оңтүстік пен шығысқа қарай орналасқан территорияны мекендеді» (Георги, 1799: 119). Екіншіден, И.Г. Георгидің еңбегінде қырғыздардың («киргизцы») тағы бір тобы «Алтай қырғыздары» («Алтайские киргизцы») немесе «буруттар» деп аталады (Георги, 1799: 120). Үшіншіден, аталмыш жұмыста «Киргизские орды» туралы қысқаша мәліметтер де берілген. Бұл ретте автордың айтуы бойынша, «Киргизские орды» деп аталатын [жүздер] «Казачья орда» атымен де белгілі...» (Георги, 1799: 119). Осылайша қазақ халқын атау үшін қолданылған «казак» термині ресей тарихнамасында XVIII ғасырдың аяғына дейін сақталып тұрды.

XIX ғ. бірінші жартысында қазақ халқының этнонимі мәселесіне С.Б. Броневскийдің «Орта жүз қазақтары туралы» деп аталатын еңбегінде де көңіл бөлгендігін айтуымыз керек. Өзінің «Орта жүз қазақтары туралы» атты шығармасында ол орыс тілінде қазақ халқын атау үшін «киргиз-кайсак» экзоэтнонимінің қолданылатындығын айтып, автор төмендегідей жайтқа назар аударады: «...оларға (қазақтарға. – Г.С.) бұл атауды («киргиз-кайсак» экзоэтнонимін. – Г.С.) кім бергені туралы сенімді мәліметтер жоқ... Қалай болса да, олар өздерін «қазақ» («казак») деп айтады» (Броневский, 1830: 401–402). Қазақ даласының тарихын, географиясын және этнографиясын сипаттауымен танылған белгілі зерттеуші А.И. Левшин Қазақстанның тарихы мен географиясына, сондай-ақ этнографиясына арналған «Қазақ жүздері мен даласының сипаттамасы» атты үш томдық туындысында төмендегідей жайтқа ерекше назар аударады: «Қазақтардың тарихын сипаттар алдында ең алдымен Еуропада оларға бөтен атау бергендігін айтуға тиіспіз; сол атауды ресейліктерден басқа, олардың [қазақтардың] өздері және олармен көршілес халықтар қолданбайды. Бұл атау «киргиз» бен «кайсак» сияқты екі сөзден тұрады. «Киргиз» ұғымы бүгінге дейін «кара (черные) киргиз», «закаменные киргизы» және «буруты» атауларымен белгілі халықты білдіреді. «Казак» немесе «кайсак» сөзі, кейбір Шығыс елдерінің қаламгерлері айтқандай, Иса пайғамбардың туғанынан бұрын пайда болған ежелгі «қазақ» («казак») атауының бұрмаланған нұсқасы болып табылады. Осы ой-пікір дұрыс па, дұрыс емес пе, соны біз зерттемейміз. Бірақ орта ғасыр кезеңінде орыстардың көптеген топтарына өткен «казак» сөзін қазақтар қалыптасқаннан бері қолданған. Және қазірде де олар өздерін «қазақтар» («казак») деп атайды. Осы атаумен олар [қазақтар] парсылар мен бұхаралықтарға және хиуалықтарға, сондай-ақ Азияның басқа да халықтарына белгілі. Қытайлықтар алғашқы К әрпін жұмсартып «хасаки» дейді. XVIII ғасырға дейін Ресейде «киргиз-кайсаки» сөзін естімеген, соның орнына «казак», «Казачья орда» дейтін» (Левшин, 1832: 1 – 2.).

XIX ғасырдың орта шенінде қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы мәселелеріне белгілі зерттеуші Ш.Ш. Уәлихановтың да көңіл бөлгендігін айта кету жөн. Атап айтқанда, өзінің «Қазақ шежіресі» (Валиханов, 1985) атты еңбегінде, қазақтардың құрамына кірген негізгі рулардың шығу тегі мәселесінің кейбір аспектілерін сипаттай отырып, Ш.Ш. Уәлиханов төмендегідей жайтқа ерекше назар аударады: «Қазақ халқы («киргиздер» («киргизы») өздерін де, Азияда шектесетін көршілері де оларды «казак» деп атайды) Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деп аталатын үш жүзге бөлінеді; орыстар оларды «орда» деп атайды» (Валиханов, 1985: 151).

Қарастылып отырған тақырыптың этнонимдік аспектілеріне XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі белгілі ресей ғалымы, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне байланысты көптеген еңбектердің авторы болған А.Н. Харузин де көңіл бөлген. Харузин келтірген материалдар оның практикалық бағдарлылығымен құнды. Атап айтқанда, ол өзінің 1888 жылы жарияланған «Далалық очерктер (Қазақтың Бөкей ордасы). Жол естелігінің

беттері» (1888) деп аталатын еңбегінде қазақ халқының этнонимі жөнінде өте қызықты мәліметтер келтіреді. Бұл ретте А.Н. Харузин жергілікті Өтешғали есімді қазақпен қазақ халқының этнонимдері туралы сөйлескендігін келтіреді.

– Мысалы, сіз, Өтешғали, «киргиз» дейсіз. Сіздер өздеріңізді солай атайсыздар ма?

– Жоқ. Орыстар бізді солай атайды. Мұның себебін біз білмейміз. Бірақ өзімізді біз «қазақ» («кхазак») дейміз.

– Казак па?

– Иә, қазақ.

– Сонда айырмашылық қандай? Сіз казаксыз, станицадағы Астраханнан келген адам да казак – Мен Астрахан казактарын айтып отырдым.

– Жоқ. Ол казак, ал мен қазақпын.

Мен қайтадан айтыңызшы, деп өтіндім.

– Станицада тұратын ол казак, ал мен қазақпын, – қайтадан айтты ол. Сонда мен «к»-дан кейін айтылатын «х»-ның не екендігін ұқтым. Кейінірек мен соны көп рет басқа қазақтардың («киргиз») мысалында тексердім. Басқа адамдарды да қазақ тіліндегі әңгімелерге құлақ коюды өтіндім. Ақыры Бөкей қазақтары («киргизы-букеевцы») өздерін казак емес, қазақ дейді деген қорытынды шығардым» (Харузин, 1888: 86–87).

А.Н. Харузин өзінің «Бөкей ордасының қазақтары (Антропологиялық-этнологиялық очерк)» (1889) атты тағы бір еңбегінде осы мәселеге ерекше назар аударғандығын көруге болады: «Бұдан бұрын көптеген авторлар қазақтар («киргизы») өздерін «киргиз» деп атамайтындықтарын жазған болатын. Яғни, бұл олардың атауы емес, қарақырғыздардың («каракиргизы») атауы болып табылады. Біз «киргизы» дейтіндер өздерін «қазақ» («казаки») деп атайды. Бөкей қазақтары («букеевские киргизы») туралы айтатын болсақ, олар «казак» сөзін біз сияқты емес, қырылдап айтады – қазақ («кхазак»). Мен талай рет қазақтардан бұл сөзді қайтадан айтыңызшы деп өтіндім. Нәтижесінде олардың расында «қазақ» дейтіндеріне көзім жетті. Бұған қосарым да бар: олар өздерін «қазақ» («кхазак») десе, Астрахан және Жайық казактарын «казак» деп атайды. Соған қарамастан мен осы сөзді қолданбаймын, өйткені халықтың өзін қалай атайтынын білу өте маңызды болса да, өз тілімізге сіңіп кеткен сөздің орнына олардың сөзін қолдануға аса қажет жоқ деп ойлаймын» (Харузин, 1889: 23–24).

XX ғасырдың бас кезеңінде де этнонимдер мәселесі ресей зерттеушілерінің зерттеу нысаны болып қала берді. Осы кезеңде қазақ халқының этнониміне байланысты мәселеге орыс мемлекеттік қайраткері, 1906–1908 жылдары Түркістан генерал-губернаторы болған Н.И. Гродеков қысқа болса да көңіл бөлді. Мысалы, өзінің «Сырдария облысының қазақтары және қырғыздары» атты еңбегінде (Гродеков, 1889) қазақ және қырғыз халықтарының дәстүрлі құқық жүйесін сипаттай отырып, ол төмендегідей ескертпе жасауды жөн деп көрді: «Біз «киргиз» дейтін халық өзін «қазақ» («казак») деп атайды» (Гродеков, 1889: 1). Аталған кезеңде қазақ этнонимі мәселесін зерттеген А.Е. Алекторов та төмендегідей ескертпе жасайды: «Еуропалық Ресейден оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан батыс және ортаазиялық дала аймағын түгел дерлік мекендейтін «киргиз-кайсақ» немесе дұрысырақ айтқанда, «киргиз-казак» деп аталатын көшпелі түркі халқы бізде XVIII ғасырдан бері белгілі... Бұл халық өзін «қазақ» («казак»), яғни «еркін адамдар» («вольница», «люди вольные») деп атайды; ал «киргиз» атауы бауырлас болса да Ыстықкөлдің жанындағы басқа аймақты, сондай-ақ Әндіжан мен Қашғардың арасындағы таулы жерді мекендейтін халыққа жатады...» (Алекторов, 1900: 3).

Қарастырылып отырған мәселенің XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде Ресей империясында жарық көрген жалпылама басылымдарда да көрініс тапқандығын айта кетуіміз керек. Мысалы, 1879 жылы жарияланған «Ресей халықтары. Қазақтар» атты ұжымдық еңбекте (Народы России..., 1879) келесі жайтқа назар аударылады: «Өздерін қазақтар («киргизы») ғана емес, олармен көршілес қытайлықтар, бұхаралықтар және басқа халықтар да оларды «хасак», «кайсақ» және т.б. деп атайды. Содан олардың дұрысырақ «киргиз-кайсақ» деген атауы шыққан. Бұл атау («киргизы» – Г.С.) Аспан таулары мен Шу өзенінің бойын мекендейтін «бурут» немесе «дикокаменные киргизы» деген шағын қырғыз тайпасына жатады» (Народы

России..., 1879: 2–3). Қазақ халқының этнониміне байланысты мәселе 1880 жылғы «Ресей халықтары. Этнографиялық очерктер» (Ресей халықтары..., 1880) басылымында да баяндалған: «Қазақтар («киргизы») бірталай руға бөлінеді. Негізінен олар үш жүзге («орда») (Ұлы, Орта және Кіші) бөлінеді. Бұлардың ортақ атауы қазақтар («казаки») болып табылатын үш топ рулардан басқа, Тяньшанда көшіп жүрген «қарақырғыз» (кара-киргизы), «буруттар» («буруты») немесе «таулы аймақта тұратын қырғыздар» («ди́кокаменные киргизы») деп аталатын қырғыздар бар» (Народы России..., 1880: 148). 1885 жылы шыққан «Масатыдай құлпырған Ресей» (Живописная Россия..., 1885) атты ұжымдық еңбекте төмендегідей жайтқа назар аударылады: «Қазақ халқының («киргизский народ») тарихы түсініксіз әрі күрделі. Қазақтар («киргиз-кайсаки»), дұрысырақ айтқанда «казаки» алғаш рет XV ғасырда тарих сахнасына шыққан, ал біздің жылнамаларымызда оларға қатысты мәліметтер XVI ғ. дейінгі кезеңге жатады» (Живописная Россия..., 1885: 185). XX ғасырдың бас кезеңінде жарияланған «Ресей: Отанымыздың география тұрғысынан толық сипаттамасы» деп аталатын іргелі энциклопедиялық еңбекте былай айтылған: «Далалық облыстардың тұрғындары өздерін «қазақтар» («казак») деп атайды. «Қазақтарды («казаки») білдіретін қолданыстағы «киргиз» сөзін қазақтар бұрын ешқашан естімеген. Осы сөзді олар көбінесе орыстардан ести бастаған» (Россия ..., 1903: 142).

Осы тұста ескерер жайт, XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ ұлттық элитасының кейбір өкілдері де орыс тіліндегі қазақ халқының этноэтнониміне ерекше көңіл бөлді. Мысал ретінде Жақып мырза Ақбайұлының қазақтың дәстүрлі құқығына арналған еңбегін келтіруге болады. Атап айтқанда, оның 1907 жылы орыс тілінде жарияланған мақаласының тақырыбында қазақ халқының этнонимі «khasakh» деп берілген (Акпаев, 1907: 1). Яғни, қазақ халқының эндоэтнонимін қазақ тіліндегі айтылуына барынша жақындатып беруге тырысқандығын айқын көрсетеді.

Қазақ халқының этнонимі мәселесіне көңіл бөлген авторлар ұлттық бірегейлік мәселесіне де ерекше назар аударғандығын айтуымыз да керек. Мысалы, жоғарыда аталған еңбектердің бірінде төмендегідей жолдар келтірілген: «Қазақтарда («киргизы») ана тіліне, жалпы өздерінің ұлты мен тарихына деген сезім едәуір жоғары деңгейде тұрады. Орыс тілін жақсы білетін қазақ («киргиз») сотта орысша сөйлемейді, ол сотпен міндетті түрде аудармашы арқылы сөйлеседі» (Народы России..., 1880: 149). Осы мәселеге байланысты ой-пікірін белгілі ғалым В.В. Радлов та білдірген: «...рулардың атаулары қазақтардың («казак-киргизы») моңғол, соның ішінде самоед элементтері де бар негізінен әртүрлі түркі тайпаларынан қалыптасқандықтарын айқын көрсетсе де, әлеуметтік және тілдік тұрғыдан қарайтын болсақ, ұлаңғайыр аймақтағы барлық қазақтар («киргизы») бір-бірімен әбден сіңісіп кетті. Сондықтан да біз оларды біртұтас халық деп айтуға құқылымыз. Өйткені оларға жалпы өз халқының бірлігі мен ажырамастығы деген сезім тән» (Радлов, 1989: 111).

Қорытынды

Жоғарыда жазылғандарды ескере отырып, төмендегідей қорытындалар шығаруға болады. Біріншіден, қазақ халқының эндоэтнонимі ретінде «қазақ» сөзі қолданылады. Бұл ұғымды қазақтар шамамен XV ғасырдан бастап қолдана бастаған. XVIII ғасырға дейін орыс тілінде қазақ халқын атау үшін «казаки» сөзінің қолданылғандығын көруге болады. Тиістісінше аталмыш кезеңде ресей деректері мен ресми құжаттарында Қазақ хандығы «Казачья орда» деп аталды. Екіншіден, шамамен XVIII ғасырдың орта шенінен бастап ресей зерттеушілерінің қаламынан шыққан іргелі еңбектері мен жол естеліктерінде қазақ халқын атау үшін орыс тілінде «киргиз», «киргиз-казак», «киргиз-кайсак» сияқты этнонимдердің қолданыла бастағандықтарын атап өткендігін айта кетуіміз керек. Алайда, егер XVIII ғасырдың соңына дейін «киргиз» этнонимімен қатар кейбір ресей зерттеушілерінің, соның ішінде И.Г. Георгидің еңбегінде, «Казачья орда» ұғымы кездессе, XIX ғасырдың бас кезеңінен бері ресей тарихнамасында аталмыш термин қолданыстан шықты. XIX ғасырдың екінші жартысында, орыс авторлары атап өткендей, қазақтар өздерін «қазақ» деп атады. Үшіншіден, қазақ және қырғыз халықтарының тілдерінің, сондай-ақ, дәстүрлі мәдениетінің

бір-біріне ұқсас болғандығына қарамастан, ресей тарихнамасында қазақтар мен қырғыздарды бір-бірінен нақты бөлу байқалады. Сондықтан да, ресей зерттеушілері еңбектерінде қазақтарды атау үшін «киргизы», «казак-киргизы», «киргиз-кайсаки» сияқты этнонимдерді қолданса, қырғыз халқының өкілдерін «черные киргизы», «кара-киргизы», «ди́кокаменные киргизы» деп атаған. Төртіншіден, ресей зерттеушілері қазақ халқының мықты ұлттық бірегейлігі мен нақты ұлттық санасы туралы жазды.

References

- Alektorov, 1900 — *Alektorov A.E.* Ukazatel knig, zhurnalnykh i gazetnykh statey i zametok o kirgizakh [Index of books, magazines, newspapers and notes about the Kyrgyz people]. Kazan: Tipolitografiya, 1900. 991 p. (In Russ.).
- Bromley, 1983 — *Bromley Yu.V.* Ocherki teorii etnosa [Essays on the Theory of Ethnosis]. Moscow: Nauka, 1983. 416 s. (In Russ.).
- Brezhneva, 2017 — *Brezhneva S.N.* Narody Turkestana v sostave Rossyskoy imperii // Rossyskiye regiony: vzglyad v budushcheye [The Peoples of Turkestan as Part of the Russian Empire // Russian Regions: A Look into the Future]. 2017. № 1. T. 1. P. 1–23. (In Russ.).
- Bronevsky, 1830 — *Bronevsky S.B.* O Kirgiz-Kaysakh Sredney Ordy (O granitsakh kirgiztsev. Proiskhozhdeniye kirgiz. Narodnye predaniya. Nechto iz Sibirskoy istorii i kirgiztsakh. Pereseleniye Kirgiztsov na step Zyungortsami zanimayemuyu. O khanakh Kirgizskikh. Poryadok vozvedeniya khanov) [About the Kirghiz-Kaisaks of the Middle Horde (About the borders of the Kirghiz. The origin of the Kirghiz. Folk legends. Something from Siberian history and the Kirghiz. The migration of the Kirghiz to the steppe occupied by the Zyungorts. About the Kirghiz khans. The order of the raising of khans)] // Otechestvennye zapiski. SPb., 1830. Ch. XLI. Kn. CXIX. Avgust. P. 400–420. (In Russ.).
- Akpayev, 1907 — *Akpayev Yakub-murza.* Nabroski po obychnomu, v chastnosti brachnomu pravu, kirgizov-khazahov [Sketches of the customary law, in particular the marriage law, of the Khazaks] // Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela Russkogo geograficheskogo obshchestva. Semipalatinsk, 1907. Vyp. III. C. 1–11. (In Kaz.).
- Valikhanov, 1985 — *Valikhanov Ch.Ch.* Kirgizskoye rodosloviye [Kirghiz ancestry] // Sobraniye sochineniy v pyati tomakh. Alma-Ata: Kaz. sov. entsikl., 1985. T. II. S. 148–166. (In Russ.).
- Georgi, 1799 — *Georgi I.G.* Opisanie vsekh obitayushchikh v Rossyskom gosudarstve narodov. Ikh zhiteyskikh obryadov, obyknoveny, odezh, zhilishch, uprazhneny, zabav, veroispovedanii i drugikh dostopamyatnostey. V chetyrekh chastyakh [Description of all the peoples living in the Russian state. Their daily customs, habits, clothing, housing, exercises, amusements, religion and other attractions. In four parts]. Sankt-Peterburg: Imperator. akad. nauk, 1799. Ch. 2. O narodakh tatarskogo plemeni i drugikh ne reshennogo eshche proiskhozhdeniya severnykh sibirskikh. 178 s. (In Russ.).
- Grodekov, 1889 — *Grodekov N.I.* Kirgizy i kara-kirgizy Syrdaryinskoy oblasti [Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syrdarya region]. Tashkent: Tipo-Litografiya S. I. Lakhtina, 1889. T. 1 Yuridichesky byt. 503 p. (In Russ.).
- Zhanuzaq, 2015 — *Zhanuzaq T.* «Qazaq» aty qaydan shyqqan [Where did the word "Kazakh" come from?] // 2015. № 3. P. 27–33. (In Kaz.).
- Zhivopisnaya Rossiya..., 1885 — *Zhivopisnaya Rossiya.* Otechestvo nashe v zemelnom, istoricheskom, plemennom, ekonomicheskom i bytovom znachenii [Picturesque Russia. Our Fatherland in land, historical, tribal, economic and everyday meaning] / Pod obshchey red. P.P. Semenova. T. Kh. Russkaya Srednyaya Aziya. SPb., M.: Izd. Tovarishchestva M.O. Volf, 1885. 452 p. (In Russ.).
- Komekov, Sultanov, 2017 — *Komekov B., Sultanov T.* «Qazaq» termini zhane etnonimi [The term and ethnonym "Cossack"] // QazUU Khabarshysy. 2017. № 1 (84). 31–35-b. (In Kaz.).
- Levshin, 1832 — *Levshin A.* Opisanie kirgiz-kazachykh ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepy [Description of the Kirghiz-Kazak or Kirghiz-Kaisat hordes and steps]. SPb.: Tipografiya Karla Krayya, 1832. Ch. 2. Istoricheskiye izvestiya. 333 p. (In Russ.).
- Narody Rossii, 1879 — *Narody Rossii.* Kirgizy [Peoples of Russia. The Kazaks]. Sankt-Peterburg: Tip. Tov. «Obshchestvennaya polza», 1879. 58 s. (In Russ.).
- Narody Rossii..., 1880 — *Narody Rossii.* Etnograficheskiye ocherki [Peoples of Russia. Ethnographic Sketches]. SPb.: Tipografiya Tovarishchestva «Obshchestvennaya polza», 1880. 648 p. (In Russ.).
- Pallas, 1786 — *Pallas P.S.* Puteshestviye po raznym mestam Rossyskogo gosudarstva po povelenu Sankt-Peterburgskoy Imperatorskoy Akademii Nauk [Travels to various places in the Russian state by order of the St. Petersburg Imperial Academy of Sciences]. Kn. 2, Ch. 2. 1770 goda. Sankt-Peterburg: Imperator. Akad. nauk, 1786. 571 s. (In Russ.).
- Radlov, 1989 — *Radlov V.V.* Iz Sibiri [From Siberia]. M.: Nauka, 1989. 749 p. (In Russ.).
- Rossiia..., 1903 — *Rossiia: polnoye geograficheskoye opisanie nashego Otechestva. Nastolnaya i dorozhnaya kniga dlya russkikh lyudey* [Russia: A Complete Geographical Description of Our Homeland. A Handbook and Travel Guide for Russians] / pod red. V. P. Semenova. SPb.: Izd-vo A. F. Devriyena, 1903. T. 18. Kirgizsky kray. 488 p. (In Russ.).
- Rychkov, 1762 — *Rychkov P.I.* Topografiya Orenburgskaya, to est obstoyatelnoye opisanie Orenburgskoy gubernii [Orenburg topography, that is, a detailed description of the Orenburg province]. SPb.: Imperatorskaya akademiya nauk, 1762. Ch. 1. 331 p. (In Russ.).
- Samoylovich, 1927 — *Samoylovich A.N.* O slove «kazak» [About the word "Kazakh"] // Kazaki: Antropologicheskiye ocherki. Leningrad, 1927. S. 12–18. (In Russ.).

Uskenbay, 2016 — *Uskenbay K.* O terminakh «kazakhi» i «Kazakhskoye gosudarstvo» v istochnikakh [On the terms “Kazakhs” and “Kazakh state” in sources] // *edu e-history*. 2016. № 4 (8). P. 396–401. (In Russ.).

Kharuzin, 1888 — *Kharuzin A.N.* Stepnye ocherki (Kirgizskaya Bukeyevskaya orda). Stranitsy iz zapisnoy knigi [Steppe Notes (Kirghiz Bukeyev Horde). Pages from a Notebook]. M.: Tipografiya A. A. Levenson, 1888. 110 p. (In Russ.).

Kharuzin, 1889 — *Kharuzin A.N.* Kirgizy Bukeyevskoy Ordy (Antropologo-etnologichesky ocherk) [Kirghiz of the Bukeyev Horde (Anthropological and ethnological essay)]. M.: Tipografiya A.A. Levenson, 1889. Vyp. 1. 550 p. (In Russ.).

Yarkov, 2021 — *Yarkov A.P.* Srednyaya Aziya i Zapadnaya Sibir vo vtoroy polovine XVI v.: politicheskiye i etnokulturnye svyazi [Central Asia and Western Siberia in the second half of the 16th century: political and ethnocultural relations] // *Narody i religii Yevrazii*. 2021. № 3 (26). P. 82–91. (In Russ.).

Әдебиеттер

Акпаев, 1907 — *Акпаев Якуб-мурза*. Наброски по обычному, в частности брачному праву, киргизов-казахов // *Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества*. Семипалатинск, 1907. Вып. III. С. 1–11.

Алекторов, 1900 — *Алекторов А.Е.* Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казань: Типолиитография, 1900. 991 с.

Брежнева, 2017 — *Брежнева С.Н.* Народы Туркестана в составе Российской империи // *Российские регионы: взгляд в будущее*. 2017. № 1. Т. 1. С. 1–23.

Бромлей, 1983 — *Бромлей Ю.В.* Очерки теории этноса. Москва: Наука, 1983. 416 с.

Броневский, 1830 — *Броневский С.Б.* О Киргиз-Кайсаках Средней Орды (О границах киргизцев. Происхождение киргиз. Народные предания. Нечто из Сибирской истории и киргизцах. Переселение Киргизцов на степь Зюнгорцами занимаемую. О ханах Киргизских. Порядок возведения ханов) // *Отечественные записки*. Санкт-Петербург, 1830. Ч. XLI. Кн. CXIX. Август. С. 400–420.

Валиханов, 1985 — *Валиханов Ч.Ч.* Киргизское родословие // *Собрание сочинений в пяти томах*. Алма-Ата: Каз. сов. энцикл., 1985. Т. II. С. 148–166.

Георги, 1799 — *Георги И.Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. В четырех частях. Санкт-Петербург: Император. акад. наук, 1799. Ч. 2. О народах татарского племени и других не решенного еще происхождения северных сибирских. 178 с.

Гродеков, 1889 — *Гродеков Н.И.* Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. Ташкент: Типо-Литография С. И. Лахтина, 1889. Т. 1 Юридический быт. 503 с.

Жақып..., 1907 — *Жақып мырза Акбайұлы* // *Қарқаралы*. 1991. № 1. 65–73-б.

Жанұзақ, 2015 — *Жанұзақ Т.* «Қазақ» аты қайдан шыққан // 2015. № 3. С. 27–33.

Живописная Россия..., 1885 — *Живописная Россия*. Отечество наше в земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении / Под общей ред. П.П. Семенова. Т. X. Русская Средняя Азия. Санкт-Петербург, Москва: Изд. Товарищества М.О. Вольф, 1885. 452 с.

Көмеков, Султанов, 2017 — *Көмеков Б., Султанов Т.* «Қазақ» термині және этнонимі // *ҚазҰУ Хабаршысы*. 2017. № 1 (84). 31–35-б.

Левшин, 1832 — *Левшин А.* Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. Санкт-Петербург: Типография Карла Крайя, 1832. Ч. 2. Исторические известия. 333 с.

Народы России, 1879 — *Народы России*. Киргизы. Санкт-Петербург: Тип. Тов. «Общественная польза», 1879. 58 с.

Народы России..., 1880 — *Народы России*. Этнографические очерки. Санкт-Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза», 1880. 648 с.

Паллас, 1786 — *Паллас П.С.* Путешествие по разным местам Российского государства по повелению Санкт-Петербургской Императорской Академии Наук. Кн. 2, Ч. 2. 1770 года. Санкт-Петербург: Император. Акад. наук, 1786. 571 с.

Радлов, 1889 — *Радлов В.В.* Из Сибири. Москва: Наука, 1989. 749 с.

Россия..., 1903 — *Россия*: полное географическое описание нашего Отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей / под ред. В. П. Семенова. Санкт-Петербург: Изд-во А. Ф. Девриена, 1903. Т. 18. Киргизский край. 488 с.

Рычков, 1762 — *Рычков П.И.* Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. Санкт-Петербург: Императорская академия наук, 1762. Ч. 1. 331 с.

Самойлович, 1927 — *Самойлович А.Н.* О слове «казак» // *Казак: Антропологические очерки*. Ленинград, 1927. С. 12–18.

Ускенбай, 2016 — *Ускенбай К.* О терминах «казахи» и «Казахское государство» в источниках // *edu.e-history*. 2016. № 4 (8). С. 396–401.

Харузин, 1888 — *Харузин А.Н.* Степные очерки (Киргизская Букеевская орда). Страницы из записной книги. Москва: Типография А. А. Левенсон, 1888. 110 с.

Харузин, 1889 — *Харузин А.Н.* Киргизы Букеевской Орды (Антрополого-этнологический очерк). Москва: Типография А.А. Левенсон, 1889. Вып. 1. 550 с.

Ярков, 2021 — *Ярков А.П.* Средняя Азия и Западная Сибирь во второй половине XVI в.: политические и этнокультурные связи // *Народы и религии Евразии*. 2021. № 3 (26). С. 82–91.

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 6, pp. 1834-1854. 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.09731
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1834-1854

THE WAY OF LIFE OF KAZAKH PEOPLE IN THE MATERIALS OF RUSSIAN IMPERIAL EXPEDITIONS AND THE WORKS OF RUSSIAN TRAVELERS OF THE 18TH–19TH CENTURIES

B.T. Kaliyeva¹, G.B. Tleubekova^{2}*

¹Zhansugurov Zhetysu University
(Taldykorgan, Kazakhstan)
PhD, Lecturer
<https://orcid.org/0000-0002-3690-6555>. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

²I. Zhansugurov Zhetysu University
(Taldykorgan, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor (docent)
<https://orcid.org/0000-0003-2367-3411>. E-mail: tleubekova@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Kaliyeva B.T., Tleubekova G.B., 2025

Abstract. *Introduction.* In the XVIII–XX centuries, the Russian Empire began to show great interest in the Kazakh land. The main reasons and goals of the state policy were to annex the Kazakh lands to Russia. The tsarist government closely examined the natural riches, social and economic situation of the Kazakh land. For this purpose, travelers, exploration expeditions and scientists were sent to the Kazakh steppe. The first authors who described the image of the Kazakh people were officials of the Russian administration, lawyers, orientalist and researchers. From the 50s of the XVIII century in Russia the first thoughts and conclusions concerning the origin of the Kazakh people, meaning and sense of the word “Kazakh” began to be expressed. *Goals and objectives.* This research aims to examine the lifestyle of the Kazakh people during the 18th–19th centuries through a scientific analysis of materials from research expeditions organized by the Russian Empire, as well as the works of Russian travelers. *Materials and Methods.* The study employs both general scientific and specialized historical methods. Specifically, it utilizes historical-comparative analysis, systems analysis, and textual analysis techniques. For processing the collected data, archival research, historical-legal analysis, and economic evaluation methods were applied. *Results.* This is evidenced by the fact that in connection with the strengthening and deepening of the political and economic influence of the Russian Empire in the territory of Kazakhstan in the late XVIII - first half of the XIX centuries, the studies of Russian authors on the history of the Kazakh people begin to acquire a wide range. Until the middle of the XIX century the works of Russian researchers were mainly devoted to the following topics: geographical location of the Kazakh land, ethnography of the Kazakh people, ethnogenesis of the Kazakh people, explanation of the ethnonym ‘Kazakh’, tribal structure and composition of the Kazakh people, population, economy, migration problem, trade relations. Among Russian researchers, famous authors were P.I. Rychkov, I.V. Gaverdovsky, G.F. Miller, I.G. Georgi, I.P. Falk, P.S. Pallas, S.V. Bronevsky, E.K. Meyendorff, I.M. Muravyov, and others. *Conclusion.* The

materials of three expeditions organised by the Russian Empire were published in the works of Kirillov, Grigoriev, and Rummyantsev. The works, written for different purposes, contain a large amount of materials, but they require critical analysis.

Keywords: Russian Empire, reconnaissance expeditions, colonization, Kazakh steppe, ethno genesis, ethnonym «Kazakh», way of life, everyday life, traditions

For citation: Kaliyeva B.T., Tleubekova G.B. The way of life of kazakh people in the materials of Russian Imperial expeditions and the works of russian travelers of the 18th–19th centuries // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 6. Pp. 1834-1854. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1834-1854

XVIII-XIX ҒҒ. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ОРЫС САЯХАТШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

Б.Т. Калиева¹, Г.Б. Тлеубекова^{2*}

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған, Қазақстан)

PhD, оқытушы-дәріскер

<https://orcid.org/0000-0002-3690-6555>. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

<https://orcid.org/0000-0003-2367-3411>. E-mail: tleubekova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАӘ, 2025

© Калиева Б.Т., Тлеубекова Г.Б., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясы қазақ жеріне ерекше қызығушылық таныта бастады. Мемлекеттің саясатының негізгі себептері мен мақсаттарының бірі — қазақ даласын Ресей құрамына қосу еді. Осыған байланысты патша үкіметі қазақ жерінің табиғи байлықтарын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын мұқият зерттей бастады. Бұл мақсатта қазақ даласына саяхатшылар, барлау экспедициялары мен ғалымдар жіберілді. Қазақ халқының өмір салтын алғаш сипаттаған авторлар — Ресей әкімшілігінің шенеуніктері, заңгерлер, шығыстанушылар мен зерттеушілер болды. XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап Ресейде қазақ халқының шығу тегі, «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны жөнінде алғашқы пікірлер мен тұжырымдар айтыла бастады. Бұл тұжырымдарды Ресей империясының Қазақстан аумағындағы саяси-экономикалық ықпалының күшеюі мен тереңдеуімен байланыстыра қарауға болады. *Мақсаты мен міндеттері.* XVIII-XIX ғғ. Ресей империясы ұйымдастырған зерттеу экспедиция материалдары мен орыс саяхатшыларының еңбектеріне ғылыми талдау жасай отырып, сол кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін қарастыру. *Материалдар мен әдіс-тәсілдері.* Мақалада зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер пайдаланылған. Атап айтқанда, тарихи-салыстырмалы, жүйелі және мәтіндік талдау тәсілдері. Ал алынған деректерді өңдеу барысында архивтік материалдарды зерттеу, тарихи-саралау және талдау әдістері қолданылған. *Нәтижелер.* XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында ресейлік авторлардың қазақ тарихына қатысты зерттеулері кең ауқымда жүргізіле бастады. XIX ғасырдың ортасына дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектері негізінен келесі тақырыптарды қамтыды: қазақ жерінің географиялық орны, қазақ халқының этнографиясы, этногенезі, «қазақ» этнониміне түсініктеме, қазақ халқының рулық-тайпалық құрылымы мен құрамы, халық саны, шаруашылық түрлері, көші-қон мәселелері, сауда қатынастары. Орыс зерттеушілерінің арасында белгілі авторлар ретінде П.И. Рычков, И.В. Гавердовский, Г.Ф. Миллер, И.Г. Георги,

И.П. Фальк, П.С. Паллас, С.В. Броневский, Е.К. Мейендорф, И.М. Муравьев және басқаларды атауға болады. *Қорытынды.* Ресей империясы ұйымдастырған үш экспедицияның материалдары Кириллов, Григорьев және Румянцев еңбектерінде жарық көрді. Әртүрлі мақсатпен жазылған бұл еңбектер мол деректерді қамтығанымен, оларды сыни талдау қажет етеді.

Түйін сөздер: Ресей империясы, зерттеу экспедициялары, отарлау, қазақ даласы, этногенез, «қазақ» этнонимі, өмір салты, тұрмыс, дәстүрлер

Дәйексөз үшін: Калиева Б.Т., Тлеубекова Г.Б. XVIII-XIX ғғ. Ресей империясы ұйымдастырған зерттеу экспедиция материалдары мен орыс саяхатшыларының еңбектеріндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. 1834-1854 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1834-1854

ОБРАЗ ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО НАРОДА В МАТЕРИАЛАХ ЭКСПЕДИЦИЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ И ТРУДАХ РУССКИХ ПУТЕШЕСТВЕННИКОВ XVIII–XIX ВЕКОВ

Б.Т. Калиева¹, Г.Б. Тлеубекова^{2*}

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(Талдықорган, Казахстан)

PhD, преподаватель-лектор

<https://orcid.org/0000-0002-3690-6555>. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

²Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(город Талдықорган, Казахстан)

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент)

<https://orcid.org/0000-0003-2367-3411>. E-mail: tleubekova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Калиева Б.Т., Тлеубекова Г.Б., 2025

Аннотация. *Введение.* В XVIII-XIX веках Российская империя начинает проявлять большой интерес к казахской земле. Основными причинами и целями политики государства было присоединение казахских земель к России. Царское правительство пристально обследует природные богатства, социально-экономическое положение казахской земли. С этой целью в казахскую степь отправляются путешественники, разведовательные экспедиции, ученые. Первыми авторами, описавшими образ казахского народа, были чиновники Российской администрации, юристы, востоковеды, исследователи. С 50-х годов XVIII века в России стали высказываться первые мысли и выводы относительно происхождения казахского народа, значения и смысла слова «казах». *Цель и задачи исследования.* Настоящее исследование направлено на изучение образа жизни казахского народа в XVIII–XIX веках посредством научного анализа материалов исследовательских экспедиций, организованных Российской империей, а также трудов русских путешественников. *Материалы и методы.* В ходе исследования применены как общенаучные, так и специальные исторические методы. В частности, использованы историко-сравнительный подход, системный анализ и методы текстологического анализа. Для обработки полученных данных задействованы архивные исследования, историко-правовой анализ и экономический подход. *Результаты.* Об этом свидетельствует тот факт, что в связи с усилением и углублением политико-экономического влияния Российской империи на территории Казахстана в конце XVIII – первой половине XIX вв. исследования российских авторов по истории казахского народа начинают приобретать широкий спектр. До середины XIX века труды русских исследователей были посвящены в основном следующим темам: географическое положение казахской земли, этнография казахского народа, этногенез казахского народа, объяснение этнонима «казах»,

родоплеменная структура и состав казахского народа, численность населения, хозяйство, проблема миграции, торговые отношения. Среди русских исследователей известные авторы П.И. Рычков, И.В. Гавердовский, Г.Ф. Миллер, И.Г. Георги, И.П. Фальк, П.С. Паллас, С.В. Броневский, Е.К. Мейендорф, И.М. Муравьев и другие. *Заключение.* Материалы трех экспедиций, организованных Российской империей, опубликованы в трудах Кириллова, Григорьева, Румянцева. Труды, написанные в разных целях, содержат большое количество материалов, однако они требуют критического анализа.

Ключевые слова: Российская империя, разведовательные экспедиции, колонизация, казахская степь, этногенез, этноним «казах», образ жизни, быт, традиции

Для цитирования: Калиева Б.Т., Тлеубекова Г.Б. Образ жизни казахского народа в материалах экспедиций Российской империи и трудах русских путешественников XVIII–XIX веков // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 6. С. 1834-1854. (На каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_6_1834-1854

Кіріспе

XVIII–XIX ғасырларда қазақ халқының тарихы мен дәстүрлі өмір салты Ресей империясының көптеген зерттеушілері мен саяхатшыларының назарын аударды. Бұл кезеңде қазақ даласы, оның халқы, шаруашылық жүргізу тәжірибесі мен мәдени ерекшеліктері белсенді түрде зерттелді. Қазақтардың көшпелі өмір салтына деген көзқарас экспедиция есептерінде, саяхатшылардың күнделіктерінде және орыс ғалымдарының еңбектерінде жазылған бақылаулар негізінде қалыптасты.

Бұл зерттеу еңбегі Ресей империясының саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде кездесетін қазақтардың өмір салтын сипаттауға арналған. Қарастырып отырған кезеңдегі авторларының еңбектерінде көрініс тапқан түрлі көзқарастарды салыстыруға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл көзқарастарды қазіргі тарихи шындықтарды және этнографиялық зерттеулерді қайта түсінуде маңызы зор. XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясының үкіметі қазақ даласына көптеген саяхатшыларды, тарихшыларды, санақ жүргізуші мамандар мен шенеуніктерді зерттеу жүргізу үшін жіберді. Олар атқарған жұмыстары жайында Орталық Басқармаға есеп беріп отырды. Орыс саяхатшылары мен зерттеушілері қазақ жеріне әртүрлі мақсатпен келді. XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап қазақ даласын зерттеген әртүрлі бағыттағы экспедициялар ұйымдастырылды. Бұл экспедициялардың басшылары қазақ халқын әр қырынан сипаттап, өз жазбаларында байқауларын қалдырды.

Орыс зерттеушілері өз еңбектерінде қазақ халқы мен даласын түрлі аспектіде суреттеп, оларға тән атаулар берген. XVIII–XIX ғасырларда қазақ халқы туралы жазылған көптеген еңбектер, жазбалар, естеліктер мен күнделіктер ортақ стильде жазылған. Қазақ халқы туралы бұл сипаттамалардың шынайылығын анықтау үшін оларды жан-жақты талдау қажет. Қарастырып отырған еңбектердің авторлары — Ресей империясының шенеуніктері болғанын және үкіметтің арнайы тапсырмаларын орындағанын ескерген жөн.

Орыс зерттеушілері қазақ халқы және қазақ даласының бейнесін өз шығармаларында әр түрлі сипатта беріп, оларға тән өзіндік атауларды да жазып қалдырған. XVIII–XIX ғасырларда қазақ халқы туралы жазылған көптеген еңбектер, жазбалар, естеліктер, күнделіктер бір сарында жазылды десе де болады. Әрине аталған еңбектердің авторлары, яғни XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласында болған генералдар, саяхатшылар, тарихшылар болсын патшалық Ресей өкіметінің қызметкерлері және сол басшылықтың арнайы тапсырмасын орындаушылар екенін айта кету қажет.

Ал олардың қазақ даласына келуінің бірден-бір мақсаты – қазақ жеріне бекіністер салу арқылы отарлау. Сол негізде әр түрлі экспедициялар жүргізіліп, қазақ еліне бақылау орнатылған еді. Қазақ даласына және халқына өз еркімен ешқандай алдына мақсат ұстанбай келген басқа да дәрігерлер, саяхатшылардың жазбаларында қарастыратын болсақ, олар қазақ халқы туралы, олардың қонақжайлығына тоқталған болатын.

Сондықтан, орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының күнделіктері мен естеліктеріндегі қазақ халқына, еліне қатысты жазбаларды талдау, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының бейнесін ашу өзекті мәселенің бірі деп атауға болады.

Материалдар және зерттеу әдістері

XVIII-XIX ғасырларда жазылып қалдырылған деректерді үшке бөліп қарастырсақ:

1. архив құжаттары; 2. экспедиция материалдары мен саяхатшылардың еңбектері.

Бірінші топтағы деректерге Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивынан (ҚР ОМА – ары қарай) алынған құжаттар. Оларды атап айтсақ: ҚР ОМА, 2300 қор – «Шетел архивтерінен алынған Қазақстан тарихына қатысты құжат көшірмелерінің жинағы» (Коллекция копий документов по истории Казахстана, поступивших из зарубежных архивов); 44 қор – «Жетісу облысының Верный қаласындағы ішкі істер министрлігінің Жетісу облыстық басқармасы» (Семиреченское Областное правление Министерств внутренних дел г. Верный Верненского уезда Семиреченской области); 4 қор – «Орынбор қаласындағы 1859–1868 жылдардағы Сыртқы істер Министрлігінің Орынбор шекаралық комиссиясы. Ішкі істер Министрлігінің Орынбор қаласындағы Орынбор қырғыздарына арналған Облыстық басқармасы» (Оренбургская пограничная комиссия Министерства иностранных дел г. Оренбург 1859-1868. Областное правление Оренбургскими киргизами Министерства внутренних дел г.Оренбург).

Бұл қорларда негізінен патшалық билік тарапынан жіберілген экспедиция мүшелері, шенеуніктердің, саяхатшылардың қазақ даласына қатысты мәліметтері кездеседі. Оның ішіндегі ең негізгісі болып, «Ресей билігі тарапынан қазақ даласына қатысты құжаттар» атты 2300 қорында поручик И.В.Гавердовскийдің қазақ даласында тұтқында болған кезіндегі жазбалары, доктор Савва Большойдың қазақ тұрмысына қатысты құжаттары, Ф.А.Бюлердің қазақ халқын сипаттауы және А.Л.Данзастың өңірдегі халықтың егін шаруашылығымен айналысқандығы туралы берілген мәлімдемелері аталып өтілген.

Екінші топ деректеріне қазақ өлкесіне келген экспедиция мүшелерінің жазбалары, саяхатшы, зерттеушілердің еңбектері жатады. Солардың ең алғашқысы ретінде П.И.Рычковтың «Дневные записки путешествия в киргиз-казацкой степи в 1771 г.» (Рычков, 1772: 85) атты еңбегі. Бұл еңбекте қазақ даласында болған ғалымның өлкеге қатысты әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырылады.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Г.Ф.Миллер (Миллер, 1937: 242), И.Г.Андреев (Андреев, 1796: 165), Х.Барданес (Барданес, 2006: 375) қазақ өлкесінде саяхатта болған. Бұл саяхатшылардың күнделіктерінде қазақ халқының күнделікті өмірі сипатталады. Сонымен қатар, орыс саяхатшылары С.В.Броневскийдің (Броневский, 1836: 628), Я.П.Гавердовскийдің ҚР ОМА. 846 қ. 16 т. 19208 - іс. 45-48 бб), Е.К.Мейендорфтың (Мейендорф, 1826: 102), И.М.Муравьевтың (Муравьев, 1822: 175) еңбектерінде қазақ аймағының географиясы, тарихының бұрынғы кезеңі туралы мәліметтер кездеседі. Бұл зерттеулерде Ресейдің жергілікті жерлердегі ең төменгі әкімшілік билігінің қызметі және тұрғылықты далалық өлкенің патшалық билігіне көзқарасын сипаттайтын жеке бақылаулары көрсетілген.

Осы кезеңде ғылыми экспедицияларды басқарған И.Г.Георгидің (Георги, 1777: 196), И.П.Фальк (Фальк, 1824: 280) пен П.С. Палластың (Паллас, 1773: 359) еңбектерінде қазақ даласы, тұрмыс-тынысы, демографиялық ахуалы туралы мәліметтер беріледі. Аталған еңбектердің ғылыми құндылығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Патша үкіметі кезеңінде қазақ даласына негізгі үш экспедиция ұйымдастырылған болатын. Атап айтсақ, Кирилловтың (Кириллов, 1900: 126), Григорьевтің, Румянцевтің (Румянцев, 1910, 347) арнайы экспедициялары жүргізілді. Экспедициялардың нәтижесінде көптомдық материалдар жинағы басылып шықты. Бұл топ деректерінде сол кезеңдегі өлкенің жағдай туралы статистикалық мәліметтер келтірілген.

XIX ғасырдың басында Ресей империясының офицері Н. Боголюбов қазақ даласында тұтқында болған. Нәтижесінде, оның «В плену у киргизов. Рассказ старушки. Истинное

происшествие» (Боголюбов, 1890) атты еңбегі шықты. Аталған еңбекте Н. Боголюбов өз көзімен көрген қазақ халқының тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет береді.

Зерттеу жұмысында салыстырмалы-тарихи, тарихи таным, шынайы объективті әдістері қолданылған. Салыстырмалы-тарихи әдіс деректермен жұмыс барысында, тарихи таным әдісі еңбектерді методологиялық тұрғыда талдау кезінде қолданыс тапқан. Шынайы объективті әдіс қарастырылған материалдарды шынайы зерттеу барысында объективті көзқарасын көрсетеді.

Талқылау

Қазақ халқы және тұрмысы туралы зерттеу жүргізу және далалық аймақта барлау жұмыстарын жүргізу сол тарихи кезеңде-ақ, яғни XVIII ғасырларда бастау алған болатын. Қазақ халқының бейнесін сипаттап алғашқы қалам тартқандар – Ресей әкімшілігінде қызмет еткен шенеуніктер, заңгерлер, шығыстанушылар, зертетеушілер болды. Әртүрлі мақсатты көздеп жазылған бұл еңбектерде мәліметтер мол болғанымен, оларға сын көзбен талдау жасау қажет.

XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап Ресейде қазақ халқының шығуы, «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасына қатысты алғашқы ой-пікірлер мен тұжырымдардың айтыла бастағаны белгілі. Оған дәлел XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының Қазақстан аумағында саяси-экономикалық ықпалының күшейіп, тереңдеуіне байланысты ресейлік авторлардың қазақ халқының тарихына қатысты зерттеулері кең ауқымға ие бола бастауы. XIX ғасырдың ортасына дейінгі ресейлік авторлардың еңбектері, негізінен, қазақ жерінің географиялық жағдайына, қазақ халқының этнографиясына, қазақ халқының шығу-тегіне, «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасына, қазақ халқының ру-тайпалық құрамына, халықтың санына, шаруашылығына, көші-қон мәселесі мен сауда қарым-қатынастарына арналған.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында Қазақстанды Ресейдің жаулап алуының аяқталуымен қазақ елін зерттеу, оның ішінде тарихын қағаз бетіне түсіру ауқымы одан сайын ұлғайып, бұл мәселемен арнайы ғылыми мекемелер мен ұйымдар айналыса бастады. Сондай-ақ, Қазақстан тарихын зерттеу барысында жаңа тақырыптар күн тәртібіне қойылды.

1917 жылдардағы өзгерістерге дейінгі кезеңдегі еңбектерде негізінен қазақ халқының орналасу географиясы, этнографиясы және әлеуметтік тарихы қарастырылады. Осындай еңбектер қатарына П.И. Рычковтың «История Оренбургская (1630-1750)» атты шығармасын ерекше атап көрсетеді (Рычков, 1896: 186). Автор еңбегінде қазақ даласында өзі болған аймақтардың қоғамдық құрылысы мен экономикалық жағдайын сипаттап жазды. Сондай-ақ, П.И. Рычков сапар барысында көріп-білгендерін қағаз бетіне түсіріп отырған. Осындай еңбектер қатарына В.В. Радловтың «Из Сибири» атты жазбасын қосып болады (Радлов, 1989: 1989). Автор аталмыш еңбегінде қазақ халқын басқа ұлттармен салыстыра зерттеу жүргізген. Салыстыру нәтижесінде қазақ халқының мәдениетінде, тұрмысында артықшылықтарды анықтап, А.И. Левшиннің еңбегіне сыни пікір білдірген.

Осы кезеңге жататын негізгі еңбектердің бірі А.И. Левшиннің «Описание киргиз казачих или киргиз кайсацких орд и степей» атты туындысы (Левшин, 1996: 655). Бұл жазбада Левшиннің қазақ халқына, олардың тұрмысына қатысты барлық мәліметтерді жазып қалдырған.

1868 жылы жарық көрген М.Н. Галкиннің «Этнография и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю» атты еңбегінде Орталық Азия халқының тұрмысы, өлкеде орналасуына қатысты мәліметтер берілген (Галкин, 1868: 286). Бірақ аталмыш еңбекте қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәліметтер кездеспейді.

А.Чулошниковтың 1825 жылы жарық көрген «Кочевые народцы на работе в Поволжье и Зауралье в начале XIX в» атты зерттеу жұмысында қазақ еліне көрші жатқан халықтардың көшпелі өмір тұрпатын қарастырып, өлкеміздің тарихына да өзіндік баға беріп өткен (Чулошников, 1825: 235). Алайда еңбекте далалық өлкенің өмір сүру салты ашып қарастырылмаған.

1900 жылы А.И. Добросмысловтың «Материалы по истории России» атты еңбегінде Кирилловтың қазақ даласына жүргізген экспедициясына қатысты мағлұматтарды берген (Добросмыслов, 1900: 126). Бірақ жазылған жұмыста Кирилловтың өлкеге келген мақсатын нақты ашып көрсетілмеген.

Осы кезеңге қатысты келесі топ еңбектері кеңестік кезеңде 1960-1980 жарыққа шықты. В.С.Толочканың «Проблемы истории Казахстана XIX века в военной периодической печати» атты зерттеуінде XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырады. Сонымен қатар, қазақ халқының өмірі туралы мәліметтер, әскери басқарманың жоғарыға ұсынған есептері, арыздары келтірілген (Толочко, 1977: 28).

Сонымен қатар, И.В. Ерофеева өзінің 1979 жылы қорғаған «Казахстан второй половины XVIII века первой половины XIX века в трудах и записках русских ученых и путешественников» атты кандидаттық диссертациясында алғаш рет XVIII ғасырдағы қазақ халқының орналасу географиясы, тұрмысы жайында еңбек қалдырған өлкетанушы И. Андреев пен Х.Барданестің шығармаларын жан-жақты талдайды (Ерофеева, 1979: 32). Сондай-ақ, И.В. Ерофеева еңбегінде қазақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы және тұрмысы жайында құнды мәліметтер береді.

Ж.Қ. Қасымбаевтың «Экспедиция И.Д. Бухгольца и создание прииртышских крепостей в начале XVIII в.» атты жұмысында қазақ даласына жүргізілген экспедицияларға тоқталған. Экспедиция материалдарында қазақ халқының сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігіне сипаттама жасалған (Қасымбаев, 1974: 405).

Кеңестік дәуірге дейінгі әскери мерзімді баспасөзде XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан халқының демографиялық ахуалы мәселесін Н.Е. Бекмаханованың еңбегінде талданған (Бекмаханова, 1980: 258). Сонымен қатар, тарихшы Д.И. Дулатовада аталған мәселені өз мақалаларында кешенді түрде зерттеген (Дулатова, 1984: 272). Бұл зерттеу жұмыстарынан XVIII ғасырдағы қазақ халқының даму динамикасы жайында мәліметтер келтірілген.

Ал, А. Сабырхановтың еңбегінде XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақстанның географиялық орналасу тарихы, I Петрдың «Шығыс туралы идеясы» аталып өтілген (Сабырханов, 1982: 225). А.К. Абиловтің мақаласында И.Д. Бухгольцтың қазақ жеріне жасаған экспедициясының тарихы және қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеген екінші академиялық экспедиция мүшелерінің еңбектерінде талданады (Абилев, 1988: 165).

Тәуелсіздік кезеңінде отан тарихын зерттеуде еш бұрмалаусыз қазақ даласының тарихын жазу мүмкіндігі пайда болды. Мәселен, қазақтардың этногенезі мен этнологиясы мәселесін зерттеген Э.А. Масановтың (Масанов, 2007: 375) еңбегінде көшпелі халықтың өмір сүруі, олардың орналасуына қатысты өзіндік тұжырымдар жасаған.

Н.Э. Масановтың «Кочевая цивилизация казахов» (Масанов, 1995: 288) деген еңбегінде, көшпелі өркениеттің ерекшеліктеріне тоқталған. өткенін көреміз. С.Е. Толыбековтың «Кочевое общество казахов в XIX - начале XX вв» (Толыбеков, 1997: 633) атты еңбегі 1997 жылы жарық көрді. Еңбекте көшпелі халыққа баға беріліп олардың тұрмысына тоқталғанымен, алайда сол кезеңдегі қоғамның әлеуметтік жағдайы сипатталмаған.

XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының шаруашылық тарихын зерттеу мәселелері және Қазақстандағы осы уақыттағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы О.М. Мұхатованың докторлық диссертациясының арнайы зерттеу объектісі болды.

Тәуелсіздік кезеңінде жарыққа шыққан қазақстандық тарихшылардың еңбектерімен қатар, осы тақырыпқа қатысты шетелдік ғалымдардың да жұмыстары жарыққа шықты.

XXI ғасырдың басындағы шығыс елінің тарихына баға беретін Э. Саидтың «Ориентализм» (Саид, 2006: 625) еңбегі. Себебі осы еңбек арқылы «біз» және «олар» деген екі негізгі ұғым айқындалып, қазақ даласының орыстардың көзімен өзгелер ретінде қарастырылуы туралы да тікелей болмаса да, жанама түрде өзіндік ойлары берілген жұмыстардың бірі. Э.Саидтың ойын жалғастырушылар бірі ретінде Х. Адип және Н. Найт болды. Х. Адиптің «Российское история и спор об ориентализме» (Адип, 2005: 332) атты

еңбегі және Н.Найттың «Григорьев в Оренбурге. Русский ориентализм на службе» (Найт, 2006: 356) ғылыми жұмысы жарық көрді.

Орыс жазушысы, этнограф және лексикограф В.И.Дальдың «Толковый словарь» сөздігінде қазақ халқына берген біршама атауларды талқылау, оларды ашып көрсетуге өз септігін тигізген еңбектердің бірі ретінде алуға болады (Даль, 2008: 388). Сондай-ақ О.Е. Сухихтың «Образ – казаха кочевника в русской общественно-политической мысли в конце XVIII - первой половине XIX века» (Сухих, 2006: 27) атты еңбегінде орыс әдебиетшілерінің, зерттеушілерінің еңбектеріндегі қазақ халқы туралы жазбалары қарастырылады. Дегенмен бұл жұмыста орыстардың қазақ даласын, халқын «өзгелер» ретінде қабылданып, оларға берілген атаулар туралы ашылып зерттелмеген.

Сонымен қатар, отандық тарихта XIX ғасырдағы қазақ даласындағы Ресей империясының барлау экспедицияларына бірқатар еңбектер жарыққа шықты. Ресейдің барлау қызметінің қазақ даласын зерттелмеген аймақтан басқарылатын кеңістікке айналдырудағы рөлі талданып, оның империялық стратегияларды жүзеге асыруға тигізген ықпалы жан-жақты көрсетіледі (Abdualy, 2025).

Қорыта келгенде, мәселенің зерттелу деңгейінде авторлардың көбі тек қазақ халқының, этнографиялық, географиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайына баса назар аударып сол туралы қарастырған.

Нәтижесі

Қазақстанды тарихи-этнографиялық және географиялық жағынан қарастыру орыс ғылымында XVIII-ғасырдың екінші жартысынан басталады. Ол өз жалғасын XIX ғасырдың ортасына дейін тапқан.

XIX ғасырдағы Орта Азияға жіберілген елшіліктердің бірі 1800 жылы болды. Оған қатысушылар кәсіби дипломаттар емес еді, олар тау ведомствосының инженерлері Михаил Поспелов және Тимей Бурнашев болды. 1800 жылы 1 мамырда Т. Бурнашев және М. Поспелов Ямышевск бекінісінен қазақ даласына Нұра өзені арқылы, аш дала Бетпақ-Даладан өтіп Ташкентке келді. Тапсырманы орындау барысында орыс саяхатшылары «Қырғыз-қайсақ даласы жолының ерекшеліктері» («Об особенностях дороги через киргиз-кайсацкую степь») атты жазбаларын қалдырған.

Қазақстан туралы бұдан да қызығырақ материалдарды Ресейге поручик Я.П.Гавердовский жеткізді. Сауда керуенімен бірге Бұхарға сапар барысында жазып қалдырған болатын. Я.П.Гавердовскийдің саяхатына Ресей үкіметі қызығушылықпен қарап біршама тапсырмалар берген болатын. Я.П.Гавердовскийдің қалдырып кеткен жазбаларын 1823 жылы Г.И.Спаский басып шығарды. Бұл кісінің жазбаларына тарихшылар да қызығушылықпен қараған. Ол кісі көбіне қазақтың тұрмыстық өмірі жайлы көп мәліметтер қалдырған.

Қазақ жерлерінің этнографиясы жайлы қызықты мәліметтерді орыс саяхатшысы Филипп Назаров қалдырған болатын. Ол кісінің «Записки о некоторых народах и землях Средней части Азии» деген еңбегінде біршама тың материалдарды кездестіруге болады.

Қазақстанның Солтүстік аймақтарын 1815-1816 жж. Орынбордан келген екі экспедиция қамтыды. Біреуі екі ай, ал екіншісі И.П.Шангиннің басшылығымен төрт ай қазақ даласында болды. Осының негізінде «Дневные записки» деген жинағы жарық көреді. Ұлы жүз аймағына да әскери экспедиция 1825 жылы жіберілген болатын. Сонымен қатар, полковник Шубиннің экспедициясы да осы өңірге келген болатын.

Сонымен, XIX ғасырдың 20-жылдарындағы орыс саяхатшыларының қазақ даласы туралы сипаттауы әлемдік деңгейге көтерілді. Солардың бірі қазақ елі туралы өз еңбегінің I томында жазып кеткен Е.К.Мейендорфтың «Путешествие из Оренбурга в Бухару» деген жазбасы болды.

Қазақстан туралы көптеген өз еңбегін қосқан, соның ішінде тарихи-этнографиялық жағынан біршама еңбектер қалдырған батыс сібір әкімшілігінің генерал-майоры С.Б. Броневский болды (Кабдиев, 1978: 625-628). «Сібір қырғыздары» аймағында 1808 жылдан

1827 жылдары аралығында, 20 жылдай уақыт жұмыс атқарған болатын. С.Б. Броневский жоғары білімді адам болатын. Ол қазақ халқының жер шаруашылығына байланысты бірнеше материалдар жинаған болатын. Сонымен қатар, Қазақстанның ғылыми жағынан дамуында үлкен мән берген болатын. 1829-1830 жылдары ол өзінің зерттеулерін аяқтап «Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды» деген үлкен еңбегін басып шығарды. Бұл еңбекте көбінесе қазақтардың шаруашылығы, рухани және діни жағдайы, мәдениеті, өмір сүру дәстүрі туралы айтылған.

XIX ғасырдың 20-жылдарында қазақ даласында шығыстанушы Г.И. Спасский болды. Ол қазақтардың ру-тайпалық жүйесі туралы көптеген мәліметтер тапты. Сол таңда оның бастамасымен газет беттерінде жарық көрген негізгі басылымдарында төрт мәселе көтерілген: 1) Шығыс Қазақстанның археология және палеографиясы жайлы мақалалар; 2) аймақтың өндірісті және ауыл шаруашылығын меңгеруі жайлы очерк; 3) Қазақстандағы және Орта Азиядағы әскери-ғылыми және дипломатиялық экспедицияларының жазбалары; 4) қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық зерттеулері («Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды» және «Киргиз-кайсаки» атты очерктері). 1820 жылы Г.И. Спасский ең алғаш болып қазақ ертегісі «Едігені» басып шығарған болатын.

Қазақ еліне XVIII-XIX ғасырларда Ресей үкіметі тарабынан көптеген саяхатшылар, тарихшылар, есептеу бөлімдері және шенеуніктер зерттеу жұмыстарын жүргізіп, орталық басқармаға есептерін жіберіп отырған. Қазақ халқына, даласына келген орыс саяхатшылары, тарихшылары әр түрлі мақсатпен келген еді. XVIII ғасырдың I-ші ширегінен бастап қазақ даласына әр қилы бағытта экспедициялар жүргізіле бастады (Георги, 1777: 76-84).

Бұл экспедициялар басшылары қазақ халқын әр түрде сипаттап, жазып қалдыра бастады. Сол кездегі жүргізілген экспедициялардың алғашқысы – Кіші жүзге 1718 ж. 5 наурызда Б.Брянцев бастаған елшілік (Байболсынова, 2006: 24). Оның мақсаты: 1717 жылы Әбілхайыр хан ұстап алған тұтқындарды қайтару, оның жері арқылы өтетін керуендер мен елшілерге тиіспеу туралы келісімін алу және жергілікті Кіші жүз халқы жөнінде мәлімет жинау болған еді.

1734 жылы 18 мамырда 41 тармақтан тұратын нұсқау беріледі. Нұсқау бойынша өте құпия топ жасақталып, ол «белгісіз экспедиция» немесе «Орынбор экспедициясы» деп аталады. Оның басшысы болып И.К. Кириллов (бұрын сенатор хатшысы болып істеген), оның көмекшісі болып сыртқы істер коллегиясының тілмашы А.И. Тевкелев сайланды. Бұл тармақтарға сәйкес қазақ жеріне әскери барлау экспедицияларын аттандыру жоспарланып, оларға қазақ хандығының жерін, оның көлемін, тұрғындарын, әскери-саяси жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық құрылымын зерттеу мәселелері қатаң тапсырылды.

Осындай мақсатта 1734-1737 жылдары алдымен Орынбор өлкесін игеру бағытының негізін қалаған И.К. Кирилловтың экспедициясы өз жұмысын бастайды.

Нәтижесінде экспедиция басшысының Орынбор өлкесінің халқы мен шаруашылығы туралы «Цветущее состояние Всероссийского государства» атты еңбегі жарық көреді (ҚР ОМА. 4 қ. 1 т. 250 іс, 17 б). Топ құрамында әр түрлі мамандағы 200-де астам адам болған. 15 маусым күні олар Петербургтен шығып, 15 тамызда белгіленген жерге жетеді.

Қазақ халқына жүргізілген экспедициялардың басшылары қазақ халқының көшпелі қоғам мәдениетімен таныс болмағандықтан, Ресей әкімшілігіне олардың түсінігіндегідей өлкедегі халықты «жабайы», «мәдениетсіз» деп көрсетті (Путинцев, 1819).

И.И. Лепехин, П.С. Паллас, В.Ф. Зуев, И.Г. Георги, П.Б. Иноходцев, И.П. Фальк, И.П. Рычков және т.б. көптеген зерттеушілер қатысқан XVIII ғасырдың 50-жылдары Екінші академиялық экспедиция жүргізілген болатын (Рычков, 1896: 15-22 бб). Жүргізілген экспедициялардың нәтижесінде 1759 жылы И.П. Рычковтың «История Оренбургская (1730-1750)» деп аталатын еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте үш жүздің ру-тайпалық құрылымы мен олардың жерге қоныстануы туралы этнографиялық мәліметтер, қазақ халқының шығуы туралы аңыздар және қазақтардың кәсібі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, діни нанымдары мен қарулары туралы қысқаша мәліметтер берілген. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихына, қазақтардың Ресейдің қол астына қалай көшкеніне, орыс-қазақ қарым-қатынастарының

дамуына арналған тұңғыш ғылыми еңбек болды (Рычков, 1991: 75-78). Еңбекте ғалымның қазақ халқының өміріне қызығушылықпен қарап, оларды зерттегенде түрлі жағдайларға тап болғанын көруге болады.

Тарихта екі ғалым Рычков атты фамилиямен кездеседі. XVIII ғасырда өмір сүрген бұл екі ғалым да әкесі мен баласы болған, олар тарих және география мәселелерімен айналысқан. Әкелі-балалы Рычковтардың үлкені – Петр Иванович Петербург Ғылым академиясының тұңғыш корреспондент-мүшесі болған.

И.Г.Георги өз зерттеулерімен жазбаларын жинастырып, оған қоса өзіне дейінгі танымал саясатшылардың шығармаларын қолдана отырып, неміс тілінде «Описание всех в Российском государстве обитающих народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопомытностей» (5, 65-68 бб) атты еңбегін жазып қалдырды. Бұл еңбек 1776-1779 жылдары 4 бөлім болып жарыққа шықты. Аталған еңбекте қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, сол кездегі өмірі зерттеліп, қазіргі таңда тарихшыларымыздың көтеріп отырған микротарих, яғни күнделікті тарихқа қажетті мәліметтер көптеп кездеседі.

Қазақ даласы туралы үлкен Рычковтың ұлы – Николай Петрович Рычков «Қырғыз-қайсақ даласына сапар кезіндегі күнделігі» (Шәймерденов, 2002: 75-78 бб) атты еңбегі Санкт-Петербургтағы империялық Ғылым Академиясынан басылып шықты. Алғашқыда әскер қатарында қызмет атқарған кіші Рычковтың ғылымға келуіне әкесі өз әсерін тигізді. Бұл кезде ол небәрі 26 жаста болған. Әкесі Николай бұдан бес жыл бұрын капитан шенімен отставкаға шыққан болатын.

Кіші Рычков аталмыш еңбегінде қазақтардың әскери өнері мен қару-жарақтарына көп көңіл аударады. Сондай-ақ, оның күнделігінен қазақ жүздері, халық саны мен этнографиясы, әдет-ғұрып, шығу тегі жөнінде аңыз әңгімелерді де көптеп келтірілген. Әкесі секілді халқымыздың тарихына осылайша ден қойған кіші Рычков, өкінішке қарай, аз өмір сүрді. Ол 38 жасында дүниеден озды. Бұл туынды әкесі мен баласының Қазақстанға келгендегі іс-сапары барысында алғашында күнделік болып жазылып, кейін жинақ болып басылды.

Мемлекет тарапынан жүргізілген экспедициялар мемлекеттің мүддесі үшін қазақ елін жабайы тұрпатта сипаттаса, ал өз еркімен келген саяхатшылар қазақ халқының мәдениетіне, өмір сүруіне қызығушылықпен қараған.

Қазақстанды зерттеу шараларына 1725 ж. бастап І Петр Петерборда негізін салған Ғылым Академиясы басшылық етті. Бұл кезеңде Академияда, негізінен, шет елдік ғалымдар қызмет етті.

1747 ж. Ғылым Академиясында қоғамдық ғылымдар бөлімі қысқартылып, ол академиялық университетке ауыстырылды. Бұл университетте ректорлық қызметке тарихнамашы Г.Ф. Миллер тағайындалды. Г.Ф. Миллер (1705-1738 жж.) XVIII ғасырдағы Ресейдің ірі тарихшыларының қатарына жатады. Ол 1730 ж. бастап Академияның ординарлық мүшесі және профессоры болды, ал 1749 ж. бастап «Ресей тарихнамашысы» атағына ие болды.

Г.Ф.Миллердің 1725 ж. бакалавр дәрежесі бар жиырма жастағы жігіт кезінде Ресейге келіп, оның ғылыми қызметі Петербор Ғылым Академиясына жұмысқа қабылданған кезден басталған. 1733-1734 жж. екінші Камчатск немесе Витус Берингтің Бірінші Академиялық экспедициясына жіберілді. Ол Ресейдегі қызметінің алғашқы жылдарында шығыс халықтары туралы әртүрлі деректерді жинақтап, ең алдымен Петербор мен Мәскеуде сақталған архив құжаттарын зерттеумен белсенді айналысты. «Бұл халықтардың бір бөлігі орыстардың қол астында, Ресей үкіметі олармен хабарласып отырады және ең маңыздысы, олардың барлық тілдері үшін шебер аудармашылары бар. Бұл жағдай менің Ресей тарихымен айналысатын тұрақты қызмәтіме қоса, дәл осы шығыс халықтарының тарихымен айналысатын қосымша еңбекке кірісуімді мәжбүр етіп отыр» - деп жазды Г.Ф.Миллер.

Ресей Ғылым Академиясы ұйымдастырған алғашқы академиялық экспедицияның жұмыстарына Г.Ф. Миллер белсенді араласты. Халықтардың тарихи-этнографиялық тарихын мұқият зерттеу үшін, «Халықтар тарихы туралы» атты ерекше нұсқау жасады.

Экспедиция жұмысымен қатар Г.Ф. Миллер, Ертіс маңындағы қазақ жерлерінде орыс үкіметі салған көптеген бекіністерді аралады, атап айтқанда, Железинск, Ямышевск, Семей,

Өскемен, Омск және Тобольск. Мұнда ол жергілікті архивтерді тыңғылықты зерттеп, көптеген құжаттардың көшірмелерін түсіріп алды. Кейін бұл құжаттар «Миллер портфелдері» деп аталған құжаттар жинағына кірді. Бұл құжаттардың түпнұсқалары кейін біржолата жоғалып кеткен. Сондықтан, Г.Ф.Миллердің еңбектерін және ол жасаған архив құжаттарының көшірмелерін түпдерек ретінде қарастыруға болады.

Г.Ф.Миллер Ертіс жағалауындағы қазақ жерлерінде құрылған көптеген орыс бекіністерін аралап бұл ауданның бірінші жағрафиялық суреттемесін берді. 1732 ж. қаңтар айының бас кезінде Г.Ф.Миллер Сенатқа екі ландкарта жіберді: бірі Ертіс өзенінің, екіншісі Ертіс пен Обь арасындағы далалық кеңістіктің карталары еді.

1750 ж. Г.Ф.Миллердің «История Сибири» (Миллер, 2008) деген кітабы жарық көрді. Онда Сібір хандығының құрамындағы Солтүстік Қазақстанның тарихы алғашқы рет зерттелген. «История Сибири» деп аталатын еңбегінен басқа Г.Ф.Миллердің «Известия о песочном золоте в Бухарии», «Известия о торгах сибирских» деп аталатын мақалалары Қазақстанның өткен тарихын зерттеуде қызығушылық тудырады (Миллер, 1937: 242).

Орыс өлкетанушылардың бірі П.И.Рычков болды. Ол Орынбор экспедициясының құрылуынан бастап онда қызмет етіп, Петербург Ғылым Академиясының алғашқы корреспондент – мүшесі болды. Ол басында Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің кеңесінің басқарушысы болды, кейінірек Орынбор отарлық әкімшілігінде «бұратаналар» істерін басқарды. Оның ғалым ретінде қалыптасуы көрнекті орыс ғалымдары және қоғам қайраткерлері, Ресейдегі дворян тарихшылары Н.К. Кирилов, Г.Ф. Миллер, В.Н.Татищевтің тікелей ықпалымен жүрді. Орыстың белгілі ғалымдары және мемлекет қайраткерлері үнемі қолдау көрсетіп отырғандықтан, ол Ресейдің ғылым салаларында кең танымал болды және оның ғылыми мансабының өсуіне мүмкіндік туғызды. П.И.Рычковтың тарихи ізденістеріне зор ықпал еткен Г.Ф.Миллер болды.

Сонымен қатар, Миллер өз еңбектерінде Ресейдің Ертіс өңіріне ілгерілеуі туралы алғашқы деректер келтірген (Торайғыров, 2025). Ол алғашқы әскери экспедицияларды, бекіністердің салынуын және жергілікті халықпен өзара әрекеттестікті егжей-тегжейлі сипаттап жазған.

1740-1741 жж. П.И. Рычковқа Арал теңізіне баратын әскери-ғылыми экспедицияның жобасын жасау тапсырылды. Осыған қоса, ол қазақ даласы мен Орта Азияның экономикасы, географиясы, тарихы мен этнографиясы бойынша мәліметтер жинау үшін үнемі Астрахан губернаторы В.Н. Татищевтің әртүрлі тапсырмаларын орындап отырды, сонымен қатар, шығыс деректерін мұқият зерттеді. Ол өзінің қызмет бабы бойынша міндеттеріне байланысты қазақ халқын зерттеуге баса назар аударды (Рычков, 1991: 70-72).

XVIII ғ. екінші жартысында Қазақстанның тарихы арнайы Ресейден жіберілген экспедициялар мен өлкеанушылардың еңбектерінің негізінде зерттелді. Сонымен қатар, қазақ даласына дипломатиялық және сауда мақсаттарымен барған орыс шенеуніктерінің сапарлары үлкен роль атқарды.

Әдетте, орыс елшіліктері мен әртүрлі саяхаттар екі маңызды мемлекеттік мақсатты көздеді: олардың біріншісі, Ресейдің Шығыспен саудасын кеңейту; екіншісі, Қазақ даласы мен Орта Азиядағы Ресейдің саяси ықпалын нығайтудың мүмкіндіктерін қарастыру. Сондықтан олардың аймақ туралы негізгі құжаттарының мазмұны осы жағдайлармен анықталды.

1768-1774 жж. экспедицияның екінші бөлігін басқарған швед табиғат зерттеушісі И.П. Фальк (1727-1774) болды. Оны 1763 ж. Ресей Ғылым Академиясына қызметке шақырған. Атақты еуропалық ғалым К. Линнейдің ұсынысы бойынша, И.П. Фалькті Петербург ботаникалық бағының директоры етіп тағайындады.

Осы тұста И.П. Фальктың қазақ даласына қатысты берген сипаттамасын келтіруге болады: «Всех киргизов имеется три орды (по кирг. Dshius): Большая, Средняя и Малая. Большая орда совершенно отдельно от двух других, за ней обычай закрепил наименование буруты...

Орды Малая и Средняя кочуют обе в пределах одной и той же степной территории, бок о бок друг с другом. Чтобы избежать всяких повторений, я буду описывать обе эти орды

одновременно, так как у них совершенно одни и те же устоновления, один и тот же уклад существования, и обе уже связаны с Россией рядом политических отношений...

Издавна киргизы разделились на три отдельных орды, т.е. скопища (Horden или Orden), а каждая орда – на десять центурий, или тысяч. «Кергер», люди степи, - так называют киргизы Большую Орду (Koerger). Обе других орды присвоили себе наименование «кирказак от слова «кир» - пустыня и «казак» - смельчак (в нем, тексте «казак» переводится Wagehals)...» (Фальк, 1824: 280).

1768-1774 жж. Екінші Академиялық экспедицияның тағы бір мүшесі, Қазақстанның XVIII ғ. зерттеуіне зор үлес қосқан И.Г. Георги болды. И.Г. Георги (1729-1802 жж.) Швециядан шыққан ғалым, алдымен И.П. Фалькпен, одан кейін П.С. Палласпен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Орал, Еділ бойындағы қазақ ауылдарын аралады.

И.Г. Георги қазақтарға мынадай сипаттама береді: «У киргизцев вид точно такой же милый и свободный, как у казанских татар. Глаза у них, которые поменее, может быть и от того единственно, что они более сжимают веки по причине желтеющих степей и ослепляющего снегу, веселы, а не грозны. Они одарены от природы изрядным разумом, любят пустоши, пышны, прокладны, ласковы, любострастны и, следовательно, не кровожаждщи. Грабительства их, также жестокость и несправедливости можно почестъ паче следствиями сурового и необузданного их рода жизни, нелепого стремления к мщению и ложных понятий о чести и смелости, нежели природным к влечением, почему они совокупно с распространением торговли с Россиею нарочито и во нравах своих исправляются. Женщины их похваляются за домовитость, за добросердечие и за соболезнавание о невольниках, которым облегчают они часто побеги и не без собственной своей опасности» (Георги, 1777: 192). Осындай қазақ даласына қатысты сипаттамаларды басқа да орыс зерттеушілері мен саяхатшылары келтіріп отырған.

Қазақ даласына жергілікті байлықтарды зерттеу үшін басқа да экспедициялар жіберілген болатын. Мысалы, XVIII ғ. 80-жылдарында мұнда инженерлер С. Гулков, А. Литвинов, Б. Телятников, Е. Стрижков, К. Снегиров үкімет тарапынан жіберіліп, саяхат жасады. Сонымен қатар, қазақ жерінде тұтқында болған орыс офицерлері де қазақ халқы туралы маңызды мәліметтер өз жазбаларында қалдырды. Ондай тұтқындардың бірі унтер-офицер Ф.С. Ефремов (1750-1811 жж.) болды. Ефремовты 1774 ж. Орынбор маңайында алдымен Е. Пугачев адамдары тұтқынға алған. Олардан қашқан кезде, жергілікті қазақтарға тұтқынға түсіп, оны Бұхараға құлдыққа сатқан. 1782 ж. Ефремов Англия арқылы Ресейге келеді. Петерборда Ф.С. Ефремов жат елдегі өз өмірі туралы және 8 жылға жуық тұтқында болған елдердің халқы туралы да кітап жазды. 1786 ж. бірінші рет жарыққа шыққан кітаптың «Богатства киргизской земли, климат и обитатели» атты тарауы қазақ халқына арналған (Байболсынова, 2006: 24).

Орыс ғалымы, ботаник, дәрігер Иоган Сиверс XVIII ғ. аяғында қазақ даласына шөптердің емдік қасиетін зерттеуге келді. Ол қазақ халқының өмір сүруіне қызығушылықпен қарап, оларды қырғыздар деп атады. Иоган Сиверс 1793 жылы П.С. Палласқа хат жолдап, мұнда қазақ жеріне байланысты көптеген мәліметтер келтірген (Сиверс, 2006: 68-69). Хатта И. Сиверс Қазақстан территориясына Ресейдің Барнаул қаласы арқылы келгенін айтады. 1792 жылы ең алғаш рет Өскемен жеріне барған. Өзінің сапарында қазақтарда қонақта болып, олардың қонақжайлылығын ерекше атаған. Бұл дәрігердің жазбаларында сол кездегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі сипатталған.

Иоган Сиверстің қазақ үйінде болып, қазақ халқының қонақжайлығын атап өткенін мына жерден көруге болады: «... Мен тоқтаған үйдің иесі қырғыз (қазақ) қонақжай, кеңпейіл, шапшаң, тәрбиелі, құрметті кісі еді. Есімі оның Хайял. Бұл кісі менің керуеніме жұмысқа 12 сомға тұрады» (Сиверс, 2006: 70-72). Келесі бір жазбасынан қазақтардың шаруашылығы, табиғаты туралы мынадай деректер келтірілген: «...Өскеменде ұнағаны ол Көкпекті өзені болатын. Себебі бұл өзенде балық көп екен. Жолда келе жатқанда далада егулі тұрған бидайды көрдік. Егулі тұрған бидайды көріп керуендегі кісілер арасында келіспеушілік туындады. Ол кісілердің ойынша бидайды қазақтар емес, орыстар еккен дейді. Бұл жанжалды тек

жанымыздағы қазақ үйдегі қазақтар ғана шеше алды. Қазақтар бізге алда жүретін жолымыздан әлі де көп егін көретінімізді айтты. Бұл жақта жаңбыр сирек жауады, сондықтан да егінді олар қолымен суарады. Көбіне егінді суару үшін адамдарды жалдайтындарын айтты. Ал бай қазақтар мұндай ауыр жұмыспен айналыспайтындығын айтып өтті. Жол бойы көптеген қазақтармен кездесіп, танысып олардың басқа саяхатшылар сипаттағандай жабайы емес екендігіне көзім жетті. Қазақтар сондай жабайы, ұсқынсыз адамдар емес» деген (Сиверс, 2006: 70-72). Бұл жерде қазақтар басқа орыс ғалымдарының баяндағанындай өте төмен дәрежеде өмір сүрмейтінін көруге болады. Бірақ бұның өзі қазақтардың сол кездегі өмірін толық көрсетпейді.

Сонымен қатар, И.Сиверс қазақтардың шарапқа деген көзқарасын былай сипаттайды: «кешке қарай жатар алдында біз қазақтармен саудаластық, ал қырғыздармен саудаласу үшін біршама төзім керек екені белгілі. Мен көптеген қазақтармен таныса отырып, олардың басқа азиялық көшпенділер сияқты шарапты ұнатпайтындығын аңғардым. Үстел басында мен көптеген қазақтарға шарап ұсындым, бірақ олардың біреуі де оны қабыл алмады. Кейбір көшпенділер таза сүттен сусын жасайды, ал қазақтар бұл жағынан да ерекшелінеді. Тек кейбір жағдай да ғана олар келген қонаққа ашытылған жылқының сүтінен «қымыз» (кумыс) ұсынуы мүмкін» делінген (Сиверс, 2006: 70-72).

И. Сиверстің келтірген құнды мәліметінің бірі, ол қымыздың адам ауруларын емдеудегі үлесі зор екенін атап өткен: «қымыздың адам денсаулығына пайдалылығының екі түрін келтірсем: бірінші жағдайда адам организмі алты аптаның ішінде түзеледі. Екінші жағдайда екі жыл бойы қышыма аурумен ауырған адамның жазылуы. Бұл сусын арқылы қышыма ауруларынан, туберкулезден және т.б. аурулардан айығуға болатындығына сенімдімін» деп айтылған (Сиверс, 2006: 70-72).

И. Сиверс өз хатында қазақ әйелдерінің киім үлгісіне тоқталып, оны сипаттап көрсеткен: «ары қарай Нұр Зайсаннан төмен Базар көліне жылжыдық. Бұл жерде жайылып жүрген қой, жылқы, сиырларды көрдік. Сонымен қатар ән салып жүрген әйелдерді көрдік. Олардың үстіндегі киімдері еуропалық үлгідегі киімдерге ұқсамайды. Біз оларға қолымызда бардың бәрін бердік. Қазақтардың достық ниетпен қараған көздерінен ештеңе де аяғымыз келмеді. Ары қарай жолға шығып бара жатып оншақты қазақ қарақшыларына тап болдық. Бірақ олармен тату-тәтті айырылыстық. Себебі олармен тіл табысуды үйреніп алған едік. Егер қазақтарда дау туындап қалатын жағдайда оны ақсақалдар кеңесі шешеді. Қорқақтық қазақтардың мінездеріне тән қасиет екен» (Сиверс, 2006: 70-72). Бұл мәліметке қарсы пікірді Н.П. Рычковтың «Қазақтар әділ де кеңпейіл халық» деген жазбасынан мынадай үзінді келтіруге болады: «қырғыз-қайсақ халқы – ержүрек халық. Оның үстіне өздері өсіп-өнген халық» делінген (Рычков, 1991: 75-78).

И. Сиверс күнделік-хатында 7 шілдеде Тарбағатай бойындағы көшке жеткендігін атап өткен. «Бұл жердегі қазақтар бізге үлкен торсыққа (турсук) құйылған қымызды (кумус) алып келді. Ертеңгі күні мені Алжігіт деген қазақ үйіне шақырды. Мен оның әйеліне, қыздарына ине, сақиналарды сыйлық ретінде апардым. Бұл жақтың әйелдеріне мұндай сыйлық ең маңызды болып табылады. Бүкіл үйдегі жұмысты өздері жасайды. Ал ер адамдар мал бағып, тамақ ішіп, ұйықтағанды жақсы көреді. Ет жегенде ешқандай қасық, шанышқы пайдаланбай қазақ елінің дәстүріне сәйкес қолмен жейді. Әйел адамдар ерлермен отырып тамақтанбайды. Әйелдердің шаштары ұзын және оған әр түрлі шашбау тағады» (Сиверс, 2006: 70-72). Келтірілген мәліметтерден қазақ халқының бүгінгі күнге дейінгі салт-дәстүріне тән белгілер сипатталған.

И. Сиверс 9 шілдеде болған бір қырғыздың үйінде адамды жерлеу рәсіміне тоқталған. Ғалым бұл дәстүрді качин татарларына ұқсатқан. Енді качин татарлары дегеніміз кімдер, неге ғалым қазақтарды солармен салыстырған?

В.В. Радловтың «Из Сибири (страницы дневника)» деген еңбегінде качин татарларын тоқталады: «Абакан даласында мекен ететін татарларды жалпы «абакан татарлары» дейді. Олар төрт үлкен тайпалардан құралғандығын көрсетеді: качиндар, сагайлар, койбалдар және кызылдар. Алғашқы үш тайпа Абакан даласында тұрады. Качиндар өздерін көбінесе кас

(кач, каси) деп атайды. Качиндар көбінесе түркі тайпаларының негізінен құралған делінген. Олар сол кездері қазақтармен араласып тұрған (Радлов, 1989: 456-464). Екі халықтың адам жерлеу дәстүрінің ұқсастығын байқауға болады. XVIII ғасырдан бастап качин тайпаларын хакас деп аталып, қазіргі таңға дейін оларды хакастар дейді. Мұндай мәліметті XVIII ғасырдың ортасындағы орыс стат комитетінің басшысы Кеппеннің жазбаларынан кездестіруге болады.

11 шілдедегі жазбасында И.Сиверс: «Тарбағатайда мен қазақтармен жүздесіп, олардың жақсы халық екенін түсіндім. Олар бізді жақсы қарсы алды» (Сиверс, 2006: 70-72). Бұл жазбадан басқа да қазақ елін зерттеушілер сияқты өзіндік ой-пікірін айтып, халықтың дәстүрін, тұрмысын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жазғандығын көруге болады. Бірақ бір атап өтерлік жайт, бұл жерде қазақ халқының жабайы өмір сүрмейтінін, олардың қонақжайлылығын атап өтіп, қазақтар ең жақсы халық деп сипаттаған.

XVIII ғасырда Қазақстанның Шығыс бөлігіне жасалған академик И.П. Фальк бұл саяхатта өмірі бұл уақытқа дейін қызық оқиғаларға толы Молдавияның грекі, хирург, профессор Х.Барданесте бірге жүрген болатын. Х.Барданес бұған дейін де қазақ далаларына екі рет саяхат жасаған. Қазақ даласына академик Фальктің тапсырмасымен барған Х. Барданес, қазақ халқына қызығушылық танытып, олар туралы мәліметтер жинастырған. 20-сәуірден 13-қыркүйек аралығында болған Х.Барданестің күнделігінде қазақ даласы туралы өте қызықты мәліметтер көрсетілген.

Х.Барданестің қазақ даласына берген алғашқы сипаттамасы: «қурап жатқан сары дала...» деген болатын. Ол көбіне құрғақ, шөлсіз даланың кездескенін атайды. Ал маусым айларындағы жазбаларында батпақты далаға жеткені туралы баяндап жазған.

1771 жылы Қазақ даласын барлау үшін Сібірден үлкен керуен жіберілді. Х.Барданес осы отрядқа қосылды. Бұл оның қазақ даласына екінші рет жіберілуі еді. Х.Барданес 23-маусымда Есіл бойындағы Петропавл қамалында Рычковпен жолыққандығын айтады. Ол саяхатшы И.П. Рычковтың ұлы Н.П.Рычков еді. Х.Барданес оның әкесін «Оренбург топографиясын» жазған еңбегінен танитынын айтты. Оған саяхат барысында қазақтар туралы табиғи жағрафиялық және этнографиялық мәліметтерді жинау туралы ерекше тапсырма берілді. Ол қазақ даласында екі бағыт бойынша саяхат жасады. Ол қазақ халқының ішіне тереңірек сіңісіп, Зайсан өзеніне дейін жеткен.

